



Ж.Н. СҮЛЕЙМЕНОВА

**ЖОҒАРЫ МЕКТЕП
ДИДАКТИКАСЫ**

Оқу құралы



ӘӨЖ 811.512.122(075)

КБЖ 81.2 Қаз 923

С 90

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасы мәжілісінің 05.10.2023 жылғы №2 хаттамасы шешімімен баспаға ұсынылған

Пікір берушілер:

Балтабаева Ж.Қ. – Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

Ержанова С.Б. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, филология ғылымдарының докторы

Сүлейменова Ж.Н. Жоғары мектеп дидактикасы. Оқу құралы.
Алматы, 2023. - 169 бет.

ISBN 978-631-224-973-6

Ғылыми еңбекте жоғары мектепте білім мазмұнын айқындау, оқытудың дидактикалық, психологиялық негіздері, ЖОО оқытушысы моделі мәселелері қарастырылады. Жоғары мектепте филолог мамандарды даярлауда қазақ тілін оқытуды ұйымдастырудың тиімді жолдары мен интербелсенді оқу әдістері, оқу құралдарын қолдану әдістемесі баяндалады.

Еңбек ЖОО оқытушылары, докторанттар мен магистранттарға, мектеп мұғалімдеріне арналған.

ӘӨЖ 811.512.122(075)

КБЖ 81.2 Қаз 923

ISBN 978-631-224-973-6

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
 1 ДИДАКТИКА – ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ ТУРАЛЫ ІЛІМ	
1.1. Жоғары мектепте білім беру мазмұнын айқындау ұстанымдары.....	6
1.2. Жоғары мектептегі педагогикалық іс-әрекет психологиясы.....	16
1.3. Студент – оқу әрекеті субъектісі.....	20
1.4. Жоғары мектепте оқытудың дидактикалық ұстанымдары.....	34
1.5. Жоғары мектепте білікті маман даярлаудың негізгі субъектісі – оқытушы.....	47
 2 ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ	
2.1. Жоғары мектепте оқытудың инновациялық әдістері.....	62
2.2. Интербелсенді әдістер жүйесі.....	71
2.3. Жоғары мектепте оқу құралдарын тиімді қолдану әдістемесі.....	89
2.4. ЖОО-да қазақ тілін оқытуды ұйымдастырудың формалары: теориялық білім, іскерлік, дағды, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жүйесі	
2.4.1. Жоғары мектептегі дәріс – теориялық білім беру негізі.....	101
2.4.2. Жоғары мектептегі семинар – кәсіби бағдар негізі	110
2.5. Жоғары мектепте тілдік пәндерді оқытудағы жаттығулар жүйесі.....	121
2.6. Студенттің өздігімен орындайтын жұмысы – кәсіби білім алу негізі.....	131
2.7. Студенттің оқу-танымдық әрекетінің нәтижесін бақылау, бағалаудың рейтингтік жүйесі.....	146
 ҚОРЫТЫНДЫ.....	155
 ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ.....	157

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында білім берудің басты бағыттары «Білім туралы» Заңда, «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» айқын көрсетілген.

«Білім туралы» Заңда білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты қағидаттары ретінде білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, адамзаттық және ұлттық құндылықтардың, жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту, білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру үрдісінің үздіксіздігі деп нақтыланған.

Жоғарыда аталған тұжырымдамада бүгінде трендке айналған өмір бойы оқу, құрылымдық ойлау, бейімделу және өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттерін дамыту, таным шеңберін кеңейту, әлем туралы мүмкіндіктер мен идеялар, психикалық денсаулықты жақсарту арқылы адамдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесіне мән беріледі [1].

Қазақстандағы саяси-экономикалық, әлеуметтік өзгерістер үдерісі еңбек нарығында әлемдік бәсекеге қабілетті жоғары білікті маманды қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде, педагог мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарында жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, өз бетімен білімін жетілдіре алатын, ең бастысы, мамандығы бойынша қажетті кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан терең білімді және оны жас ұрпақты оқытып-тәрбиелеуде қолданудың әдістемелік жүйесін білетін білікті, ізгілікті маман даярлау өте маңызды мәселеге айналды.

Қазақстанда үздіксіз білім беру жүйесінің негізгі буыны жоғары оқу орнынан кейінгі білім бүгінде қарқынды даму үстінде. Осы тұрғыдан жоғары мектепте білікті қазақ тілі маманын даярлау – жоғары мектептің біртұтас құрамдас бөлігі. Оқу үрдісінде маманның кәсіби-әдістемелік, теориялық даярлығын арттыруда негізгі арнаулы пәндер бойынша терең, жан-жақты білім берудің, бағдарлама, оқулық, оқу-әдістемелік құралдар, озық педагогикалық тәжірибелерден толық хабардар етудің, педагогикалық тәжірибе идеяларын жинақтап ұсынудың маңызы зор.

Болашақ маманның құзыреттілігі ең алдымен мамандығы бойынша ғылыми білімді сапалы игеруіне байланысты. Оның жоғары мектепте жинақтаған әдістемелік-теориялық білім деңгейінің сапасы – болашақ жас ұрпақтың білім көрсеткіші, сондықтан жоғары білім берудің жаңаша моделін құру, білім мазмұнын жаңарту, әрекеттік-шығармашылық оқуға көшу, білімнің тұлғалық-бағдарлық, бастысы, нәтижелілігіне бағдарлауды жүзеге асыру керек. Осы орайда ұсынылып отырған «Жоғары мектеп дидактикасы» атты оқу құралының мақсаты – ЖОО-да оқылатын тілдік пәндер бойынша магистранттардың кәсіби-теориялық құзыреттілігін қалыптастыру, келешектегі кәсіби қызметіне қажетті тілдік теориялық біліммен қатар, жоғары мектептің дидактикалық қағидаттарын, кәсіби-әдістемелік іскерліктер мен

дағдылар жүйесін меңгерту. Оқу құралында білімгерлерге оқу материалдарын кешенді меңгертуде «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» пәні негізге алынды.

Филология мамандығында оқитын магистрант – болашақ қазақ тілі пәнінен білім беретін мұғалім, ЖОО оқытушы, сондықтан оның кәсіби-әдістемелік даярлығының сапасын арттыру жоғары мектепте арнаулы пәндерді оқытудың жаңа ғылыми-әдістемелік тұжырымдарына негізделуіне байланысты. Демек, тұлғаның оқу белсенділігін, оқу-танымдық қызығушылығын арттыру, өз бетінше білім алуға ұмтылдыру, білімді саналы ұғып, оны тәжірибеде қолдана білуге даярлау, ақыл-ойын, ойлау қабілетін дамыту үдерісі жоғары білім беру мазмұнына, оның басты буындары оқытуды ұйымдастыру, оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері тәрізді жаңа технологияны қолдану сапасына байланысты. Осы орайда жоғары мектепте ғылыми пәндер бойынша білім беру мазмұнының ғылыми дидактикалық негіздерін айқындау, оны сапалы меңгертуде оқытуды ұйымдастырудың негізгі формалары – дәріс, семинар сабақтардың біртұтастықта жүзеге асуы, тұлғаның белсенді өздік оқу әрекетін, оқу, кәсіби, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың және білімді бақылап, бағалаудың әдістемелік қырларын ашу жоғары білім берудің маңызды мәселелері болып табылады.

1 ДИДАКТИКА – ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ ТУРАЛЫ ІЛІМ

1.1. Жоғары мектепте білім беру мазмұнын айқындау ұстанымдары

Білім берудің жаңа үлгісін жасау – Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер талап етіп отырған міндет. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» жоғары білім беру жүйесіндегі өзекті трендтерді атап өтеді: «...массификация, университеттер мен бизнестің мемлекетпен өзара іс-қимылы (үштік спираль), цифрландыру, интернационалдандыру, академиялық артықшылық бастамалары, жоғары оқу орындарының білім беру қызметтері мен ғылыми зерттеулерінің сапасына қойылатын талаптарды арттыру, қоғамға қызмет етуге бағдарлану, университеттердің корпоративтік басқаруы мен академиялық еркіндігін дамыту» [1]. Осымен байланысты ЖОО-ларда білімгерлердің санының артуы (массификацияның көрінісі) білімнің капиталға, әлеуметтік құрылымының маңызды бөлігіне айналуына байланысты, яғни білім сапасы адамның болашақта табысты, белсенді тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні жоғары оқу орындарының саны артуда. 2023 жылғы деректер бойынша Қазақстан Республикасында 131 жоғары оқу орны бар, оның ішінде жоғары оқу орындары мен жоғары орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білімгерлердің оқитын мамандықтары бойынша білім беру саласында оқитындары – 29, 6 пайыздық көрсеткіш.



Сурет – 1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы студенттерді мамандық топтары бойынша бөлу көрсеткіші [2 ,144].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерінің біріне сәйкес (Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы) «оқытудың жинақтаушы кредиттік жүйесіне негізделген кадрларды даярлаудың біртұтас үш сатылы моделін жасау (бакалавриат - магистратура - докторантура)» бойынша 2007 жылы үш сатылы білім беру бағдарламаларына көшірілді. Соңғы жылдардағы жоғары білім беруді реформалау жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуге байланысты мемлекеттік саясат стратегиялары бағытында өзгерістерге негізделіп отырды.

XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басы еліміздің білім беру жүйесі үшін реформалар мен жаңарулар кезеңі болды. Мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі білім беруді дамытудың ұлттық моделін құру, қазақстандық білім мен ғылымының әлемдік бәсекеге қабілеттігін арттыру, рухани құндылықтар негізінде тұлғаны оқытып-тәрбиелеу болды. 2007 жылы «Білім туралы» жаңа заң қабылданды, 2010 жылы Қазақстан Республикасы Орталық Азияда тұңғыш рет Болонья декларациясы жүйесіне енді де еуропалық білім беру кеңістігіне кіріге бастады.

Зерттеушілер жоғары білім беру жүйесін реформалаудың басты 4 кезеңін көрсетеді:

1-кезең – егемендік алғаннан бастап, 1994 жыл аралығы. Жоғары білімінің нормативтік-құқықтық, заңнамалық базасының құрылуы.

2-кезең – 1995-1998 жылдар аралығы. Жоғары білім беру жүйесінің жаңаруы.

3-кезең – 1999- 2000 аралығы. Білім беруді қаржыландыру және басқарудың орталықсыздандырылуы, академиялық еркіндік қызметін кеңейту, жоғары білім беру жүйесін нарықтық экономикаға бейімдеу.

4-кезең – 2001 жылдан қазірге дейінгі кезең аралығы. Жоғары білім беру жүйесінің стратегиялық дамуы, еңбек нарығына сай бәсекеге қабілетті ұлтжанды маман даярлау [3, 20-22].

Қазір ұлттық білім беру жүйесі жаһандану үрдісі кезеңінде. Жоғары білім беру әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының біріне айналуға, себебі экономикалық жетістіктер білім беру сапасымен, тұлғалардың білімділігімен, мамандардың әлемдік бәсекеге қабілеттілігімен анықталады. Қазіргі өзгермелі қоғамда өзбетінше әрекет етіп, шешім қабылдай алатын, өз болашағына жауапкершілікпен қарайтын, шығармашыл, өзінің дамып жетілуін құндылық ретінде түсінетін, үздіксіз білім ала алатын ұлтжанды тұлға – заманауи маман. Жаңа білім беру парадигмасының талаптары маманнан көлемді ақпаратты жылдам әрі сапалы талдай білуді, өз білімін болашақ кәсіби тәжірибелік әрекетінде тиімді де оңтайлы қолдана білу қабілеттерін қалыптастыруды талап етеді.

ЖОО білім беру мазмұнының әлемдік білім беру кеңістігіне енуіне байланысты құрылымдық-мазмұндық моделі түбегейлі өзгерді: білім мазмұны жаңаша құрылды, білім ақпараттандырылды, оқыту стратегиялары мен технологиялары өзгерді. Аталған өзгерістер ЖОО оқытушысының алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойды. Бұл, негізінен, білім алу рөлінің

маңыздылығының артуына байланысты болды: өмір бойы білім алу парадигмасына, виртуалды білім алу мүмкіндіктерінің артуына, тұлғаның өздігінен білім алуына, өзін-өзі жетілдіруіне басымдық берілді.

Оқытудың жаңаша құрылуының алғышарттары маман даярлаудың құзыреттілік моделін қамтамасыз ететін – оқытуды демократияландыру, ізгілендіру, ізгіліктендіру, ақпараттандыру, саралау, студенттің жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына баса мән беру, интербелсенді, проблемдік, бағдарламалық оқытуды жетілдіріп, оқыту үдерісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу, оны білім беруде кең қолдану және оқытудың нәтижелілігі. Студент кәсіби-теориялық білім, іскерлік, дағдылармен қаруланып қана қоймай, шығармашылық еңбегімен ізденіп, өздігінен білім алуға, өз бетімен ой қорытындысын жасауға қабілетті болуы тиіс. Қазіргі жағдайда оқытудың мақсаты, мазмұны, оқыту формалары мен әдіс-тәсілдерінің тиімділігі оның нәтижесімен өлшенеді. “Білім беру – қоғам мүшелерінің адамгершілік-интеллектуалдық, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту процесі” [4, 5].

Осыған сәйкес жоғары білім беру маманның болашақ қызметіне сәйкес біртұтас, жүйелі, іргелі білім, кәсіби іскерлік, дағдылармен қаруландыруды және арнайы шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Қоғамдағы қайта құрулар, экономиканың жедел, қарқынды дамуы білім беру мазмұнына қойылатын талаптарды өзгертудің объективті себептері болып отыр. Білім беру, оның мазмұны мен құрылымын айқындаудың теориялық негіздерін анықтауда Ж.Қоянбаев, М.М.Жадрина А.Бейсенбаева, М.Н.Скаткин, В.В.Краевский, И.Я.Лернер, Ч.Куписевич, В.С.Леднев, т.б. тұжырымдары маңызды.

Ғылыми әдістемелік әдебиеттерде *білім мазмұнына* әртүрлі анықтама берілген. Жалпы тұжырым – білім, дағды, іскерліктер жүйесі. И.Я. Лернер мен М.Н.Скаткин пікірінше “ұрпақ жалғастығымен берілетін тәжірибелер жүйесі” Б.Қоянбаевтың пайымдауынша: “*білім мазмұны* – ғылыми білімнің, іскерліктің және дағдылар жүйесі” [5, 37]. Бұл қағидаларда білім мазмұны білім, іскерлік, дағды деп дәлелдеуге ден қойылған. Мұндағы назар аударарлық нәрсе: қазіргі қоғамдық қатынастар өзгерген тұста, ғылыми-техникалық прогрестің ұдайы үдемелі тұсында білім мазмұны теориясы жаңаша саралана бастады. Басқаша айтқанда, жан-жақты білім, іскерлік, дағдымен қоса, білім мазмұнының оқушылардың құзыреттілік, шығармашылық қабілеті мен танымдық ақыл-ой өрісін дамыту, қоғам дамуының талаптарына сәйкестендіру, оны жеке тұлға ретінде дамып жетілуіне бағытталған болуы, “ізденушілікке ынталандыратын әдіс-тәсілдердің тиімді жолдарын тұтынып, оны қолдана білуге және білімді құрғақ жаттау емес, ой-толғаныссыз қайталау да емес, саналылыққа негізделген терең түсінікті меңгеру” [5, 95].

Осы турасында Е.Дайрабаевтың тұжырымы бойынша, білім беру мазмұны деп оқушылардың ақыл-ойын, дене күш-қуаттарын жан-жақты дамыту, дүниеге ғылыми көзқарас қалыптастыру және оларды қоғамдық өмірге, еңбекке даярлауға қажетті негіз болатын білімдер мен іскерліктердің

және дағдылардың көлемі мен бағыты. Білім берудің мазмұны, ең алдымен, қоғамның, мектептің алдына қоятын мақсаттары және міндеттерімен анықталады, сондай-ақ дидактикалық талаптары да ескеріледі» [6].

П.И.Пидкасистый пікіріне жүгінсек: «біліммен ғана қаруландырып қоймай, ерік-жігерінің қуаттылығын, қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға баса мән беру керектігі» [7, 212]. Белгілі ғалым Б.Лихачевтің де ой-түйіндеулерінің осымен астасып жатқанын байқауға болады [8]. Оқушылардың танымдық белсенділігін өзбек тілін оқыту арқылы дамыту мәселелерімен айналысқан ғалым А.К.Гулямов білім мазмұнын құраушы негізгі компоненттер білім жүйесі, іскерлік дағдылар жүйесі, шығармашылық әрекет тәжірибелері және қарым-қатынас жүйесі туралы айта келе, өзбек тілін оқыту әдістемесінің дамуы 1-2 компонент деңгейінде қалып отырғанын дәлелдейді [9].

Сонымен, білім мазмұны – студент танып, білуге тиісті ғылыми білімдер жиынтығынан құрылған жүйе болса, білім студенттің ғылыми пәннен іріктелген білім мазмұнын әрекеттік негізде меңгерген білік, дағдыларының нәтижесі болып табылады. Білім мазмұнын теориялық жобалау “эмпирикалық ойлаудан ғылыми-теориялық ойлауға көшумен байланысты” болу керек.

«Адамзат үшінші мыңжылдық табалдырығында адамдағы адамгершілікті өрістету мәселелерінің басымдығын бұрынғыдан да көбірек мойындауда. Адамның өнегелік-рухани бейнесі, оның қоғамдағы әл-ахуалы жеке тұлғаға бағдарланған білім беру мен тәрбиеге тікелей байланысты» [10].

Білім мазмұнының ғылыми негіздегі құрылымының айқындығы оның қарастыратын нысанын да нақтылай түспек, олай деуіміздің мәнісі білім мазмұны, оны анықтау – дидактикадағы өте күрделі көпжақты мәселе. Білім мазмұнын құрайтын негізгі ұстанымдар жөнінде ғалымдардың пікірі ортақ түйінге тоғысады, олар ғылыми курстан білім, іскерлік, дағдылар, құзыреттіліктер қалыптастырумен қатар, білім мазмұнының азаматтық, ізгілік сипат алуы, оқу материалының өмірмен тығыз мазмұндық сипатта болуы, курстардың кіріктірілуі, гуманитарлық-этикалық сипаты, жеке тұлғаны жан-жақты дамытушылық сипаты, оқу материалдарының ғылым дамуының деңгейіне сәйкес келуі, политехникалық сипат алуы, жас ерекшеліктерінің ескерілуі [8].

Білім мазмұнының ғылыми-өндіріс дамуына сәйкес келуі, оқытудың мазмұндық-процессуалдық жақтарының бірлігін жүзеге асыру ұстанымы және баланың жеке дара даму ерекшелігіне сәйкес құрылуы қоғам мұқтаждығын ескеру, таңдаған білім моделіне сәйкес болуы, пәнаралық байланыстар негізінде құрылуы, балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру [9; 11;]. Т.Садықов пен А.Әбілқасимова тұлғаның білімімен, білігімен, дағдысымен жүзеге асатын қызметтің белгілі тәсілдерін жүзеге асыру тәжірибелері, жаңа өзекті мәселелерді шешудегі шығармашылық, ізденістік қызметтерінің тәжірибесі, адам қызметінің объектілеріне немесе құралдарына құндылық тұрғысынан қарау тәжірибесін игеру деп көрсетеді [11, 63].

Сонымен қатар аталған ғалымдар білім мазмұны қалыптасуындағы негізі теориялар мен тұжырымдамалары, мемлекеттік білім стандарты, оқу

жоспарлары, бағдарламалар, оқу құралдары секілді басты ұғымдарды анықтайды [11, 74-89]. Демек, жоғары мектепте білім беру мазмұнының негіздері қоғам дамуы заңдылықтарына сәйкес оқу материалдарының шындық өмірмен тығыз байланыста болуымен, оқыту үдерісінің педагогикалық ынтымақтастыққа құрылып, ізгілік сипат алуымен, білімнің жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталуымен сипатталады, яғни білім мазмұны қоғам мұқтаждығын өтеп, қоғам дамуымен біте қайнасуы қажет.

«Жоғары мектеп педагогикасы» оқу құралында білім беру мазмұны жеке тұлға қалыптастыру барысындағы адам баласының іс-әрекет тәсілдерді меңгере отырып, жүйелі түрде білім алуы, іскерлік пен дағдысын, таным арқылы көзқарасын қалыптастыру және ақыл-ойы мен сезімін дамыту деген анықтама беріледі [12, 93]. Мұндағы маңыздысы – тұлға дамуы.

Білім мазмұнын анықтауда оның мақсаттылығына басты назар аударылуы тиіс. Осы тұрғысынан Н.Ж.Құрманова «Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту технологиясы» атты оқу құралында: «Оқу бағдарламалары білім мазмұнының формалдық көрсеткіші болғанмен, жинақы түрде мәселелерді көрсете алатын ерекшелікке ие болады. Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудың мақсаттарынан бастау ала отырып, бағдарлама білім мазмұнын нақты және жалпы міндеттерді шешетіндей етіп құрастырылады. Берілетін білім мазмұнын қазіргі ғылым саласының дамуымен байланыстырғанда, студенттің жеке тұлға ретінде дамуы мен болашақ маман ретінде қалыптасуына игі ықпалын тигізетін мәселелер алынуы керек. Ол үшін мақсат айқындалып, сол мақсатқа жетудегі оқу мазмұны белгіленуі керек», – деп тұжырымдайды [13, 23].

З.Б.Бейсембайқызы «Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты оқу құралында» білім мазмұнын айқындауда көптеген ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, ғылым негіздері басты орын алатынын айқындайды: «...пән мазмұнын айқындауда негізі орынды оқылатын ғылым негіздері алады», – дей келе, ғылым негіздерінің мазмұнын ашады. «Ғылым негіздерін және соған сәйкес келетін оқу пәнін бір жүйе деп алып, оған тұтастық сипат беретін бір-бірімен байланысты элементтерді бөліп қарастыру қажет. Айталық, оқу пәні «Қазақ тіл» - бір жүйе (дербес ғылым) десек, оны құрайтын элементтер мазмұндық блок болып табылады. Оларға: фонетика, лексикология, сөзжасам, грамматика т.т. салалары жасалады. Мысалы, қазақ тілі ғылымын қарастыратын нысанына қарай 3 блокқа бөлуге болады: дыбыс жүйесі, сөздің құрылымдық жүйесі (лексика, морфология, сөзжасам, орфография) және сөйлем жүйесі. Дыбыс жүйесі, сөйлем жүйесі терминдерін А.Байтұрсынұлы қолданғаны белгілі. Аталған блоктар өз ерекшеліктеріне, зерттеу нысанына қарай іштей бірнеше топқа бөлінеді. Демек, ғылымға, оны оқыту үдерісіне жүйелілік тұрғыдан қарау, соған негіздеу өте маңызды, себебі жүйелілік тұрғыдан келу пән мазмұнына ең маңызды, ғылымның қазіргі даму деңгейіне сай келетін, ғылыми фактілерді (бағдарламаға сай) енгізу арқылы негізгі мәселелерді игерген маман дайындауға, ақыл-ойы дамыған, шығармашыл ойлай білетін белсенді зерттеуші тәрбиелеуге мүмкіндік береді» [14, 24-25].

Автор пән мазмұнын құрастыруда таңдау, оқу материалдық таңдаудағы негіздер, таңдау межесі, дидактикалық жағдайлар секілді факторларға негіздеу маңызды екендігіне мән береді [14, 25-26].

«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» жоғары білім беру жүйесінде әлемдік үрдістер аясында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту, ғылыми зерттеулер нәтижелерін және технологияларды коммерцияландыру үшін жағдайлар жасау, жоғары оқу орындарында білім алатын (бұдан әрі – ЖОО) жастарды «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін нығайтуға қатыстыру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру менеджментін және даму мониторингін жетілдіру, ғылымның ел экономикасын дамытуға қосатын үлесін ұлғайту, ғылымның ғылыми әлеуетін және мәртебесін нығайту, мектептегі білімнің жаңартылған мазмұнына кезең-кезеңімен көшу, дуальді оқыту секілді міндеттер қойылған. Сондай-ақ, әлемдік үрдістер аясында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту көзделген. Жаңартылған білім беруге көшуді ескере отырып, жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының мазмұны жаңғыртылатыны, 15 базалық жоғары оқу орнында білім беру бағдарламаларын, оқулықтар мен ОӘК әзірлеу арқылы ағылшынша оқытуға көшу жүзеге асырылатыны, мектептер үшін мұғалімдерді іріктеу кезінде «білім беру магистрі» дәрежесі бар мамандар кеңінен тартылатыны, мектеп педагогтерін кәсіби жағынан дамыту біліктілікті арттырудың деңгейлік курстарының бағдарламаларын жаңғырту шеңберінде жалғастырылатыны мазмұндалған [15]. Осы секілді елімізде білім беру жүйесін дамытудың мақсаттарын айқындайтын, негізгі стратегиялық бағыттарын белгілейтін ғылыми-теориялық, әдіснамалық құжаттарда әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытудағы стратегиялық басымдықтарын белгілеу көзделген. Бұдан білім беру мазмұнын қоғамның жаңа талаптарына сәйкестендіру, және кәсіби біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру міндетіне ден қойылғанын байқауға болады. Қазақстан Республикасы “Білім туралы Заңында” білім беру саласындағы мемлекеттік саясат ұстанымдары етіп мына қағидаларды белгілеген: әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, білімге қол жеткізуі; білім берудің зайырлы сипаты; жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту; білім беру сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру үдерісінің үздіксіздігі; оқу мен тәрбиенің бірлігі; білім және білім беру мен өкілеттігін кеңейту; білім берудің ізгілікті және дамытушы сипаты; білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциялануы; оқушыларды кәсіптік бағдарлау; білім беру жүйесін ақпараттандыру [4].

«Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» жоғары және үздіксіз білім мен ғылым жүйесін дамытуда мынадай қағидаттарды анықтап көрсетеді: «Барлығының сапалы жоғары білім алу құқықтарының теңдігі; зияткерлік дамуды, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін жоғары білімнің қолжетімділігі; оның деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі; оқытудың жеке траекториясын еркін таңдау және үздіксіз білім беру арқылы дағдылар мен құзыреттерді алу; еңбек ресурстарының ұтқырлығы – қызмет бейінін өзгерту және әртүрлі бағыттар бойынша параллель кәсіптік білім алу мүмкіндігі; ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің басымдылығын; мемлекеттік қолдау алу кезінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ашықтығын, объективтілігін және теңдігін; ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар сараптамасының объективтілігі мен тәуелсіздігін арттыру мақсатында; ғылымды, білімді, бизнесті және өндірісті интеграциялау; халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту; экономиканың басым секторларында технологияларды коммерцияландыруды ынталандыру, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті дамытуға қатысуы үшін көтермелеу және жағдайлар жасау» [1].

Жоғары мектепте білім беру мазмұнын іріктеу Білім беру стандарты, Білім беру бағдарламасы мен бірүлгі бағдарламаларда, оқулықтарда нақтыланады. Мұндағы іріктелген білім мазмұнының басты мақсаты қоғам сұранысына сәйкес болашақ маманның кәсіби танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыруы тиіс және оқу әдістері мен технологиялар да осыған сәйкес құрылуы керек.

Білім беру мазмұнының басты құрылымдық компоненттерінің маңыздысы – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру беру стандарты. Стандарт негізінде құрылған Білім беру бағдарламасы болашақ маман даярлығына қойылатын талаптар мен кәсіби құзыреттіліктер мазмұнын және білім беру жүйесіндегі пәндер тізбегі, оның сипаттамасын анықтайды.

Елімізде жоғары білім беру жүйесі кредиттік білім беру технологиясына негізделген. Білім беру мазмұнын сипаттайтын деңгейлерді зерттеушілер төмендегідей көрсетеді: жалпы теориялық ұғым қалыптастыру (Мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты – МЖББС), оқу жоспары (оқу пәні деңгейі белгілі бір пәннің аясында нені, қандай ретпен оқу қажеттігін анықтайды), оқу материалы деңгейі (оқулықтар мен оқу құралдарының және т.б. материалдардың мазмұнын құрайтын білім, білік, дағдылар) [16,146]. Мұндағы «Білім мазмұны – бұл арнайы іріктеліп алынған және қоғамда қабылданған, белгілі бір сферада қызмет атқару үшін меңгеретін адамзат тәжірибесінің элементтер жүйесі. Білім мазмұны – білім, іскерлік, дағды және дүниетанымы мен жалпы тұлғалық қалыптасу деңгейі көрінетін оқу орны белгілейтін түпкі нәтиже» [17, 111].

Жоғары білім беру мазмұнын анықтайтын нормативтік-құқықтық құжаттар: Стандарт, мамандық бойынша пәндерді анықтап беретін типтік оқу жоспарлары, міндетті пәндердің мазмұныны анықтайтын құжат бірүлгі бағдарламалар. Әр блоктағы міндетті пәндер болашақ маман үшін міндетті игерілетін пәндер болып табылады. Білім мазмұнын **меңгеру деңгейлері**: *білім, іскерлік, дағдылар*. Мұндағы **білім**, бұл – түсіну, есте сақтау және ғылым, білімінің теориялық тұжырымдарын жалпылау, жүйелеу және тәжірибеде қолданудағы қабілеттілік. **Іскерлік** (білік, машық) – игерілген білімді тәжірибеде қолдану қабілетін меңгеру. **Дағды** – жоғары деңгейде орындайтын автоматтандырылған әрекет. Білім, іскерлік дағдылардың қалыптасуы қабілетке байланысты болса, бұл – оқыту үдерісіндегі тұлғаның дамуының психикалық қасиеті. Жоғары білім мазмұнына қойылатын **дидактикалық талаптар**: *ғылымилығы, толықтық, оңтайлылық, қажеттілік деңгейі, жүйелілік*. Білім беру мазмұнын әзірлеуге ықпал ететін факторлар объективті, субъективті болады. Осы тұрасында объективті фактор қоғам сұранысы мен ғылым, техниканың дамуындағы өзгерістер десе, субъективті факторларға қоғамдағы саясат және идеология, ғалымдардың әдіснамалық ұстанымдары жатады [18, 44].

Қазіргі білім беру мазмұнын сипаттайтын басты ерекшеліктерін төмендегідей жинақтап көрсетуге болады:



Ескерту: Т. – технология

Сурет 2 – Қазіргі білім беру мазмұнын сипаттайтын ерекшеліктері

Сонымен, білім беру мазмұны саяси-экономикалық дамудың бір факторы ретінде тұлғаның дамуына мүмкіндік беруді қамтамасыз етуі тиіс, қоғамды дамытатын әлемдік бәсеке қабілетті тұлғаны даярлауға сапалы білім алуға, пәнаралық байланысты жүзеге асырып, біртұтас ғылыми көзқарас қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

В.А. Клименко еңбегінде жаңа әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес жоғары білім берудегі оқу үдерісі ізгілендіру (тұлғаның жеке қасиеттерін құрметтеуге, оқытушы мен студент арасындағы педагогикалық ынтымақтастық, өзі-өзі дамыту), саралау (жеке қабілеттері), әртараптандыру (білім беру деңгейлері формаларының саналуандығы), көпнұсқалы (таңдауға мүмкіндік беру), көпдеңгейлі (әр деңгейдегі білім сапасын игеру – бакалавриатура, магистратура, докторантура), компьютерлендіру – ақпараттандыру (кейінгі кездегі АКТ-ны оңтайлы пайдалану), даралау, сабақтастық негізде сипатталу керек [19, 14-24].

«Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білім берудің жаһандық мәселелеріне жауаптар» атты монографияда қазақстандық жоғары оқу орны өз студенттерінен күтетін жалпылама құзыреттердің таңдаулы жиынтығы ретінде барлық мектептер мен университеттердің білім беру бағдарламалары үшін негізгі дағды ретінде төмендегідей құзыреттерді айқындады:

- 1) коммуникация;
- 2) әлеуметтік дағдылар;
- 3) шығармашылық, инновация және кәсіпкерлік;
- 4) этика және адалдық;
- 5) аналитикалық және сыни ойлау;
- 6) көшбасшылық және топтық жұмыс;
- 7) икемділік, бейімделгіштік;
- 8) зерттеу дағдылары;
- 9) цифрлық дағдылар;
- 10) өмір бойы оқу [20, 66].

Мұндағы болашақ филолог маманы үшін коммуникация ұғымы мәнінің маңызы ерекше. Себебі тілді оқытып-үйретудегі ең басты дидактикалық ұстаным – қатысымдық қағидат. Сондықтан жоғары білім мазмұнын анықтауда аталған құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін білім мөлшері қажеттігі ескерілуі керек. Білім мазмұнының ғылыми негізде құрылуы, деңгейлер арасындағы сабақтастық, пәнаралық байланыстардың болуы, теориялық білімінің тәжірибемен байланысы маңызды.

Білім мазмұны ұсынылатын ғылыми курс бойынша игерілуі тиіс білім, іскерлік, дағдылар мен құзыреттіліктер жиынтығы болса, «білім түсінігіне білімдер, дағдылар мен іскерліктер ғана емес, сондай-ақ, сыни ойлау, жасампаз болу, айналадағы өтіп жатқан оқиғаларды адамгершілік тұрғысынан бағалау да енуі керек. Бұған адамның әрекеттің маңызды түрлеріне қатысуымен қол жетпек» [21, 29].

Жоғары мектепте игерілетін білім мазмұнын айқындауда алдымен осы қағидалар негізге алынады. Осы пайымдауларға сүйене отырып, жоғары білім мазмұнын анықтауда дидактикадағы дәстүрлі тұжырымдар мен жаңа соны ой-пікірлер негізінде келесі ұстанымдарды басшылыққа аламыз:

1) жалпы ұстанымдары: білім мазмұнының қоғам дамуына, ұлттық танымға сәйкестігі мен ғылыми, өндірістің дамуы деңгейіне, сондай-ақ қоғамның қойып отырған жаңа талаптарына сәйкес құрылуы; ізгілік, гуманитарлық, демократияландыру, кәсіби құзыреттілік бағыттары негізінде

құрылуы; уәждемелік, оқу-танымдық әрекетін белсендіруді көздеу; жеке дара ерекшеліктерді ескеруге құрылған тұлғалық-бағдарлық оқытуға негіздеу; әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырылған көпдеңгейлік үздіксіз білім беру, ақпараттық білім алу мүмкіндігін кеңейту.

2) жекепәндік ұстанымдар: (пәндік білім беру жүйесі тұрғысынан) жаңа теориялық тұжырымдардың енгізілуі; пәншілік, пәнаралық байланыстар арасындағы синтез; лингвистикалық біліктілігін арттыруға негізделуі; базалық білімнің теориялық, практикалық, кәсіби маңыздылығы; лингвистикалық білімнің теориялық ойлауды дамытуда маңыздылығы; практикалық бағытын жүзеге асыру; қатысымдық деңгейде құрылуы;

3) іскерлік, дағдылар, құзыреттілік жүйесі тұрғысынан: функционалдық-стильдік, қатысымдық, кәсіби-құзыреттілік негізде құрылуы; шындық өмір заңдылықтарымен, прагматикалық бағытта түзілуі; нәтижелік модельге құрылуы; білімді бақылаудың үздіксіздігі; әрекеттік негізде білім беру; жаттығулардың молдығы;

4) кәсіби бағдар беру тұрғысынан: мектеп бағдарламалары, мектеп оқулықтарымен, яғни мектептегі білім мазмұнымен сабақтастық, бірізділік; болашақ кәсібімен байланыстыру; заман талаптарына сәйкес бәсекеге қабілетті маман даярлау;

5) шығармашылық қабілетін дамыту тұрғысынан: танымдық белсенділік пен шығармашылық қабілетін арттыру; ақпараттық-мультимедиялық технологияны енгізу; өз бетімен жұмыс істеуге, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беру; проблемаларды шешудегі өзіндік, шығармашылық қызметті қамтамасыз ету; педагогикалық үдерістің педагогикалық ынтымақтастықта жүзеге асырылатын интерактив әдістер негізіне құрылуға жағдай жасау. Сонымен, білім берудің қазіргі мақсаты – “білім алып, білім мен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби құзыреттілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады” [22, 5].

Қазақстан Республикасында үздіксіз білім беру жүйесінің негізгі буыны – жоғары мектеп бүгінде даму үстінде. Жоғары білікті қазақ тілі маманын даярлау жоғары білім берудің біртұтас құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақ тілі мамандарын даярлауда анықталатын білім мазмұны мемлекеттік стратегиялық құжаттардың негізінде, Білім Стандарты, үлгі оқу жоспары мен оқу бағдарламаларында нақтыланады. Білім мазмұнын белгілеу мемлекеттік стандарттағы жоғары кәсіптік маманды дайындау деңгейіне қойылатын талаптарына сәйкес айқындалады. Білім стандартында болашақ маман даярлығына қойылатын жалпы талаптар мен игерілетін оқу жүктемесінің шектік көлемі, білімдік-кәсіптік бағдарлама мазмұнының міндетті мөлшері белгіленеді.

Сонымен, білім мазмұны қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен қайта құруларға, жаңа стратегиялық бағдарларға байланысты, заман талаптарына жауап беретін тарихи сипатқа ие. Жоғары білім мазмұны жеке тұлғаның ғылыми көзқарасын қалыптастыруға, жалпы кәсіби мәдениетін

дамытуға, әлемдік бәсекеге қабілетті білікті маман болуына, кәсіби дағдылар мен құзыреттіліктер жүйесін меңгеруге мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары:

1. Білім мазмұнына қандай анықтама бересіз?
2. Жоғары білім берудің мақсаты қандай?
3. Жоғары білім мазмұнын анықтауда қандай ұстанымдар басшылыққа алынады?
4. Білім мазмұнын анықтаудың өлшемдерін анықтаңыз.

1.2. Жоғары мектептегі педагогикалық іс-әрекет психологиясы


Педагогикалық қызмет қоғамдық құбылыс болғандықтан, қоғамдық қарым-қатынастардың өзгеруі, жаңа білімнің жинақталуы, өндірістің жетілдірілуі, әлеуметтік прогресс, білім берудегі ізгілендіру, демократияландыру, ақпараттандыру, тұлғаның “Мен” тұжырымының басымдық ұстанымы, яғни тұлғаның – бағдарлық, нәтижелі оқу моделіне көшу педагог даярлығы қызметінің мазмұндық сипатын жаңаша өзгертуді талап етеді, себебі ол қоғамның әлеуметтік сұранысын қанағаттандыруы тиіс. Мектептегі жас ұрпақ тәрбиесі, оның жеке тұлғасының жаңаша қалыптасуы, әлеуметтік дүниеге көзқарасы, жалпы адами болмысының қалыптасуы алдымен мұғалім, оның жеке тұлғасы, кәсіби қызметіне байланысты. Ресейдің көрнекті психологі В.П.Зинченконың мұғалім оқушыны білім кеңістігіне енгізе отырып, оның жеке тұлғасын, оқу әрекетін қалыптастырады, өздігінен білім алып, оны өмірде қолдана білуге үйрететін тұлғаға теңеуі дау туғызбайды [23, 27]. Жоғары мектеп оқытушысының қоғамдығы атқаратын негізгі әлеуметтік қызметі – жас ұрпаққа қоғам міндеттеп отырған талаптарға жауап беретіндей оқытудың жаңа моделі негізінде тәрбиелеу, кәсіби білім беру, оның белсенді оқу әрекетін қалыптастырып, танымдық қажеттіліктерін, қызығушылығын арттыру. Осы талаптарға сәйкес орта білім беретін мектептер мен инновациялық мектептердің (лицей, гимназия, атаулы, арнайы мамандандырылған мектептер) саны да көбейе түсуде. Мұның өзі келешек еңбек жолын мектепте жалғастыратын жоғарғы оқу орындарында болашақ мұғалімдер даярлығына қойылатын талаптар мазмұнын белгілеп отыр.

Тілді білуге, үйренуге ұмтылыс қазіргі кезеңде басқаша мазмұн алды, ал білім беру мазмұнында тілді оқытудың маңызы ерекше, оқушы тіл арқылы лингвистикалық білім алады, қоршаған ортаны таниды, адамдармен тілдік қарым-қатынасқа түседі, логикалық ойлау қабілеті дамиды, басқа да пәндерді игереді, өз ойын ауызша да жазбаша да жатық жеткізе алу мүмкіндігіне ие болады. Тіл – өнер-білім, ғылымға жетелейтін құрал, ол тек сөз өнері ғана емес, ол әр ұлт өкілдерін бір-бірімен рухани жақындастырушы, тәрбие құралы. Тілді білу ұлтаралық қарым-қатынасты, ұлтаралық мәдениетті жақсартады. Әрбір халықтың ғасырлар бойы жасаған мәдениетін, оның озық үлгілерін таныту арқылы баланы сол ұлтқа құрметпен қарауға тәрбиелеумен бірге, оның тілге деген сүйіспеншілік сезімін оятуға болады. Осы тұста бүгінде

толыққанды дамуына кепілдік алып отырған қазақ тілін абыроймен оқытып-үйрету, оның қоғамдық беделін көтеру – болашақ қазақ тілі маманының қасиетті борышы, міндеті. Жоғары мектепте маман даярлау мәселесі – күрделі дидактикалық көпқырлы үдеріс. “Жоғары мектептегі оқу үдерісі – студенттің танымдық әрекетін ұйымдастыру мен оны басқару жүйесі [24, 329]. Жоғары білім беру жүйесіндегі бүгінгі ерекшелік – оқытуды ізгілендіру, демократияландыру негізінде студенттің ақыл-ойын дамыту, танымдық әрекетін белсендіру, өздігінен білім алу қабілетін, кәсіби біліктілігін қалыптастыру. Ғылыми пәнді игертуде елеулі нәтижеге жету оқытушының лингвистикалық теориялық білімімен қатар, педагогика-психология ілімін жетік, жан-жақты игеру деңгейіне, оқу үдерісінің өн бойында студенттің жеке-дара ерекшеліктерін ескеріп, саралап оқыту ұстанымдарын жүзеге асыруына, студенттердің оқу-танымдық белсенділігін арттыратын белсенді оқыту әдістерін, құралдарын қолдана білу шеберлігіне, білім мазмұнының ізгілік сипат алуына, оқытудың тұлғалық-бағдарлық, кәсіби бағыттылығы ұстанымын жүзеге асыруына байланысты. Студенттің ғылыми ұғымдар жасап, оны меңгеріп есте сақтап қоймай, оны игерудің амал-тәсіліне үйренудегі оқу әрекетін өзі басқарып, өз мақсаттарына сәйкес нәтижелерін қолдана білуге үйренеді. Бұл үдерістің толыққанды жүзеге асуы студенттің білімді оқу белсенділігі негізінде игертудің психологиялық ерекшеліктерін ескерген жағдайда нәтижелі болмақ, сондықтан психология іліміндегі жетістіктер дидактика ілімінде жемісті қолданылуда.

Жалпы, жоғары мектеп мазмұнын құрайтын лингвистикалық пәндердің ғылыми мазмұнын іріктеу, оны оқытудың әдіснамалық, әдістемелік негіздерін жаңаша қарастырған еңбектер аз. Дәстүрлі оқыту жүйесі студенттің оқу үдерісінде объекті деңгейінде қалып, ғылыми білімді игерудің танымдық амал-тәсілдерімен жеткілікті дәрежеде қарулануына кедергі болып келді, сондай-ақ жоғары мектепте жеке тұлғаның белсенді кәсіби-шығармашылық деңгейде дамуы, оның танымдық іс-әрекеті, оны басқару, оқытудың психофизиологиялық мәселелері әлі де болса аз қарастырылған. Ресейдің көрнекті ғалымдары Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, А.Н.Леонтьев, В.А.Крутецкий, А.С.Лурье, С.Л.Рубинштейн, Н.И.Жинкин, И.А.Зимняя, А.А.Вербицкий, отандық ғалымдардан Қ.Жарықбаев, С.К.Қалиев, Ә.Сембаев, Т.Тәжібаев, С.Ұзақбаева, Г.Храпченко, Н.Д.Хмель секілді т.б. ғалымдардың ілімдерінің оқыту үдерісінде білімді игерудің әдіснамалық мәселелерін шешуде маңызы зор. Ғалымдардың пайымдауынша, оқу материалын меңгертудің психологиялық, дидактикалық ерекшеліктерін ескермей, оны тиімді етіп игерту мүмкін емес. Оқу үдерісі құрылымы жағынан оқытушы мен студент арасындағы өзара байланыстан тұрады, яғни оқу үдерісі – мақсатқа негізделген оқытушы мен студент іс-әрекетінің үйлесімді әрекеті. Грамматикалық ұғымдарды игертудегі оқытушының инновациялық қызметі – оқытудың психологиялық, педагогикалық қағидаларын негізге ала отырып, оқыту мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес білім мазмұнын жаңа ғылыми ұстанымдар негізінде оны ұйымдастырудың тиімді түрлерін таңдау арқылы студенттің ғылыми-теориялық білімін қалыптастыру. Студент қызметі – білім


меңгеруде өз зейінін шоғырландыра отырып, оны қабылдаушы және әрекеттік негізде орындап, өз бетімен жұмыс істеу арқылы оны жүзеге асырушы. Осындай екі жақты өзара байланысты үдерістің жүзеге асуының логикалық құрылысын былай өрнектеуімізге болады:




Сурет – 3. Екі жақты инновациялық оқу әрекетінің логикалық құрылымы

Мұнда инновациялық оқу үдерісінде оқу әрекетінің оқытушы мен студенттің ынтымақтастық қарым-қатынасы негізінде жүзеге асуының нәтижелігі көрсетіледі. Тіл білімі негіздерін оқыту әдістемесінің тиімділігі студент пен оқытушы әрекетінің жоғары дәрежеде біртұтастықта үйлесімді түрде жүзеге асуының нәтижесіне байланысты. Нәтижеге жетуде басты мәселе – студенттің жеке ерекшеліктерін, оқу-танымдық іс-әрекетін психофизиологиялық қырынан зерттеп білу, ал белсенді оқу әрекетінің нәтижесі – ғылыми-теориялық білім қалыптастыру. Бұл үдеріс оқу материалын ұғыну, оны тәжірибеде дұрыс қолдана білу, ойлау операцияларының жинақтау, талдау, салыстыру, дерексіздендіру, жалпылау түрлерінің бірлескен қызметі негізінде жүзеге асады. Оқу әрекеті, негізінен, студенттің білімді игеруі, меңгеруі болса, екіншіден, оқытушының өз шәкіртінің білімге ынтығықласын оятып, белсенділігін көтеріп, дүниеге саналы көзқарасын қалыптастыру жолындағы әрекетінің тоғысы болып табылады. Әрекет теориясы жөнінде Л.С.Выготский, А.Н. Леонтьев, В.В.Давыдов, Г.И.Щукина, Н.Ф.Талызина т.б. пайымдауларына сүйене отырып, оқу әрекетінің студент

қабілетінің және оның жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына негіз болатынына көз жеткізуге болады. Оқу әрекетін мына түрде көрнекі көрсетуге болады (Сурет – 4, 5). Дәстүрлі түсіндірмелі-иллюстративтік оқытуда әдістемелік жүйе (мақсат, міндет, мазмұны оқу формалары, әдістері, оқу құралдары т.б.) оқытушы, студент әрекеті бір-бірінен оқшау болады да білім сапасы төмен болады.



Сурет – 4. Дәстүрлі оқытуда объекті мен субъектілер әрекетінің көрінісі



Сурет – 5. Инновациялық оқытудағы объекті мен субъектілер әрекетінің көрінісі

Мұнда (с-студент) әдістемелік жүйенің оқытушы, студентпен бірлескен біртұтас бейнесін көруге болады, яғни үш объекті, студент әрекеті, оқытушы әрекеті, оқытушы мен студенттің әдістемелік жүйедегі өзара әрекеті негізгі рөл атқарады, және ол субъектілік қатынасқа негізделгенде тиімді болады. Оқыту сапасын жаңа деңгейге көтеруде белсенді әдістер мен кез-келген әрекет тапсырмаларды анықтау, өзара әрекет түрлерінің жүзеге асуының амал-тәсілдерін белгілеу, оқытудың қолайлы, оңтайлы, белсенді әдістерін қолдану секілді мақсат қоюдан басталады. Оқытудың мақсаты білімді дайын күйінде қабылдап, іскерлік, дағды қалыптастырумен шектелмеуі тиіс, оқу студенттің ақыл-ойын, шығармашылық қабілетін өздігінен білімін жетілдірудің амал-тәсілдерін игеру қабілеттерін дамытуды, келешек кәсіби бағыттағы мәселелерді шешудің қолайлы да тиімді амал-тәсілдерін, жолдарын меңгеруге мүмкіндігі мол жеке тұлғаны қалыптастыруды мақсат етуі керек. Оқу әрекеті - ғылыми ұғымдарды игерудің жалпыланған тәсілін игеру. Демек, теориялық білімді меңгеру студенттің ақыл-ойының тез дамып жетілуіне бағытталған

әрекет деп түсінуге болады. Оқыту сапасын жаңа деңгейге көтеруде белсенді әдістер мен оқу құралдарын жүйелі пайдаланудың маңызы зор. Ұлы ағартушы педагог Ы.Алтынсарин кезінде сауатын ашуды ғана мақсат тұтқан мектептерге қарсы болғаны белгілі. Оның мектептегі оқыту жүйесі теория мен практика арасындағы байланыс негізінде құрылып, жаңа мәдениетті азаматты тәрбиелеуге негізделуі тиіс деген түйіні дамыта оқытудың табиғатын дәл танытады. Ал М. Дулатовтың “оқуда мақсат жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру керек” деген қағидасы ұлы ұстаздың ойымен тоғысып жатыр [25, 239]. Жоғары білім беру үдерісінде оқытудың мазмұнын анықтауда С. Ғаббасовтың педагогиканы инновациялық ғылыми негіздеуіне құрылған еңбегіндегі қағидаттарға сүйенудің маңызы зор.

1.3. Студент – оқу әрекеті субъектісі

Студент – оқу әрекетінің субъектісі. Осы турасында белгілі психолог ғалым И.А. Зимняя пікірінше: «Студенттік кез – бұл ерекше әлеуметтік категория, жоғары білім беру институтымен ұйымдастырыла біріктірілген адамдардың ерекше қауымдастығы. Бұл әлеуметтік-кәсіби категория XI-XII ғғ. алғашқы университеттер пайда болғаннан бері тарихи құрылған. Студенттік шақ – білімдер мен кәсіби іскерліктерді мақсатты, жүйелі игеруші, ұйғарылғандай, табанды оқу еңбегімен айналысатын адамдарды қамтиды. Әлеуметтік топ ретінде кәсіби бағыттылығымен, болашақ мамандыққа тұрақты қатынастың қалыптасқандығымен сипатталады, бұның өзі кәсіби таңдаудың дұрыстығының, студенттің таңдап алған мамандық жайлы ойының барабарлығы мен толықтығының мәні болып табылады» [26, 204].

Әлеуметтік тұрғыдан студенттік кезең басқа топтардан танымдық уәждің жоғары және тұрақты дәрежесімен ерекшеленеді. Әрекеттік тұрғыдан студент – белсенді және өзара әрекеттесу субъектісі ретінде кәсіби қатысымдық белсенділікке ие. Бұл кезеңде кәсіби белсенді әлеуметтену кезеңі болғандықтан, оқу үдерісінде оқыту формаларын ұйымдастырудай ескерілуі тиіс. Студенттің танымдық оқу әрекетін белсенді ету – білім сапасын артрудың бір жолы. Білімгерлердің оқу-танымдық қызығушылық негізі – түрткілер. Осы тұрғысынан И. Зимняя былай тұжырымдайды: «Түрткілердің екі типі, көбінесе, оқу іс-әрекетін сипаттайды жетістік түрткісі және танымдық түрткісі. Соңғысы өз тарапынан адамның ой, іс-әрекетінің табиғатына сәйкестеле отырып, оның оқу-танымдық іс-әрекетінің негізі болып келеді. Бұл іс-әрекет проблемалық ситуацияда пайда болады және студенттер мен оқытушылардың қатынастары мен өзара әрекеттесулері дұрыс болғанда дамиды.

«Оқу іс-әрекеті, олай болса, іс-әрекеттің ерекше түрі ретінде қарастырылалады. Ол әрекеттің субъектісі ретінде үйренушінің өзіне бағытталады, оның әлеуметтік-мәдени тәжірибені қоғамдық пайдалы, танымдық, теоретикалық және практикалық іс-әрекеттің әртүрлері мен формаларында саналы, мақсатты игеруі арқасында тұлға ретінде қалыптасуы, дамуы және шыңдалуы. Үйренуші іс-әрекеті терең жүйелі білімдер игеруіне,

әрекеттің жалпыланған тәсілдерін өңдеуге және де оларды түрлі жағдайларда адекватты және шығармашылық түрде пайдалануға бағытталған» [26, 246].

Оқу әрекеті – теориялық білімді меңгеру, ал оқу әрекетін қалыптастыру өз бетінше және шығармашылық тұрғыда ойлау дағдысын қалыптастыру [19, 3]. Оқу әрекетін Т. Слямбекова былайша түсіндіреді: «...оқу әрекетінің жалпылай тәсілдерін меңгерудегі оқытушы тарапынан қойылған оқу міндеттерін шешуде сыртқы бақылау мен бағалау негізінде, өзін-өзі бақылау мен бағалау процестеріне ауысатын өзін-өзі дамытудағы субъектінің әрекеті» [27, 44]. Демек, студенттің оқу әрекеті кәсіби бағыттағы оқу материалдарын, ғылыми ұғымдарды, амал-тәсілдерді меңгеруге және өзін-өзі бағалауға арналады. Оқу әрекеті студенттің мақсатты түрде өзін-өзі интеллектуалдық дамытуға, өзгертуге мүмкіндік береді. Бұған дамыта оқыту нәтижесінде қол жеткізуге болады. Дамыта оқыту – біртұтас, құрылымы күрделі, педагогикалық жүйе, ол сабақтың мақсат-мазмұны, әдіс-тәсілдер мен оқу формалары, студенттің білім алу белсенділігі мен оның оқытушымен өзара әрекеттестік ерекшеліктері, қарым-қатынастары сипатымен ерекшеленеді. Дамыта оқыту үдерісінде білім дайын күйінде емес, қарқынды ой еңбегін қажет ететін тапсырманы орындау арқылы жетуі қажет. Оқытудың *әрекеттік түрі* басқарушы мен бағынушы емес, ынтымақтастық, серіктестік негізде жүзеге асады. Дамыта оқыту идеясы негізінде студент мақсат-міндеттерді шешуде өзі басшы рөл атқарса, оқытушы – оқу ісін ұйымдастырушы, бағыт беруші, кеңесші. Мұндай жағдайда әрбір студент өз шешімінің дұрыстығын өз бетінше дәлелдей білуге, пікірін еркін айтуға, нәтижесін көрсетуге, дәлелдеуге, талдап, қорытындылауға үйренеді. Сонымен қатар белгілі бір шапшаңдықпен сапалы еңбек етуге мүмкіндік беріліп, оңтайлы жағдайлар жасалады. Оқытушы мен студент қарым-қатынасында өзара түсінісу *әрекеттестік* ұстанымы негіз болады. Студенттің ақыл-ойын, шығармашылық қабілетін дамытуда және білімді сапалы игертуде оқудың топпен ғылыми жобаны қорғау, проблемалық мәселелерді шешу, пікірталасқа қатысу әдістері, яғни студенттерден жоғары белсенділікті қажет ететін түрлерін қолдану нәтижелі. Дамыта оқытудың негізгі шарттарының бірі оқу материалдарының мазмұнына, оқу материалын іріктеуге байланысты. Бұл материал дәрісте семинар, зертханалық сабақтарда меңгеріліп студенттің ойлауын дамытатындай болуы керек. Мысалы, жіктеу есімдіктерінің көмектес септігіндегі тұлғалық ерекшелігін түсіндіруде оның даму тарихын *бірлән* шылауымен байланыстыра отырып, неге? не себепті? деген сұрақтар қойып, студенттерді ойланта, іздендіре отырып, проблема қоя отырып, жауабын табу өз нәтижесін береді. Ойлау проблема немесе сұрақ қоюдан, таңданудан басталатыны белгілі, сондықтан оқытушы студентті өз бетімен жұмыс істеуге, өз бетімен ойлана, іздене білуге үйретуі керек. Мәселен, грамматиканың қиын мәселелердің бірі грамматикалық омонимдерді танып-білуде тілдің эволюциялық дамуы негізінде олардың шығу төркіні жөніндегі ғылыми пікірлерді келтіре түсіндірудің пайдасы мол. Студенттерге “омонимдес қосымшалар мен сөз мағыналары арасындағы мағыналық қатынастардың арасынан қандай айырмашылық байқайсыңдар?” деген сұрақтарды қоя

отырып, ойландыру қажет. Ал басты мәселе – оқытуда проблемалық-ізденушілік мақсаттағы амал-тәсілдерді қолдану студенттің ақыл-ойын дамытады, өздігінен қорытынды жасауға үйретеді. Ал тұлғаның ақыл ойдың даму көрсеткіштері – өз бетімен ойланып шешім қабылдай білуі, оқу материалын тез берік меңгеруі, тілдік құбылыстардың мәнін терең түсіну, сыни ойлауының дамуы.

Дамыта оқыту үдерісінде білім репродуктивті әдіспен емес, теориялық - шығармашылық әрекет арқылы жүзеге асады. Көрнекті психолог ғалым Л.С.Выготский оқыту мен дамудың бір-бірімен тығыз байланысты екенін анықтады. Оның дамудың жақын аймағы мен дамудың қол жеткен аймағы өзара байланыста болғанда ғана даму үдерісі жүзеге асады. Осымен байланысты оқу үдерісіндегі студенттің жан-жақты дамуында оқытушы қызметінің үлкен рөл атқаратындығы белгілі болады. Оқытушының шығармашылық, проблемдік деңгейде әзірлеген тапсырмаларының мазмұны білім алушыны ізденуге, ойланып-толғануға, мәселені шешуге ұмтылуға және өзін әрекет субъектісі ретінде сезінуге ынталандыратын болуы тиіс. Дамыта оқытуда субъект белсенділігі өте маңызды. Себебі студенттің ақыл-ойының дамуы білгенін өзгемен бөлісіп, ынтымақтастықта талқылауға тәуелді. Ғалымдардың пікірінше, дамыта оқытудағы жоғары қиындықта оқыту қағидатының маңыздылығы – адамның ойлануын, шешімін табуды қажет етуінде. Осы тұрғысынан студенттің сапалы білім алуындағы басты мәселе – теориялық білімінің басымдығына мән беру. Дамыта оқыту нәтижесінің көрсеткіші – білімді жүйелей білу, Блум таксономиясындағы жоғары баспалдақ оқу әрекетін өзіндік бағалай білу.

Оқу әрекетінің құрылымы оқу-танымдық уәждемеден, оқу тапсырмаларынан, бақылау (өзіндік бақылау), бағалаудан (өзіндік бағалау) тұрады [28, 245; 29,196]. В.В.Давыдов осылардың біреуі өз деңгейінде жеткілікті орындалмаса, білім алуда жүйенің қалыптаспайтынын (деформация) баса айтады [30]. Оқу әрекеті құрылымының өзіне тән **уәждері** болады. Оқу әрекетін қалыптастырудың бірінші алғышарты **уәж** қалыптастыру. Оқу әрекетінде уәждің маңыздылығын қазақтың ұлы тұлғасы М.Жұмабаев былайша пайымдайды: “Жанымызда бір тілек бар. Сол тілекті іске асырғымыз келеді. Тілектің іске асуының тиістілігін бекітетін себептер, яғни дәлел уәж деп аталады. Бұл қайраттың мақсатқа жету үшін жанның алға ұмтылуының бірінші басқышы” [31, 102], “себепсіз әрекет болмайды” [32, 12], сондықтан адамның әрбір іс-әрекеті уәж (мотив) арқылы жүзеге асады. Уәж – “субъектінің өмір сүру жағдайы ықпалымен қалыптасатын және оның белсенділігінің бағыттылығын анықтайтын әрекетті туғызушы” [33, 219].

Уәж – әрекетке итермелейтін пәрменді күш, түрткі, ынта-ықылас, қызығушылық. Ассоциация теориясы бойынша, адам білімді кезек-кезек қабылдамайды, алдында тұрақты жадыда сақталған материалдармен ұштастыру, салыстыру арқылы қабылдайды. Сөйлеу әрекетінің репродуктивті түрінің жүзеге асуы кезінде білім алушы оқу материалының мазмұнын алдымен шатастырып, содан соң практикада қолдануға дағдылану арқылы меңгеретін болады. Яғни студенттің ғылыми ұғымдарды біліп-түсінуі ең

алдымен бұрын алған білімімен ұштастыру арқылы шатастыру кезеңі мен кейін бірте-бірте айыратын дәрежеге көтерілу кезеңінен тұрады. Осы екі үдерістің бірінен соң бірі ауысып отыруы арқылы мида шартты байланыстар қалыптасады. Ал адамның дүниені танып білуі осы уақытша шартты байланысқа (ассоциация) тікелей қатысты. Физиологтардың айтуы бойынша, бұл уақытша шартты байланыстар адам миына мазмұны ұқсас, бір типтегі нерв импульстері тез ара уақытта түскенде тез қалыптасады. Демек, оқу материалын игеруде әр сабақта берілетін білімнің мазмұны бір-бірімен сабақтаса, байланыса жүйелі орналастырылуы керек.

Болашақ филолог маманның грамматиканы кәсіби деңгейде меңгеруі - оның кәсіби коммуникативтік дағдысын қалыптастыру негізі. Белгілі психолог Қ.Жарықбаев: «Грамматиканы меңгеру – біздің ауызша және жазбаша сөйлеуімізді дамытудың бірден-бір құралы. Оның заңдарын білу арқылы ғана бала өзінің ауызша және жазбаша сөйлеуін белгілі мақсатқа сай ұйымдастырып, жоспарлап жүйелі етіп құра алатын қабілетке ие болады» - дейді [34]. Сондықтан тілдік ұғымдарды игеру, оны үнемі тәжірибеде қолдана білу оқудың синтаксистік қағидатына да негізделу қажет. Оқытудың бұл қағидаты білімгердің грамматикалық, тілдік білімін үнемі тәжірибеде қолдануын, оның коммуникативтілік жағын жүзеге асырады.

Уәжді қалыптастырудың маңызды шарты – педагогикалық үдеріс компоненттерінің бірлікте жүзеге асуы, яғни оқу формаларының, оқыту әдістерінің, оқу құралдары мен білім беру технологияларының бір-бірімен үйлесім табуы. Оқу үдерісіндегі танымдық уәждеме – кәсіби танымдық әрекеттің қозғаушы күші, түрткісі. ЖОО-да болашақ маман даярлау үдерісінде білім мазмұнын кәсіби бағдар беруге сәйкестендіріп, оқытудың жаңа формалары мен белсенді әдістері негізінде студенттердің білім алуға ынта-ықыласын оятып, білімді саналы берік игеруге мүмкіндік жасауға болады. Мұндай жағдайда студенттің алға ұмтылуының бірінші басқышы – болашақта білікті, табысты, танымал маман болуға, жан-жақты білім алуға ұмтылуы болмақ. Студенттер тіл заңдылықтары мен сөйлеу тетігі грамматиканы жетік игергенде тілді жүйелі меңгеру жолдарын меңгеруге мүмкін болатындығын саналы түсіну арқылы оны (грамматиканы) білуге ұмтылыс жасайды, себебі тілдік білімді меңгерту теориялық білімді игерумен тығыз байланысты. Теориялық білім теориялық ойлауды дамытумен, ал ол субъектінің таным, оқу қызметін белсендірумен байланысты. Оқытушы мұндай жағдайда студенттің рефлексиялық әрекетін дамытуы қажет. Ол өзін әрекет субъектісі ретінде түсінуі тиімді. Бұл оқу үдерісінде диалогтік режимде қалыптасады, сондықтан ЖОО оқытушының алдындағы басты міндет – студенттің болашақ маман ретінде өзіндік дара ерекшелігін, өзінің шынайы көзқарасын білдіре алатын, өмірлік ұстанымының айқын болуына үйретуі қажет.

Қазақ тіліндегі сөз тіркесін дамыта оқыту технологиясының теориялық негізін жасаған ғалым Н.Құрманова оқыту үдерісінде субъектінің ақыл-ойының жетілуін теориялық деңгейде білім алумен байланыстырады. Осы тұрасында ол “Оқушылардың теориялық деңгейде білім алуы, теориялық ойлауы дамуы дегеніміз – тілтану үдерісінде анализ (талдау) мен синтезді

(жинақтау), дедукция мен индукцияны, лингвистикалық экспериментті, модельдеуді, логикалық операциялардың қолданылу жолдарын еркін меңгеруі, соған мүмкіндік беретін дағдылардың қалыптастырылуы” – деп пайымдайды [35, 65]. Демек, біздің жағдайымызда грамматикалық ұғымдар жүйесін қалыптастыру – оқу үдерісінде студенттің белсенді әрекетінің негізін құраушы элементтер мазмұнын анықтау. Біздіңше, олар ең алдымен танымдық уәж қалыптастырумен тығыз байланысты.

Оқу әрекетінің маңызды құрылымдық бөлігі ретінде студенттің оқып-білім алуы үшін жағымды уәжін қалыптастыруды айтуға болады. Ол студенттің жеке-дара ерекшеліктерін ескеруге, сондай-ақ танымдық кәсіби қызығушылықтарына, ең бастысы, студенттің қарқынды, белсенді оқу негізі болатын оқу формаларының, оқыту әдістерінің, оқу құралдарының негізіне құрылған оқу-әдістемелік жүйенің мазмұнына байланысты. Оқу әрекеті мақсаттылықпен байланысты болғандықтан, оның дұрыс қойылып, соған жетуге ұмтылыста уәждің маңыздылығы ашыла түседі. Оқу әрекетінде қоғамда өмір сүру үшін білімнің қажеттілігі мен қолданбалылығының, прагматикалық мәнін сезіну, тілдік бірліктердің ішкі мазмұнын, ішкі заңдылықтарын, байланыстарын кәсіби-функционалдық қызметі негізінде біртұтастықта тану әдістерін меңгеру арқылы теориялық ұғымдар жасау дағдыларының қалыптасуы, теориялық білімдер жүйесі негізінде танымдық уәжін, қызығушылығын туғызу студенттің оқуға ынта-ықыласын арттырып, білім сапасын арттыра түседі. Оқу әрекетінің уәждемесі студенттің теориялық білімді меңгеруге, қызыға кірісуіне жағдай жасайды. Оқыту үдерісіндегі заңдылық нақтылықтан абстракті ойлауға және оны іс жүзінде жүзеге асырудың адам танымы арқылы жүзеге асырылса, бұл себепсіз салдар болмайтыны секілді уәжге байланысты. Уәж – студенттің ынтасы, талабы, мұқтажы, әлеуметтік ортада қажеттігін сезінуі. Жеке тұлғаның қалыптасуы, оның психикалық жағынан дамуына танымдық қызығушылыққа негізделген білім ғана ықпал етеді. Танымдық уәждеме *ұғу, ес, ойлау* т.б. психикалық процеске әсер ете отырып, тұлғаны белсенді әрекет жасауға ұмтылдырады. Танымдық уәж – проблемалық білім берудің құрамдас бір бөлігі, ол белсенді оқыту ұстанымдарына негізделгенде ғана тиімді болады. Студенттің танымдық қызығушылығын кәсіби уәжіне сәйкестендіру арқылы жоғары нәтижелерге жетуге болады. Уәж адам белсенділігінің деңгейін анықтап қана қоймайды, ол тұлғаны бар ықыласын, күшін салып, мәселені шешуге ұмтылдырады. А.Вербицкий уәжді танымдық уәж, табысқа жету уәжі деп бөле отырып, танымдық уәж арқылы адам қабылдауының, ес-жады, ойлау т.б. психикалық әрекеттерінің өзгеріске түсіп, танымдық қызығушылықты туғызатындығын айтады, сондықтан оқу әрекетінің құрылымының басты буыны оқу-танымдық уәж студенттің теориялық білімді *қызыға меңгеруіне* байланысты.

“Қызығу – шындықтағы заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып, білуге бағытталған адамның біршама тұрақты жеке ерекшелігінің бір көрінісі” [34, 61]. Оқу әрекетінде қызығу білімді терең де берік қабылдауға көмектеседі. Оқу уәждерінің даму қарқынына қарай білім алуға қызығу да

бірте-бірте қалыптаса бастайды, алайда қызығу пәрменді, белсенді болмаса, нәтиже де солғын болатынын назарда ұстау керек. Танымдық қызығу жаттығулар жүйесін грамматикалық тәжірибелер жасау арқылы грамматикалық ұғымдардың тілдегі қолданысына бақылау жасау арқылы оның ішкі заңдылықтарын ашу, тілдің басқа қабаттарымен байланыстыру, білім мазмұнына жаңа ғылыми тұжырымдарды енгізу арқылы, проблемалық сұрақтар қою арқылы ойға түрткі салудан, проблемалық жағдаяттар құрудан, дидактикалық ойын элементтерін тиімді қолданудан, пікірталастар ұйымдастырып, оған белсене қатысудан, яғни өзіндік әрекеттік шешімдік қабылдауға талпынудан, компьютерлік т.б. пәрменді құралдарды қолданудан басталады. Мұнда студент даяр білімді селқос, енжар күйде емес, оны белсенді оқу әрекеті, яғни өздігінен ой қорытындыларын жасау, оқу материалын талдау, жинақтау, салыстыру, жүйелеу, ереже, анықтамалар шығару негізінде қабылдайды. Мұндай жолмен қалыптасқан білім саналы меңгеріліп, студенттің кәсіби ойлауы дамуының негізі болып болашақ кәсіби қызметінде нәтижелі қолданылады. Студенттің оқу-танымдық қызығушылығын қалыптастыратын факторлар:

- базалық білім мазмұнының жаңартылуы, мақсат-міндеттерді білім үдерісіндегі субъектілердің (оқытушы, студент) екіжақты бірлесе қоюы;

- оқытуды ұйымдастырудың интербелсенді түрлері проблемдік дәріс, дәріс-конференция, пікірталас дәріс, семинар-ойын, семинар-аукцион т.б. оқытудың топтық, ұжымдық формалармен үйлесімділігі, нәтижелігі;

- оқытудың интербелсенді әдістері: проблема қою, ми шабуылы, пікірталас, ойталқы, оқу ойындары, тренинг, оқу дебаттары, шығармашылық-ізденімдік жаттығулардың, көрнекіліктің молдығы;

- мультимедиялық-компьютерлік бағдарламаның тиімді қолданылуы (электронды оқулықтар, т.б.), оқытуды ұйымдастырудың топтық, жұптық, ұжымдық жұмыстардың бірлікте жүзеге асуы, өзара, өзіндік бақылау, бағалау, тексеру, рефлексия және рейтингтік бағалау жүйесінің жүзеге асуы.

Сонымен, студенттің оқу-танымдық уәждемесін қалыптастыру білім мазмұнының кәсіби-танымдық бағыттылығы, қызығушылығын арттыратын оқу формалары мен оқу әдістерінің түрлілігі, инновациялық оқу құралының және әрекеттік жүйеге құрылуына байланысты болады.

Оқу әрекетінің маңызды құрылымдық элементтерінің бірі – *оқу тапсырмалары* студенттердің орындайтын әдеттегідей тапсырмалары ғана емес, оларды орындаудың жалпы әдіс-тәсілдерін, амалдарын игеру дағдылары. Оқу тапсырмалары – құбылыстар немесе объекті, үдеріс туралы ақпараттың бір бөлігінің толық, екінші бөлігінің белгісіз болып берілуі. Осы тұрғыдан алғанда, тәжірибеде оқу тапсырмаларын проблемалық жағдаяттарды шешуге құрдық. С.Л.Рубинштейннің тұжырымдарына сәйкес проблемалық жағдай, оны шешу жолдарын іздестіру адамның белсенді ойлауын қажет етеді [36, 374]. Білім беруде проблемалық жағдай туғызу үшін студенттің бұрынғы білімі мен жаңа білім көлемінің ара қатысы ескерілуі керек. Т.И.Шамова да

танымдық белсендірудің негізгі құралдары проблемалық оқу мен оқушының өздігінен жұмыс істей білу қабілеті деп пайымдайды [37]. Грамматикалық ұғымдарды игертуде проблемалық жағдаяттарды тілдік фактілерге талдау (бақылау, салыстыру, топтау, талдау, жинақтау) негізінде жасауға болады. Танымдық оқу әрекетін белсендірудің маңызы факторларының бірі – белсенділіктің ішкі түрткілері – танымдық қажеттіліктерді қалыптастыру. Танымдық белсенділікті қалыптастыру туралы Б.П.Есипов, М.А.Данилов, Т.И.Шамова, Р.А.Низамов, Ж.А.Қараев, Л.П.Аристова, Т.И.Щукина, А.Әбілқасымова т.б. қарастырды. Б.П.Есипов белсенділіктің негізі белгілерінен ойлауға күш түсіру, шындық құбылыстарға жан-жақты талдау жасай білу десе [38], М.А.Данилов танымдық белсенділік белгілері ынта, ерік-жігер күші, ойлау қарқындылығы, өздігінен әрекет ету, оның тәсілдерін игеру дейді. Т.И.Шамова белсенділікті тұлғаның әрекет сапасы ретінде қараса [37], Р.А.Низамовтың пайымдауынша, субъект белсенділігі ерік-жігер тұрақтылығы, білімге терең қызығушылық, ақыл-ойға күш салу [39]. Демек, тұрақты зейін қалыптастыру белсенді оқытуға байланысты болса, ол ақыл-ойға күш салуды, ойлау қарқындылығын, субъектінің өздігінен әрекет етуін, оның амал-тәсілдерін игеруін қажет етеді. Бұл факторлар оқытудың белсенділік, әрекеттік жүйесінде жүзеге асады. Оқытудағы белсенділік – білім алушының әрекеттік қалпы ғана емес, ол Т.И.Шамова көрсеткендей, тұлғаның белсенді әрекеттік сапасы.

Белсенділік әрекет сипаты болғандықтан, оның компоненттері зейін, есте сақтау, ойлау т.б. заңдылықтарын білу керек. Енді осы мәселелерге тоқталайық. Білімді қабылдап ұғуда ең алдымен *зейін, ес, ойлау* секілді жоғары психикалық процестерді дамытудың психологиялық ерекшеліктерін анықтаудың маңызы зор. *Зейін* – психикалық әрекеттің оқу материалына бағытталып түйдектелуі. Зейіннің болмауы оқу материалын жете түсінуге кедергі жасайды. Ерекше атап өтетін жайттардың бірі – студенттің оқуға деген зейінін мақсатты түрде шоғырландыру. Ғылыми білімді игеруде студент зейінін шоғырландыра білу оқу материалын әсерлі, қызықты ете, көрнекі жеткізуге байланысты. Оқытушының ғылыми ақпаратты монологті түрде баяндап, түсіндіріп қоймай, оқытудың белсенді әдістері, яғни проблемалық сұрақтарға жауап іздетуі, өзіндік шешім шығара білуге бағыттауы, сұхбат, пікірталасқа шақыруы, компьютерлік динамикалық пәрменді көрнекіліктерді пайдалануы студент зейінін еріксіз аударып, оның оқу материалын жете меңгеруіне көмектеседі, сондай-ақ оқытушының дауыс ырғағының бірқалыпты болмай, өзгеріп отыруы, оқу материалын баяндау да бір типті болмай, құбылып отыруының зейін үшін маңызы бар. Оқу әрекетінде ерікті зейін ең алдымен мақсат қоюға, түрткі жасауға байланысты болады. Мәселен, дәріс оқудың алдында берілетін білімнің келешек кәсібіне қажеттілігі ескеріліп, оқу мақсаты анықталған жағдайда студенттің оқу материалын игеруге зейіні тұрақты және ұзақ болады да, білімді саналы меңгеруіне мүмкіндік береді. “Іске шын мәнісінде зейін қойып кіріскенде ғана әрекетті нәтижелі етіп орындауға болатындығы мұғалім үшін аксиомалық қағида болуы қажет” [34, 113]. Теориялық білімді меңгертуде студенттің зейінін аудару үшін

объектіні анықтап, бөліп алу, назарын сол объектіге шоғырландыру қажет, сонымен қатар алаңдататын басқа тітіркендіргіштерді болдырмау керек. Студенттің оқып, білім алуға тұрақты зейінін қалыптастыру қызығуға да байланысты. Ол үшін оқытудың жаңа формалары мен пәрменді әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, студенттің оқу белсенділігін тудыру қажет.

Студенттің теориялық білімі негізінде саналы оқу әрекетін қалыптастыру – білімді меңгеру күрделі психикалық процестердің бірі ес-жадымен байланысты. Жоғары мектеп оқушысының *есте сақтаудың* психофизиологиялық ерекшеліктерін білуі өте маңызды. Дүниені танып білуде ұлы Абай айтқандай “... ынтамен ұғу керек, қайтарып, ойланып, көңілге”. Ес-жады есте қалдыру, қайта жаңғырту, ұмыту секілді процестерден тұрады, сондай-ақ *ес* қысқа және ұзақ уақыттық болып екіге бөлінеді. Оқу материалын, білімді ұзақ есте қалдыру (ырықты есте қалдыру) үшін, оны тудыратын уәждерді ғалым Қ.Жарықбаев былай көрсетеді:

- 1) есте қалдыруда әркез мақсат қойып отыру;
- 2) жоспар құру есте қалдыруға көп жеңілдік келтіреді;
- 3) мағыналы байланыстар жасау, маңызды белгілерін анықтау;
- 4) арнаулы шартты белгілерін қолдану;
- 5) дұрыс қайталауға байланысты;
- 6) бекіту керек” [34,170].

Грамматикалық ұғымдарды игеру әрекетінде қайталап, жүйелеп, қорытуда аталған психологиялық алғышарттарды есте сақтаудың маңызы зор. Есте сақтау механизмдерінің ішінде қайталау мен жүйеліктің маңызы зор. Қайталау жаттанды емес, білімді бір-бірімен байланыстары негізінде тереңдетуге негізделуі керек [40,15]. Демек, білімді жаттанды түрде емес, оны саналы игерту мақсатында, тереңдете, толықтыра отырып, қайталаудың мәні зор. Сабақтар арасындағы байланыстардың тиімді жүзеге асуы ағымдық, аралық бақылаулар мен қайталау жұмыстары арқылы бекітіліп отырады, сондықтан оқу үдерісінде студенттің кешенді оқу әрекетінің үздіксіз бақылауын жүзеге асыратын рейтинг жүйесін тиімді қолданудың маңызы зор. Мұнда студенттің жыл бойы сабаққа қатысымы, оқу белсенділігі, өздік жұмыстары мен үй тапсырмаларын орындаудағы білім, іскерлік, дағдылар деңгейі, аралық, қорытынды бақылау нәтижелері үздіксіз бақылауда болады. Білімді тексеріп, бағалаудың дәстүрлі түрі білім сапасын үздіксіз тексеруге дәрменсіз, сондықтан білім сапасын арттыруда білімді бағалаудың қазіргі жүйесі рейтингілік әдісіне және кредиттік оқу жүйесіндегі білімді бақылау түрлеріне (семестр бойы бақылау) ұласуда. Оқу материалын есте ұзақ сақтауда қайталау жұмыстарының мақсатты жүргізілуінің маңызы зор. Сонымен, қайталау білімді, іскерлік, дағдыны игертудің алғы шарты болғандықтан, оқытушы оқу материалына қайталау жұмыстарын жүргізгенде оған қойылатын дидактикалық заңдылықтар мен психологиялық қырларына көңіл аударуы тиіс. Жүйелі түрде жүргізілмеген қайталау нәтиже бермейді, сондықтан оның алдын-ала жоспары жасалып, мазмұны, түрі, уақыты анықталуы қажет, сондай-ақ пәнішілік, пәнаралық байланыстардың ескерілуі, тақырыптар арасындағы сабақтастық білім сапасын арттыруға ықпалын

тигізеді. Мәселен, қазақ тіліндегі грамматикалық қосымшалардың мағыналық жағынан жіктелуіндегі ерекшеліктер омонимдік, синонимдік, антонимдік, функциялық қосымшалардың атқаратын қызметі мен грамматикалық мағыналарын үнемі қайталап отыру заңды құбылысқа айналуы тиіс, себебі сөздің грамматикалық формаларының синтетикалық тәсілінің тілдік жүйеде алатын орны ерекше және қосымшалардың сөзжасамдық қасиеті, көпмағыналылығы, омонимдік қатар құруы – студент ұғымы үшін күрделі болғандықтан, қосымшалардың грамматикалық мағыналары мен қызметтері сөйлем ішінде сөздерді сөз құрамына, тұлғасына қарай үнемі талданып, өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтары салыстырылып, жүйеленіп, ой қорытындыларының жасалып отыруының мәні ерекше. “Алға басқан әрбір қадам қайталауға сүйену керек” демекші, жаңа берілетін білім өткенді қайталауға негізделгенде нәтижелі болатынына баса назар аударылуы тиіс және қайталау алдымен 20 секундтан соң, 2-рет 15-20 минут, 3-рет 8-9 сағаттан соң қайталағанда есте жақсы сақталады [41, 166].

Қайталау жұмыстарын жүргізгенде, оның компьютерлік бағдарламаға жоспарланған түрінің маңызы ерекше, себебі “кері байланыс жасаудың” тиімді жолы – электронды машинаның түрі. Бұл жөнінде И.П.Подласыйдың «өзбетінше талпынып жинақтаған білім танымдық мәнге ие, осы орайда, кері байланыс жасауға мүмкіндік беретін интербелсенді оқу құралдарының маңызы зор» -деген тұжырымы орынды [42, 366]. Мұндағы автордың атаған интерактивті оқу құралын компьютерлік оқу бағдарламалары деп түсінуге болады. Оқу материалының мазмұны “Нені оқыту?” мәселесі оқу материалының мазмұндық бөлігін анықтаса, “Қалай оқыту?” – оқытуды ұйымдастыру формалары мен әдіс-тәсілдерінің, оқу құралдардың бірлікте жүзеге асуын айқындайды. Осыған орай, дидактика ілімінде оқушылардың оқу танымдық әрекетін тиімді ұйымдастыру теориясының негізіне құрылған әртүрлі жаңаша оқытудың бағыттарын, яғни П.Я.Гальпериннің *ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру*, В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтың дамыта оқыту теориясы, И.Я.Лернер, М.Махмутов, Т.В.Кудрявцев, А.М.Матюшкин т.б. проблемалық теорияларын, оқу белсенділігін арттыруда оқыту тәжірибесінде басшылыққа алудың білім сапасын арттыруда маңызы зор.

Білімді игеру жан қуаттарының бірі *қабылдаудан* басталады. Қабылдау бағдарламаға сәйкес оқу материалының мида тұтас бейнеленуі болып табылады. Ми қабығының талдау, жинақтау қызметінің нәтижесінде білімді қабылдау жүзеге асады. Тілдік құбылыстарды бірімен-бірін салыстыра отырып, өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарына талдау жасап, оларды жинақтап топтастырып, ой қорытындыларын жасап, бұрынғы білім мен жаңа білім арасында байланыс болғанда оқу тиімді болады. “Қабылдау процесінде сезім мүшелері қаншама көп қатынасса, қабылдау да соншама толық болады” [43, 158]. Осы турасында Ш.Құдайбердіұлының тұжырымы назар аударарлық: “Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек, Мұрын, иіс, тіл, дәмнен хабар бермек, Бесеуін мидағы ой хабар алып, Жақсы, жаман әрі істі сол ескермек” [44, 58].

Оқу материалын студент оқу әрекетінде *ойлап-қорыту* арқылы қабылдайды. *Ойлау* – ой тәсілдері талдау, жинақтау процестерінен басталатын күрделі психикалық әрекет. Білім берудің басты стратегиясының бағыты, тұлғаның жаңа сапаларға ие болуына мүмкіндік беретін дамыта оқыту болса, ол тұлғаның танымдық әрекеттің субъектісі болуымен ерекшеленеді. Танымдық әрекет – эмпирикалық және теориялық таным бірлігі негізінде тұлғаның сыни (аналитикалық, логикалық ассоциативтік ойлауы, талдау, іріктеу, салыстыру, салғастыру т.б. іскерлігі), шығармашылық ойлауын (қиял, эвристикалық ойлау, өздігінен шешу т.б.) дамыту. Қойылған мәселені шешіп, сұрақтарға жауап табу ой тәсілі жинақтау мен талдауды қажет етеді. Талдау мен жинақтау негізінде салыстыру пайда болады. Салыстыру арқылы зат, құбылыстардың ұқсастығы мен өзіндік ерекшеліктері ашылады. Мысалы, “Қазақ тілінде қосымшалардың жіктелуі” тақырыбы меңгертілгенде, алдымен негізгі грамматикалық ұғымдар, яғни грамматикалық мағына, грамматикалық форма, олардың ара қатынасы мен бір-бірімен сәйкестігі, грамматикалық категория ұғымдары студенттердің естеріне түсіріліп, білім жаңғыртылады. Грамматикалық формалардың синтетикалық және аналитикалық формалары, олардың өзгешеліктерін бір-бірімен салыстыру білімді саналы ұғуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ қазақ тіл білімінде қосымшаларды жіктеуде ғалымдардың пікірқайшылықтары басым екендігін дәлелдейтіндей, мысалдар келтіріліп, оның ішкі даму заңдылықтары мен ерекшеліктері салыстырылып дәлелденгенде, білім сапалы болады.

Ойлау оның түрлері жалпылау, нақтылау жүйелеу, топтастыру арқылы жүзеге асады. Нақтылау – жеке ұғымдарды түсіндіру, сондықтан көрнекі құралдармен түсіндіру нақтылаудың негізгі түрі десек те болады. Жалпылау – біртекті ұғымдарды ойша біріктіру және жалпылау үшін олардың маңызды ерекшеліктерін көрсете білу керек. Жалпылау негізінде жүйелеу жүзеге асады.

Жоғары білім жүйесінде теориялық ойлауды дамыту ғылыми ұғымдар қалыптастырумен байланысты. Ғылыми ұғымдар қалыптастыру – ғылыми ойлауды дамытудың алғышарты. Ұғым – логикалық категория ретінде ойлаудың ең жоғарғы формаларының бірі, ол шындықты бейнелеп қана қоймай, танылатын зат немесе құбылыстың, олардың өзара қатысының ішкі қарама-қайшылықтары мен басты қасиеттерінің мәнін ашады. Оқу әрекетінің нәтижесі – теориялық ғылыми білім алудың негізінде ойлауға үйрену. Ойлаудың негізгі формаларының бірі - ұғым. Ойлау актісі ұғымсыз жүзеге аспайтын процесс, сондықтан ол білім беру мақсатын көздейтін ғылыми білім негіздерін меңгерудің дамуына негіз бола алады. И.Д.Андреев пайымдауынша “...бірде-бір ойлау актісі ұғымдардан тыс жүзеге асырылмайды. Өте қарапайым... немесе өте күрделі, терең ғылыми формальды-логикалық немесе диалектикалық ойлау ұғымдар көмегімен жүзеге асады. Ұғым – ойлау актісін құрайтын клеточкалар” [45, 18]. Демек, ойлау ұғыммен тығыз байланысты.

Ұғымды қалыптастырудың нәтижесі *жалпылау* болғандықтан, жүйелілік, бірізділік негізінде ғана ұғымдар қалыптасады деген қорытынды жасауға болады. *Жүйелеу* – игерген білімнің ішкі механизмі арасында

логикалық байланыстар, жеке элементтер арасында ішкі шарттық байланыстар орнату, білім, іскерлік, дағдылардың бірізділігі, сабақтастығы, жиынтығы. Осы тұрғыдан алғанда, әдістемелік еңбектерде қазақ тілін оқытумен байланысты грамматикалық ұғымдарды қалыптастыру жалпылама айтылады да, оны қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтары жете қарастырылмайды. Тілдік құбылыстар бойынша ғылыми біліммен қарулану ғылыми ұғымдарды қалыптастырумен тығыз байланысты, сондықтан морфологиялық ұғымдарды қалыптастыру ғылыми курсты оқып-үйрену үдерісінде жүзеге асады. Философиялық таным теориясы тұрғысынан ұғым зат, құбылыс туралы жинақталған ойды білдірді. Құбылыстарға тән елеулі белгілері мен қасиеттері, ерекшеліктері ұғым арқылы танылады. Ұғымдарды меңгерудің мақсаты – білімнің танымдық мазмұнын игеріп, оны дұрыс қолдана білудің амал-тәсілдеріне, жолдарына үйрету. Грамматикалық ұғымдарды меңгеруде олардың басты қасиеттері мен белгілерін, олардың өзара байланыстары мен қатынастарының ұқсастықтары мен ерекшеліктерін тани білу, ой қорытындыларын жасап, жадыда жаңғырта білу, кәсіби дағдыларымен іскерліктерді қалыптастыру, оларды өмірлік тәжірибеде дұрыс қолдана білудің маңызы зор [45].

Ұғымды қалыптастыру – күрделі үдеріс, оны қалыптастырудағы маңызды кезең – жалпылау дедік. Студент алдымен ұғымды сипаттайтын оның мазмұны мен көлемін және өзара байланысы мен қатыстарын меңгереді. Ұғымдарды меңгеру А.В.Усованың пайымдауынша, “қалыптасқан ғылыми фактілер арасындағы қарама-қайшылықты игерумен және жаңа фактілерді түсіндіру үшін әлі де жеткіліксіз ұғымдық база арқылы жүзеге асады” [46, 53].

Грамматикалық ұғымдарды ғылыми білім ретінде таныту оның әрбіреуінің өзіне тән ішкі құбылыстарының елеулі белгілері мен өзара байланыстары және қатыстарының ерекшеліктерін түсіну арқылы жүзеге асады. Айталық, студенттердің грамматикалық форма терминінің аталуы емес, оның ішкі мазмұндық ерекшелігін басқа да грамматикалық ұғымдардан өзіндік белгілерін танып-білуі ғылыми ұғымның қалыптасуында формализм, жаттандылықтық болмауын қамтамасыз етеді.

А.В. Усова, В.В.Давыдов, В.Ф.Талызина т.б. ғылыми ұғымдарды қалыптастыру деңгейі жөніндегі тұжырымдары негізінде студенттердің грамматикалық ұғымдарды меңгеруінің мынадай сатыларын нақтылауға болады. Айта кететін жайттардың бірі – ол танымдық деңгейлермен сәйкес келеді.

1. Жеке ұғымдардың елеулі белгілерін басқа елеусіз белгілерінен айыра меңгерту (рецептивті, репродуктивті деңгей);
2. Белгілі жүйедегі ұғымдарды жалпы ұғымдармен салыстыра, салғастыра, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін баса көрсете меңгерту (есте сақтау, танымдық);
3. Білімнің жаңа сапаға көтеріліп, ұғымдардың жалпылық сипат алуы, қолдану (іздендіру);
4. Студент білімінің жаңа шығармашылық деңгейге көтерілуі, білімнің жалпыланып, жүйеленіп, білім жүйесінің бірлігі негізінде

пәнаралық деңгейде жаңа жағдайда қолдана білуі (шығармашылық, біліктілік деңгей);

Лингвистикалық ұғымдарды түсінуде қиындық келтіретін мәселелердің бірі алдымен терминді жаттап алып, мазмұнын терең түсінбеуі, сондықтан олардың ұғымдармен байланысы, терминдерді этимологиялық түсініктермен толықтыру, терминологиялық сөздіктермен жұмыс істей білуге үйрену қажет. Теориялық ұғымдар қалыптастыру ойлаумен тығыз байланысты болса, ойлауға үйрену дегеніміз: “үйренуші игерген білімі мен білмейтіні арасындағы қарама-қайшылықты шешу, ал ол танымдық тапсырмаларды шешуді қажет етеді” [47, 21]. Бұл өз кезегінде білімнің “даяр күйінде” емес, студенттің өз ойлау елегінен өткізіліп, өздігінен қабылдап, шеше алатындай етіп берілуін талап етеді, яғни студенттің оқу әрекеті оқу проблемасын шешуге бағытталады. Ал проблемалық оқыту студенттің танымдық белсенділігін арттырумен ерекшеленеді.

Лингвистикалық ғылыми пәндерден білім беру үдерісінде жоғары оқу орындарында оқытуды ұйымдастыру формасының бір түрі дәріс оқуда оқу материалын қызықты, мазмұнды құрумен қатар, проблемалық жағдаяттар құру, пікірталастар, эвристикалық, динамикалық көрнекіліктер қолдану әдістерді қолдану негізінде игертуге баса көңіл бөлінеді. Проблемалық оқыту – проблемалық жағдай құрып, оны бірлесу барысында шешу әрекеті. Проблемалық жағдаяттың туындауы игерілген білім мен қойылған талаптар арасындағы, сондай-ақ проблемалық тапсырманы орындаудың теориялық жолы мен практикалық мақсаты арасында қарама-қайшылықтардың болуына байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, оқу үдерісін проблемалық мәселеге құру студенттің жаңа білім алуымен, танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілетін арттырумен ерекшеленеді. Айталық, қазақ тіліндегі жақ категориясын меңгертуде жақтық мағына предикативтік мәнмен теңесе ме, жіктік жалғау тек жақтық мағынамен шектеле ме деген проблемалар тұрғысынан сұрақтар қойылып, шешу жолы мен тәсілдері, яғни болжамы құрылады, соның негізінде студент белсенді әрекет етуге ұмтылады. Оқытушы студенттермен бірге шешу тәсілдерін былай белгілеуі мүмкін: 1) жақ көрсеткіштері бар мысалдар жинау; 2) қазақ тіліндегі сөздердің жіктелуін топтастыру; 3) жақ көрсеткіштерінің (жіктік және тәуелдік жалғаулары) грамматикалық мағыналары мен формаларын сөйлемдер құрастыру негізінде айқындап, олардың басты ұқсастықтары мен ерекшеліктерін көрсету. Қойылған талаптарды орындау мақсатында студенттер оқулық т.б. анықтағыш, оқу құралдарын қолдана отырып, зерттеп-білудің индукциялық жолымен, яғни жекеден жалпыны игеру жолымен жақ категориясының грамматикалық сипатын түсінеді. Мысалы, оқу материалы мазмұнының ғылымилығы, жаңалығы, тарихилығы, қызықтылығы, ақпараттылығы оқытушы тарапынан анықталады. Оқу материалының бұл қырлары студенттің ойлауын дамытуы тиіс, яғни оқыту, білім беру студенттің кәсіби ойлау қабілетін дамытуға негіз болады. Осы тұрасында Л.С.Выготскийдің “оқу дамуға негіз болатыны” тұжырымына тұлғаның дамуына оқыту негіз болатынын көруге болады. Сондықтан теориялық материалды игеру арқылы студент оны талдап,

жинақтап, қорытынды жасауға, өмірлік тәжірибеде дұрыс қолдана білуге үйренеді. Осымен байланысты оқу үдерісінде тіл ғылымының күрделі салаларының ғылыми негіздерін игертуде ол туралы ақпарат берумен шектелмей, тілдік құбылыстардың қалыптасып, даму заңдылықтарын, механизмін, ғалымдарының әртүрлі көзқарастарын салыстыру, не себепті? не үшін қажет? деген мәселелер тұрғысында меңгерту студенттің танымдық қызығушылығын оятумен астарлас жатыр.

Оқу әрекеті құрылымындағы **бағалау, бақылау жүйесі** – күрделі үдеріс.

Ғалымдардың зерттеуінше, білімді бақылау мен бағалаудағы ең маңыздысы – өзіндік бақылау мен өзіндік бағалау.

Өзіндік бақылау (рефлексия). Студенттерді әр тақырып бойынша өзін-өзі бақылауға жаттығудың маңызы өте күшті. Өз білімін бақылау (тексеруде компьютерлік автоматтандырылған тесті қолданудың маңызы зор. Оны оқытудың барлық сатысында қолдануға болады. *Өзіндік тексеру, бағалау* студенттің өз біліміне сыни көзқараспен қарап, өз қателерін жөндеу арқылы оған саналылықпен қарау дағдыларын қалыптастырады. Өзін-өзі тексеруді жүзеге асырудың мазмұны әртүрлі. Мысалы, тапсырма беріліп, жауабы бірінің үстіне бірі, ал арасына көшіру қағазы (калька немесе көміртектегі қағаз) қойылған параққа жазылады. Тапсырма орындалып болған соң, үстіңгі бетін оқытушы жинап алады да, астыңғы көшірмесі студент қолында қалады. Содан соң оқытушы жауабы жазылған слайдты интерактив тақта немесе интерактивті панельдер арқылы көрсетіледі. Студенттер сол арқылы жауаптарын өздері тексеріп, қателерін анықтап бағасын қойып, оқытушыға тапсырады. Оқытушы жауапты салыстыра отырып, бағалайды.

Өзіндік және өзара бағалау. Студенттердің өзін бағалауы рефлексиялық әрекет негізінде жүзеге асады. Бұл мәселе өзін-өзі жетілдіруде, өзін-өзі дамытуда маңызды рөл атқарады. Рефлексия – акмеологиялық құзыреттіліктің негізгі ұғымдарының бірі ретінде тұлғаның өзіндік жетілуі, кәсіби әрекетінде табысты болуы. Осы тұрғысынан рефлексияға қабілеттілік болашақ филолог маманның өзін-өзі түсінуі мен кәсіби әрекетін тиімді ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Рефлексия, бір-бірінің білімін бақылауы – болашақ маман үшін қажетті дағдылардың бірі. Осы тұрғыдан алғанда, оқытудың жұптық, топтық, микротоптық түріндегі формалары негізінде жүргізілген “ми шабуылы”, “дөңгелек үстел”, іскерлік (оқу) ойындары, пікірталас нысанында өткізген сабақтарда студенттер арасынан “сарапшылар” сайланып, оқытушы рөлін атқарады.

Жоғары мектептегі оқу үдерісінде оқытушы әрекетінің қызметін А.Ерментаева былай көрсетеді: «Педагогикалық іс-әрекеттің **сындарлы қызметі** жоғары мектептегі оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың жақын арада шешетін мақсаттарын қатаң ескеріп, басшылыққа алуға бағытталған. Соның арқасында оқытушының педагогикалық ықпалын және білім алушылардың оқу әрекеттерін ерекше сындарлы етіп құру мүмкін болады.

Педагогикалық іс-әрекеттің **коммуникациялық компоненті** оқытушының коммуникациялық іс-әрекетті, білім алушылармен өзара әрекеттестікті ұйымдастыруы, жүзеге асыруы және жетілдіруі бойынша

анықталады. Оқытушының коммуникациялық іс-әрекетінің тиімділігі жоғары мектептегі оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың мақсаттарының орындалуында шешуші рөл атқарады. Педагогикалық іс-әрекеттің **ұйымдастырушы** жағы білім берудегі оқытушының белсенділігі, бастамашылығы сияқты субъектілік ұстанымын анықтайтын икемділіктер, қабілеттер жүйесін құрайды. Бұл ұйымдастырушылық қасиетті көрсететін қабілеттер жүйесі оқытушының өзінің іс-әрекетін ғана емес, білім алушылардың да белсенділігін арттыруды қамтамасыз етеді» [48, 136].

Сонымен, студенттің танымдық белсенді оқу-әрекетін қалыптастыру дегеніміз – оқуға саналы көзқарасын қалыптастыру, өздігінен білім ала білу іскерлігі мен теориялық-кәсіби ойлау қабілетін, өзіндік бақылау, бағалау қасиеттерін қалыптастыру немесе “Әрекет субъектісінің өзгеруі, оның білмейтінінен білім, іскерлік дағдыны игерушіге айналуы, сондықтан оқу әрекеті – тұлғаның өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі сапалық өзгертуге негіз болады” [49, 68].

Қорыта келе, студент оқу әрекетінің психофизиологиясын білу – оқуға жағымды танымдық уәж тудыру, білімге қызықтыру, оқытудың белсенді әдістері мен дәстүрден тыс оқыту формалары мен олардың өзара бірлікте жүзеге асуын қамтамасыз ету. Қазіргі қазақ тілі ғылыми курсынан оқылатын дәріс, дағды қалыптастыратын семинар-зертханалық сабақтарда студенттердің ынта-жігерін, зейінін оқу материалына, білім алуға бағыттау үшін жағымды уәж жасау, танымдық (когнитивтік) қабілетін арттыратын проблемалық оқу жағдаяттарын тудыру, ойталастар, дидактикалық ойындар жүргізу, компьютерлік оқу жүйесін енгізу өз нәтижесін берді. Тілдік материалды меңгеру болашақ қазақ тілі маманы үшін келешекте кәсіби қызметке даярлық болып табылады. Ендеше тілдік материалды игере отыра, оның қолданбалы функционалдық, әлеуметтік жағын практикада жүзеге асыра білу, алынған теориялық білімнің практикада дағды дәрежесіне көтерілуі қажет.

Бақылау сұрақтары:

1. Тұлғаның «Мен» тұжырымының мазмұнын анықтаңыз.
2. Психолог ғалымдарды атап, теорияларына түсініктеме беріңіз.
3. Оқу әрекетінің құрылымын түсіндіріңіз.
4. Грамматикалық ұғымдарды қалыптастырудың психологиялық негіздеріне түсініктеме беріңіз.
5. А. Вербицкийдің уәж туралы тұжырымын түсіндіріңіз.
6. Студенттің оқу-танымдық қызығушылығын қалыптастыратын факторларды атаңыз.
7. Оқу тапсырмаларын жүйелеңіз.
8. Есте сақтаудың психофизиологиялық ерекшеліктерін мазмұндап беріңіз.
9. Білімді қайталаудың маңыздылығын түсіндіріңіз.
10. Грамматикалық ұғымдарды қалыптастырудың психофизиологиялық ерекшеліктерін атаңыз.

1.4. Жоғары мектепте оқытудың дидактикалық ұстанымдары

Жоғары мектеп дидактикасының белгілі зерттеушілерінің бірі В.И.Загвязинский оның негізгі объектісі мен пәнін былай пайымдайды: “Белгілі бір өндіріс, мәдениет, ағарту, ғылым саласында өз бетімен шығармашылық әрекет жасауға қабілетті, жоғары дәрежелі (мамандандырылған) маманды қазіргі заманғы ғылыми тұрғыда құрылған білім жүйесін игерту негізінде қалыптастырудың мақсатты процесі”, ал жоғары мектеп дидактикасының пәні “маманның жеке тұлғасын қалыптастыруды көздеуге бағытталған педагог пен оқушы әрекетінің тиімділігін арттыратын әдістер мен формалар” [50, 7].

Жоғары оқу орнында (бұдан әрі - ЖОО) оқытуды ұйымдастыру – жалпы білім беретін орта мектептегі оқытудан мүлдем өзгеше екені белгілі. Болашақ студент мектепте мұғалім басшылығымен тікелей жұмыс істесе, ЖОО-да ол негізінен өздігінен жұмыс жасауға үйренеді. ЖОО-да оқытушы студенттерді тек біліммен қаруландырып қана қоймай, оны жан-жақты дамыта оқытуы керек. Бұл, негізінен, оқыту мазмұнына, яғни теориялық материалдың ғылыми негізде іріктелуіне байланысты. Оқытудың мазмұны Мемлекеттік білім стандарты, оқу жоспарлары мен типтік оқу бағдарламаларында анықталады. Оның мазмұны қоғам талаптарына сәйкес жоғары білікті маман даярлауға бағытталады. Осымен байланысты ЖОО-да оқу процесінде болашақ қазақ тілі маманын даярлауда, қазақ тілін оқытудың ең озық әдістемесін игерген маман даярлау, кәсіби пәндерді игерумен қатар, адамгершілік, рухани-мәдени құндылықтарды меңгерген адамды тәрбиелеу міндетінің шешімін табуы тиіс.

Педагогикалық үдеріс – өте күрделі жүйе. Көп жылдар бойы бұл жүйе мұғалім әрекетімен ғана шектеліп келсе, қазір білім беруші мен білім алушының өзара бірлескен әрекеті деп қарастырылады, яғни “жеке тұлғаның дамуы, білім алуы мен оның тәрбиеге жетелейтін мақсатқа құрылған өзара әрекеті” [51]. Оқыту үдерісі жүйе ретінде мына өзара байланысты құрылымнан тұрады: білім мазмұны, мақсаты, оқыту формалары мен әдістері, материалдық құралдары, басқару жүйесі (студент пен оқытушы) мен оның нәтижелері. Оқытудың басты қызметі – білім беру, іскерлік пен дағдылар қалыптастыру, шығармашылық, өзіндік білім алу әрекетін дамыту. Тәрбиелік мәні оқыту негізінде білім алушының ғылыми көзқарастары, қоғам туралы түсінігі, эстетикалық, адамгершілік-рухани көзқарасы қалыптасып, оқу әрекетінің танымдық уәжі дамып, мәдениетті азамат бойына тән қасиеттерінің қалыптасуына жағдай жасауы.

Оқыту үдерісі студенттің оқу-танымдық әрекетіне түрткі жасау, қозғаушы күшті белсенді ету студент пен оқытушының өзара әрекетінің жүйесі. Оқу үдерісін ұйымдастырудың ғылыми ұстанымдарын жалпы мақсатқа сәйкестендіру білім беруде жоғары нәтиже береді. Олар: өзара әрекеттік (бірлескен) уәждер ұстанымы, өзіндік жұмыс істеу ұстанымы, оқытудың нәтижелігі, оқытудың топтық, ұжымдық тұрғыдан ұйымдастырылуы ұстанымы. Оқыту үдерісі екі жақты әрекет болғандықтан,

оқытушы міндеті мақсат қою, білім мазмұнын анықтау, ынталандыру, белсенді әрекетке ұмтылдыру, білім нәтижелерін бақылау, бағалау болса, студент әрекеті мақсатты түсіну, қажеттілікті сезіну, түсіну, қабылдау, есте сақтау, қайталау, практикада қолдану, ерік-жігерін шыңдау, өзін-өзі бақылау, түзету, өзін-өзі бағалау. Педагогикалық үдеріс тиімді болу үшін оны басқару жоспарлы болуы тиіс. Педагогикалық үдеріс – оқу мақсаттарына сәйкес педагогикалық үдерістің өзгеріп, бір қалыптан екінші қалыпқа өтуі. Педагогикалық үдерісті педагог жасайтын болғандықтан, ол оның жобалау, (әдіс, құрал, форма) бақылау, түзету, қорыту секілді компоненттік құрылымын білуі тиіс. Оқытушы – студенттің оқу әрекетін ұйымдастырушы. Ол пәннің ғылыми негіздерін меңгерту арқылы студенттің танымдық қызметін арттырады, таңдаған мамандығына қызығушылығын тудырады, олардың өз бетінше жұмыс істеуіне мүмкіндік бере отырып, шығармашылық қабілетін дамытады. ЖОО-да маман даярлау ісіне қойылатын талаптар, негізінен: болашақ мұғалімнің қоғамдағы әлеуметтік белсенділігін арттыру, маманның жалпы педагогикалық, әдіскерлік даярлығын қалыптастыру, өз бетінше білім алуға тәрбиелеу, педагогикалық шеберлігін үздіксіз арттырып отыру іскерлігін қалыптастыру. Сөйтіп, оқыту үдерісін іс-әрекет деп танысақ, ол оқытушының ұйымдастырушы, нұсқаушы, бағыттаушы, жанашыр ретіндегі басқару әрекеті мен студенттің білімді ұғуы, түсінуі, ой қорытындысын жасауы, тұжырымы және жүзеге асыра білу іскерлігі, дағдысы, яғни белсенді, саналы тұтастықтағы оқу әрекеті. Болашақ маманның кәсіби-әдістемелік даярлығын қалыптастыру үшін өзі таңдаған мамандығына сәйкес арнайы ғылыми пәндерден терең, жан-жақты білімі болу қажет, білім беру саласындағы негізгі құжаттарды, Мемлекеттік білім беру стандарты, оқу жоспары, бағдарлама, оқулық, оқу-әдістемелік құрал, ғылыми әдебиеттерді, сондай-ақ озық тәжірибелерді меңгеруі қажет.

Қазіргі педагогикалық еңбектерде Қазақстан Республикасында жоғары білім беру жүйесін реформалау жоғары оқу орындарының қызметін ұйымдастыруға, білімнің мазмұнына, сондай-ақ оқыту технологиясына өзгерістер енгізуі тиіс екендігі айтылған [52, 158]. Осыған сәйкес ЖОО-дағы білім мазмұнына, оқыту технологиясына жаңа бағыттағы идеяларды енгізу, жалпы білім беру стандартының тұжырымдамасын жасау міндеттері шешімін күтуде.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі – педагогика ғылымының бір саласы ретінде оның бүкіл құрылымдық жүйесіне, жетістіктеріне сүйенеді. Қазақстан Республикасы – көпұлтты, егемен мемлекет. Мұның өзі елімізде мемлекеттік мәртебе алған тілімізді оқып-үйрену, игеруді жан-жақты жүзеге асырып, жетілдіре түсудің өте қажеттілігін дәлелдейді. Қазақ тілінің қоғамдық қызметін кеңейтіп, оның маңызын, қажеттілігін табиғи түрде арттырып, жан-жақты шынайы дамытудың бір сара жолы – тілді міндетті оқытуды жүйелі түрде енгізу, оқыту сапасына қатал талаптар қою, оның орындалу нәтижесіне тұрақты бақылау жасау, ең бастысы, жаңа заманда жаңаша ойлайтын, бәсекеге қабілетті маман даярлау.

Жаңа адамды тәрбиелеу ісін жүзеге асыратын буын мектеп десек, мектепке білікті, өз мамандығын жетік меңгерген мұғалімдерді даярлау мен олардың әдістемелік шеберлігін қалыптастыру жоғары оқу орындарының жаңа заман талаптарына жауап беретін маман даярлаудағы келелі ісі деп есептеуге болады. Мектеп курсы бағдарламаларының жаңаруы педагогикалық жоғары оқу орындарында келешек мұғалім, студенттерді даярлауды жетілдіруді әбден қажет етіп отыр. Бұл білім беру мазмұнының диалектика заңымен үнемі өзгеріп отыруында. Осымен байланысты “Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері білім мазмұнының тұжырымдамасында” білім мазмұны жаңаша анықталып, оны іріктеудің ғылыми ұстанымдары белгіленіп, білім мазмұнының құрылымына біршама өзгешеліктер енгізілген. 1990 жылдардың орта шенінде оқу жоспарларына көптеген жаңа пәндердің енгізілуі де – осының дәлелі. Базистік оқу жоспарындағы оқу жүктемесі (пәндердің оқылуына байланысты) екі деңгейге бөлінеді: 1) тұрақты, 2) жылжымалы. Осы бөлімдегі пәндер баланың жеке-дара қабілетіне лайық, қызығушылығына сәйкес оларды тереңдетіп оқу көзделеді. Қоғам өзгеріп, заманның жаңарған тұсында атаулы, бағдарлы, арнайы мамандандырылған, гимназия, лицей, зияткерлік типтес мектептердің дүниеге келуі – оның табиғатын дұрыс, дәл тануды қажет етеді. Осы талаптар тұрғысынан маман даярлау ісі жоғары мектепке жүктелетіні даусыз. Қазіргі мектептер біршама дағдарысқа ұшырап отырғаны да жасырын емес. Біздіңше, оның басты себептерінің бірі – жоғарыда айтылғандай, жоғары кәсіби біліктілікпен қаруланған, шығармашылық тұлға мұғалімдермен қажетінше қамтамасыз етілмеуі.

Қазіргі кезеңде қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдайлар, экономикадағы түбегейлі өзгерістер білім беру саласына көптеген қозғаулар салды. Білім беру жүйесіне байланысты мемлекеттік құжаттардың жүзеге аса бастауы, әртүрлі мектеп түрлерінің қызмет етуі, соған байланысты сан алуан оқу бағдарламаларының дүниеге келуі, орта және жоғары оқу орындарындағы оң өзгерістер – елеп-екшеп айтатын дәлелдер. Осындағы назар аударарлық нәрсе – мектеп пен жоғары мектеп арасындағы сабақтастық мәселесінің назардан тыс қалуы, мұндай алшақтықтың болуы келешек маман келбетінің (бейнесінің) төмендеуіне, өз ісіне тұрақсыздығына әкеп соғады.

Маманның тілбілімдік-теориялық даярлығы – оның теориялық курстардан алған білім, іскерлік, дағдылар, құзыреттіліктер жүйесі. Білікті, әдістемелік білім дәрежесі жоғары, алға қойған мақсатты іс жүзінде жүзеге асыра алатын маман даярлау – бүгінгі заман талабы. Қазақ тілі маманын жан-жақты жетілдірудің жаңаша жүйесін құрудың өзіндік ерекшеліктері – оның қазіргі үздіксіз білім алу теориясына негізделуі, әдістемелік білім мен тілбілімдік, педагогикалық-психологиялық біліммен байланыс жүйесінің болуы, оқу-әдістемелік кешенінің оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері, оның жаңа технологиясы негізінде құрылуы, оқыту үдерісінде білім мазмұнын ізгілендіру, демократияландыру, саралау секілді ұстанымдарын негізге алып құрылуы; Осы кезеңге дейін болашақ қазақ тілі мұғалімінің әдістемелік

келбеті жөнінде ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстары жүйелі түрде, арнайы жүргізілмеген.

Көрнекті ғалым К.Сейталиев көрсеткендей: “Жоғары оқу орнында мұғалім кадрларын даярлау жүйесіндегі басты кемшіліктердің бірі мұғалімдерді қалыптастыру процесінің негізіне болашақ маманды жеке тұлға деп тану қажеттігі алынбаған” [52, 132]. Сондықтан жоғары мектепте білім беру студенттің жеке тұлғасын дамытуға бағытталуы тиіс.

Қазіргі қазақ тілі ғылыми курсын оқыту үдерісінің мақсаты – кәсіби біліктілікке жетудегі оқытушы мен студенттің бірлескен оқу әрекеті мен оның нәтижелік көрсеткіші. Қазіргі дидактикалық жаңа ағым оқу үдерісіндегі әрекеттің екі жақты ынтымақтастыққа құрылуын қамтамасыз етуді талап етеді. Оның жүзеге асуының басты ерекшелігі – тұлғаға білім беру, оны тәрбиелеу, жан-жақты дамыту барысында оқуға ынта-ықыласты оятатын жағымды уәждеме жасау, сабақты тиімді ұйымдастырудың жаңа формалары мен жаңа технологиясын жасау, білім нәтижесін үздіксіз тексерудің жолдарын айқындау. Қазақ тілінің ғылыми негіздерін оқыту дидактиканың ғылыми ұстанымдарына негізделеді. Дидактикалық ұстанымдар жөнінде бірізді пікір қалыптаспаған, сондай-ақ заңдылықтары мен ұстанымдарының өзара қатысы ашылмаған. Ұстанымдар, тарихи құбылыс болғандықтан, үнемі жаңарып отырады. Классикалық дидактикада жалпыға танылған **оқыту ұстанымдары** төмендегідей көрсетіліп жүр: оқытудың дамытушылық, жан-жақты тәрбие берушілік ұстанымы, оқытудың мақсаттылық ұстанымы, оқытудың кәсібилік ұстанымы, оқыту үдерісі мазмұнының ғылымилығы ұстанымы, оқытудың саналылық пен белсенділік ұстанымы, оқытудың көрнекілік ұстанымы, оқытудың түсініктілік ұстанымы, оқытудың жүйелілігі пен бірізділігі ұстанымы, жас шамаға лайықтылығы ұстанымы, теория мен практика арасындағы байланыс ұстанымы, оқытудың саралау ұстанымы.

Дидактикалық ұстанымдардың негізін қалаған ұлы чех педагогы Я.А.Коменский («Ұлы дидактика») болса, содан бері ғасырлар бойы олар толықтырылып, мазмұны жаңарып отырды. Осымен байланысты соңғы кезеңдері дидактикада айтылып жүрген ұстанымдардан: оқыту үдерісінде жағымды уәждеме тудыру (Ш.А.Амонашвили, М.Н.Скаткин т.б), мұғалім мен оқушы арасындағы іскери ынтымақтастық, сондай-ақ 1970 жылдары ұсынылған Л.В.Занковтың жаңа дидактикалық ұстанымдары оқытудың жоғарғы қиындық дәрежесінде жүзеге асуы, оқу материалын өтуде жылдамдықты тездету, теориялық білімнің артықшылығы бағдарламаланған оқыту (А.Беспалько, Н.Ф.Талызина, мәселелік (А.М.Матюшкин, М.И.Махмутов т.б.) ара қашықтықтан оқыту (Г.ҚНұрғалиева, Д.Жүсіпәлиева), модульмен оқыту (М.Жанпейісова, К.Жақсылықова, З.Бейсембаева), жаңаша жаңғырта оқыту (Қ.Қадашева), дамыта оқыту (Н.Құрманова), компьютерлік оқыту (Ж.Қараев) т.б.

Дидактикада оқытуға қойылатын маңызды талап – оқыту ұстанымдарының жүзеге асырылуы [45, 12]. Педагогикалық әдебиеттерді талдай келе, ғылыми курсты оқытудағы дидактикалық ұстанымдар былай анықталды. Жоғары мектеп дидактикасының ғылыми негіздерін арнайы

зерттеген ғалым В.И.Загвязинский жоғары оқу орындарындағы оқыту ұстанымдарының ішінен негізгі етіп жеке тұлғаның жан-жақты дамуы мен тәрбие беру ұстанымын белгілейді: “Дидактиканың жетекші жүйе құраушысы – оқытудың дамытушылық, тәрбиелік ұстанымы. Қалған ұстанымдар жетекші ұстанымның толық жүзеге асуының тәсілін реттейді. Аталған ұстаным педагогикалық жүйенің жүзеге асуын нақтылайды, ол педагогикалық категориялардың (тәрбие, оқыту, білім беру) басын біріктіруші, қалғандары білім алушының жеке тұлғасының дамуын қалыптастыратын құрал ретінде қызмет етеді” [54, 29-36]. Тұлғаны жан-жақты дамытушылық, тәрбие берушілік ұстанымын оқыту үдерісінде түпкі қазық етіп ұстандық. Дәстүрлі дидактикадағыдай, білім мазмұнының тек студенттің білім, іскерлік, дағдысын қалыптастыру мақсатын ғана көздеп қоймай, сол білімнің студенттің шығармашылық жеке тұлғасын дамытуға, логикалық ойлау қабілетінің ұшталуына, өздігінен білім алуға құштарлығын оятуға дәнекер болуды мақсат тұтады.

В.И.Загвязинский, С.Я.Батышев А.П.Беляева, Л.Х.Мажитова жоғары білім беру жүйесінде маңызды оқыту ұстанымының біріне жоғары білім мақсатын жүзеге асыратын білім берудің *кәсіби бағыттылығы ұстанымын* атап көрсетеді [54; 55; 56;57;]. Болашақ маманды даярлауда оқыту мазмұны мен формаларын, оқу құралдары мен әдістерін іріктеуде, маманның теориялық-даярлығын жетілдіруде *кәсіби мақсатты көздеу ұстанымын* негізге алудың маңызы зор. Білім мазмұнын анықтауда, тіл салалары туралы ғылыми курстарды меңгертуде, оқу материалдарының студенттің әдістемелік-кәсіби даярлығын жетілдіруге бағытталатындай етіп құрылуы тиіс. Осы тұрасында Л.Мажитованың жоғары оқу орнында жүргізілетін кәсіби бағдарлау шараларының студенттің кәсіби ынтасын дамытуда, оны келешек кәсіби қызметке даярлаудағы мән-маңызы, оны жүзеге асыру жолдары туралы еңбегін ерекше атауға болады. Еңбекте көрсетілген шаралардың ішінен мамандыққа даярлау бағытында жүргізілетін негізгі мына жұмыстарды атап көрсетуге болады: кәсіби қызметке араластыру; кәсіби қызмет туралы пікірталастар; болашақ мамандығына қатысты баяндамалар тыңдау; кәсіби бағдар беруде кітапханамен байланыс; пәндердің болашақ кәсіпке бағытталған байланысы; кездесулер ұйымдастыру; көрмелер ұйымдастыру, т.б. жұмыстар. Аталған әдістемелік шараларды сабақтан тыс уақытта 1-курс студенттерімен жүзеге асырған тиімді. Олардың зертханалық сабақтарда мектепте пассив практикада болып, оқушыларға жалпы бақылау жасауы, мектептің тыныс-тіршілігімен танысуы, ондағы мәдени-ағарту шараларын қызықтап көру, белгілі мұғалімдермен кездесулері секілді іс-шараларының орындалуы студенттердің болашақ мамандығына деген сүйіспеншілігін, ынтасын тудыраы сөзсіз. ЖОО-да білім мазмұнын құрайтын негізгі буындардың бірі – арнайы пәндер топтамасы. Арнайы пәндердің кәсіби бағытта оқытылуы, оның болашақ маманның жалпы даярлығын қалыптастырудағы рөлі мен мүмкіндіктерін ашу – жоғары мектеп дидактикасының негізгі мәселелерінің, қағида, талаптарының бірі. Арнайы лингвистикалық пәндерді кәсіби бағытта оқытудың ғылыми негіздері анықталмағандықтан, оның оқу үдерісіндегі

орны, рөлі белгіленбегендіктен, маманның өз білімін жаңа жағдаятта іс жүзінде тиісті дәрежеде қолдана алмайтындығы заңдылыққа айналады. Нақтылап айтқанда, пәндерді кіріктіре отырып, біртұтастықта меңгере алмауы, білім, іскерлік, дағды қалыптастыруда оқушылардың жас, дара ерекшеліктерін ескермеуі, сол сияқты тілдің функционалдық-коммуникативтік, прагматикалық ерекшеліктерін ескермеу, тіл үйретуде тілдерді салыстыру әдістерін, оқу материалының берілу мазмұнын дұрыс белгілемеу т.б. себептері оқытудың кәсіби бағдар ұстанымын ескермеуден туындайды. Сондықтан лингвистикалық пәндерді оқытуда пәншілік, пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру, мектеп оқулықтарымен сабақтастырылуы, педагогикалық практикада, іс жүзінде білімді қолдана білу дағдыларын қалыптастыруға көңіл бөлу назардан тыс қалмауы тиіс.

Қазақ тілі мамандарын даярлауда, олардың теориялық даярлығын жетілдіру жолында білім беру мазмұнын іріктеуде негізге алынатын қазық-ұстаным – *оқытудың ғылымилық жағынан нақтылануы*. Сондықтан білім мазмұнын анықтайтын білім стандарты, оқу жоспары, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу құралдарының ғылымның қазіргі даму деңгейіне сәйкес құрылуы қажет, яғни оқу материалдары ғылыми фактілер мен заңдылықтарға негізделіп, жоғары ғылыми деңгейде болуы шарт. Оқу үдерісінде *ғылымилық ұстанымды* негізге алу оқу материалдарының, яғни білім мазмұнының студенттің болашақ мамандығына сәйкес тіл білімі саласындағы бекітілген, нақтыланған, ғалымдар мойындаған материалдардың болуын қамтамасыз етеді. Осы тұрғыда мына жайттарды айта кеткен жөн. Көпке дейін грамматикалық мағынасы, арнайы қызметі бар нөлдік форма арнайы грамматикалық тұлға ретінде танылмай, түбір тұлғаларымен немесе парадигмалық сипаттағы сөз түрлерінің бір-бірінен ажырамай, бір-бірімен шатастырылып кеткенін, соның салдарынан зат есімнің атау септігінің зат есімнің түбір тұлғасымен, 3-жақта баяндауыш қызметінде атау септігінде деп бөлінуі, сондай-ақ етістік түбірінің бұйрық райдың 2-жағының анайы түрімен сәйкес келуі деп дұрыс түсінбеу, қосымшалардың омоформалық қатар құруына байланысты қате тұжырымдардың соңғы іргелі “Қазақ грамматикасы” кітабында ескеріліп, қайта құрылуы, т.б. оқыту мазмұнында орын алуы керек. Оқу материалдарындағы анықтама, ереже, анықтағыштар, сөздіктер, белгілер, жаттығулар, сызба, кесте т.б. көрнекіліктер, техникалық оқу құралдары т.б. педагогика, психология, әдістеме ғылымдарының ең соңғы жетістіктері негізінде берілуі қамтамасыз етілуі тиіс, сондықтан оқылатын дәріс, семинар, зертханалық сабақтар оқытудың ғылымилық ұстанымдарын басшылыққа алады. Жоғары білім беру жүйесінің болашақ қазақ тілі мамандарын даярлау ісінде олардың кәсіби даярлығын қалыптастыруын, дамытуда мемлекеттік стандарт пен оқу жоспары белгілеген арнайы ғылыми курстың бірі Қазіргі қазақ тілінің алатын орны ерекше. “Қазіргі қазақ тілі” ғылыми курсының мазмұнын, құрылысын белгілеуде **жалпыдидактикалық ұстанымдарды** жүзеге асырудың маңызы зор. Оқыту үрдісінде оқыту ұстанымдарын басшылыққа алу, біріншіден, оқу материалдарының мазмұнын ғылыми негізде іріктеуге, екіншіден, белсенді жаңаша әдістерді белгілеуге,

үшіншіден, оқыту формаларын жаңаша ұйымдастыру жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда берілетін білім мазмұны мына талаптарға сәйкес құрылуы керек: 1) жаңа теориялық тұжырымдармен толықтыру; 2) білім мазмұнының болашақ маманның кәсіби даярлығын қамтамасыз ететін дағды, іскерлік қалыптастыруға мүмкіндік беруі; 3) берілетін білім көлемінің, мазмұнының студент танымын қанағаттандыратындай болуы; 4) оқу материалының қоғам талаптарына сәйкес оқытудың жаңа технологиясы негізінде құрылуы. Сабақ тиімділігін арттыратын бүгінде оқу тәжірибелерінде қолданылып жүрген тиімді әдістердің (өзара ынтымақтастық, дидактикалық ойындар, симуляция, қарқындылық, пікірталас, ой толғақ, ми шабуылы, жоба құру, мультимедиа жүйесі т.б.), жүзеге асыру жолдары қамтылады.

Оқытудың *саналылық және белсенділік* ұстанымын жүзеге асыруға мынадай жағдайда қол жеткізуге болады: оқытуда жағымды уәждеме туғызу, оқу материалының студенттің тілек-мақсаттарына, яғни танымдық қызығушылығы мен кәсіптік қабілетіне сай құрылуы, мәселелі (проблемді) жағдаяттар туғызып, тапсырмаларды өз бетімен орындай білуге үйрету, оқытудың тиімді әдістерін қолдану (дидактикалық ойындар, ми шабуылы, пікірсайыс, мультимедиялық бағдарламалар қолдану), Студенттің оқу белсенділігін арттыру – білімді саналы меңгеруінің алғы шарттары. Бұл үшін оқу іс-әрекетінің мақсат, міндеттері айқындалып, практикалық маңыздылығы түсіндірілу керек, танымдық әрекеттің барлық түрлерін қолдану қажет: талдау мен жинақтау, индукция мен дедукция, байланыстыру, салыстыру т.б. студенттердің сабақта бір-бірімен өзара байланыс әрекетін тиімді етіп құру, оқытудың ұжымдық, топтық, жұптық, жекелей түрлерін өзара әрекетте қолдануға мүмкіндік жасау, белсенді ақыл-ойды қажет ететін шығармашылық тапсырмаларды жиі орындату. Бүгінгі белсенді студент – ертеңгі білікті маман, сондықтан оқытушы өз пәнін соған өзінің қатысы арқылы қызықтыруына болады. Осы тұрғысында: «тұлғаны қалыптастыратын пән емес, мұғалімнің пәнді игертудегі кәсіби әрекеттік тұлғасы» [42, 447]. деген ғалым сөзін әбден құптауға болады. Оқыту үдерісінде тілдік білімді студенттердің саналы игеруі, белсенділік көрсетуі – білікті маман даярлаудың негізі. Студенттердің оқу пәндерін игеру барысында оның мақсат, міндеттерін айқын көре білуі, өз алдына оқу мақсаттарын қойып, оны шешудің амал-тәсілдерін таба білуі, оның таным шегінің кеңеюіне жағдай жасайды. Осы тұрғыдан алғанда, белгілі ғалым Л.В.Занков оқыту үдерісінде білімді саналы түрде игеруде, алдымен теориялық білім берудің басым болу ұстанымын жүзеге асырудың маңызы зор екендігін айтады.. Студенттің білімді саналы игеруі оның оқу белсенділігінің қаншалықты жоғары, төмен болуымен де байланысты. Дәріс мен тәжірибелік сабақтарда жағымды уәждеме туғызу, студенттің ынты-ықыласы мен танымдық сұранысын ескеру, мәселені жағдаяттар туғыза отырып, жаттығу-тапсырмаларды өз бетімен орындай білуге үйрету, оқытудың адам психологиясына негізделген ұжымдық түрі “интербелсенді” әдістерін (пікірсайыс, ой толғау, ми шабуылы, дөңгелек үстел, рөлдік, іскери ойындар,

симуляция, релаксация, мультимедиалық бағдарламалар т.б.) қолдану барысында үлкен нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Жоғары оқу орнында аталмыш мамандық саласы бойынша мұғалімдер даярлауда студенттердің игерген *теориялық білімін практикада қолдана білуге дағдыландыруда* дәрісханада жүзеге асатын оқытудың ұйымдастыру формалары семинар мен зертханалық жұмыстардың маңызы зор. Дәріс оқу негізінде студенттерге теориялық білім беріледі, ол семинар, тәжірибелік сабақтарда тереңдетіліп, іс жүзінде қолданады. Мұндай сабақтардың құндылығы – студенттің өз бетінше ізденіп, жұмыс істеуіне мүмкіндік беру. Студент дәріс немесе оқулық, монографиядан ғана емес, қосымша ғылыми-әдістемелік анықтамалық әдебиеттерді оқу арқылы да білімін бекітіп, тереңдете алады. Семинар сабақтарының түрлендіріліп өткізілуі (семинар-аукцион, семинар-пресс-конференция, семинар-жоба, семинар-мультимедия, семинар-шоу т.б.) студенттің шығармашылық белсенділігін арттырады, оның күрделі тілдік категориялар мен түрлі тілдік құбылыстар туралы білімді тиімді, сапалы игеруіне мүмкіндік береді. Тәжірибелік сабақтарда орындалатын түрлі нұсқалы тапсырмалар мен жаттығулар жүйесінің студенттің теориялық білімін практикамен үйлесімді ұштастырылуына жағдай жасайды. Орта мектеп пен орта оқу орындарында жүргізілетін педагогикалық практиканың, өздері басшылыққа алған мектеп өмірімен үздіксіз байланыс жасаудың, дәрісханадан тыс өткізілетін студенттердің өз бетімен орындалатын жұмыстарын ұйымдастыру, курстық, дипломдық жұмыстар орындау, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу – оқытудың теория мен практика арасындағы байланыс ұстанымын жүзеге асырудың алғы шарттары. Қазақ тілі маманының кәсіби әдістемелік даярлығының сапасын арттыруда әсіресе педагогикалық практиканың алатын орны ерекше, себебі ол болашақ маманның танымдық әрекетінің қайнар көзі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі маманының әдістемелік даярлығын қалыптастыруда ЖОО-да педагогикалық практиканың мұғалімдердің кәсіби даярлық жүйесінде алатын орнын арнайы зерттеген О.А.Абдуллинаның ғылыми тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, мектепте педагогикалық практика үдерісін ұйымдастыру және өткізу кешенін жасадық. Педагогикалық практика студенттің кәсіби қалыптасуының ЖОО-дағы соңғы кезеңі болғандықтан, оған үлкен даярлықпен келу керектігі – басты қағида.

Білім мазмұнын құрайтын оқу жоспары, білім беру бағдарламасы, оқулықтардағы оқу материалдардың белгілі бір тәртіпте, бірізді жүйеде берілуі, олардың логикалық жағынан дұрыс құрылуы, оқыту формалары мен әдіс-тәсілдері, құралдарының өзара үйлесім табуы келешек маманның жүйелі білім алып шығуына мүмкіндік береді. Оқытуда *жүйелілік, бірізділікті* жүзеге асыруда кешегі мектеп қабырғасынан шыққан, бүгінгі студенттің білімін тексеріп, жүйелі түрде бағалап отырудың маңыздылығы туралы В.Харламов былай дейді: “Оқытуда жүйелілік пен бірізділікті жүзеге асыруда оқушы білімін тексеру мен бағалау басты рөл атқарады. Білімді бағалау оқушыларды пәннің негізгі ұғымдарын жүйелі меңгеруге және білімдегі кемшіліктерді алдын алуға үйретеді”. Қазіргі қазақ тілінен берілетін оқу материалдарын

логикалық бөліктерге бөліп, оның құрылымдық-логикалық жобасын құру, тіл білімінің фонетика, лексика, фразеология, сөзжасам, синтаксис секілді ғылыми курстармен, яғни пәнаралық байланыстық жүйені жүзеге асыру болашақ маманның білімді бірізділікпен қабылдауына мүмкіндік береді. Ұлы чех педагогі Я.А.Коменскийдің бүгінгі меңгерілген білім өткенді бекітуге, жаңаға жол ашуға негіз болуы керектігі жөніндегі дидактикалық тұжырымы білімнің үздіксіз бірізділікпен берілуін қамтамасыз етеді [58]. Оқулық, оқу құралдарындағы берілетін білім мазмұнының студенттің жеке басы даму ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырудың өзіндік орны бар. Оқу материалының тым ауыр болуы студентті шаршатады, олардың жұмыс істеу қабілетін және пәнге деген қызығушылықтарын төмендетеді. Ал оны тым жеңілдету де студенттердің оқуға деген ынтасын жоғалтады. В.В.Давыдов және Л.В.Занковтың дидактикалық жүйесінде бастауыш мектепте оқытуды қарапайымнан емес, жалпыдан және негізгіден, бөлімнің бөліктерінен емес, оның құрылымынан, бүтіннен бастау керектігі айтылған. Сондай-ақ осыған байланысты Л.В.Занков дидактикада оқу материалының қиындық деңгейде болу ұстанымын ұсынған. Бұл ұстанымның тәжірибеде де тиімділігі дәлелденген, сондықтан әрбір сабақты ұйымдастыруда нақты мақсаттардың бөлшектенбей, тұтастықта берілуін оқытушы үнемі есте ұстауы тиіс. Грамматикалық тақырыптардың шашырай берілмей, бір-біріне өзара байланыстығы, ұқсастықтары ескеріледі. Оқыту тәжірибесінде грамматикалық біліммен қаруландыру негізгі грамматикалық ұғымдарды игеруден басталады. Себебі грамматикалық бірліктердің сипатын ашуда, олардың өзара қатысын айқындап, өзара ерекшеліктерін ажыратуда негізгі грамматикалық ұғымдарды түсініп – білудің маңызы зор, яғни грамматика теориясының маңызды мәселелерінің бірі болып табылатын сөздің грамматикалық құрылымын түсіну үшін, ең алдымен оған қатысты негізгі морфологиялық, синтаксистік ұғымдар туралы түсінік қалыптастыру қажет. Ал түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тіліндегі сөздердің морфологиялық құрылымы өте күрделі. Күрмеуі көп күрделі грамматикалық мәселелерді игертуде студенттің жалпы мүмкіндіктері, өмірлік тәжірибелері, олардың танымдық қасиеттері, жеке басы даму ерекшеліктері ескеріледі.

Жоғары білім беруде қазақ тілі мамандарын даярлау ісінде Қазіргі қазақ тілі ғылыми курсынан білімін жетілдіру жүйесіне қатысты шарттардың бірі – оқытуда *көрнекіліктерді* пайдаланудың тиімділігін арттыру. *Көрнекілік* – дидактикада ертеден келе жатқан оқыту ұстанымының бірі. Мұның негізін қалаған - ұлы чех педагогі Я.А.Коменский. Оның пайымдауынша: “Егер біз оқушыларды нығыз қаруландырғымыз келсе, онда барлығын бақылау және сезімдік көрнекіліктер көмегімен оқытуымыз қажет” [58, 22]. Оқыту үдерісінде көрнекі құралдарды пайдалану сабақтың тиімділігін арттыратыны сөзсіз, ал оны қолданудың негізгі мақсаты – игерілетін материалдың мазмұнын айқындай түсу, оны студенттердің санасында берік қалдыруға мүмкіндік жасау. Көрнекі құралды оқытушының орынды қолдана білгенінде ғана тиімді болатыны белгілі. Дидактикалық көрнекі оқу құралдары кескінделген және экранды–дыбыстық болып екіге бөлінеді. Кескінделген оқу құралдарына

кесте, сызба, фото-сурет, графика сурет, оқиғалы картиналар т.б. үлестірме дидактикалық кестелері жатса, экранды-дыбыстық құралдарға: интерактив тақта, диапроектор, графопроектор, бейнемагнитофон, теледидар, компьютер, планшет т.б. жатады. Осы оқу құралдары негізінде кинофильм, слайдтар, таспа жазулары, графопроекторға (жазылған) арналған транспаранттармен, компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеуге болады. Көрнекі құралдың жаңа жанрларының бірі – *мультимедиялық энциклопедия, электронды оқулықтар*, сондай-ақ *дыбыстық-бейнежазба* материалдарын қолдану. *Электронды оқулықтар* – компакт-дискіге немесе дискетаға жазылған электронды кітап. Оқытушы электронды оқулықты өз бетінше толықтыруына, жөндеуіне немесе студентке электронды пошта арқылы жіберуіне болады немесе *вебсайт* арқылы барлық студенттермен ортақ жұмыс жасауына болады. Электронды оқулық студенттің немесе оқушының шығармашылықпен жұмыс жасауына жағдай жасайды. Оның ішкі мазмұны үнемі Интернет желісі және басқа электронды кітапханалар арқылы толықтырылып отырады. Интернет желісіне қосылған компьютерлер арқылы веб-форум, телеконференция, конкурс т.б. өткізуге болады. Қазақ тілін компьютер арқылы оқыту мәселелерімен байланысты қазақ тілін оқыту бағдарламасын жасаған алғашқылардың бірі Э.Сүлейменова, Қ.Қадашева, Р.Шаханова, Ш.Бектұров, Ә.Құрышжанова, С.Дүйсенова т.б. еңбектерін айтып өтуге болады. Сонымен қатар, оқытуда *дыбыстық-бейнежазба* таспаларын қолданған тиімді. Дыбыстық – /бейне/ сабақтарды жүргізудің әдіс-тәсілдерін әдіскер ғалым Қ.Қадашева өз еңбектерінде жан-жақты баяндай отырып, нақты сабақтардың үлгілерін көрсетеді. Оның пайымдауынша, жұмыс істеу барысында негізгі түйін видео (бейне) және компьютерлік техниканың өзара синтезі жоғары дәрежеде оқыту мүмкіндігіне ие болатынын атап өтуге болады [59].

Оқу үрдісінде *білімнің беріктігі ұстанымының* жүзеге асуы студенттің жүйелі әдістемелік теориялық білім алуын қамтамасыз етеді. Білімнің беріктігі объективті факторларға ғана байланысты емес (оқу материалының мазмұны, құрылысы) сондай-ақ студенттердің сол оқу материалына субъективті көзқарасына да байланысты, сондай-ақ оқытушы тұлғасына, оның оқытуды тиімді ұйымдастыра білу шеберлігіне, әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданып түрлендіре білуіне, материал көлеміне, өту мерзіміне де байланысты. Соңғы зерттеу нәтижелеріне қарағанда, оқыту үдерісінде еріксіз есте қалдыру әрекеті, ерікті түрде есте қалдырғаннан да тиімді екені дәлелденіп жүр. Осымен байланысты оқу барысында оқытудың жоғары белсенділікті тудыру (интерактив) әдістерін қолдану, сондай-ақ материалды жаттап алудан сақтандыру үшін анықтағыш, сөздік, энциклопедия т.б. құралдарды өз бетінше қолдануға үйрету, есте сақтау үшін қажет материалдың көлемді болмай, тығыздалып берілуі, “білім анасы – қайталау” туралы психологиялық заңдылықтар бойынша уақыты, жиілігі ескерілуі, ішкі факторлардың (шашыраңқылық, басқа әрекетпен айналысып отыру) және сыртқы факторлардың (кешігу, тәртіп бұзу және т.б.) үздіксіз бақылауда болуы білімнің берік қалыптасуына мүмкіндік береді. Жаңаны екі маңызды нәрсені шешпей жатып түсіндіруге болмайтындығы туралы А.Подласый былай дейді “Жаңа

материалды игертуді оған қызығушылық пен танымдық уәж секілді екі маңызды мәселені қалыптастырмай тұрып кіріспеңіз” [42,455]. Білімнің берік қалыптасуы мнемотехникалық тәсілдерді қолдануға үйрету арқылы, оқу материалын жоғарғы көңіл күйде мазмұндау, көрнекілік, техникалық оқу құралдарын қолдану, оқу ойындарын, оқу пікірталастарын ұйымдастырып отыру, ішінара-іздену бағытындағы тапсырмаларды жиі орындау арқылы да жүзеге асады.

Дидактикадағы жаңа ағымдардың бірі – *білімді ізгілендіру* ұстанымы. Білім саласындағы ізгілендіру (гуманизация) ұстанымы оқу процесінде адамның (студенттің) – жеке ерекшелігін ескеруге, олардың ынта жігерін қолдауға, білімге, пәнге құштарлығын оятуға мақтау-мадақтау және үйренушіге жеке тұлға ретінде қарауға, сондай-ақ оқытушы мен студент арасындағы оқу әрекетінің біртұтас ынтымақтастыққа құрылуына негізделді. Оқу процесінде мұны жүзеге асырудың жолдары: оқытудың (студенттің) жеке ерекшелігін ескеру, студенттердің ынта-жігерін қолдап, оның жеке басына құрмет көрсету; білім мазмұнының студент өз бетінше, өзіне лайықтысын таңдап алатындай дәрежеге көтерілуі, оқу әрекетінің ынтымақтастыққа құрылуы.

Аталған жалпыдидактикалық ұстанымдардан басқа қазақ тілін оқыту *жекеәдістемелік ұстанымдарды басшылыққа алады*. Жекеәдістемелік ұстанымдардың ерекшеліктері, тілді меңгертуде олардың алатын орны туралы көптеген зерттеулерде анықталған. Тілді оқытудың жекеәдістемелік ұстанымдарын алғаш негізін Л.П.Федоренкодан бастап [60], С.Дудников т.б. [61] еңбектерінен көреміз. Олар орыс тілін оқытуда мынадай жекеәдістемелік ұстанымдар ұсынады: ойлау мен тілдің бірлігі, пәндердің бір-бірімен байланыс қағидат, ауызша сөйлеудің жазбашадан озық жүруі, тілдің дифференциациясы мен интеграция бірлігі, тілдің стильдік ерекшеліктерін ескеру, тілді үйрену мен ойлаудың дамуы арасындағы байланыс, грамматиканы оқып-үйрену мен тілдік дағдыларды меңгеру арасындағы байланыс т.б.

Қазақ тілін оқытуда Б.Құлмағанбетова жалпыдидактикалық қағидаттармен қоса материалды оқу мақсаттарына лайық дұрыс орналастыру ұстанымын [62], С.Қазыбаев оқытудың сабақтастығы ұстанымын, А.Әбілқаев қазақ тілін оқытуға әртүрлі варианттағы әдістемелік жол таба білу мүмкіндігі мен қажеттігі ұстанымын [63], орыс бөлімінде қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша Ф.Оразбаева тұтастық, сөйлемге қатысты басты ережелерді меңгеру, грамматикалық заңдылықтарды есте сақтауға, жазуға үйрену, сөйлесімнің түрлерін меңгеру, ынталандыру, тақырыпты игеру, сөйлеуге қатысты ішкі күшті пайдалану, орта мен жағдайды ескеру [64], К.Жақсылықова кешенді оқыту, т.б. ұстанымдарын [65], А.Қыдыршаев шешендіктануды оқытуда тарихилық ұстаным, жеке мәтінмен жасалатын бағдарлы жұмыс ұстанымы, шешендіктануды оқытудағы түпкілікті мақсаттың қазіргі әлеуметтік жағдайға сәйкестігі ұстанымын [65], Ж.Дәулетбекова сөз мәдениетін оқытудың арнайы ұстанымдары ретінде білім беру мақсаты мен қоғамдықәлеуметтік талаптардың ұштастырылуы, тілдік білім мазмұнын Тарих–Білім–Мәдениет макромоделі негізінде құру, білімді ізгілендіру ұстанымы, лингвистикалық

дүниетаным қалыптастыра оқыту, тілдік білімді сөйлеу дағдысының базасы ету, білім беруді демократияландыру т.б. [66] З.Бейсембайқызы жүйелік, концентризм, стилистикалық саралау, минимизация ұстанымдарын [67] Ш.Құрманбаева сәйкестік, деңгейлік, сөйлесімнің түрлерін меңгерту, саналылық, білімді ізгілендіру, әлеуметтік орта мен жағдайды ескеру ұстанымдарын ұсынады [68].

Ғалымдардың тілді оқыту туралы жоғарыда көрсетілген ұстанымдары қазақ тілін оқыту сапасын арттырудың жолын белгілейді. Теориялық білімді меңгерту ұстанымдары – оқытушының әрекеті мен студенттің белсенді оқу әрекетін оқу мақсаттарына жетуде дұрыс ұйымдастыруға негіз болатын заңдылықтар, яғни оқу материалын меңгертуде басшылық жасайтын қағидалар.

Жоғарыда аталған ғалымдардың тұжырымдары негізінде ғылыми негіздерді оқытуда мына ұстанымдарды негізге алуға болады: *лексика-грамматикалық ұстаным, парадигмалық ұстаным, тілдің салаларын бір-бірімен байланыстыра оқыту ұстанымы, сабақтастық ұстанымы, тарихилық ұстаным, кері байланыс ұстанымы, ғылыми ұғымдарды сатылай беру ұстанымы*. Енді аталған ұстанымдарға жеке-жеке тоқталайық.

Лексика-грамматикалық ұстаным сөздің құрылымы мен мағынасын бірлікте қарау негізін жүзеге асырады. Себебі тілдің сөздік қоры мен грамматикалық құрылыстың қызметі бірлікте ғана адамдар қарым-қатынасқа түседі. Сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары бір-бірімен байланысты болады. Сөздің грамматикалық сипатын ашуда лексикалық мағынасының жалпылануы арқылы, пайда болатын жалпы грамматикалық мағына туралы ұғым қалыптастырудың маңызы зор. Сөздерді топтарға бөлуде оның семантикасы, тұлғасы және функциялық қызметі негіз болады. Сөздерді лексика-грамматикалық топтарға бөлуде және бір сөздің бір лексика-грамматикалық топтан екінші лексика-грамматикалық топқа көшу ерекшеліктерінің сипатын ашуда сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық құрылымының бірлігі негіз болады. Функционалдық ұстаным грамматикалық бірліктердің тілде қолдану сипатын анықтайды.

Парадигматикалық ұстаным. Бұл заңдылық сөзді сөйлемде белгілі бір тәртіппен түрлену, өзгеру жүйесі негізінде оқытуды жүзеге асырады. Сондай-ақ грамматикалық ұғымдарды біртіндеп қалыптастыруда негізгі грамматикалық ұғымдардың парадигмасын білудің маңызы зор, сондықтан сөз таптарын оқыту – сөз құрамын игертуден кейін жүзеге асатын үдеріс.

Тілдің салаларын өзара байланыста оқыту ұстанымы. Тілдің көпқырлылығын ескере отырып, сөздердің арасындағы қатынастар сол тілдің қалыптасқан жүйесі ретінде бір-бірімен ұштасып жатады, сондықтан тілдегі кез-келген грамматикалық құбылысты дұрыс тану үшін тілдің басқа қабаттарындағы тілдік құбылыстармен байланыста қарау керек. Мысалы, қосымшалы сөз болып та, көмекшілі сөз болып келетін формалардың (омонимдес) морфологияның да, сөзжасамның да зерттеу нысаны болуымен байланысты, оларды бір-бірімен байланыссыз түсіндіру мүмкін емес. Синтаксистік категория морфологиялық категориялармен көрінеді, сөйлем

мүшелері сөз таптарына байланысты көрінеді, көптеген морфологиялық категориялар сипаты синтаксистік қызметі негізінде айқындалады. Сондай-ақ, грамматикалық форма мен грамматикалық категорияның сипатын жан-жақты ашатын сөздерді қолдану грамматикалық ұғымдарды түсінуге мүмкіндік береді. Тілдің даму барысында кейбір сөздердің құрамындағы дыбыстардың ығысуы немесе кірігуін түсіндіру бір жағынан тіл ғылымының морфонология іліміне негізделсе, екінші жағынан тарихи-этимологиялық тұрғыдан талдауды қажет етеді.

Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың орта буында оқытумен *сабақтастығы, үзіліссіздік ұстанымы*. Тілдік білімді студент мектептен алған білімі негізінде меңгереді. Сондықтан мектеп оқулықтары мен Практикалық қазақ тілі оқулықтарындағы грамматиканың ішкі заңдылықтары, сөздің түрленуі, грамматикалық мағынасы жөніндегі білім, дағдыларының ғылыми грамматикада көрініс табуы, ондағы тіл білімі терминдерінің сатылай, бірте-бірте күрделене түсуі – оқытуда сабақтастық ұстанымын жүзеге асырудың кепілі. Бұл ұстанымды жүзеге асыруда мектеп оқулықтарындағы дидактикалық материалдардың мазмұнын жоғары мектепте қалай күрделендіру керектігін білудің маңызы зор.

Тарихилық ұстаным грамматикалық құбылыстардың тарихи дамуындағы өзгерістерді дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, есімдіктердің септелуін, сөздердің бір сөз табынан екінші сөз табына көшуін оқытуда оны тарихи-салыстырмалы материалдар негізінде игертуге болады. Түркологияда септелу жүйесінің қалыптасуы жайлы көптеген зерттеу еңбектері бар. Сондай-ақ, грамматикалық формалардың (реликт қосымшалардың) грамматикалық мағынамен сәйкестігін игертуде аталған ұстаным негіз бола алады.

Оқытушы мен студент әрекетінің *кері байланыс ұстанымы*. Қазақ тілін рейтинг жүйесімен оқытуда студент білімін бақылау үздіксіз жүретін заңдылыққа айналады. Білім, іскерлік, дағдының үнемі бақылауында болуы білімді бекітіп, қорытып, сапалы етеді. Кері байланыс жасаудың уәждемесі студенттің ынта-жігерімен, оқуға ықыласымен ұштасып жатуы тиіс. Кері байланыстың мазмұны айқын және өткізілу жиілігі айқын болған жағдайда студент біліміндегі осал, кемшін тұстары дер кезінде анықталып, түзетіліп отырады.

Оқу материалын *сатылай беру ұстанымы*. Қазақ тілін оқытуды сатылы ұстанымға негіздеудің тиімділігі туралы Қ.Жұбановтың еңбектерінен көруге болады. Ол туралы М.Қ.Жұбанованың “Құдайберген Жұбанов ұлттық дидактика проблемалары хақында” деп аталатын еңбегін айтуға болады. Автордың өз сөзіне жүгінсек: “...грамматикалық түсініктер бірде ұсақ бөлшектерге талданып, бірде ұсақтан іріге қарай жинақталған. Бұл – танып білудің негізгі жолы. Мұнсыз белгісізден белгілі білімге жетуге болмайды. Бұл жолды ғылымның барлығы пайдаланады. Қ.Жұбанов талдау мен сатылы құрылысты негізге алып, тақырыпты біртіндеп түсіндіреді” [69, 49]. Бұл жөніндегі пікірімізді Ы.Мамановтың қазақ тілінің морфологиясын жақсы меңгеру үшін грамматикалық категориялардың сатылық ерекшеліктері

ескерілуі керектігі туралы тұжырымы дәлелдей түседі. Сөзіміз дәлелді болу үшін автордың сөзін келтірейік: “...етістік категорияларын мынадай тәртіппен сатылап бөлуге болады. Бірінші орында түбір етістіктер, екінші орында модификациялы етістіктер, үшінші орында функциялық етістік тұлғалары, төртінші орында рай, шақ категориялары. Қазақ тіліндегі етістік материалдарын студенттерге осы тәртіппен бірінен бірін туғызып, жүйелі түрде үйрету методикалық жағынан да ұтымды екендігін оқыту тәжірибелері толық дәлелдеді” [70, 5].

Сонымен, аталған дидактикалық ұстанымдар жоғары білім беру үдерісінде студенттің оқуға деген ынта-ықыласын, қызығушылығын тудырғанда, олардың кәсіпті игеруге деген іштей қажеттілікті сезінгенде, шығармашылық негізде жұмыс істеуге қабілетінің болуы секілді талаптар орындалғанда ғана жүзеге асады. Болашақ қазақ тілі мамандарының тілбілімдік теориялық білім-біліктерін қалыптастыруда білім мазмұнын анықтау, оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру жоғарыда аталған ұстанымдар негізінде жүзеге асатындығы белгілі болды. Аталған дидактикалық ұстанымдар оқыту үдерісінде бірқатар маңызды талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Олар:

- оқу материалының ғылыми негізде құрылуы;
- теория мен тәжірибе арасындағы үздіксіз байланыстың болуы;
- студенттің ынта-жігерін, қызығушылығын, кәсіби-танымдық белсенділігін ұштап отыру;
- студенттің өз бетінше жұмыс істеу рефлексиялық қабілетін дамыту;
- орта білім мен жоғары білім арасында сабақтастықты орнату т.б.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ тілін оқытудың педагогикалық негіздеріне түсініктеме беріңіз.
2. Қазақ тілін оқытудың ғылыми ұстанымдарын атаңыз, түсініктеме беріңіз.
3. Кәсіби бағыттылық ұстанымын түсіндіріңіз.
4. Қазақ тілін оқытудың жекеәдістемелік ұстанымдарын атаңыз, түсініктеме беріңіз.
5. Білімді ізгілендіру ағымына анықтама беріңіз.

1.5. Жоғары мектепте білікті маман даярлаудың негізгі субъектісі – оқытушы

Қазақстандағы білім беру жүйесінің түбегейлі жаңартылуының басты мақсаты – білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге бейімдеу. Жоғары мектептегі білім беру жүйесінің әлемдік деңгейіне жету мақсатында Қазақстан Еуропалық білім кеңістігіне енді, Болон Декларациясына қосылды, әлемдік деңгейдегі беделді жоғары оқу орны –

«Назарбаев Университетін» құрды, жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігіне басымдық берілді: таңдау бойынша компонент бакалавриатта 40 %-дан 50 %-ға, магистратурада 50 %-дан 60 %-ға және докторантурада 70 %-дан 80 %-ға дейін ұлғайтылды, бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде білім, ғылым мен өндірісті ықпалдастыру үрдісі жүргізілуде.

Бағдарламада қазіргі хал-ахуалын талдай келе, бірқатар кемшіліктер көрсетіледі: жоғары білім жүйесін қамтитын маңызды жасырын фактор жемқорлықтың болуы; жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық ресурстары жеткілікті қарқынмен жаңартылмауы; кітапхана қорын жаңартудың бекітілген нормаларының сақталмауы.

Жалпы алғанда, ЖОО-ның басты міндеті – жаһандық бәсекеге қабілетті маман даярлау. Осы тұрғысынан Президент Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақаласында «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», - деп көрсетті [71].

«Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бірінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деп ойын қорытады.

Қазақстанның білім берудегі басты мақсаты – көшбасы мемлекеттердің қатарындағы елдердің білім беру жүйесіне кірігу. «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» мемлекеттік бағдарламасында» жоғары білім беру жүйесінің мақсаты адами капиталды дамыту және ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру, ЖОО-ларды жоспарлы түрде автономды басқару жүйесіне көшіру мәселелері қарастыралған.

Мемлекеттік стандартта көрсетілген жалпы білім пәндері, базалық білім пәндері, кәсіптендіру білім пәндері циклдары бойынша таңдау компоненттерінің еңбек нарығында сәйкестендіріліп құрылуы, жұмыс берушінің талаптарын қанағаттандыратындай болуы жоғары білім беру жүйесінің білім беру мазмұнының үздіксіз жаңартып отыруды талап етеді. Таңдау пәндерінің мазмұны болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі заман талаптарына сай қалыптастыру үшін, үш басты цикл құрамынан да орын алады. Бұл мәселелер еңбек нарығын қанағаттандыруға бағытталған.

Бәсеке үдерісінде адам ресурсын сапалы дамытудың маңызы өте зор, сондықтан нарықтық экономикаға бейімделген бәсекеге қаблеті, жаңа заманда жаңаша ойлайтын, кәсіби құзыретті жеке тұлғаны дайындау шарт. Жоғары мектепте білім беру мазмұнының негіздері қоғам дамуы заңдылықтарына сәйкес өмірмен тығыз байланыста болуымен, оқыту үдерісінің педагогикалық ынтымақтастыққа құрылып, ізгілік сипат алуымен, білімнің жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталуымен сипатталады, яғни білім мазмұны қоғам мұқтаждығын өтеп, қоғам дамуымен біте қайнасуы қажет.

Күрделі міндеттерді шешуде болашақ маман даярлығындағы жоғары оқу орны оқытушысының рөлін анықтау – аса маңызды мәселе. Білікті маман даярлау – жоғары мектептің біртұтас құрамдас бөлігі, оның негізгі субъектісі – ЖОО оқытушысы. Қазіргі кезеңде жаһандануға байланысты ЖОО-да оқытудың кредиттік жүйесі негізінде білім беру кеңістігінің бірегейлену үдерісі үздіксіз жүруде. Осымен байланысты ЖОО оқытушыларына әлеуметтік-кәсіби топтардың бірі ретінде қоғамдық екі маңызды міндет жүктелген: қоғам мен өркениет мұрасын сақтап, қорғау және дамыту, тұлғаның белгілі бір қалыптасу кезеңіндегі әлеуметтенуіне үлес қосуы.

ЖОО оқытушысына қойылатын талап – өте ауқымды. Осымен байланыстыда оның атқаратын қызметі де көпқырлы. Атап айтқанда, оқытушылық, ғылыми-зерттеушілік, кәсіби, басқарау, коммерциялық, әкімшілік-шаруашылық т.б. ЖОО оқытушысының ерекше сипаты – оқытушылық пен ғылыми-зерттеу қызметті қатар алып жүруі. Ресей ғалымы

ЖОО оқытушысы үшін ең маңыздысы – өз ісіне қалтқысыз қызмет қағидасын жүзеге асыруы, өз ісіне берілгендігі. Осы қасиеті арқылы оқытушының студент алдында абырой-беделі артады. Оқытушы беделі студенттің табысты оқып, жетістіктерге жетіп, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпалы зор. ЖОО оқытушысы кәсіби және жалпы мәдениетінің жоғары болуымен қатар, шыдамды, әдепті әділ, еңбекқор, табанды, ұстамды, байсалды, елгезек болуы тиіс. Бойында осындай қасиеттері бар оқытушы ғана жеке тұлға тәрбиелеп, оған жан-жақты білім бере алады. Оқытушы мен студент арасындағы сенімділік, ынтымақтастық студенттің шығармашылық ойлауы мен тұрақты оқу-танымдық уәжінің, кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Сонымен, білікті ЖОО оқытушысы – болашақ маман даярлау үдерісінде білім мазмұнын кәсіби бағдар беруге сәйкестендіріп, оқытудың жаңа формалары мен оқытудың жаңа технологиялары негізінде студенттердің білім алуға ынта-ықыласын оятып, білікті маман болуға, білімді саналы да берік игеруге мүмкіндік жасайтын тұлға.

ЖОО-да маман даярлау ісіне қойылатын жаңаша талаптар, негізінен, халықаралық талаптарға сәйкес әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес болашақ мұғалімнің қоғамдағы әлеуметтік белсенділігін арттыру, маманның жалпы педагогикалық, әдіскерлік даярлығын қалыптастыру, өз бетінше білім алуға тәрбиелеу, педагогикалық шеберлігін үздіксіз арттырып отыру іскерлігін қалыптастыру. Оқыту үдерісін оқу іс-әрекеті деп танысақ, ол - оқытушының ұйымдастырушы, нұсқаушы, бағыттаушы, жанашыр ретіндегі

басқару әрекеті мен студенттің білімді ұғуы, түсінуі, ой қорытындысын жасауы, тұжырымы және жүзеге асыра білу іскерлігі, дағдысы, яғни белсенді, саналы тұтастықтағы, оқу әрекеті. Болашақ маманның кәсіби-әдістемелік даярлығын қалыптастыру үшін өзі таңдаған мамандығына сәйкес арнайы ғылыми пәндерден терең, жан-жақты білімі болу қажет, білім беру саласындағы негізгі құжаттарды, Мемлекеттік білім беру стандарты, оқу жоспары, бағдарлама, оқулық, оқу-әдістемелік құрал, ғылыми әдебиеттерді, озық тәжірибелерді меңгеруі қажет, сондай-ақ білім берудің халықаралық стандартқа бағытталған кеңістігінде көптілді тұлға болуға талпынуы қажет. ЖОО-да білім мазмұнын құрайтын негізгі буындардың бірі – арнайы пәндер топтамасы. Арнайы пәндердің кәсіби бағытта оқытылуы, оның болашақ маманның жалпы даярлығын қалыптастырудағы рөлі мен мүмкіндіктерін ашу – жоғары мектеп дидактикасының негізгі мәселелерінің, қағида, талаптарының бірі.

ЖОО оқытушысы моделі концептуалдық, мазмұндық-технологиялық және тексеру-бағалау негіздерінен көрініс табады.

Концептуалдық бөлік маман қалыптасуының әдіснамалық негіздері - құзыреттілік, демократиялық, тұлғалық-бағдарлық, ізгілік тұжырымдарына негізделеді. *Мазмұндық бөлігі* оқыту қағидааттары мен технологиялары, оқыту формалары (дәріс, семинар, зертханалық, өздік, ғылыми зерттеу практикалық, жобалар, үйірме, стартап, ғылыми семинар, конференция, олимпиадалар т.б.) мен оқытудың жаңа әдістерінен (ми шабулы, проблемдік, пікірталас, ойын іскерлік, тренинг, ақпараттық-коммуникациялық құралдар т.б.), *тексеру-бағалау бөлігі* өзін-өзі немесе өзара бағалау, рефлексиядан, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамытудан тұрады.

ЖОО-да педагогикалық үрдісі екі жақты әрекет негізінде болады, «педагогикалық іс-әрекет екі тұлғаның – оқытушы мен студенттің белсенділігін қажет етеді. Осыған байланысты педагогикалық іс-әрекет қарым-қатынас заңдары бойынша құрылады. Әрі студент кәсіби дайындау жүйесінде бір емес, бірнеше оқытушымен ақпарат алмасады, өзара әрекет пен өзара қатынас жасайды. Сонымен қатар, педагогикалық бірлескен іс-әрекетті оқытушылар арасындағы қарым-қатынас та сипаттайды. Себебі жоғары мектепте де болашақ маманды мақсатқа сай дамыту, оқыту, тәрбиелеу міндеттері педагогтардың өзара келісті әрекеттесуіне тәуелді болады» [72, 140-141].

«Инновациялық технологияны меңгерту оқытушының зейін-зергерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі» [73, 122].

ЖОО-да білім беру жүйесіндегі маңызды субъектінің бірі – оқытушы еңбегінің табысты болуы оның студентпен жан-жақты қарым-қатынас орнату шеберлігіне байланысты болады: «Кәсіби білім беру жүйесіндегі барлық оңды өзгерістер оқытушылын психологиялық ерекшеліктерге, ойлау тәсілге, шығармашылық белсенділігіне, өзіне және басқаларға деген игі қатысына, тұлғалық, педагогикалық құндылықтарына байланысты» [72, 142].

Белгілі ғалым А.Ерментаева өз еңбегінде В.Ломоносов атындағы ММУ-де өткізілген психологиялық тәжірибеде оқытушылардың мына түрлерін анықтағанын ерекше атап көрсетеді:

1) «мәңгі студент» - студенттерді түсінетін, оларды жеке тұлға ретінде құрмет тұтатын, пікірталасты қолдайтын оқытушылар;

2) «бұрынғы теңізші» - әскери тәртіп орнатып, «құлдықты» бағалайтын, өз айтқандарын бұлжытпай орындалуын талап ететін, жаза қолданатын оқытушылар;

3) «енжар» - студенттердің тұлғалық ерекшеліктеріне мән бермейтін өз қызметін енжар орындаумен шектелетін;

4) «стандарт оқытушы» - өз пәнін білетін, қызметін талапқа сай орындайтын, тұйық мінезді оқытушы [73,143].

Осыларды ішінен қазіргі кезең талаптарына сәйкес оқытушы типі ретінде «мәңгі студентті» атар едік, себебі оқытушының студенттермен қарым-қатынастағы ашықтығы, белсенділігі, пікірталасқа түсе алу қабілеті, өзекті мәселерді шеше алу қабілетінің болуы болашақ маманның қоғамның белсенді мүшесі болып қалыптасуына, оның кәсіби қызметіне сүйіспеншілігін арттыруға, оқу мотивацияларының тұрақтануына ықпал ететінін сөзсіз.

Сонымен қатар А.Ерментаева еңбегінде идеал оқытушы тұлғалық қасиеттерінен төмендегідей көрсетеді:

- студентті түсіне алады;
- өз пәнін терең біледі;
- әділ;
- студентті құрметте алады;
- студентпен қарым-қатынаста белсенділік танытады;
- білімі жан-жақты;
- ғылыми зерттеу жұмыстарында құзыреттілік танытады;
- тәуелсіз пікір, қылық таныта алады;
- психологиялық мәдениетті игерген [73, 156].

Игенбаева Р.Т. «Жоғары мектеп педагогикасы» атты еңбегінде ЖОО-да студент екі түрлі күрделі бейімделуден өтетінін көрсетеді: 1) ЖОО-да оқу үдерісіне адаптация; 2) әлеуметтік-психологиялық адаптация: «біріншісі студенттің оқу процесін ұйымдастырудың сипатын, мазмұнын оның талаптарын меңгеруге бағытталса, екінші түрі академиялық оқу тобындағы басқа топтар мен курстардағы жолдастарымен қарым-қатынас қалыптастыруға бағытталған». Сондықтан студенттің алғашқы кезеңде өз бетінше жұмыстарды орындай алмауы, лекция жазу, конспект даярлау, ғылыми терминдерді игеру, көлемді ақпаратты меңгеру, талдау жұмыстарын меңгере алмауы секілді көптеген қиындықтары кездеседі. ЖОО оқытушысының жауапты міндеті – осы мәселелерді шешуге көмектесуі [74, 169].

Автордың зерттеулер бойынша пайымдауында адамдар арасындағы мейірімділік, ізгілік негізінде қамтитын қарым-қатынас оқытудың тиімділігін 15-18 пайызға, ал керісінше, педагогтің нашар көңіл-күйі, оқу материалының

ішпыстырар қызықты емес болуы оқытуды 10 пайыздан 37 пайызға дейін төмендететін айтады [74, 118].

ЖОО оқытушысының бойындағы маңызды белгі – педагогикалық мәдениет, яғни педагогикалық этика, әдеп, адамгершілік, іскерлік қарым-қатынас – оқытушы тұлғасының маңызды құрамдас бөліктері. Осы тұрғысынан педагогикалық еңбектерде оқытушының басқару стильдеріне авторитарлық стиль (оқытушының үстемдігі, студенттің белсенділігінің төмендігі, бір жақты, субъективті пікірдің басымдығы, оқудың жағымсыз мотивациясының жоғарылығы), анархиялық стиль «оқытушының немқұрайлығы, студенттің бақылаудан тыс қалуы т.б.), демократиялық стильдерді (шығармашылық, бір-біріне сенімділік, жеке тұлғаға бағдарланған т.б.) атайды. Осы тұрғыдан ЖОО оқытушысының демократиялық стильді ұстанғаны мақұлданады. Әрине, бұл қасиет жас оқытушыларда үйреніп, бірте-бірте қалыптасатын қасиет. Сондай-ақ ғалым ЖОО оқытушысының бойындағы маңызды қабілеттерді көрсетеді: экспрессивті қабілет (ойын дәл, анық, әсерлі жеткізе білуі, дидактикалық қабілет (оқу үдерісін дұрыс құра білу), авторитарлық қабілеті (студенттер арасында беделге ие болуы) ғылыми-педагогикалық, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындай алуы, перцептивті қабілет (әрбір білім алушының жеке-тұлғалық қасиетін түсініп, қабылдай алуы, дұрыс бағыт-бағдар беруі), коммуникативтік қабілет (оңтайлы қарым-қатынаста болуы, құрметпен қарап, әдепті сөйлеуі), тұлғалық қабілет (педагогикалық әдебінен көрініс табады), ұйымдастырушылық қабілет (оқу-тәрбие үрдісіне байланысты әрекеттерді анық, айқын өткізе алу, мажорлық қабілет (көтеріңкі көңіл- күй, оптимизм, әзілдей білу т.б.), психомоторлы қабілеті (қозғалыс, қимыл дағдылар), зейінін шоғырландыра алу қабілеті (зейінін аударта білу тетіктерін білуі), гностикалық қабілет (ұжымның хал-ахуалына талдау жасай білу, анықтау, конструктивті қабілет (жоспарлау, болжау, анықтаудың тиімді әдістерін білу) [75, 123-126].

Сонымен, ЖОО оқытушының педагогикалық әрекетінің мазмұны білім алушыны оқытуға, тәрбиелеу, дамытумен сипатталды. ЖОО оқытушысының педагогикалық әрекетінің ерекшелігі – екіжақтылығы, яғни оның студентпен қарым-қатынас орнатуы.

ЖОО оқытушысының маман даярлау әрекетінің кәсіби әдістемелік бағыттылығы. Педагогикалық ЖОО-да жалпы білім беретін орта мектептерге мұғалім даярлайды. Біздің жағдайымызда жоғары білікті қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерін, филологтарды даярлауда оқу материалдарының болашақ кәсібіне байланыстыра оқытудың әдістемелік маңызы зор. Болашақ мұғалім орта мектепте қазіргі заманғы білім беру моделінің құрылымдық-мазмұндық, әдіснамалық қырларын білуі қажет. Осы тұрғысынан оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ, оған қойылатын заманауи талаптарды меңгерту маңызды. Мұнда оқытушы мектептегі әрбір сабақтың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мақсатының айқындылығы, өткен мен жаңа оқу материалының сабақтастығының сақталуы, оқу материалының функционалдық сипат алуы, яғни оқушы өмірімен тығыз байланыстылығы; пәнаралық байланыс, жағымды мотивация

тудыру, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану тәрізді маңызды мәселелерді үйретеді. Сондай-ақ сабақта пікірсайыс, ми шабуылы, эвристикалық немесе “Сократ” әдісі, дөңгелек үстел, іскерлік, рөлдік ойындар (симуляция), дыбыстық-бейнежазба материалдарын қолдану, мультимедиа, тренинг, т.б. интербелсенді оқытуға негізделген білім беру технологиясын қолдану жолдарын, мектеп оқулықтарымен жұмыс істеу әдістемесін меңгертеді. Мектептегі оқытудың негізгі формасы сабақтың сапасын арттыруда оның түрлерін анықтау да маңызды. Осы тұрғысынан ЖОО оқытушысының мектеп дидактикасындағы сабақтың жіктелуіне баса маңыз беруі тиіс. Осымен байланысты педагогикалық зерттеулерде бірізді пікір қалыптаспағанын атап өтуге болады. Ж.Ә.Әбиев т.б. «Педагогика» атты оқу құралында И.Н.Казанцев, С.В.Иванова, Б.И.Есипов еңбектеріндегі сабақ жіктелімі бойынша талдай келе, сабақтың мақсаты мен құрылымына қарай мына түрлерін көрсетеді және әрбір сабақтың құрылымын баяндайды [76].

- кіріспе сабағы;
- жаңа білімді хабарлау сабағы;
- білімді, білікті және дағдыны бекіту сабағы;
- жаттығу және тәжірибе сабақтары;
- зертханалық сабақ;
- қайталау-қорыту сабағы;
- оқушылардың білімдерін, біліктіліктері мен дағдыларын тексеру және бақылау сабағы;
- аралас сабақ;
- өздігінен білім алу сабағы.

Осылардың ішіндегі **аралас сабақ** – мектеп тәжірибесінде жиі қолданылатын сабақ түрі екендігін атай отырып, мұғалімнің оқу ісін ұйымдастыруында және оқушылардың оқу материалын жете түсінуіне өте қолайлы екендігін айтады.

С.Б.Бабаев, Ж.К.Оңалбек «Жалпы педагогика» атты оқу құралында *дидактикалық мақсаттарға байланысты сабақ типтерін төмендегідей жіктейді: [77, 110-115] жаңа білім материалын хабарлау;*

- білімді бекіту;
- ептіліктер мен дағдыларды қалыптастырып, бекіту;
- қорытындылау;
- білім, ептілік және дағдыларды тексеру (бақылау) сабағы.

Оқу дәрістерін өткізу тәсілі бойынша сабақ типтері:

- оқу саяхаттары;
- кино-теле-сабақтар;
- өзіндік жұмыс сабақтары және т.б.

Дәріс бірліктерінің басымдылығын негізге алған арнайы сабақ типтері:

- жаңа материалды игеру;
- бекіту;
- қайталау;
- білімді бақылау, тексеру [77, 110-115].

Авторлар сабақ типтерінің мақсаттары мен жұмыс түрлері бір сабақта тоғысатын болса, ондай сабақты *аралас сабақ* деп атайтындығын баяндайды. Сонымен қатар «Педагогика» атты оқулықта сабақ түрлерін төмендегідей топтайды: *жаңа материалды меңгеру сабағы, іскерлік, дағдылар мен құзыреттіліктерді қалыптастыру сабағы, қорыту және жүйелеу сабағы, аралас сабақ*. Мұнда да аралас сабағына басымдық беріледі: «Аралас сабақтың тиімділігі мен нәтижелі болуы оның құрылымын тәуелді емес, сабақтың мақсатының дұрыс қойылуына, мұғалімнің оқушыларға түсіндіре білуіне байланысты», - делінген [78,195].

Аралас сабақтың артықшылықтары – барлық сабақ түрлерінің элементтерінің аралас келуі. Мұндай сабақ түріндегі маңызы ерекшеліктердің бірі – сабақ кезеңдерінің ауысып отыруы. Осымен байланысты отандық белгілі дидактиктердің бірі Р.Г.Лемберг өзінің «Дидактикалық очерктер» еңбегінде жаңа материалды сабақтың басында, яғни оқушылардың шаршамай, зейіннің жоғары, танымдық белсенділіктерінің жоғары кезінде өткізген тиімді екендігін ұсынады [79]. Бұл – дұрыс тұжырым, себебі үй тапсырмасын сұрауға уақытты мол кетіріп, жаңа материалды игеруге аз уақыт қалып, жаңа білім игерілмей қалу қаупі болады.

Сабақты маңызды элементтерінің бірі – оқушылардың *білімін бақылау, тексеру, бағалау*. Қазіргі кезеңде мектеп тәжірибесіне бағалаудың критериалды жүйесі енгізілді және тиімділігі дәлелденуде. Бағалаудың қалыптастырушы және жиынтық түрі бар. Қалыптастырушы бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерінің дамуына ықпал ететін сабақ барысындағы үздіксіз жүргізілетін үдерісі, негізгі буындарының бірі. Қалыптастырушы бағалау күнделікті сабақта жүзе асады. Ол оқу жетістіктерін өзі және мұғалімнің бақылау жасауына, даму бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалаудың атқаратын дидактикалық қызметінің маңызы ерекше: ынталандырушы, қалыптастырушы және уәждемелік. Мұнда бағалау, оқу білім сапасын арттыруда бірін бірі толықтырып отырады. Бағалаудың сабақтағы жүзеге асуы ұсынылған құралымызда нақты мысалдармен көрсетіледі.

Сабақта оқытудың *жеке, жұптық, топтық, ұжымдық* танымдық әрекеттері өзара әрекет бір-бірін толықтыра жүргізіледі.

Жеке жұмыс оқушыларды өз бетінше жұмыс жасауға үйреніп, қызығушылық танытуына, оқу материалын игеруге ынта-ықыласын арттыруға, өз бетінше ой қорытып, өзіндік шешім шығара білуге үйретеді, білімін тереңдетеді. Жеке жұмыс жасауда үлестіріме кеспе қағаздарындағы тапсырмалар беріледі, оқулықпен жұмыс жасалады, эссе, шығарма жазу, пікір жазу, сызбалар, металды карта жасау, концептуалдық кесте сызу жүзеге асырылады. Ғалымдар оқушы белсенділігін қарапайым белсенділік мен күрделі белсенділік деп топтайды. Қарапайым белсенділікке: қайталауға репродуктивті деңгейдегі тапсырмаларды орындаудағы әрекет, ал күрделіге шығармашылық тапсырмалар орындаудағы белсенділікті жатқызады. Сонымен қатар П.И.Пидкасистый редакциялығымен жарық көрген «Педагогика» атты оқулықта мұның кемшін тұстары да көрсетіледі:

«Оқушылардың дербестігін тәрбиелеу, ұйымдастыруға, көздеген мақсатына ұмтылу кезінде баланың басқалармен қарым-қатынасы шектеледі, өзінің ойын басқалармен бөлісе алмайды, ұжымдық жұмыстарға қатыса алмайды» [7, 200]. Оқу үдерісінде бұл мәселе де ескерілуі тиіс.

Топтық жұмыс – оқушылардың белсенді түрде, топта командалық ынтымақтастық негізде жұмыс жасауына көмектеседі. Бір топшада 5-6 немесе 3-4 оқушы болып бірігіп, жұмыс жасайды. Ортақ бір тапсырманы бірлесе отырып өзара әрекетте орындайды. Бұл әдіс оқушылардың, жас жеткіншектердің сыни тұрғыдан ойлауын дамытады. Топтық стратегия бүгінде сабақ жүйесінде жиі қолданылатын оқытудың формасы болып табылады. Сондай-ақ топтық әдістің де осал тұстары ескерілуі тиіс. Мұны оқулықта: «Топтық формаға тиесілі бірнеше кемшіліктер де бар. Олардың ішіндегі ең негізгілері: топтар құрудағы және олардағы жұмыстарды ұйымдастырудағы қиындық, топтардағы оқушылар қиын материалды өз бетімен талдауда қиындықтарға ұшырап, кей-кезде уақыттарын да үнемдей алмаулары мүмкін. Нәтижесінде, нашар оқитындар материалды күшпен игереді, ал жақсы оқитындар күрделі, жеке тапсырмалар орындауды талап етеді. Сондықтан да топтық форманы даралық формамен, жаппай формамен толықтырғанда ғана жақсы нәтижелер алуға болады. Оқытудың осы екі формасының үйлесімділігі, осы екеуінен оңтайлысын таңдап алу мұғалімнің оқу-тәрбие міндеттеріне, оқу пәніне, мазмұнының ерекшелігіне, оның көлемі мен күрделілігіне, сыныбы мен жеке оқушылардың ерекшеліктеріне, олардың оқу мүмкіндіктері деңгейлеріне, мұғалім мен оқушының қарым-қатынастары

стиліне, сенімділік орнаған сыныптан, бір-біріне көмек беруге үнемі дайын болуына байланысты», - деп көрсетеді [7, 202].

Ұжымдық немесе жаппай түрі – бүкіл сыныптағы оқушылардың ортақ жұмылдырла істейтін түрі. Оқушылардың барлығы бір бағытта ортақ тапсырма төңірегінде жұмыс жасайды. Оқытудың бұл түрінде оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы, ынтымақтастығы жақсарады, оқушының өзіне, достарына сенімі артады, ойларымен, жаңа өзіндік

пікірлерімен басқалармен бөліседі, өзара, өзіндік пікірлерін түзетіп, бір-бірінің білімін толықтыруға көмектеседі.

ЖОО оқытушысының болашақ тіл мамандарын даярлауда оларды **жаңа кәсіби-әдістемелік бағыттағы еңбектермен** таныстырып отыруы білікті мұғалім болып қалыптасуы үшін дағдыларды меңгеруіне көп көмегін тигізеді. Осы турасында мына еңбектермен (2013 жылдан бүгінге дейінгі Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялар) таныстырудың маңызы зор. Олар:

А.Рахимова. Адамның интеллектуалдық сипатының концептуалдануы (педагогикалық аспект, 2013), И. Султаниязова. Қазақ тіліндегі қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің лингвостилистикалық қызметі: теориялық және әдістемелік аспектілер (2015), М. Нұрбек. Қазіргі қазақ және өзбек тілдеріндегі мәдени-тұрмыстық лексиканы меңгертудің теориялық және әдістемелік негіздері (2015), С.Садуакасова. Медиамәтіндегі саяси метафоралар: әлеуметтік-лингвистикалық, педагогикалық аспектілері (2015),

М.Иманқұлова. Қазақ тілі біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдістемелік негіздері (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері бойынша, 2016), Ж.Беласарова. М.Томанов еңбектеріндегі қазақ тілі тарихи грамматикасының теориялық мәселелер және оқыту жолдары (2016), А.Мыңбаева. Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру (ЖОО-дан кейінгі білім беру жүйесінде (2016), Қ.Алдашева. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: кодификация үдерістері және олардың лингводидактикалық негіздері (2016), Г. Мұхамеджанова. Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты және оларды оқыту әдістемесі (2016), Г.Чукенаева. Лингвэкологияны экологияны жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесі (2018), А.Мейірбеков. Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан оқыту (2018), А.Ермекбаева. Бейіндік мектеп оқушыларының оқу мотивтерін қалыптастыру арқылы сөз әдебін меңгертудің әдістемесі (2018), Ж.Дуйсебекова. Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі (2019), Б.Карбозова. Қазақ тіліндегі омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын ЖОО-да оқытудың әдістемесі (2019), Г.Нұрманова. Қазақ тілін оқытуда филолог-студенттердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (2022), Н.Бекеева. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың әдістемесі (2022), Ә.Бөгенбаева. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (10-11-сынып, 2023), А.Назарбекова. Жалпы білім беретін мектептерде этномәдени бірліктерді оқыту әдістемесі (8-9 сыныптар бойынша (2023), Г.Кожаметова. Оқушыларға сөйлеу типтерін меңгерту әдістемесі (8-9 сынып, 2023).

Жоғары мектеп оқытушысының қатысымдық дағдылары.

Қазіргі жаһандану кезеңінде әлемде, өркениетті мемлекеттерде адам капиталын дамытуға үлкен мән беріліп отыр, себебі адам капиталы әр елдің экономикалық, саяси-әлеуметтік дамуының қозғаушы күші болып табылады. Ал адам капиталын дамытудың негізі – білімде. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесінде ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басы қарқынды реформалар, яғни қайта құру кезеңі болды. Оның басты мақсаты – білім беруді дамытудың ұлттық моделін, ұлттық үлгісін құру. Сондай-ақ инновациялық дамуымызға бейім білім мазмұны анықтау болды. Мемлекеттің ішкі дамуы білім беру жүйесімен, мамандардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады, демек, адам капиталының сапасын арттыру – білім беру жүйесінің басты бағыты болмақ. Осымен байланысты елімізде білім беру мазмұнын жаңартуға байланысты жасалып жатқан жаңа қадамдар – қазіргі заман талаптарынан туындаған міндеттер.

ХХІ ғасырға тән кең ауқымды немесе универсал дағдылардың мазмұнында функционалдық сауаттылықтың бір құрамдас бөлігі **қатысымдық дағды** да бар. Функционалдық сауаттылықтың басты көрсеткіші ретінде коммуникация, яғни қатысымға басымдық берілген. Бұл біз қозғап отырған мәселенің, яғни кәсіби қарым-қатынас мәдениетінің адам өміріндегі маңыздылығын, өзектілігін көрсетеді. Өмір сүрудің алғышарттары

негізіндегі дағдылар ретінде, ең алдымен, қатысымдық білік алға шығады. Осы тұрғысынан қоғамда білім беру рөлінің артуына байланысты адамның өмір сүруін жаһандық деңгейде бәсекелестік, жарыс түрінде емес, ынтымақтастық арқылы ұйымдастыру өте маңызды. Бұл мәселенің басты шешімі – тиімді қарым-қатынас мәдениеті. XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы «Білім жарысы» атты Нобель сыйлығы және білімнің маңыздылығы туралы жазған мақаласында «Білім түрлі болады және білімнің әр түрін бірдей жақсы білетін адамдар аз», – деген еді. Осы білімнің бір түрі – тілдік білім, тілдік құзыреттілік мәселесі. Құзыреттілік – адамның белігілі бір әрекетті орындай білу қабілетінің болуы. Ал тілдік құзыреттілік тілдің заңдылықтарын білу, дұрыс қолдану нормаларын білу қабілеті. Білім беру жүйесіндегі мамандардың, оқытушылардың тілдік білімі, оны жетілдіру арқылы кәсіби сөйлеуін дамытудың өзекті мәселелері көп. Еліміздің білім беру жүйесін, сондай-ақ тілдерді, оның ішінде, мемлекеттік тілімізді дамытуға байланысты стратегиялық құжаттарында тіл, оны оқытып-үйретудің өзекті мәселелері, білім беру жүйесіндегі мамандардың, оның ішінде, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру мәселелері және шешу жолдары нақты көрсетілген. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған жаңа тұжырымдамасы» бекітілді. Осы құжатта қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің біліктілігін арттыру жүйесін жақсартуға, мұғалімдердің пәндік құзыреттеріне және білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістемесіне баса назар аударылған. Сондай-ақ жұмыс берушілердің қатысуымен қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау жөніндегі инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу жұмыстарына басымдық берілген. Мектеп – колледж – жоғары оқу орындары тәрізді қызмет көрсету сатылары бойынша мемлекеттік тілді оқытудың деңгейлерін айқындау, үздіксіз білім беру міндеттері көрсетілген. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің пән бойынша кәсіби біліктілігін дамыту, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын немесе тілдік құзыреттілігін қалыптастыру, алған теориялық білімдерін шынайы өмірде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру мәселелері қойылған. Сонымен қатар білім сатылары бойынша мемлекеттік тілді сабақтастық негізде үздіксіз оқыту қағидаттарын алға тартады Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қазақ тілді мамандар даярлауды жетілдіруді, лингвистикалық бейіндегі қазақтілді мамандарды даярлаудың оқу-әдістемелік кешендерін жаңарту қажеттігі айтылған. Осындай маңызды міндеттерді тиімді жүзеге асыру үшін алдымен жоғары оқу орындарында тіл мамандарын даярлау сапасын арттыру және қазіргі білім беру жүйесінде мектептерде еңбек етіп жүрген мұғалімдердің кәсіби сөйлеу мәдениетін арттыру, олардың кәсіби сөйлеу құзыреттіліктерін арттыру өзекті мәселе болып отыр. Кәсіби сөйлеу тіл мәдениетімен тығыз байланысты. Тіл білімінде және оны оқыту әдістемесінде тіл мәдениетінің нормалары, тіл заңдылықтарының сақталуы, кәсіби сөйлеудегі мамандыққа қатысты арнайы тілдік және қатысымдық бірліктердің арақатынасы, сонымен қатар тіл дамытудың тілдің барлық салаларына қатысы

тәрізді мәселелердің лингвистикалық негіздері тұжырымдалған, яғни бұл мәселелер әдіснамалық, әдістемелік жағынан ғылыми негізделген. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, қарым-қатынас мәдениетінің жоғары болуы – ең алдымен оның қоғамдағы орнын анықтайды және кәсіби тұрғыдан беделін анықтайтын басты қағидат және ЖОО оқытушысының мұның маңызды жақтарын білуі қажет. Білім беру саласында мамандық тілінде сауатты сөйлеу – мұғалімнің табысты болуына, қызметін тиімді атқаруына мүмкіндік беретін басты қасиет. Қарым-қатынас мәдениетінің құрамдық компоненттерін сөз мәдениеті, мінез-құлық мәдениеті және сыртқы келбет мәдениеті құрайды. Қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуында ең алдымен осы сөз мәдениетінің маңызы ерекше. А.Байтұрсынұлы: “Сөз дұрыстығы жөнінде былай деп тұжырымдайды: сөздің дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Олай болу үшін сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну; Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру; Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру керек», – дейді.

Сөйлеу мәдениетінде қалыптасқан тілдік нормаларға, этикалық нормаларға, тілдің қатысымдық нормаларына баса мән беруіміз керек. Мұндағы тілдік норма дегеніміз – орфоэпиялық, яғни дұрыс дыбысталу, орфографиялық – дұрыс жазу және лексикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік нормалар. Этикалық норма ұлттық дәстүрге негізделген тілдесу үлгілерін негізге алу, (амандасу, қоштасу, танысу, құттықтау, тілек айту, бата беру, т.б. Қатысымдық нормаларға қарым-қатынастың, тілдің жұмсалымдық функционалдық ерекшеліктеріне тән сөйлеуді айтамыз. Бұл жөнінде академик Р. Сыздық, профессор Н. Уәлиевтің басқа да бірқатар ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттеліп-зерделенген.

Жалпы, сөйлеуді сыртқы, ішкі деп бөлетін болсақ, сыртқы сөйлеудің 2 түрі бар: ауызша сөйлеу және жазбаша сөйлеу түрі. Ауызша сөйлеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Мұнда айта кететін маңызды жайттардың бірі, кейбір зерттеушілер ауызша сөйлеудің өзін ресми ауызша және тұрмыстық ауызша сөйлеу деп бөліп те қарастырады. Бұл – дұрыс. Себебі ауызша сөйлеуді біржақты түсінушілік те бар, яғни ауызекі сөйлеу деген ұғымда. Ал мұндағы ресми деп отырғанымыз, ресми ауызша сөйлеу кәсіби тілде сөйлеу деген мағынада түсінілуі керек. Ресми ауызша сөйлеудің бір ерекшелігі жазбаша тілге жақын, оған ұқсас болады. Ғалымдар ауызша кәсіби сөйлеуді жанрлық тұрғыдан бөліп көрсетеді: дәріс оқу, баяндама жасау, түсіндіру, баяндау, жарыссөзге қатысу, пікірталастыру, әріптестермен қарым-қатынасқа түсу, жиналыстар өткізу, сұрақтарға жауап беру, әңгімелеу, есеп беру, сараптамалық баға беру, тағы толып жатқан кәсіби жағдаяттарды жалғастыра беруге болады. Осының барлығы кәсіби тілді меңгерудің жолдарын білуді талап етеді, оның құрылымдық-мазмұндық моделін, яғни үлгісін меңгеруді қажет етеді. Ауызша сөйлеу тілі барлық салада кеңінен қолданылады, бірақ мақсаты мен тілдік құралдарды қолданылуы жағынан біртекті болмайды. Сондықтан кәсіби тілдің

ауызша түрінде оның формасына, түріне, стиліне назар аударылу керек. Осы тұрғысынан мамандар қазақ тіл білімінде ауызекі сөйлеу тілінің грамматикалық ерекшеліктеріне арналған еңбектермен таныс болу керек. Мәселен, Р. Сыздықтың қазақ әдеби тілінің ауызша түрі, Р.Әміровтің ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері, М. Серғалиевтің сөйлеу тілінің эмоционалды-экспрессивті лексикасы, Ф. Оразбаеваның тілдік қатынас теориясы және әдістемесі, З. Ерназарованың қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері жөніндегі еңбектерімен мұғалімдер таныс болуы керек.

Педагогикалық оқу үрдісінде ұстанатын негізгі стиль – ынтымақтастық қарым-қатынас стилі. Қазіргі демократиялық қоғамда осыған басымдық береміз. Бұл адам тұлғасын дамытуға бағытталған. Бұны демократиялық стиль деп те атауымызға болады. Педагогикалық еңбектерде оқытушының оқу үрдісін басқару стильдеріне авторитарлық стиль, анархиялық, және демократиялық стильдерді атап көрсетеді. Авторитарлық оқу үрдісінде, негізінен, оқытушының үстемдік етуімен, студенттің оқу белсенділігінің төмендігімен, субъективті, біржақты пікірдің басым болуымен, оқудың жағымсыз мотивациясының, уәжінің жоғарылығымен ерекшеленеді. Оқу үрдісін анархиялық стильмен басқаруда оқытушының немқұрайлығы басым, оқушы белсенді емес, ол бақылаудан тыс қалады, дұрыс басқарылмайды. Ал демократиялық стиль білімгердің шығармашылығын дамытуға, жеке тұлғаны дамытуға бағдарланған. Осы тұрғысынан оқытушылардың демократиялық стильді ұстанғаны жөн. Демократиялық стильді ұстанған оқытушының болашақ маманның сөз мәдениетін қалыптастырудағы қолданатын әдістері де жаңа және тиімді. Олар, негізінен, пікірталас, дебаттарға, ойталқылары мен іскери, рөлдік, дидактикалық ойындарға, қоғамның әртүрлі өзекті мәселелеріне арналаған әлеуметтік тренингтерге құрылады. Бұлар – білімгерлердің сөйлеу тілін, ақыл-ойын, танымдық белсенділіктерін арттыратын инновациялық әдістер.

Адам капиталының дамуына үлкен мән беріліп отырған қазіргі жаһандану жағдайда жоғарыда атап көрсеткеніміздей, адам капиталы – қоғамның дамуының қозғаушы күші. Адамның бәсекеге қабілеттілігін арттыруда білімнің, соның ішінде, лингвистикалық тілдік білімінің маңызы артып отыр. ХХІ ғасыр адамына тән игеруге тиісті дағдылардың да алдыңғы қатарында қатысымдық құзыреттілік, қатысымдық дағды болып отыр. Сондықтан маманның табысты болуының көзі кәсіби шеберлігімен біртұтас жүретін кәсіби сөйлеу мәдениетінде деп тұжырымдауымызға болады.

Қорыта айтқанда, педагогикалық ЖОО-дағы оқу үдерісінің басты ерекшелігі – болашақ мұғалімдерді даярлау болғандықтан, білім беру мазмұнының болашақ мамандығына сәйкестендіріп құрылуының әдістемелік жүйені меңгеруде маңызы зор.

Қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа үрдісі – ғылыми білімді жеткізуші ғана емес, ғылым ақпаратта қабылдауға бейімделуге үйрету, оның тиімді әдіс-тәсілдерін игерту. Осы тұрғыдан студентпен тең дәрежедегі субъект-субъектілік қарым-қатынас түрі оның шығармашылық қабілетін ашуға

көмектеседі, ал оқытушының әрекеті студенттің шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталады. Дәріс оқуда, кеңес беруде, өздік жұмыстарын орындауда студенттің өмірлік құндылықтарын қалыптастыруға, оның мәдениеті мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ету қажет. Сондықтан оқытушы тәрбие аспектісін де өзінің басты міндеті ретінде қарастыруы тиіс.

И. Миронова ЖОО оқытушысының инновациялық әлеуетінің құрылымы мен мазмұнын төмендегідей көрсетеді: мотивациялық (қызығушылығы, қажеттілігі, мотиві), когнитивтік инновациялық білімі, инновацияны қабылдаушылығы, креативтілігі), субъекті-әрекеттік (инновациялық стиль, инновациялық тәжірибе, инновациялық жинақылық, рефлексивтік (өзін-өзі бағалаушылық, өзін өзі дамытушылық, өзін-өзі түзетушілік. Осының негізінде ол оқытушының инициативтілік әлеуетінің құрылымдық компоненттерін көрсетеді: мотивациялық-мақсаттық компонент (қызығушылығы, мақсаттылығы), инициативтілік, когнитивтілік компонент (өзекті мәселені көруі, ашықтық), рефлексивтік (өзіне сын көзбен қарау, жауапкершілік) [80, 34].

ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігінің мазмұнын құрайтындардың бірі – коммуникативтік құзыреттілік. «Коммуникативті құзыреттерге мыналар жатады:

- студенттік дәрісханада ауызша және вербалды емес құралдарды қолдана отырып сөйлеу;
- студенттермен әңгіме немесе пікірталас жүргізе білу;
- әріптес ретінде қарым-қатынаста адамды жан-жақты қабылдау, түсіне білу;
- өзара бірлескен әрекетте тұлғаның өзіне сенімін ұялату;
- кикілжің, түсінбеушілікті алдын ала болжау және болдырмау жолдарын білу;
- әріптес немесе студентті өзара әрекетті сыпай түрде дұрыс бағытта сынап білу қабілетінің болуы;
- өзара сынды қабылдау және кәсіби әрекетінде оны ескеру [81, 62].

Оқытушының кәсіби құзыреттілігіне өз пәнін, ғылым саласын жетік білуі, әдістемелік мәдениеті ретінде оқыту әдістерін, оқытуды тиімді ұйымдастыру жолдары мен бағалау, оқу бағдарламаларын құрастыру, оқу құралдарын таңдау, ғылым жұмыстарына жетекшілік ету, ғылыми әрекетінің мәдениеті ретінде логикалық ойлау, ғылыми жұмыстарды талдау, зерттеп-зерделеу әдістерін білуі, ғылыми зерттеу нәтижелерін мақала монография, патент т.б. ғылыми жобалар түрінде көрсете білуі, ақпараттық мәдениеті ретінде ақпаратты таңдау, өңдеу, жинақтау ақпараттық-технологияларды білу, білімді бақылаудың автоматтандырылған түрлерін автоматты бақылау, бағалау әдістерін білуі қабілеттері жатады. Тәрбие жұмыстарын жүргізу мәдениеті ретінде тәрбиелеу әдістерін, оның мақсаттары мен міндеттерін білу, топтағы көшбасы, белсенділерді танып, олардың өзін өзі дамыту, тәрбие жұмысына ұйымдастыра білу, өзінің бойындағы жақсы қасиеттеріме ықпал ете білуі, сөз

бен іс арасындағы байланысты орнарту жатса, сөйлеу мәдениеті ретінде лингвистикалық дағды, іскерліктерінің болуы, әртүрлі пікірталастарға қатысу және тиімді ұйымдастыру, сауаттылығы, мәнерлеп сөйлеу, жақсы дикцияның болуы, және саяси мәдениеті ретінде: әлемде, еліндегі саяси ахуалды білу, талдай білуі, өзіндік белсенгі ұстанымының болуы, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіну секілді қасиеттерді игеру қажеттігі шарт [82, 15-20].

Қорыта айтқанда, ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігі студенттің келешекте қоғамның әлеуметтік-экономикалық өзгерістеріне сай әрекет ете алатын білікті маман болып қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Осы тұрғыдан, оқытушының кәсіби біліктілігі - жоғары білім беру жүйесінде өз саласында табысты болуының алғышарттары негізінде қарастырылады.

2 ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

2.1. Жоғары мектепте оқытудың инновациялық әдістері

Жоғары мектепте болашақ маман даярлау ісін жетілдіру тұрғысында оның педагогикалық-психологиялық мәселелері жөнінде ғалымдар Ю.К.Бабанский, Б.А.Бенедиктов, В.В.Краевский, В.А.Крутецкий, Н.В.Кузьмина, В.М.Монахов, Ж.Қараев, А.Бейсенбаева, Л.Ф.Спирин, А.Әбілқасымова, Н.Д.Хмель, В.А.Сластенин, Т.Сабилов, И.Ф.Харламов т.б., еңбектерінде жан-жақты қамтылған. Сондай-ақ жоғары білім теориясы мен практикасын арнайы зерттеген С.И.Архангельский, В.И.Загвязинский, Л.И.Гриценко, Л.Д.Кудрявцев, В.С.Леднев, В.Чернилевский, Ф.Оразбаева, Қ.Қадашева, Р.Шаханова, Е.Жұматева, Ж.Дәулетбекова, Ә.С.Әлметова, К.Жақсылықова, А.Қыдыршаев, Б.Жахина, Н.Құрман, З.Б.Бейсембаева, Ж.Балтабаева, Н.Оразахынова, Ж.Сүлейменова, Р.Рахметова, Ш.Құрманбаева, А.Сатбекова, Н.Бекеева, т.б. еңбектерін атап айтуға болады.

XX ғасырдың 1960 жылдарының аяғы мен 1970 жылдардың басына дейін оқытудың түсіндірмелі-иллюстративті түрі практикада кең орын алып келгені белгілі. 1960 жылдардан бастап дидактика ілімінде жаңа бағыттар пайда болды. Олар, негізінен, оқыту ісін жандандыру (активтендіру) теориясы (М.Н.Скаткин, М.А.Данилов, И.Огородников); төменгі сынып оқушыларын қиындатыла түскен дәрежеде оқыту теориясы (Л.В.Занков); ақыл-ой әрекетін кезеңге бөліп немесе сатылай қалыптастыру (П.Я.Гальперин т.б.); рухани қажеттілік негізінде оқыту (Ю.В.Шаров), танымдық ынта (Г.И.Щукин), бағдарламаланған (Беспалько, Н.Ф.Талызина); мәселелік (проблемді) оқыту (А.М.Матюшкин, Т.В.Кудрявцев, М.И.Махмутов, М.Я.Лернер т.б.), ірілендіріп оқыту (П.М.Эрдниев), деңгейлеп саралап оқыту (Ж.Қараев), қашықтан оқыту (Г.Қ.Нұрғалиева, Д.М.Жүсіпәлиева т.б.), қатысымдық негізде оқыту (Ф.Оразбаева), жаңаша жаңғырта оқыту (Қ.Қадашева) модульмен оқыту (М.Жанпейісова, К.Жақсылықова, З.Бейсембаева т.б.), теориялық ойлау негізінде дамыта оқыту (Н.Құрман т.б.), сатылай кешенді талдау технологиясын қолдану (Н.Оразахынова), оқытудың белсенді әдістері негізінде оқыту (Ж.Сүлейменова), жобалау технологиясын қолдана оқыту (А.Сатбекова), т.б.

Зерттеушілердің пайымдауынша, оқытудың озық жаңаша әдіс-тәсілдерін қолдану білім сапасын жоғары деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Өткен ғасырдың 50-жылдары техникалық оқу құралдарын қолданумен, бағдарламалық оқытумен байланысты білім беру жүйесіне педагогикалық технологияға ене бастады. Жалпы алғанда, зерттеулерде *оқыту технологиясы*, *білім беру технологиясы*, *педагогикалық технология* тәрізді терминдер жарыса қолданылады.

Қ. Шалғынбаева, т.б. «Жоғары мектеп педагогикасы» атты оқу құралында *педагогикалық технология* ұғымының алғаш 1920 жылдары педагогика және рефлексология бағытындағы еңбектерде (И.П. Павлов, В.М.Бехетерев, С.Г.Шацкий) кездесетінін туралы айтылған [17, 160].

Алғашқы кезеңде педагогикалық технологияның оқу үдерісіне енуі – техникалық оқу құралдарына байланысты болса, кейін оқу үдерісінің өзін технологияландыруға байланысты өзгерді.

Педагогикалық технологияның оқу үдерісіне енуі білімді толық меңгеру теориясымен байланысты. Аталған теория 1956 жылы Бенджамин Блум бастаған ғалымдар тобымен құрылған болатын. Оның төрт басты қағидатқа сүйенгені туралы И.В. Плаксинаның «Инновациялық педагогикалық технология» атты еңбегінде көрсетілген: [83, 49].

- практикалық бағыттылығы (ол модельдеудің жалпы теориясын көрсетеді, сонымен қатар мұғалімнің тиімді құралы болып табылады);
- психологиялық негіздемесі (психология ғылымының заманауи жетістіктеріне сүйенеді);
- логикалық бірізділігі;
- жүйелі құрылуы;

Осымен байланысты Б.Блум таксономиясының білімді толық игерудің 6 деңгейінен тұратыны туралы көптеген зерттеу еңбектері бар. Олар: білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау.

А. Бұзаубақова оқу үдерісінде педагогикалық технология ұғымының енуінің кезеңдерін көптеген ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, шартты түрде былай көрсетеді:

1-кезең (1940-1950) – техникалық құралдар мен аудио-бейне құралдардың пайда бола бастауы, яғни педагогикалық технология ұғымының оқытудың технологиялық құралы ретінде қарастырылуы;

2-кезең (1950-1960) – технологиялық бағыттың пайда болуы, «нәтижеге кепілдік беретін педагогикалық үдерістің әдіс-тәсілдер жиынтығын сипаттайтын» технологияның өмірге келуі;

3-кезең (1970-1980) – жүйелік бағыт негізінде педагогикалық технологияны құрумен байланысты: білім беру саласындағы көкейкесті дидактикалық мәселелерді шешуге бағытталған педагогикалық технологиялардың енуі;

4-кезең (1990-2000) – «педагогикалық технология» ұғымы эволюциясында тұтастай алғанда, педагогикалық үдерістің технологиялық аспектілерін қарастырумен сипатталуы;

5-кезең (2000 жылдардан бастап-қазіргі кезеңге дейінгі аралық) – «педагогикалық технология» ұғымына «жаңа» сөзі қосылып, «инновациялық педагогикалық технология» термині педагогика ғылымына енгізілді. Бұл кезең білім беру саласында жаңа парадигманың енгізілуіне байланысты оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық технологияны жаңа бағытта жаңаша қолдануымен ерекшеленеді [84, 69].

Жалпы алғанда, педагогикалық технология ұғымының оны техникалық оқу құралдары деп түсінуден бастап қазіргі кезеңдегі ақпараттық-коммуникациялық технологияның заманына дейінгі даму тарихында зерттеулер де, ғылыми пікірлер де аз емес.

Педагогикалық технологияға берілген анықтамалар сан алуан. Осы турасында оның 300-ден астам анықтамасы бар екендігі айтылады.

Педагогикалық технология жөнінде кеңінен зерттеулер жүргізген ғалымдардан М.В.Кларин, В.А. Сластенин, П.И.Пидкасистый, Ш.Т.Таубаева, М.М.Жанпейісова, Ж.А.Қараев, Бұзаубақова, т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Педагогикалық технологияны білім берудің мақсаты, оқу формалары мен оқу әдістері, оқу құралдарының жиынтығы ретінде А. Бұзаубақова педагогикалық технология ұғымының 3 деңгейін атап көрсетеді:

«Жалпы педагогикалық (жалпы дидактикалық) деңгей. Педагогикалық технология берілген аймақтағы, оқу орнындағы білім беру үдерісін тұтас сипаттайды. Оған оқытудың мақсаты, мазмұны, құралдары мен әдістерінің жиынтығы, тіпті үдерістегі субъектілер мен объектілердің (олардың өздерін алмағанда) іс-әрекеттерінің алгоритмі кіреді.

Жеке пәндік-әдістемелік деңгей. Бұл жерде педагогикалық технология жеке пән әдістемесі ретінде қолданылады, яғни ол бір пән, бір сынып, бір мұғалім шеңберінде оқыту мен тәрбиелеудің белгілі бір мазмұнын жүзеге асыру үшін қолданылатын әдістер мен құралдардың жиынтығы (пәндерді оқытудың әдістемесі, орнын толтыра оқытудың әдістемесі, мұғалім тәрбиеші жұмысының әдістемесі).

Элементтік модульдік деңгей. Мұнда оқу-тәрбие үдерісінің жекеленген бөлігінің технологиясы қарастырылады: жеке іс-әрекет түрлерінің технологиясы, ұғымдарды қалыптастыру технологиясы, жеке тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу технологиясы, сабақ технологиясы, жаңа білімді игеру технологиясы, өз бетімен (өздік) жұмыс технологиясы» [84, 84].

Зерттеулер көрсеткендей, педагогикалық технология ұғымына бірізді анықтама жоқ екендігін байқауға болады. Педагогикалық технологияны көбіне техникалық оқу құралдарымен немесе ақпараттық компьютерлік құрылғыларды қолданумен, оқу жобалары деп түсіндіреді.

Педагогикалық технологияны қолдануда оқытушы мен студенттің өзара қатысының сапасы өзгереді, оқу үрдісіндегі әрекет педагогикалық ынтымақтастыққа негізделеді, болашақ маманның оқу-танымдық белсенді әрекеті дамиды, кәсіби мотивация артады.

А. Кесимова «Студенттердің педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру» атты оқу-әдістемелік құралында педагогикалық технологияны мұғалім мен оқушыға ыңғайлы жағдай жасай отыра, оқу процесін жобалау, ұйымдастыру мен өткізуге арналған біріккен, жан-жақты ойластырылған педагогикалық қызметтің үлгісі» дей отыра, педагогикалық технологиялардың белгілерінен мыналарды атап көрсетеді: мазмұндылық – педагогикалық үлгі, ереже алгоритм түрінде технологиялық жүзеге асырушы педагогикалық концепциялардың болуы; тиімділік – оқу үдерісінде оқу аз уақыт ішінде кепілдендірілген нәтижеге жету; үнемділік – мұғалімнің еңбегін оптимизациялау; қайта өндіру – нәтижені жоғалтпай, кең ауқымда қайта өндіру мүмкіндігі [85, 7-8].

А. Шалғынбаева [17,162] педагогикалық технология туралы еңбектерді талдай келе, оған тән басты белгілерді көрсетеді:

– Құндылық-бағдарлық негізінде автордың немесе ұжымның мақсат-міндеттеріне сәйкес нақты күтілетін нәтижеге қол жеткізудегі нақты педагогикалық ой-пікірлер;

– Қатаң түрде қойылған мақсатқа сәйкес оқушыларға мемлекеттік білім беру стандарты деңгейін берік меңгертуге кепілдік бере алатындай педагогикалық әрекеттің технологиялық тізбегін құру;

– Әрбір оқушының жеке дара ерекшеліктеріне сәйкес оның білім беру қажеттілігін қамтамасыздандыруда оқытушы мен оқушының өзара байланысты әрекеттерін алдын ала білу;

– Оқытушылардың педагогикалық технология элементтерін кезеңдеп және жүйелі түрде меңгеруі;

– Критерий (өлшем) мен көрсеткіштерден тұратын диагностикалық процедуралар, іс-әрекет нәтижесін өлшеу жолдары.

Зерттеушінің технологияға қатысты басты тұжырымды ойы – мақсатқа сәйкес нақты күтілетін нәтижеге бағытталуы.

Қазақ тілін оқытуда жобалау технологиясын қолданудың өзекті мәселелерімен айналысқан ғалым А. Сатбекова еңбегінде педагогикалық технология – педагогтің білім мен тәрбие беру мақсатына жетудегі бірізді педагогикалық жүйенің практикада іске асырылатын, кепілді нәтиже беретін ғылыми жоба [86, 33].

Ой-тұжырымдарды қорыта келе, *педагогикалық технология* деп нақты мақсаттың нәтижеге бағытталған педагогикалық жобасы және оның басты белгілері ретінде оқыту мен тәрбие берудегі әдістер мен оқу құралдары жиынтығын, оқу үдерісін тиімді жүзеге асыратын тетігін, оқу үрдісін жобалау мен тиімді білім беру жолындағы инновациялық бағыт-бағдарды, мақсатқа сәйкес педагогикалық ынтымақтастық негізінде жүзеге асатын алдын ала нақтыланған кепілді нәтиже беруге бағытталған әдістемелік жобаны атап көрсетуге болады.

Жоғары білім беру жүйесінің инновациялық бағыт-бағдары. Қазіргі қоғамда болып жатқан экономикалық, саяси- әлеуметтік, мәдени қайта құрулар, жаһандық ақпараттық-коммуникациялық кеңістік педагогикалық үрдісті, оның мазмұнын қайта қарауды қайта қарауды қажет етеді. Болашақ филолог мамандардың заман талаптарына сәйкес өзгерістерге бейімділігі, инновацияға ену қабілеттілігі және табыстылығы – оның инновацияларды меңгеріп, кәсіби әрекетінде тиімді қолдана білу дағдыларын игеруге тікелей байланысты.

ҚР Үкіметінің «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Мемлекеттік тілді басым дамыту білім беруді әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу, оның ішінде қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқыту есебінен күшейтілетін болатын, осымен байланысты гуманитарлық пәндерді тереңдетіп оқытатын Абай атындағы мектептер, мектеп-интернаттарының желісі құрылатыны жоспарланған [1]. Мұндай типті мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне, олардың даярлығы мен кәсіби

кұзыреттілігіне жоғары талаптар қойылады. Осы тұрғысынан болашақ педагогтерді даярлауда инновациялық әрекет жасаудың маңызы ерекше.

Инновация (лат. In - в, nove - жаңа) – жаңалық, жаңа мағынасын білдіреді. «Инновация, инновациялық қызмет - озық тәжірибені қолдануға негізделген, тиімділігі мен өнімнің сапасын жоғарылатуды қамтамасыз ететін жүйе [87, 5].

Мұғалімнің өздігінен білігін жетілдіру, сондай-ақ болашақ маманның инновациялық әрекетінің өзекті мәселелері бойынша ресей ғалымдары М.В.Кларин, Г.К.Селевко, П.И.Пидкасистый, Т.И.Шамова, Ю.К.Бабанский, В.А.Сластенин, А.В.Хуторской, Д.В.Чернилевский, Н.Р.Юсуфбекова, Е.П.Гончарова, Э.Г.Скибицкий т.б.еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Ресейлік ғалымдардың анықтаған педагогтің инновациялық әрекетін қалыптастырудың құрылымдық компоненттері мен қалыптасуының мотивациялық, креативтік, технологиялық-әрекеттік, рефлексивтік деңгейлері жөніндегі эксперименттік тәжірибелері [88, 154-155], сондай-ақ педагогтің инновациялық әрекетінің құрылымын зерттеудің әдіснамалық негіздері ретіндегі аксиологиялық, рефлексивті-әрекеттік, жүйелік, әлеуметтік-психологиялық, жеке-даралық қағидаттары [89, 12], маманның кәсіби инновациялық әрекетін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері, оны тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер нәтижелеріне негіздеу, инновациялық білім қалыптастыруды когнитивтік, фреймдік, рефлексивтік, интегративтік-контекстік тұрғыдан жаңаша қарау, қашықтан оқытуда виртуалды зертханалар жұмыстарының маңыздылығы – маман даярлығына қажет [90, 88].

Әлем педагогикасындағы инновациялық дидактика мәселелеріне талдау жасап, білімді толық меңгеру моделін анықтау оқытудың жаңа технологиялық үрдісінің ғылыми ұстанымдарын анықтап, білім беру технологияларының 500-ден астам түрі талданған зерттеулер педагогикалық инновация мәселесінің маман даярлауда өзектілігін дәлелдейді.

Педагогикалық инновацияның жеке мәселелерін зерделенген қазақстандық ғалымдардан Ш.Таубаева, Г.Нұрғалиева, М.Жанпейісова, Ж.Қараев, Б.Бұзаубақова, М.Мұқаметқали, С.Н.Лактионова, В.Криворучко, К.Құдайбергенова, З.У.Имжарова, К.Карабаева, қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша жоғары мектепте маман даярлауда Ф.Ш.Оразбаева Қ.Қадашева, К.Жақсылықова, Р.Шаханова, А.Қыдыршаев, З.Б.Бейсембаева, А.Сатбекова, Ш.Құрманбаева Ж.Сүлейменова, мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша С.Р.Рахметова, Ж.Дәулетбекова, Н.Құрманова, Н.Оразақынова, Р.Рахметова, Б. Жахина, т.б. атап өтуге болады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің еңбек табыстылығы мен өнімділігін артыру – оның инновациялық әрекетінің қалыптасуына байланысты. Мұғалімдер даярлауда инновациялық мәдениет қалыптастыру жөнінде еңбектері бар.

Ш. Т. Таубаева қоғамдық өзгерістерге бейімделу үшін білім беру жүйесінде оқытудың заманауи технологиялары тұжырымдамаларын баса мән беру кере десе [91], А.Бұзаубақова инновациялық әрекетті «педагогикалық

еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру үдерісі», - деп анықтайды [84, 68], Г.А.Мұратбаева «педагогикалық әрекеттің инновациялық бағыт-бағдарын ұстанған болашақ мұғалім мамандығының шығармашылық, ізденушілік әлеуетін жоғарылата түседі», - деп бағалайды [92, 100],

Жалпы алғанда, **инновациялық педагогикалық технологияның маңызды ерекшеліктері**: мақсаттың кепілді нәтижесі; онтайлығы; оқу құралдарының жеткілікті болуы; шығармашылық әрекет; өзара белсенді қатысымдық әрекет; педагогикалық ынтымақтастық; жобалау; білім сапасы; тұтастық; нәтижені бағалау өлшемдерінің болуы.

Инновациялық технологияны енгізу кезеңдерін А. Бекболғанова «Жаңа педагогикалық технологиялар» атты оқу құралында былай көрсетеді: былай көрсетеді:

I кезең - оқып үйрену;

II кезең - меңгеру;

III кезең - өмірге ендіру;

IV кезең – дамыту [93, 5].

Осы турасында ЖОО-да инновациялық технологияны енгізуде ең алдымен оқып-үйрену, содан соң оқу үдерісіне енгізу маңызды. Инновациялық технологияны енгізіп, оны оқу үдерісінде тиімді жүзеге асыруда басты назар аударылатын мәселелер: пән мазмұнының базалық-нормативтік құжаттарға сәйкестігі (МЖББС, үлгілік/типтік бағдарламалар, оқу жоспары, Білім беру бағдарламалары), оқу-әдістемелік кешеннің (силлабус, оқулық, оқы құралдары), әдістемелік жүйесінің (оқытудың тиімді технологиясы, оқу формалары мен оқыту әдістері, оқу құралдары) өз деңгейінде болуы маңызды.

Оқытудың инновациялық технологияларының **басты ұстанымдары** ретінде оқыту үрдісіндегі *субъектілердің ізгілік, ынтымақтастық қарым-қатынасы, тұлғаны дамыту, еркіндік, білімгерлердің мүмкіндік деңгейін ескеруді* атап көрсетуге болады.

ЖОО-да оқытушының педагогикалық әрекетін технологияландыру оның инновациялық технологиялар және оны қолдану әдістемесін туралы біліміне, оның кәсіби-әдістемелік шеберлігіне, өзінің педагогикалық әрекетіне рефлексия жасай алуына байланысты болады.

Жоғары мектепте болашақ тіл маманының даярлық сапасын арттыруда білім беру жүйесін (мақсат, мазмұн, әдіс, формалары, оқу құралдары) жаңаша құрудың маңызы зор, оның мақсаты – жоғары білікті, заман талаптарына жауап беретін маман даярлаудың жаңа әдіснамалық моделі негізінде студентті жалпытеориялық, лингвистикалық, әдістемелік біліммен қаруландыра отырып, шығармашылық ақыл-ойын жетілдіру, кәсіби біліктілігін қалыптастыру, өзіндік жетілу қабілеті мен жасампаздық оқу белсенділігін арттыру.

А. Бұзаубақова инновациялық педагог технологияларды төмендегідей топтайды:



Сурет – 6. Инновациялық педагогикалық технологиялар классификациясы [84, 95].

Педагогикалық технологиялардың осындай саналуан түрлері бар. Солардың ішінен кеңінен тараған оқыту технологияларын атап өтуге болады: *интербелсенді оқыту технологиясы, проблемді оқыту технологиясы, ойын технологиясы, модульдік, Шаталовтың тірек конспектісі, деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы, компьютерлік оқыту технологиясы, Вальдорф педагогикасы (Р.Штайнер), дамыта оқыту, жобалап оқу, сатылай кешенді талдау технологиясы, ақпараттық-коммуникациялық технология, т.б.*

Жоғары білім беру жүйесіне инновацияны енгізуде оқыту технологиясының құрылымын айқындау маңызды. Оған ғылыми

дидактикалық ұстанымдары мен оқытудың мақсатын анықтау, кепілдік беретін нәтижелерін диагностикалау тетігінің болуы, оқу материалының білім мазмұны, тиімді оқыту әдістері мен құралдарының айқындалуы жатады. ЖОО-дағы инновация – мақсатты негізде жобаланған кәсіби білім беру үдерісіне жаңа көзқарас, жаңаша кәсіби әрекет, оның басты мақсаты – болашақ маманның кәсіби-танымдық уәждемесін қалыптастыру, өз бетінше білім алуға ынтасы, қызығушылығын арттыру жеке тұлғасын жан-жақты дамыту болашақ маманның кәсіби білім сапасын арттыру, қатысымдық дағдысын қалыптастыру, өзара педагогикалық ынтымақтастыққа негізделген нәтижеге бағытталған оқу әрекеті.

Оқыту мақсаттары негізіндегі күтілетін нәтижелер өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретіндегі студент тұлғасын дамытуға бағытталады. Оқу - пәндік білім, іскерлік, дағдылар ғана емес, сондай-ақ кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталады. Кең ауқымды дағдылар – ХХІ ғасыр дағдысы деп аталып кеткен жүйе негіздерін құрайды. Атап айтқанда, тұлғаның сыни тұрғыдан ойлау қабілеті, ақпараттық, қатысымдық құзыреттілігінің қалыптасуы, ынтымақтастық негізде, әлеуметтік ортада өмір сүру бейімділігінің жоғары болуы, білімін шығармашылық негізде шынайы өмірде қолдана білу, топпен немесе жеке де жұмыс жасай білуі тәрізді дағдыларының қалыптасуы маңызды. Кең ауқымды дағдылар білімгердің оқу үдерісінде, одан кейінгі кәсіби немесе жалпы өмір сүру жағдаяттарында табысты болуының кепілі ретінде ұсынылады.

Болашақ филолог маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда инновациялық технологияны қолданудың маңызы зор. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерін даярлауда жалпы білім беретін орта мектептің құрылымы мен мазмұнындағы жаңаша дидактикалық өзгерістер ескерілуі тиіс. Технологиялар жаңаша дамыған, нарықта өзара бәсекелестік артқан заманда табысты болу үшін орта мектепте білім мазмұны қажетті білім, білік, дағдылармен, құзыреттіліктермен қамтамасыз етілуі тиіс.

Оқытудағы басты ұстанымдар құндылықтық-бағдарлық, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлық, қатысымдық, ынтымақтастық әрекеттердің жүзеге асуы білім беру үдерісі нәтижелерінің жоғары болуын, білім сапасының артуын көздейді. Жаңа білім беру бағдарламасының ерекшеліктерінің бірі – оқушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытудың жетекші қағидаты ретінде жүзеге асуына мән беру. Сондай-ақ қатысымдық-танымдық оқыту әдістерін, ақпараттық-коммуникациялық технологияны тиімді қолдану арқылы оқушылардың өз бетінше білім алып, өзін-өзі дамытып, жетілдіруіне мүмкіндіктер беру.

Инновациялық үдеріс – «білім беру үдерісінде тұрақты жаңа элементтер кіргізетін, жүйенің бірінші жағдайдан екінші жағдайға көшуіне алып баратын жаңалық, жаңадан ендірілетін әрекет» [17, 158].

Жоғарыда айтылған пайымдауларға сүйене отырып, белсенді оқыту әдістерін, олардың қолданылу ерекшеліктерін төмендегідей өрнектеп көрсетуге болады.

Оқу үдерісінің құрылымдық-мазмұндық буындары	Оқытудың инновациялық белсенді әдістер мазмұнының жалпылама сипаты
Мақсаты	Кәсіби жағымды уәж тудыру; Нәтижеге қол жеткізу; Шығармашылық белсенді тұлға қалыптастыру;
Оқытушы әрекеті	Кеңесші, ақылшы; Көмекші, ұйымдастырушы; Бақылаушы, жетекші, сыншы; Демеуші, жанашыр.
Студент әрекеті	Белсенді субъект, өзін-өзі дамыту; Шығармашыл, жасампаз тұлға, әрекет субъектісі; Өзін-өзі басқару.
Өзара әрекет	Ізгілік; Ынтымақтастық; Өзара көмек; Еркіндік, субъекті-субъектілік қарым-қатынас әрекеті.
Оқытуды ұйымдастыру формалары	Проблемалық лекция, пікірталас лекция; Зерттеушілік-лекция, екеуара лекция, пресс- Конференция лекция, пікірталас–семинар; Ақпарат-семинар, интернет-семинар; Оқу ойындары, зертханалық сабақтар, т.б.
Оқыту әдістері	Проблемалық-зерттеушілік, ми шабуылы; Пікірталас, дидактикалық оқу ойындары; Эвристикалық, жобалау, мультимедиа т.б.
Оқу формасы	Жұптық; Топтық; Ұжымдық және осылардың түрлерінің өзара бірлікте, тиімді жүзеге асуы, қолданыс табуы.
Оқыту құралдары	Транспоранттар (кодоскоп); Бейне-дыбыстық таспа жазулары; Мультимедиа; Компьютерлік бағдарламалар; Интерактивті тақта; Интернет желісі; Телекоммуникациялық ақпарат.
Білімді тексеру, бағалау	Үздіксіз, өзара, өздік, тексеру, дәл, объекті объективті бағалау, тест, рейтингтік бақылау.
Нәтижесі	Өте жоғары, материалды толық меңгеру, шығармашылық тұлға, алғашқы пәндік кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы.

Кесте – 1. Оқытудың инновациялық әдістер жүйесінің сипаты

Қоғам талаптарының жаңашалануы жоғары оқу орындарында педагогтің кәсіби даярлығына жаңа әдіснамалық тұрғыдан қарауды керек етеді. Жаңаша білім берудің басты ұстанымдары оқытуды демократияландыру, ізгілендіру, тұлғалық-бағдарлық, әрекеттік, өзбетіндік ізденушілік, зерттеушілікпен сипатталады. Осы тұрғыдан келгенде, оқытудың

белсенді әдістері студенттің танымдық шығармашылық әрекетін арттырады, ал жеке тұлғаның танымдық шығармашылық әрекеті – белсенді әрекет.

Инновациялық оқытуды тиімді ұйымдастырудың әдістемелік шарттары:

- оқу мақсатын диагностикалық тұрғыдан дәл анықтау: білім, іскерлік, дағды, білікті үздік бағалау жүйесін жетілдіру: рейтингілік (мазмұндық, әрекеттік) тестілік жүйе, сөйлеу әрекетінің (тыңдалым, жазылым, оқылым, айтылым түрлері бойынша бақылау;

- тұрақты оқу уәждемесін қалыптастыру: оқу материалының қызықтығы, болашақ кәсібімен байланыстығы, педагогикалық ынтымақтастық орнату – оқу субъектілерінің бір-біріне сенімділігі, өзара көмегі;

- оқу тапсырмаларының студенттің ақыл-ой, танымдық белсенділігін арттыруға мол мүмкіндігі: проблемаға, пікірталасқа, эвристикаға, өзара жарысқа құрылуы, даралық сипат алу: студенттің психологиялық және дара ерекшеліктерін ескеруге құрылған деңгейлік тапсырмалардың репродуктивтік деңгейден шығармашылық деңгейге көтерілуі, рефлексиялық басқаруға көшу, үйлесімділік, ұжымдық бірлескен әрекетке құрылуы.

2.2. Интербелсенді әдістер жүйесі

Оқыту әдіс-тәсілдері дегеніміз не? Осы жөніндегі дидактикада кең тараған ой-түйіндеулерге жүгінсек, белгіленген оқу мақсатына жету үшін мұғалім мен оқушы іс-әрекетінің үйлесу тәсілі немесе мұғалімнің оқушыларды білім және білікпен қаруландыратын құралдары мен тәсілдерінің жиынтығы. Оқыту әдістерінің құрылымы өте күрделі. Оның мазмұндық құрылымын анықтағанда, ең алдымен оқу үдерісінде атқаратын қызметіне баса мән беру керек. Оқыту әдістерінің тиімділігі, біздің зерттеулеріміз көрсеткендей, оқу үдерісінің мақсаттарына, мазмұнына, құралдарына сәйкес өзара тығыз бірлікте, атқаратын қызметінің айқындылығына, тиімділігіне қарай қолданғанда нәтижелі болатындығында. Оқыту әдістері білімдік, тәрбиелік, дамытушылық, уәждік қызмет атқаратыны белгілі, сондықтан әдістерді сабақтың дидактикалық мақсаттарына сәйкес тиімді қолдана білудің маңызы зор. Мұны жүзеге асыратын тікелей субъект оқытушы екенін ескерсек, ең алдымен оның теориялық білімінің тереңдігі мен әдістемелік-кәсіби шеберлігіне байланысты, сондықтан белгілі ғалым И.П.Подласыйдың “әдістер жүйесінде жеке шығармашылық басты орын алады, сондықтан оқыту әдістері педагогтік өнердің жоғары көрсеткіші болып қала береді» – деуі ойға қонымды [42], яғни әдістер мәселесінде педагог шығармашылығы, шеберлігі басты рөл атқарады.

Бүгінде білім мазмұны, мақсаты, әдіс-тәсілдері, формалары, құралдары мен оның сапасына, нәтижелеріне баса мән беру – жоғары оқу орындарында оқу үдерісінің басты мақсаты. Осымен байланысты мемлекеттік құжатта

маман даярлығы жөнінде: “Білім берудің мазмұнын жаңарту және балаларды оқыту мен тәрбиелеу сапасын жетілдіру, республиканы дамытудың қазіргі заманға әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлары мен дамуы жоғары елдердің озық тәжірибесіне сәйкес мамандарды даярлау жөнінде шаралар қолдануды қажет етеді” – деп тұжырымдайды. Осымен байланысты жоғары мектеп дидактикасының басты мәселелерінің бірі – *жаңа заманда жаңаша ойлайтын тұлғаның оқу белсенділігін арттыруға, жан-жақты дамытуға бағытталған оқыту үдерісін ұйымдастыру, түсіндірмелі-ақпараттық білім беруден ақыл-ой әрекетіне, танымдық іс-әрекеттер амал-тәсілдерін белсенді меңгеруге көшу, яғни студенттің білім сапасын көтеретін жаңа жүйені – интербелсенді әдістерді ғылыми негіздеу.*

Оқу үдерісіндегі белсенділік, дамыта оқыту туралы дидактикада ХХ ғасырдың 1970 жылдары кең айтыла бастады, алдымен оны жүзеге асырудың негізгі тәсілі – білімді бақылауға баса мән берілді. Мұндағы назар аударарлық жайт – компьютердің оқу құралы ретінде оқу үдерісіне еніп, оқытудың бағдарламалық түрінің қалыптасуымен тығыз байланысты болуы. Белсенді, дамыта оқыту мәселелері В.Выготский, В.Давыдов, Л.Занков, Ю.Бабанский, В.Оконь, Л.Аристова, Т.Шамова, Г.Щукина, В.Лозовая, М.Скаткин, М.Махмутов, Инге Унт, С.Жуйков, Р.Низамов, З.Калмыкова, Т.Кудрявцев, И.Лернер, А.Матюшкин, М.Скаткин, И.Фейгенберг, В.Горшкова, А.Балгинбаев, А.Әбілқасымова т.б. еңбектерінде психологиялық-педагогикалық тұрғыдан жан-жақты қарастырылған.

Т.И.Шамова белсенділікті әрекетпен байланыстыра отырып, оның мақсаты, құралы, нәтижесі ретінде қарастырады. Оның пайымдауынша, танымдық белсенділік – тұлға әрекетінің қасиеті. Г.И.Щукина оқушылардың белсенділігін өз әрекетін белсендіруге өзінің қатысы және мұғалім мен оқушы әрекетінің біріккен оқу-таным әрекеті деп пайымдайды [94]. В.П.Лозовая да белсенділікті тұлғаның қасиеті тұрғысынан қарастырады [95]. Р.А.Низамов әрекетті қарқын, күшпен, орындалатын қабілет ретінде [96], А.Әбілқасымова белсенділіктің қайнар көзі танымдық қажеттілікті тудыру десе [97], Т.Сабыров белсенділікті дербестілікпен [72], жағымды психологиялық орта орнату, қызығушылық, сәттілікке бағыттау, бірлесе әрекет ету, А.К.Мынбаева, З.М.Садвакасова мақсаттылық, белсенділік, диалогтік әрекет, ұжымдық және даралық өзбетіндік әрекет, білім мазмұнының проблемді ұстаныммен құрылуы, зерттеушілікке мән беру, модельдеу, жаңашылдық, кері байланыс секілді алғышарттарымен, А.Әлімов инетербелсенді әдістердің негізгі ұстанымдарын жаңашылдықпен байланыстырады [97]. Осы айтылғандардан шығатын *қорытынды* – белсенділіктің әрекетпен байланысты болуы, ал оқу әрекеті тұлға қалыптасуының, білімге қабілеті дамуының интеллектуалдық-эмоциялық таным белсенділігі артуына негізі болатыны. Педагогикалық әдебиеттерде белсенділік екі түрлі мәнде қолданылады: 1) оқу әрекетіндегі тұлға қасиеті; 2) әрекетті орындау жағдайы (қалпы). Біз де белсенділікті тұлға қасиеті ретінде қарастырмақпыз.

Ғалымдардың пайымдауынша, *мақсатты әрекетке құрылған оқу ғана тұлға белсенділігінің жан-жақты дамуына толық мүмкіндік береді,*

сондықтан ең алдымен әрекетті ұйымдастыру тұжырымдамасын өзгерту қажеттілігі туындайды. Ал білім беру жүйесіндегі қайта құрудың негізгі бағыты – жеке тұлғаның диалектикасы. Осы тұрғыдан келгенде, белсенділік жеке тұлғаның жан-жақты дамуымен тығыз байланысты. Оқу әрекетін ұйымдастыру ағымын жаңаша қарау – оқыту үдерісінің басты тұлғаларының өзара субъекті-субъектілік қарым-қатынасқа құрылуы, оқу мен тәрбиенің тұлға қалыптасуына бағытталуы (тұлғалық-бағдарлық), оқуды белсендіру, ізгілендіру, оқу нәтижесін кепілдендіру, технологияландыру, іргелендіру. Жоғары оқу орындарында кәсіби білім берудің басты ерекшелігі – болашақ маманның шығармашылық жеке тұлғасын қалыптастыру, себебі болашақ маманның кәсіби даярлығының басты талаптарының бірі – шығармашылық белсенділік. Білім беру жүйесіндегі мұндай ағым белсенділік категориясына баса мән беруді қажет етеді.

Белсенділік дегеніміз не? Белсенділік латынша “activus” әрекетті, әрекетшіл деген мағына білдіреді. “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде” белсенділікке “бір нәрсеге қажырлылық, ынталылық, активтік, жігерлілік,” деген түсініктеме берсе, “Педагогика және психология сөздігінде” “қажырлылықты, ынталылықты, жігерлілікті, тынымсыздықты білдіреді, күнделікті іс-әрекетте (ойын, сабақ, еңбек) кездесетін міндеттерді шығармашылықпен орындай білу қабілеті” деген, “Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте” “... тұлғаның өмірге әрекеттік қатысы” деген анықтама береді. Осы айтылғандардан белсенділік деп студенттің пән бойынша ғылыми білімді игеріп, оны іс жүзінде кәсіби деңгейде қолдануда ерекше ынта-ықылас танытып, қажырлықпен, жігермен, өздігінен шығармашылық деңгейде жұмыс істей білу қабілеті, ойлау қарқындылығын тудыратын мақсатқа жетуде бірлесе жүзеге асатын әрекетін түсінеміз.

Қазіргі қазақ тілін оқытуда студент белсенділігі турасындағы басы ашық мәселелердің бірі – оқу-танымдық белсенділікті тудыратын, білім сапасын арттыратын оқыту әдістерін анықтау, олардың мазмұны мен қолданыс (процессуалдық) ерекшелігі, ғылыми ұстанымдары мен негіздерін айқындау. Оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттерде көрсетіліп жүргендей, осымен байланысты жиі қолданылатын дәстүрлі терминдік мәндегі сөздер: оқытудың тиімді, ұтымды, оңтайлы, кейде белсенді әдістері. Біздіңше, бұл терминдер тұлға белсенділігін тудыратын әдістер мазмұнына сәйкес келмейді, себебі белсенділік әрекетті орындаудағы құлшыныс, ынта-жігер, қарышты, қуатты, күшті, үдетпелі, дамымалы, екпінді, серпінді, қарқынды, пәрменді, тегеурінді ұғымдарымен мазмұндас. Осы тұрғыдан келгенде, *студенттің кәсіби іздену-зерттеушілік, өзбетіндік шығармашылық, теориялық сыни, кәсіби әдістемелік-теориялық ойлау қабілетін арттыруға негіз болатын ерекше ынта-ықылас, серпінмен, қызығушылықпен, жасампаздықпен, құлшыныспен, жігермен орындалатын, негізінен, жұптың, топтың, ұжымның бірлескен мақсатты оқу әрекетін тудыратын әдістер жиынтығын интербелсенді әдістер деп атауды жөн көрдік*. Мұның басты ерекшеліктері – білім беру мақсаттарына сәйкес нәтижелі білім беруге бағытталғаны, студенттің оқу әрекетін белсендіретін ерекше амал-тәсілдер, әдістер, формалар мен басқару

жүйесін оңтайландыратын дидактикалық категория болатыны. Бұған жүйелік, бірізділік, мазмұндық, әрекеттік, ұтымдылық, жылдамдық, нәтижелік тән. Белсенді әдістер білімді меңгеруде ақыл-ой операцияларының (салыстыру, талдау, жинақтау, жалпылау, т.б.) жылдам, шапшаң, ерекше екпінмен, қызығушылық пен ширақтылықпен, ынта-жігермен нәтижелі ұйымдастырылуымен сипатталады. Белсенділік – ақыл-ойға интеллектуалдық күш салу, ынта-жігер, сергектік, ширақтық, ұшқырлық, ой шапшаңдығы, тұлғаның ойлау дербестігі, әрекет қарқындылығы, оқу үдерісі компоненттерінің үйлесімділігі, икемділігі, ең бастысы, тұлғалардың бірлескен ішкі уәж негізіндегі нәтижелі әрекеті.

Оқытудың интербелсенді технологиясының мақсаты – адамның технологиялық әрекеті негізінде адам факторының алға шығуына байланысты оқуда танымдық уәжді, қызығушылықты, серпінділікті, қарқындылықты қамтамасыз ету, оқыту үдерісін тұлғаның белсенді, шығармашылық, өзіндік оқу әрекетіне құру, кері байланыстың үздіксіз жүруі, сондай-ақ оқу нәтижелеріне жету, оқыту үдерісінің негізгі құрылымдық компоненттерінің өзара тығыз байланыста жүзеге асуы, студенттің оқу әрекетінің субъектісі болуы, студент пен оқытушының арасындағы педагогикалық ынтымақтастығы, өзіндік, өзара бақылау, бағалау. Жоғары оқу орындарында білім берудің әдіснамалық мәселелерінің бірі – жоғары оқу орындарында маман даярлаудың сапасын арттырып, қалыптасқан оқу жүйесін жетілдіру ісінде белсенді әдістерді оқыту үдерісінде тиімді қолданудың маңызы зор. Оқытудың жаңа амал-тәсілдерін іздестіру – заман талабы, студент білімінің сапасын көтеретін, оны үздіксіз бақылайтын оқытудың техникалық құралдарын, соның ішінде компьютерлік жүйені қолданудың т.б. психологиялық тәсілдерді қолдану қажеттігі туындайды.

Орыс тілді дәрісханаларда қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытып, үйретумен байланысты Ф.Ш.Оразбаева, Қ.Қ.Қадашева, Р.Ә.Шаханова, К.Жақсылықова, бастауыш буында қазақ тілін оқытумен байланысты С.Рахметова, жоғары оқу орнында қазақ тілін ана тілі деңгейінде ғылыми курс ретінде оқытумен байланысты А.Қыдыршаев, З.Бейсембаева, қазақ мектебіндегі қазақ тілін дамыта оқытумен байланысты Н.Құрманова, А.Жаппаров т.б. еңбектерінде әдістерді тиімді қолданудың тілдік тұлғаны қалыптастыруда маңызы зор екендігі айтылған. Мәселен, Қ.Қадашева зерттеулерінде қазақ тілін өзге тіл ретінде үйренушінің оқу үдерісінде белсенді тұлғаға айналу шартының психологиялық (талдау, жинақтау, қиялдау т.б.), дидактикалық (жүйелік, көрнекілік, саналылық т.б.) әдістемелік тәсілдері көрініс тапқан. Ғалым тіл үйренушінің “оқу белсенділігінің аса жоғары болуы қажеттігіне” баса мән береді [59, 55]. К.Жақсылықова соңғы жылдары оқытудың белсенді әдістеріне ғалым-әдіскерлердің баса мән беріп отырғанын айта келе, оған іскерлік ойындар, ми шабуылы, модельдеу, гипнопедия, суггестопедия, сүңгу, кіріктіру, пікірсайыс, т.б. жатқызады [99, 168]. Оқытудың пәрменді әдістерін қолданудың педагогикалық-психологиялық қырларын анықтауда жоғарыда аталған ғалымдардың теорияларын назарда ұстадық. Жоғары оқу орындарында болашақ қазақ тілі мамандарын даярлау үдерісінде

аталған әдістер жүйесі, олардың түрлері, қолдану әдістемесінің педагогика-психологиялық қырларын қарастыру назардан тыс қалған, сондықтан оқытудың пәрменді әдістер жүйесінің теориялық-әдістемелік негіздерін айқындау қажет.

Ғалым Ж.Қараев білім сапасын арттыруды қамтамасыз ететін дидактикалық шарттарды жаңаша қарайды. Нақты айтатын болсақ: “1. Әдістемелік жүйені жетілдірудің қажеттілігі: оқу мақсатын иерархиялық түрде диагностикалық дәл анықтау; жаңа әдістерін дұрыс таңдау; жұмысты ұйымдастырудың формасын дұрыс таңдау; компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін шағын мақсаттарға жету процесіне тиімді пайдалану; 2. Оқу уәждемесі мен белсенділігін қалыптастыру: сыртқы уәждеме (педагогтің шеберлігі арқылы туындайды); ішкі уәждеме мазмұнының қызықты, ұғымды сипаты арқылы жүзеге асырылады); 3. Оқу іс-әрекетін басқару процесін жетілдіру: педагогтің басқару іс-әрекеті оқушының өзін-өзі басқаруына, үйлесімді өтуіне жағдай жасау. Ол үшін дербес таным іс-әрекеті процесінде меңгерудің репродуктивті деңгейінен шығармашылық деңгейге біртіндеп көшу; рефлексивті басқару (субъектінің өзін-өзі басқару); синергетикалық басқару (педагогикалық жүйені өздігінен ұйымдастыру); 4. Педагогикалық квалиметрияны жетілдіру: оқу сапасын дәл, әділ бағалау; бағалау жүйесін жетілдіру (рейтинг жүйесі), оқушының дамуын бағалайтын мониторинг құру механизмін жетілдіру қажеттігі. 5. Оқу процесі субъектілеріне өзін-өзі жетілдіруі үшін жағдай жасау; оқушыларға әрбір тақырып бойынша әр деңгейлік тапсырмалары бар өз бетімен жұмыс орындау мүмкіндігін беру: педагогтің шығармашылық ынтымақтасуын ояту, өзін-өзі дамытуда көмек көрсету” [100, 233-236].

Білім сапасын арттыруда аталған дидактикалық шарттардың жүзеге асуына баса мән беріледі. Нәтижесінде оқыту үдерісінде белсенді әдістерді қолдануда білім сапасы артады: оқудың ішкі уәждемесінің қалыптасуы, оқу материалының берік, саналы түрде сапалы меңгерілуі, оқыту үдерісі субъектілерінің ынтымақтастығының толық жүзеге асуы, студенттің оқу әрекеті субъектісіне айналуы, өз әрекетін өзі басқарып, түсінуі (рефлексия) ғылыми білімді қабылдауда, практикада жүзеге асыруда студенттің ынтымақтасуының, ой қарқындылығының, оқу белсенділігінің жоғары болуы, оқу үдерісінің сұхбатқа, пікірталасқа, жарысқа, оқу проблемасын шешуге, миға шабуылға, шығармашылық ойлауға, пәрменді оқу құралдарына (компьютерге, басқа да техникалық оқу құралдарына, сызба көрнекіліктеріне), білім нәтижесінің диагностикалық мүмкіндігіне, рейтинг жүйесі негізінде үздіксіз бағалаудың тиімділігіне біршама тиімді жағдай жасалды.

Жоғарыда айтылған пайымдауларға сүйене отырып, белсенді (пәрменді, серпінді) оқыту әдістерін, олардың қолдану ерекшеліктерін төмендегідей өрнектеп көрсетуге болады.

Оқыту мақсаттарына сәйкес интербелсенді оқыту мазмұнын анықтау мен ұйымдастырудың мына ерекшеліктерін айқындаймыз:

- оқу мақсаттары мен міндеттерін топ, ұжым болып, бірлесе шешу әрекетін жүзеге асыру;

- кәсіби-танымдық тұрақты (ішкі) уәж қалыптастыруға баса мән беру;
- студенттің оқу әрекетін белсендіру, күшейту, қарқынды етуге бағытталған белсенді оқу әдістерінің өзіне сәйкес оқу формаларымен тұтастықта, үйлесе, икемді жүзеге асуы;
- оқу құралдарының оқу мазмұнына, мақсатына сәйкестігі;
- оқытудың нәтижелігін кепілдендіруге ұмтылуы;
- оқу ақпаратының (теориялық білім, практикалық дағды қалыптастыруға арналған тапсырма-жаттығулар жүйесі) молдығы;
- оқу үдерісінің субъекті-субъектілік әрекетке құрылуы;
- студенттің жеке-дара ерекшеліктерін ескеруі;
- кәсіби-практикалық білік, дағды қалыптастыруда оқу тапсырмаларының проблемалық-ізденушілік, кәсіби-шығармашылық мазмұнда құрылуын мақсат тұтуы;
- білім, білік, дағдыны үздіксіз бақылау, өзіндік басқару, өзіндік бақылау, тексеру, бағалау, түзету (өзіндік тексеру), өзіндік түйсінуі (рефлексия);
- оқытушы-студент, студент-оқытушы, студент-студент әрекетінің өзара ынтымақтастығы, олардың бірлескен әрекетінің оқу сұхбаттарына, пікірталасқа, әңгімелесуге құрылуы;
- білім алуға қызығушылықты тудыру;
- пәрменді оқу құралдарының (интерактив тақта, компьютер, үлестірме материалдары) тиімді қолданылуы;

Сонымен, интербелсенді әдістер, оның түрлері қандай? А.Вербицкий өзінің монографиясында жоғары оқу орындарында белсенді оқытуды таңбалы-контекстілік немесе контекстілік әдістер дей келе, оған проблемді жағдаят, тренажер, жағдаят, рөлдік, іскери ойындарды жатқызады [101]. Ал М.Е.Вайндорф-Сысоева мен Л.П.Крившенко оқытудың пәрменді әдістері үйренушінің өнімді шығармашылық, ізденушілік әрекетімен сипатталады дей келе, оған дидактикалық ойындар, нақты жағдаяттарды талдау, проблемалық тапсырмалар шешу, алгоритмдік және ми шабуылы әдістерін атайды [102, 99]. Психолог ғалым Б.Ц.Бадмаев пәрменді әдістерді программалық оқыту, проблемалық оқыту, интерактив әдістер деп топтаса [47], Г.К.Селевко ойын, проблемалық [103], оқу материалын сызба және таңбалық модельдеу (В.Ф.Шаталов) деп, ал М.В.Буланова-Топоркова проблемалық дәріс, нақты жағдаяттарды талдау (case-study), ойын, дөңгелек үстел, ми шабуылы деп топтайды [104]. Е.Дайрабаев оқытудың белсенді әдістеріне дидактикалық ойындар, нақты жағдаятты талдау (case-stady), пікірсайыс, айтарыңды айтып сал (брейнсторминг), синектикалық әдістерді жатқызады [6]. Д.В.Чернилевский дидактикалық ойындар, модульдік, модульді-рейтингтік, проблемалық деп топтайды [41, 176]. Сондай-ақ басқа педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде іскери-ойын, эвристикалық, таңба-белгілік, ақпараттандыру, ара қашықтықтан оқыту секілді түрлерін де нақтылайды [105]. Бұл тұрғыда С.Д.Смирновтың ғылыми тұжырымы назар аударарлық. Ол оқыту үдерісіндегі *интербелсенді әдістер* дәстүрлі әдістерге қарама-

қайшылықта болатын субъектінің барынша белсенді әрекетін туғызатын әдістер жиынтығы дей келе, оның басты ерекшелігін төмендегідей көрсетеді: 1) студенттің оқу уәжін күшейту (ішкі және сыртқы уәждер негізінде); 2) уәждің жаңа және өте тиімді формаларын қалыптастыруға алғы-шарттар жасау; 3) тиімді оқу құралдарымен қамтамасыз ету; 4) оқытудың формалары мен оқыту құралдарының үйлесімін қамтамасыз ету; 5) студенттің өзіндік ойлау, шығармашылық әрекетін қарқынды ету; 6) екі жақты оқу әрекетін өзара ынтымақтастықта жүзеге асыру; 7) студенттің жас және дара ерекшеліктерін ескеру [105, 169-170]. С.Д.Смирнов бұл әдіс тобына пікірталас, сензитивті тренинг, ойын, проблемалық әдістерді, І.Р.Халитова дидактикалық ойындар, ақпараттық технологиялар, қашықтықтан оқыту, модульмен оқыту, дамыта оқыту, суггестивті, адаптивті, этнопедагогикалық технологияларды [106, 200-295] жатқызады. Жоғарыдағы талдау-сипаттамалар негізінде белсенді әдістер жүйесін өзіне тән, педагогикалық, психологиялық аспектісі бар, жаңаша құрылымдық-логикалық ерекшеліктері бар, білім берудің жаңа моделіне құрылған педагогикалық жүйе деп қарастыруымызға негіз бар.

Дидактика ілімінде оқытудың интерактив әдістеріне пікірсайыстан басқа мыналарды жатқызып жүр: ми шабуылы (“мозговой штурм”); эвристикалық немесе “Сократ әдісі”; іскерлік, рөлдік ойындар (симуляция); техникалық оқу құралдары (дыбыстық-бейнежазбалар, мультимедиа жүйесі); қарқынды (интенсивті) әдіс – меңгеру процесін тездету, яғни адамның жасырын мүмкіндіктері негізге алынады: гипнопедагогика (“сендіру”, рөлдік ойын, жарыс, релаксация, яғни түйсіну, педагогикалық тренинг, т.б.)


Қазақ тілін өзге тілді дәрісханаларда оқытып үйретудің теориялық, практикалық мәселелерімен айналысқан ғалымдардың бірі Қ.Қадашева өз еңбегінде интерактив әдістерін “жоғары белсенділікті дамыту” деп атай отырып, оның негізгі ұстанымдарын төмендегідей белгілейді: өзінен-өзі пайда болатын ұстаным; ішкі сезім уәждемесі (ішкі уәж); стратегиялық қуаттылық; тәуекелге бару; тіл мен мәдениет арасындағы байланыс; аралық тіл; коммуникативтік құзырет [82]. Аталған ұстанымдар негізіндегі интерактив әдістерін қолданудың негізгі көздейтін мақсаты – студенттің білімді меңгеруде бірлесе, белсенді түрде қызмет етуі, шешуі оқытудың жүйелі түрде сұхбатқа (диалогке), әңгімелесуге құрылуы, сауатты сөйлеуді қалыптастыру, басқалармен пікірталас, қарым-қатынаста болуы, алға қойған мақсатты жеке студент емес, ұжым, топ болып бірлесе шешуі және оқу әрекетінің ынтымақтастыққа құрылуы, сонымен қатар “даулы” мәселені шешу, терең талдау жасау, студенттердің қызығушылықтарын арттыру, танымдық әрекетін белсендіру, сондай-ақ оның “ережелеріне” үйрету. Мұндай сабақ түрін ұйымдастыру оқытушы мен студенттен жоғары белсенділік пен шығармашылықты, жауапкершілікті қажет етеді.

Интербелсенді оқыту технологиясының мына түрлері бар: *проблемалық-ізденімдік, дидактикалық (оқу) ойындары, пікірталас, ми шабуылы, ғылыми жобалау, интернет технологиясы, т.б.*

Проблемдік – білімді игерудің ғылыми ізденімдік шығармашылық заңдылықтарына негізделген оқыту түрі. Проблемалық-ізденімдік әдіс

дәстүрлі әдістен қандай ерекшеліктерімен белгіленеді? Басты ерекшелігі – оқу әрекетінің құрылымында, себебі дәстүрлі әдістер бойынша алдымен “даяр” білім беріліп, содан соң бекітуге жаттығулар жүргізілсе, соңғысында алдымен оқу проблемалары қойылып, ол субъектінің өзіндік ізденістері негізінде шешіледі. **Проблемалық оқу әдісін** қолданудағы қиындықтардың бірі – проблемалық тапсырма даярлау, ал “оқу тапсырмасы – қандай да бір оқу амалдарын (теориялық, практикалық) орындау жөнінде мұғалімнің оқушыға берген тапсырмасының кез келген түрі” [107, 64]. Сондықтан оқу тапсырмасының мазмұнының сапалық дәрежесі оқытушы шеберлігіне, ізденісіне, шығармашылық қабілетіне, кәсіби құзыреттілік дәрежесіне байланысты шешіледі. Проблема қою дегеніміз – объектіні зерттеу, іздеу үдерісіндегі диалектикалық қарама-қайшылық болып табылады. Жоғары мектептегі даярлық болашақ маманның шығармашылық қабілетін дамыту міндеттерін көздесе, бұл процесс шығармашылық-проблемалық бағыттағы тапсырмаларды орындаумен тығыз байланысты. “Проблемалық оқудың мақсаты – ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзінде, процесінде меңгеру, оқушылық танымдық дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық (творчестволық) қабілеттерін таныту ” [107, 21]. **Проблемді оқуда** студент тыңдаушы, қабылдаушы, есте сақтаушы ғана емес, ол өзі білімді жоспарлайды, жинақтайды, қорытады, дәлелдейді, шешімін табады. Мұндай әрекет студенттің ақыл-ойының дамуына, шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Оқу үдерісінің қозғаушы күші – шешімін қажет ететін танымдық міндеттер мен студенттің білетіні (білімі) мен білмейтіні арасындағы қайшылық, яғни оның “интеллектуалдық қиналуы”, проблеманы шешудің жаңа жолдарын іздеуге түрткі жасау [107, 31]. **Проблемдік оқыту** – дамыта оқытудың негізі, сондықтан оқыту үдерісінде ғылыми ұғымдарды қалыптастыруда проблемалық мәселелерді шешуді дағдыға айналдыру тиімді. Проблемалық оқу – студенттің жеке дара өзіндік іс-әрекетін тудырады, сөйтіп, оқытудың сарамандық ұстанымын жүзеге асырады. Проблемдік-ізденімдік әдісті жүзеге асыру былай жүргізіледі: проблеманы оқытушының немесе студенттің өзі тауып, шешуін, болжамдарын біліп, оны тексерудің амал-тәсілдерін, тиімді жолдарын білу, материал жинау, талдау, өңдеу, қорытынды жасау; оны практикада қолдану. Оқу материалын өзекті етіп түсіндірудің мәні – білімді оқытушының даяр күйінде емес, проблема қоя отырып, студентті өз бетінше ойландырып, оны шешу жолдарына үйрету. Танымдық әрекетте жеке тұлғаны белсендіру процесінде уәждеме ғана жетекші себепші болады. Уәждеме қажеттіліктен туындайтыны белгілі, ол сұрақ, мәселе қоюдан басталады. Танымдық уәждеме ғана қабілетті дамытып, тұлғаны қалыптастырып, оның шығармашылық мүмкіндігін ашады, яғни пәнге танымдық қызығушылық пен кәсіби уәж үйлесім тапқанда ғана оқыту тиімділігі артады. Мұндай уәжді қалыптастырудың нәтижелілігі – студент әрекетінің логикасымен анықталады. Проблемалық әдісті қолданушы оқытушы проблемалық жағдаяттың мазмұны мен типологиясын білу керек. Проблемалық жағдаят негізі қарама-қайшылыққа құрылады: проблемалық

әдісті қолдану мына кезеңдерден тұрады: проблемалық жағдаят – проблемалық тапсырма шешімінің жолын модельдеу – шешу. Проблеманы дұрыс құрастыру – оны жүзеге асырудың маңызды бөлігі. Проблемалық оқытудың мақсаты мен нәтижелілігі қызығушылықтың болуымен, белгілі мен белгісіздің ара салмағының дұрыс құрылуымен, шешілуге тиісті ақпараттың маңыздылығы мен қажеттілігіне байланысты. Проблемалық оқытудың құрылымдық элементтері ретінде (И.Махмұтов бойынша) мыналарды айтуға болады: [115] оқу материалын өзектендіру, проблемалық жағдаят тудыру, оқу проблемасын жасау, проблемалық тапсырманың құрылуы, проблеманы шешу (болжам жасау, дәлелдеу) шешімін тексеру. Оны келесі суреттен көруге болады.



Сурет -7. Проблемалық лекцияның логикалық-құрылымдық сұлбасы

Проблемдік жағдаят – субъектінің қиындықты сезінуі, ойлауды, жаңа білімді іздеуді қажет ету. Кейбір дәріс, практикалық сабақтардың мазмұнын проблемалық етіп құрдық. Бұл сабақтардың ерекшеліктері –тіл біліміндегі әлі де толық шешімін таппай келе жатқан даулы немесе пікір қайшылықтары көп грамматикалық ұғымдар мәселелеріне құрылуы. Мысалы, «Грамматикалық

мағынаның түрлері», «Нөлдік морфема мен нөлдік форма», «Морфемика. Грамматикалық омонимиялар», «Сапалық сын есімнің шырай категориясы», «Етістіктің етіс лексика-грамматикалық категориясы», «Сөздің аналитикалық формасы», «Қимылдың өту сипаты категориясы», «Көмекші сөздер» т.б. тақырыптарға құрылған сабақтардың оқу материалдарын проблемалық жағдаяттар тудырып, оны шештіру арқылы игерту тиімді. Әрине, оқытушы кез-келген оқу материалының проблемалық сипат ала алмайтындығын ескеруі керек.

Дидактикалық ойындар. Студенттің танымдық әрекеттерін арттырып, өз бетінше білім алуға және оны іс жүзінде қолдана білуде, сондай-ақ кәсіби шеберлікке шыңдауда, өзін-өзі басқаруда, практикалық іскерлік, дағдыларды қалыптастыруда дидактикалық ойынның маңызы ерекше. Жоғары мектепте болашақ маманның даярлық сапасын арттыру – жоғары білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Жоғары білім беруде оқу-тәрбие жұмысын тиімді етіп құра білу, студенттің оқу-танымдық әрекеттерінің белсенділігі – сабақта пәрменді әдістердің қолданылуында. Сондай әдістердің бірі – ойын әдісі ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде біршама қарастырылған. Оқытудағы ойын іс-әрекетін жүзеге асыру туралы А.А.Вербицкий, Н.К.Ахметов, Е.Г.Кашина, Д.В.Чернилевский т.б. еңбектерінен кездестіруге болады [101; 108; 109;]. Н.К.Ахметовтің айтуынша, “Ойын арқылы оқыту – болашақ маманның кәсіби қабілетін арттыру мақсатында қолданылатын нақты кәсіби қызметтің әртүрлі қырларын еліктеу, модельдеуге негізделген оқытудың бір түрі” [108]. Дидактикалық ойын – студенттің шығармашылық қабілетін, логикалық ойлауын дамытады және тұлға іс-әрекет үстінде қалыптасады деген әдіснамалық заңдылықты ескерсек, ойынның жеке тұлғаны қалыптастыруда маңызы зор. Дидактикада оқу ойындарын ұйымдастырудың педагогикалық-психологиялық ұстанымдары былайша көрсетіліп жүр: тиімділігі, проблемалық оқу жағдаяттарына құрылуы, қатысушылардың бірлескен әрекеті, оқу тапсырмасының кәсіби қызметке, әрекетке сәйкестігі, теориялық, практикалық ойлау қабілетін дамыту, нәтижелерін объективті бағалау, ойынды модельдеу объектісінің болуы, нақты әрекетті модельдеу, кәсіби әрекетке құрастырылуы.

Оқу ойыны студенттің оқу-танымдық әрекетін басқарудың ерекше тәсілі ретінде жүзеге асады. Оқыту құралы ретінде оқу ойындарының маңызы – оқыту мен тәрбиелеу мақсатын орындау, әлеуметтік және кәсіби тәжірибені игеру, білімін іскерлік, дағдыға көшіру, тұлға тәжірибесін байыту, дамыту. Оқу ойындарының өзегі – дамытудың негізі болып табылатын ойын проблемасы. Оқу ойындары – өзін-өзі реттейтін, сырттан бақыланатын жүйе болғандықтан, ондағы жіберілген қателер түзетіліп отырады. Оқу ойындары құрылымының маңызы – оның мақсат, құрылысы, мазмұнының бірлікте жүзеге асуы. Сөйтіп, дидактикалық ойын – оқу мақсаттарын көздейтін имитациялық модель бойынша құрылған оқытудың тиімді түрі. Оқу процесінде жүргізілетін ойын элементтері білімді бекітеді, әртүрлі деңгейдегі лексикалық-грамматикалық материалды сапалы игеруге жаттықтырады. Жүргізілетін дидактикалық ойын алдын-ала белгілі мақсатқа құрылып, студенттің дара, білім ерекшелігіне

сәйкес құрылуы керек. Ойынның маңыздылығы: психологиялық кедергілер оқу барысында ұмытылады, студентті жинақылыққа, кәсіби мінез-құлқын қалыптастыруға, қиындықтарды жеңуге деген ерік-күш жігерін арттырады, қоғам мен ұжымдағы өзара қарым-қатынасқа үйретеді, адамгершілік, жауапкершілік, сондай-ақ адамдарға достық сезімін күшейтеді.

Оқу ойындарын құрудың дидактикалық ұстанымдары: нақты шартты имитациялық модельдеу, кәсіби әрекет мазмұны мен формаларын модельдеу, бірлескен әрекеттің болуы, диагностикалық қарым-қатынас, қосжоспарлы ұстаным, имитациялық модель мазмұнының проблемаға құрылуы ұстанымдары [101,188].

Ойынға дайындық бірқатар объективті, субъективті жағдайларға байланысты. Ойын оқу курсының кез-келген тақырыбына құрылады, кәсіби әрекетті жүзеге асырудағы мүмкіндігі ескеріледі.

Сонымен, дидактикалық ойын негізінде жүргізілетін практикалық сабақтардың студент білімін арттыруда маңызы зор. Демек, оқу ойындарын жүргізудің негізгі дидактикалық мақсаты – студенттің оқу белсенділігін арттыру, кәсіби білім, іскерлік, дағдысын қалыптастыру, өз бетінше жұмыс істеуге үйрету, ерік-жігерін қалыптастыру, бірлікке, достыққа, жолдастыққа, сыншылдыққа тәрбиелеу, сондай-ақ зейінін, қиялын, шығармашылық ойлау қабілетін арттыру, оқу әрекетінің уәждемесін дамыту. Бұл әдісті қолдану арқылы тілді меңгеруді неғұрлым жеделдетуге де, жеңілдетуге де болады. Дидактикалық ойынды өткізу алдымен тақырып таңдалып, мақсат-міндеттері көзделумен, содан соң мазмұндық құрылымдық компоненттерін белгілеумен басталады, келесі кезеңде ойынды өткізу, соңында қорытынды жасалады.

Қазіргі қазақ тілінен семинар, зертханалық сабақтарда төмендегідей оқу ойындары өткізілді: «Жұлдызды сәт», «Формалар тізбегі», «Лингвистикалық домино», «Ғажайып алаң», «Сынасу», «Танымдық ринг» «Ғажайып алаң», «Жұмбақ сөз», лингвистикалық сөзжұмбақтар (компьютерлік оқу бағдарламасында оқу ойындары қамтылды.).

“Жұлдызды сәт” ойынында бірнеше топқа бөлінген студенттер грамматикалық топтамалардан тақырып таңдай отырып, сол қатардағы сандарды баса отырып, оның сұрақтарына жауап беріп, ұпай жинайды. «Формалар тізбегі» атты оқу ойыны грамматикалық формалардың синтетикалық, нөлдік, аналитикалық түрлерінің грамматикалық ерекшеліктерін жетік тануға дағдыландырады. Оқу ойыны 2 студенттің сөз топтарының лексика-грамматика сипаты төңірегінде үдете қойылған сұрақтары мен жауаптары тізбегіне құрылады. «Ғажайып алаң» ойыны студенттің қазіргі қазақ тілінің түйткілді мәселелерін зерттеген ғалымдардың тұжырымдарын салыстырып, талдап-таразылауға, ғылыми ойлау дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. Сондай-ақ «Танымдық ринг» ойынының ерекшелігі ғылыми мәтіннің мазмұнында грамматикалық категорияның аталымы жасырылып оқылуы арқылы оған қатысын табуға, яғни болашақ маманның ойлау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындарына оқыту үдерісінде іскерлік ойындардың маман даярлығының сапасын арттыруда маңызды рөлін А.Вербицкий өз еңбегінде

жан-жақты талдап, оның дидактикалық негіздеріне баса мән берген. Ойынның бұл түрі кәсіби іс-әрекеттің имитациясы ретінде жүзеге асады. Болашақ мамандығына сәйкес іс әрекетті айқындайды, оның қыр-сырын терең түсінуге, әлеуметтік ортадағы оның өндіріс процесінің моделіне сәйкес құрылады. Іскерлік ойынның түрлері: имитациялық, операциялық, рөлдерді ойнау, сахналау. Формасы – ұжымдық, топтық. Іскерлік ойындарда сарапшы, пікір айтушы, әртүрлі рөл атқаратын морфолог, психолог, лексиколог т.б. болады. Дидактикалық ойынның аталған түрі рөлмен ойнаумен сипатталады. Мұнда болашақ маман өзі таңдаған мамандығына қатысты (мұғалім, оқушы, тіл маманы, педагог, лексиколог, сарапшы, арбитр т.б.) мәселелерді қамти отырып, тілдік категорияларды жетік меңгере алады.

Пікірсайыс студенттің өткен материалды толық меңгеруге, оқу мәселелерін дұрыс шешу жолында ізденуге, ойлау, сөйлеу қабілетін дамытуға, пәнге қызығушылығын арттыруға түрткі болады. Сұрақ қою, оны өзі құрастыруы, фактілерге сүйене отырып жауап беруі, өз сөзімен жетік жеткізуі тақырыпты еркін меңгеруіне көмектеседі. Пікірсайыстың негізгі шарты – таңдалған тақырыптың әртүрлі көзқараста, пікір-талас туғызатындай болуы. Алайда студенттерде білім қоры болмаса, бұл әдісті қолданудың ешқандай дидактикалық мәні болмайды. Пікірталас студенттің өз күшіне, біліміне деген сенімділігін арттырады, болашақ тіл маманына өте қажет білікті, яғни қатысымдық қабілетін дамытады, білім алуға құштарлығы мен білімді игеруге деген ынта-ықыласын тудырады. Пікірталас дәріс, семинар немесе зертханалық сабақтардың мақсатына сәйкес әртүрлі мазмұнда жүргізілді. Алдымен мұғалімнің студенттермен пікірталасы жеке, содан соң жұптық қатыста айтысу, кейін топтық, соңында командалық топтар арасындағы пікірсайысқа жалғасады. Оқу пікірталастарын ұйымдастыруда негізгі мәселелерінің бірі – күрмеуі күрделі түйткілді, пікірталас көп тұжырымдардың іріктеліп алынуы. Осы тұрғыдан алғанда, пікірталас тақырыптарын грамматикалық мағына, грамматикалық категория, сөзформа, қосымшалардың жіктелуі, нөлдік морфема, етіс, шырай категориясы, көмекші сөздер, аналитикалық форма, модаль категориясы т.б. пікір қайшылықтары көп тақырыптар таңдалып, мазмұны айқындалды. Алдымен пікірсайысқа даярлық жасалады, яғни мақсаты анықталады, қарастырылатын мәселелері, практикалық тапсырмалары іріктеледі, шығармашылық және еске түсіруге байланысты сұрақтар таңдалады. Пікірсайыс сабақтарындағы практикалық тапсырмалар теориялық мәселелерді игеруге қызмет етуі тиіс. Кез келген әрекет уәж, түрткі, мақсат, нәтижеден тұратыны белгілі. Пікірталас нәтижесі уәждемеге, яғни қызығу, танымдық қызығуға байланысты. Пікірталас семинарының мақсаты – теорияға (практикалық мәселелерді ғылыми негізде шешу жолы ретінде) қызығушылығын қалыптастыру, ал бұл мақсат пікірталасқа қатысатын студенттердің басты уәжі – танымдық қызығушылықтары болғанда ғана. Көрнекті дидактика ілімінің өкілі Б.Лихачев: “Оқыту формасы – оқытушы мен оқушы қарым-қатынасы, олардың өзара әрекеті. Бұл әрекет нәтижесі мұғалімнің кәсіби шеберлігі, оқушылардың білімді қабылдауы, дамуы болып табылады,” –деп пайымдайды. Сондай-ақ ол

оқыту формаларының әрбіреуінің атқаратын қызметінің мәнін ашып көрсетеді. Айталық олар: білімдік (оқушылардың білімді неғұрлым жақсы меңгерілуіне лайық құрылуы), тәрбиелік (ерік-жігерін күшейту т.б.), ұйымдастырушылық (білім мазмұнының сапасы, көлемі), психологиялық (биоритмнің қалыптасуы), дамытушылық (әртүрлі әдіс-тәсілдердің қолданылуы), стимулдау (қызығушылығын тудыру) [8, 418-420].

Жоғары мектептегі оқу пікірталасы – әртүрлі көзқарастағы топтардың жақ болып бөлініп, өз дәлелдерін келтіре отыра айтысуы. Айтысқа түсіп отырған қарсылас екі жақтың дәлелдері арасында себеп-салдарлық, логикалық байланыс болу керек. Белгілі бір тақырыпта дұрыс пікірталас жүргізу үшін алдымен ол қандай мәселенің төңірегінде болатындығын анықтап алу қажет. Ойбөлісті өз деңгейінде жүргізуде мына ережелерді орындау өз нәтижесін береді: қажеттіліктің болуы, тақырыбының айқындығы, логикалық білімге құрылуы, өзекті мәселе бойынша жеткілікті білімнің болуы, мүмкіндігінше толық ақпараттың жиналуы. Оқу пікірсайысының мақсаты – танымдық әрекетін ынталандыру, әртүрлі ғылыми көзқарастарды салыстырып, талдай білуге үйрену және өз ойын логикалық жағынан дұрыс құрастыруға үйрету. Бұл оқытудың шығармашылық сипатын арттырады. Пікірсайыс тақырыпты терең түсіну үшін қолданылады. Пікірсайыстың даярлық кезеңі мәселе қоядан, уәжін, құралдарын, ғылыми-көпшілік, анықтамалық т.б. әдебиеттерді белгілеуден басталады. Талқыланатын тақырып бойынша білімнің таяз болуы пікірталастың нәтижесіздігімен аяқталады. Бұл жөніндегі И.П.Подласыйдың білімсіз пікірсайыстың мәнсіз, мазмұнсыз, болатындығы туралы пайымын қолдаймыз [42, 492].

Пікірсайыстың 2-кезеңінде тақырыбы, мақсаты, міндеті, әдеп сақтау ұстанымдары, бағалау шарттары айтылып, баға беруші сарапшы тағайындалады. 3-кезеңде нәтижесі анықталып, қорытынды шешімдері шығарылады, нұсқаулар мен ұсыныстар ескертіледі.

Оқытудың осы түріне ұқсас “*ми шабуылының*” мақсаты – туындаған мәселені шешу үшін аз уақыт ішінде жеткілікті ұсыныстар жинау. Бұл әдіс студенттердің арасында оқу материалын игеруде кездесетін психикалық кедергілерді жоя отырып, өз білімін толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ми шабуылы әдісі ұжымдық шығармашылық әрекетке құрылады. Мұнда бір топ идеяларды тудырушы (генераторлар) болса, екінші топ – сараптау тобы. 20-40 минут идеялар жинақталып, сарапшылар таңдайды. Қатысатындар идеялар-генераторлары, сынаушы, сарапшылары болып бөліне отырып, соңында олар дауыс беріп, 5-10 идеяларды қалдырады. “Ми шабуылын” өткізу екі кезеңнен тұрады: 1) студенттердің белгіленген мәселелер жөніндегі ойлары мен идеяларын жинақтау; 2) идеяларды “сарапшы” тобының талдауы, негізгі ойлардың іріктелуі; “Ми шабуылы” әдісін қолдану барысында мына ережелер есте болу қажет: студенттің айтқан пікірлері сыналмайды, талқыға салынбайды; басқарушылар және бағынушылар болмайды; әртүрлі мазмұндағы пікірлер неғұрлым көп болса, соғұрлым мақсатты айқындау мүмкіндігі мол болады; қатысушылардың пікірлерін, идеяларын мадақтап, мақтап отыруы қажет; қысқа және жүйелі түрде жеткізілуі керек; білімді

сарапшылар (студенттерден сайланған) бағалайды. Ми шабуылын мына мәселелер төңірегінде жүргізуге болады, сөз тудырушы қосымшалар мен грамматикалық қосымшаның ара жігін айқындаудағы басты ұстанымдарды белгілеу, аралық қалып танытатын (қос қызметті) қосымшалардың ерекшеліктері, грамматикалық омонимдерді ажырату белгілерін анықтау, көмекші сөздердің белгілері, қосымшаларды жіктеу, аналитикалық форма мен күрделі етістіктердің ерекшеліктері мен ұқсастықтары т.б.

Жобалау әдісі 1920 жылдары АҚШ-та пайда болды. Авторы – американ философы және педагог Дж.Дьюн. Ол оқуды белсенділік негізінде құруды ұсынған еді. Жобалау әдісінің мақсаты – студентті оқуға ынталандыру, білімін практикада қолдануға үйрету, студенттің академиялық білімі мен прагматиканы байланыстыру, танымдық белсенділігін, қызығушылығын дамыту, ақпараттық кеңістікте білімін өздігінен қолдану, сыни ойлауын дамыту. Жоба әдісін қолдануда қойылатын талаптар: жобаның нақты мәселеге құрылуы; нәтижелерінің практикалық, теориялық, танымдық мәні; студенттің өзіндік (жұп, топпен) белсенді әрекеті; зерттеу әдісін қолдану амалдарын білу: проблеманы түсіну (“ми шабуылы”, дөңгелек үстел, эвристикалық әңгіме т.б. материал жинау, жүйелеу, талдау, болжам ұсыну, қорытындылау)

Зерттеушілік жобалар өзекті, әлеуметтік мәні бар мәселелерге құрылады. Оның құрылымы: зерттеу мәселесінің тақырыбын анықтау, зерттеу әдістерін, ақпарат көзін, методологиясын, болжамдарын ұсыну, шешу жолдарын білу, қорытынды, нәтижелерін безендіру, көрсету. *Ақпараттық жоба* – тілдік құбылыс объектісі жөнінде мәліметтер жинау. Оның құрылысы: мақсаты, өзектілігі, көздері (әдеби ақпараттық құрал, электрондық, сұхбат, сауалнама, ми шабуылы) мәліметтерді жөндеу (талдау, жалпылау, салыстыру, қорыту) – нәтиже (мақала, баяндама, телематериал, реферат т.б.) – тұсау кесері. *Жобалау әдісінің* ерекшелігі – студент өзі ізденеді, табады, талдайды, таңдайды, іріктейді, топпен бірлесе біріге жұмыс істейді. Жобалау әдісіне құрылған сабақ алдын ала жоспарланып, мақсатқа негізделеді. Оның жүзеге асуы бірнеше кезеңнен тұрады: 1) даярлық кезең: тақырып таңдау, талқылау, түсіндіру, жоспарын құру, ізденудің амал тәсілдерін талқылау; 2) ақпарат-мәліметтер жинақтау: ғылыми әдебиет, анықтамалық құрал, сөздіктер, педагогикалық мерзімді басылымдар, теле-радиохабарлар бағдарламалары, дыбыстық-бейнематериалдар, интернет веб-сайттары, сауалнамалар т.б. 3) ақпаратты талдау, сұрыптау, реттеу, жинақтау, қорыту: компьютерлік слайдтар, жинақ, грамматикалық кестелер, сызба-сұлбалар, плакаттар, сурет, дыбыстық бейнетаспа жазулары, көрме, фото-сурет т.б. 4) жобаның тұсау кесерін жасау: жоба жасауға қатысушылар сөзі (көрнекіліктер арқылы жүзеге асуы қажет); 5) тыңдаушылар сұрақтарына жауап беру; 6) жоба жөнінде пікірталастар. Жобалау әдісі студенттің көп ақпаратты білуге, жинап, қорытуға, зерттеушілік қабілетін шыңдауға үйретеді. Мини жоба (аз мерзімге) максимум жоба (ұзақ мерзімге) жасалып, соңғы нәтижесі – жобаны қорғаумен аяқталады. Сонымен, жобалау әдісін жүзеге асыру құрылымы: даярлық кезеңі: тақырыпты таңдау, түсіндіру; материал жинау; талдау, жинақтау; аяқтау, қорыту, нәтижесін көрсету (презентация). Жоба даярлауда студент әрекетінің кезеңдері:

тақырыпты таңдауы және топтарға бөлінуі; ақпарат жинауы; жұмыс барысын талқылау; жобаны даярлау; презентация. Бағалауда жұмыстың нәтижесіне, қызықтылығы мен өзіндік ерекшелігіне, орындалу сапасына баса мән беріледі. Студенттің зерттеушілік, ізденімдік, шығармашылық қабілетін арттыруда мына тақырыптарда жоба сабақтары жүргізілді: «А.Байтұрсынұлы – қазақ тілі морфологиясы ілімінің негізін қалаушы», «А.Жұбанов және қазақ тіліндегі етістік мәселелері», «Н.Сауранбаевтың морфология ілімін дамытудағы рөлі», «Жаңа буын мектеп оқулықтарындағы морфологиялық ұғымдарды іріктеу», т.б. (6-7 сынып). Төменде семинар-жоба сабағының құрылымын көре аламыз. (Кесте -2).

Оқытуды *компьютерлендіру* – негізгі мақсаты “өскелең ұрпақты ақпараттандырылған қоғамда, яғни ақпаратты ұқсату жөніндегі қызметтің алуан түрі кеңінен тараған, ақпараттық технология өндіру қарекетінің барлық салаларында жетекші орын алып отырған қоғамда өмір сүруге даярлау; ақпараттандыру құралдарын ендіру арқылы оқытудың нәтижелілігін арттыру” [33, 163].

Білім беруді ақпараттандыру мақсатында қабылданған мемлекеттік бағдарламалар дүниежүзілік білім кеңістігіне енуге байланысты оқыту жүйесін жаңаша құруға бағытталған. Қазіргі кезеңде білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияның жаңа үлгілерін қолдану – білім сапасын көтеруді мақсат тұтқан заман талабынан туған қажеттілік. Ақпараттық ағындардың молдығы, мазмұнының тез жаңарып, толығып отыру заманында аз уақытта көлемді ақпаратты меңгеріп, оның амал-тәсілдерін игеру қажеттігі туады. Қазіргі заман талабына сай білім сапасын арттыруда компьютерлік кең жол ашты.

Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесін ақпараттандырудың 2002-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасы білім берудің барлық деңгейлеріндегі ақпараттандыру бағыттарын белгіледі. Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты: “жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде қазақстандық білім берудің сапасын көтеруге азаматтарға білім алудың технологияны тиімді қолдану, осымен байланысты электронды оқулықтар мен Интернет желісіне (виртуалды білім), құрылған оқу үдерісін басқару жолдарын, оның дидактикалық, психологиялық заңдылықтарын анықтау міндеттері шешімін табуы тиіс.

Сонымен, компьютерлік оқыту ақпараттандыру құралын енгізу арқылы оқыту тиімділігін арттырып, білім сапасын көтеру, болашақ маманның әдістемелік-теориялық даярлығын, кәсіби құзырлығын қалыптастыруға негізделген. *Компьютер* жетістіктерін қолдану – заман талабы.

Кесте – 2. Жобалау әдісіне құрылған семинар сабағының құрылымы

Жобаның орындалу кезеңдері	Жобаға қатысушы студент әрекеті	Жүзеге асу амал тәсілдері	Оқытушы әрекеті	Дидактикалық құралдар
I даярлық кезең	Тыңдаушы Мақсатын белгілеуші Өздері тақырып таңдаушы Болжамын ұсынушы	Ми шабуылы арқылы жоспарын құру, талқылау, ізденудің амал- тәсілдерін талқылау	Тақырып таңдау Түсіндіру Мақсатын белгілеуші Топқа бөлуші	Ғылыми жоба жоспары
II кезең Жинақтау	Ақпарат, мәліметтер жинау, салыстыру, салғастыру, жалпылау.	Тапсырмаларды бөлу, ақылдасу, іздену, табу, орындау.	Бақылау, бағыт-бағдар сілтеу, ақыл-кеңес беру, басқару, реттеу	Ғылыми-әдебиеттер, мерзімді басылымдар, дыбыстық-бейне материалдар, веб-сайт, сауалнама. Компьютерлік слайд, графопроектор, Интерактивті тақта, транспоранттар, жинақ кестелер, сызба сұлбалар, сурет, ұнтаспа, бейнетаспа, көрме материалдары. Ғылыми еңбектердің библиографиясы, жаңалықтары, ұнтаспа, бейнетаспалардан үзінділер, мектеп сабақтарынан түсірілген бейне-таспадан үзінді, вебсайттар тізімі, мерзімді басылымдардан мақалалар, сурет, көрме материалдары, баяндама, реферат, мақала т.б.
III кезең Жобалау	Ақпаратты табу, талдау, сұрыптау, жинақтау, өңдеу, қорыту, даярлау	Даярлау, жүйелеу	Алдын ала тексеру, түзету, ұсыныстар беру, толықтыру	
IV кезең Жобаны қорғау, тұсаукесер	Баяндау, түсіндіру, демонстрациялау дәлелдеу, жинақтау, қорыту, өз көзқарастарын білдіру	Тыңдау, түсіну	Бақылау, тыңдау сарапшыны тағайындау, уақытты белгілеу	
V кезең Сұрақтарға жауап	Сұрақтарға жауап беру	Сұрақтар қою	Бақылау, тыңдау, реттеу	
VI кезең қорытын- дылау	Тыңдау, пікірталаста туындаған мәселелерге толықтырулар енгізу	Пікірталасқа қатысу (өзара бақылау, бағалау)	Пікірін білдіру, қорыту, бағалау	

Білім беруде ізгілендіру, ізгіліктендіру, демократияландыру ұстанымдарының қамтамасыз етілуі оқыту мазмұнын ақпараттандырумен тығыз байланысты, себебі әрбір болашақ маман өз мүмкіндігіне, даярлығына, білім деңгейіне сәйкес ақпарат, мәліметтер алып, оқу танымдық кеңістігін молайтып, қанағаттандыра алады, сондықтан ақпарат көзі компьютер – студенттің оқу әрекетін тиімді басқаратын, өзіндік танымына еркіндік беретін, тұлғаның әрекетшілдік методологиясын жүзеге асыратын жаңа бағытты пәрменді оқу құралы. Компьютерді оқу үдерісінде пайдаланудың педагогикалық-психологиялық тұрғыдан әртүрлі қырлары Э.Г.Азимов, С.В.Фадеев, Н.Алгазин, Ю.К.Бабанский, Б.С.Гершунский, Е.И.Машбиц, В.В.Давыдов, Ф.Талызина, В.М.Монахов, Ж.А.Қараев, Д.М.Жүсіпәлиева т.б. еңбектерінде қарастырылған. Ғалымдардың пайымдауынша, компьютерлік оқыту әдісі дәстүрлі әдістерден технологиялық, нәтижелік тұрғысынан ерекшеленіп, студенттің оқу әрекетінің субъектісі ретінде белсенді әрекет етуін қамтамасыз етеді. Компьютерді ерекше оқу құралы ретінде В.И.Евдокимов докторлық диссертациясында техникалық оқу құралдарының бірде-біреуі дидактикалық мүмкіндіктері жағынан компьютермен теңесе алмайтындығын баса айтады [111, 34]. Бірқатар шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулері негізінде компьютерлік оқыту бағдарламаларының мынадай артықшылықтарын көрсетуге болады: интерактивтілігі, көрнекілігі; оқу ақпаратының (жаттығулар көлемінің үлкендігі) молдығы; материалды іздестіріп табу жүйесінің икемділігі, қарапайымдығы, тездігі, уақытты үнемдеуі; оқу материалын үздіксіз жаңартып отыру мүмкіндігі; студенттердің өз бетінше, жеке дара жұмыс жасауына, өзіне сәйкес екпінмен жұмыс жасауына мүмкіндік жасалуы; студенттің жұмыс істеу нәтижесін үздіксіз хабарлауы; студенттің өз бетінше ақпарат алып, жаңа білімді өздігінен игеруі, өзін-өзі бақылап, бағалай алуы, Интернет желісі арқылы пән мазмұнын толықтыра алуы; білімді жөндеу, түзету мүмкіндігі; ынталандыру; қажетіне қарай кері байланыс жасау мүмкіндігін жүзеге асыруы; студенттің танымдық қызығушылығын арттыруы; білім сапасын көтеруі – оқу үдерісін жетілдіру, жүйе түрінде ұйымдастыру; ғылыми тақырып шеңберінде ақпараттық білім ауқымын кеңейтуі; қызықты мәліметтер жинауға мүмкіндіктің мол болуы; оқыту қарқынының үдемелілігі, қажетті ақпаратты шұғыл іздеп табу мүмкіндігі; оқу материалының сапасын арттыруды жүзеге асыруы; әрекеттік ұстанымдық; тұлғаны дамытуға бағдары; тұлғаның әлеуметтенуіне қызмет ету.

Компьютердің халық шаруашылығының барлық салаларында кең қолданылуы болашақ маманның ақпаратты алу, жөндеу, жинақтау-талдау жұмыстарын жаңаша жүргізе білу дағдыларын талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, оқыту бағдарламаларын жетілдіріле түсу міндеттері шешімін табуы тиіс. Компьютердің басты қызметі – оқу үдерісін басқару, сондықтан оқу мақсаты, мазмұны оқытушы-студент-компьютер секілді үштіктің өзара әрекетіне құрылады. Компьютерлік технология дәстүрлі оқытудан оқу үдерісін жаңаша

ұйымдастыру мен оқытушы мен студенттің өзара әрекеттік оқу қызметінің өзгеруімен сипатталады.

Оқыту үдерісінде компьютермен жұмыс істеу барысында оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас ақпарат құралына тәуелді, сондықтан компьютерде берілген оқу материалының тақырыпқа сәйкес құрылымы оның мазмұнын ашатындай, жаттығу, тапсырма, бақылаудың білім, іскерлік дағды қалыптастыратындай құрылуына баса назар аударылуы тиіс.

Көрнекі құралдың жаңа жанрларының бірі – мультимедиялық энциклопедия, электронды оқулықтар, бұлар білімді ақпараттандырудың негізгі факторлары. Электронды оқу материалының ішкі мазмұны үнемі Интернет желісі және басқа электронды кітапханалар арқылы толықтырылып отыратыны белгілі, сондықтан ол – ақпарат жинақтаудың қайнар көзі. Электронды оқулық студент үшін өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беруімен қатар, ғылыми курстан жан-жақты, терең мазмұнды толық ақпарат беруге мүмкіндігі мол. Компьютерге негізделген электронды оқу құралы – ғылыми курс бойынша типтік бағдарламаға негізделген бірізді жүйеге құрылған гипермәтіні, анимациялары (көрнекіліктері) әртүрлі деңгейлі, интерактивті, жаттығулар мен оқу және бақылау тапсырмалары, бар, мультимедиялық элементтер араласқан оқу дискісі. Электронды оқу құралы ұжыммен, топпен, сондай-ақ студенттің өз бетінше жұмыс жасауына лайық құрылған, сондықтан студент пен ондағы оқу материалының өзара әрекетінің интерактивтілігін қамтамасыз етеді, оқу үдерісін автоматтандырады.

Жоғары оқу орындарында маман даярлау сапасын арттыруда оқу-тәрбие үдерісін тұлғалық-бағдарлық оқуға бағыттау, білімнің нәтижелігін жүзеге асыру, оқытудың жаңа технологиясын білім сапасын көтеруде тиімді қолдану – дидактиканың түйткілді мәселелері. Сондықтан білім мазмұнын, оқытуды ұйымдастыру формалары мен әдістерін, оқу құралдарын жаңаша құрудың бір ұштығы білімді ақпараттандыруда жатыр. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді дамыту стратегиясы жоғары мектепте қазақ тілі мамандары даярлау сапасын арттыру мәселелерімен ұштасып жатыр. Болашақ маманның кәсіби даярлығы арнайы кәсіби пәндерді игеру деңгейіне тікелей байланысты, сондықтан ғылыми курсты оқытуды заман талабына сай жаңаша құру – жоғары мектеп міндеті.

Дәрісханадан тыс өздік жұмыстары үшін компьютерлік оқыту бағдарламасының Қазіргі қазақ тілі морфологиясынан электронды оқу құралы (ЭОҚ) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен ЖОО-ға арналған типтік бағдарлама мазмұнына сәйкес жобасы жасалып, тәжірибеде қолданылды. Жалпы алғанда, электронды оқулықтың концептуалдық негіздері мен негізгі сипаттамалары, мәні туралы А.Әбілқасымова, т.б. еңбектеріндегі қағидаттарды ұстанудың маңызы зор [112]. Электронды оқу құралы (ЭОҚ) мазмұндық, операциялық, бақылау, бағалау және қосымша бөліктерден тұрады. Мазмұндық бөлігі білім, операциялық-әрекеттік бөлігі білік, дағдылар, кәсіби

біліктілік, бақылау бөлігі білімді игеру сапасын анықтауға бағытталады. Электронды оқу құралы студенттің өз бетімен жұмыс істеуіне арналғандықтан, негізінен, дәрісханадан тыс уақытта қолдануға, сондай-ақ семинар сабақтарда қосымша оқу құралы ретінде ақпарат-семинар түрінде қолданылады. Ол үшін арнайы сыныптардағы компьютерлерге қазіргі қазақ тілі морфологиясынан электронды оқу құралы құжат (папка) болып енгізіледі. Аптасына компьютер кластарында жұмыс істеу сағатының көлемі – 4 сағат. Арнайы жасалған кесте бойынша студент өзіне оңтайлы уақытта берілген тақырып пен тапсырманы осы орындауға мүмкіндік алады.

Электронды оқу құралының тиімділігі бақылау кесінділерінің статистикалық көрсеткіштері арқылы анықталып отырады.

Компьютерді қолдану оқыту барысында сабақтың білімдік, танымдық мақсаттарына орай да арагідік жүзеге асып отырды. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, компьютерге арналған мультимедиялық проектор негізінде дискіге немесе дискетаға жазылған оқу материалын түрлі-түсті етіп экраннан көрсетуге болады. Бұл электронды слайдтар үшін Microsoft Office пакетінің қосымшасы Power Point бағдарламасын қолдана отырып, бірнеше кешенді сабақ үлгілері жасалды. Сонымен қатар тәжірибелік сабақтарда студенттер топтарға бөлініп орындайтын жобаларының ғылыми жұмыстарын қорғау кезінде қолдану тиімді. Студенттерді үш шығармашылық топқа бөле отырып, екі апталық зерттеу жұмысына жұмылдыру керек. Мәселен, 1-топқа берілетін тақырып: Сөздің грамматикалық формалары және оларды оқытуда техникалық оқу құралдарын қолдану әдістемесі. 2-топқа берілетін тақырып: Қазақ тілінде нөлдік морфема мен нөлдік форманың зерттелуі, теориялық негіздері (С.Исаев, Н.Оралбаева, Ж.Балтабаева, А.Омарова монографиялары бойынша). 3-топқа берілетін тақырып: Қазақ тіліндегі көмекші морфемалар мәселесі. Әр топ құрамына кіретін студенттер екі апта бойы жиған материалдарын (Интернет, сондай-ақ институт, орталық ғылыми кітапханалар, анықтамалық-ақпараттық бөлімдері бойынша т.б.) дискетаға немесе дискіге аудара отырып, Microsoft Word бағдарламасынан редакциялап, қорғайтын тақырыптарына сәйкес мәтін құрап, сабақта мультимедиялық проектор арқылы көрсетеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Белсенді оқу әдістеріне анықтама беріңіз.
2. Зерттеген ғалымдарды атаңыз.
3. Белсенді әдістердің түрлеріне анықтама беріңіз.

2.3. Жоғары мектепте оқу құралдарын тиімді қолдану әдістемесі

Жоғары мектепте оқыту үдерісін нәтижеге бағдарлау мақсатында оқу құралдарының тиімдісі **техникалық оқу құралдарын** (әрі қарай – ТОҚ) қолданудың маңызы зор. Техникалық оқу құралдарын қолданудың көбіне жалпы

назардан тыс қалуының басты себептері: ТОҚ-ты қолданудың кейбір қолайсыз тұстары; оқытушының ТОҚ-ты қолдануға жете көңіл бөлмеуі; жоғары мектепте арнайы пәндерді оқытуда техникалық оқу құралдарының тиімділігі, алатын орны, атқаратын рөлінің жан-жақты анықталмағаны; оқу орындарының материалдық-техникалық қорының төмендігі.

Техникалық оқу құралдары дегеніміз – оқыту үдерісінде оқу әрекетін белсендіретін, оқыту тиімділігін арттыру құралы ретінде дидактикалық мақсатта қолданылатын техникалық құралдар жиынтығы. Бүгінде білім мазмұнын жетілдіруде, оқу формалары мен оқыту әдістерінің тиімділігін арттыруда, тұлға әрекетін белсендіруде, білімді сапаландыруда техникалық оқу құралдарын қолданудың қажеттілігі артып отыр. Белгілі ғалым Ю.К.Бабанский оқытуды сапаландырудың негізгі факторларының біріне техникалық оқу құралдары мен компьютерді қолдану деп белгілейді. Осы тұрғыдан алғанда, оқытудың дәстүрлі тұжырымдарымен қатар жаңа ақпараттық технологияның тұтастықта дамуы – білім сапасын арттырудың озық жолдарының бірі деп қорытынды жасауға болады. Психологтардың зерттеулері бойынша, білімді игеруде көру анализаторының қызметі ерекше. Мысалы, психологияда белгісіз затты тануда сөзбен түсіндіруге 2,8 сек., суретпен баяндауға 1,5 сек, (түрлі-түсті суретке 0,9), кино арқылы 0,7, ал объектінің өзін көрсету 0,4 сек. ішінде жүзеге асатындығы туралы мәліметтер кездеседі [113]. Сондықтан көрнекі көрсету білімді меңгеру уақытын үнемдейтіндігі ескерілуі тиіс. М.Уайттың қазіргі ақпаратты технологияның негізі – бейнелігінде («образность») деуі тегін емес [114].

Оқытудың дәстүрлі технологиясы жағдайында бейне-дыбыстық жаңа технологияның артықшылықтарын дұрыс бағаламау білім сапасын төмендетеді, оқу ақпаратын қайталауға кететін уақытты үнемдеуге мүмкіндік бермейді. Сөйтіп, есте сақтауды төмендетеді.

Қазақ тілін оқытумен байланысты техникалық құралдарды қолдану әдістемесі жөнінде еңбектер көп емес. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі сабақтарында ТОҚ-ты қолданудың жүйесін алғаш жинақтап айтқан ғалымдардың бірі – Б.Құлмағанбетова. Ғалым «Қазақ тілі сабағында техникалық құралдарды пайдалану» атты (1984) еңбегінде қазақ тілі сабақтарының мазмұнын жетілдіру мақсатында кодоскоп, эпидиаскоп, диапроекторларды қолданудың, сондай-ақ лингафон кабинетіндегі жұмыстар мен ТОҚ кабинеттерін ұйымдастыру істеріне көңіл бөлген. Автордың бағдарламалап (программалап) оқытуға байланысты оқушы білімін тексеруде тәжірибеде қолданылған «Ласточка», «Экзаменатор» машиналарымен жүргізген сабақтары да назар аударарлық, себебі білімді тексеру және бағалау үдерісінің дидактикада өз шешімін таппай келе жатқаны белгілі. Сондай-ақ қазақ тілі сабақтарында ТОҚ-ты қолдануға қалам тартқан ғалымдарды атап өтсек, Ә.Құрышжанова, Қ.Қадашева, Р.Шаханова, А.Қыдыршаев, Ш.Бектұров, Г.Бектұрова, С.Дүйсенова т.б. Қ.Қадашева студенттің оқу-танымдық белсенділігін арттыруда техникалық

оқу құралдарын, оның ерекше түрі компьютерді тиімді қолдануды әдістемелік қырынан негіздеген. Р.Шаханова зерттеулерінде де электронды оқулықтарды қолданудың әдістемелік жүйесі біршама қарастырылған [115], Г.Бектұрова орфографияны оқытуда электрондық оқу құралын қолданудың жолдарын, Г.Нұрманова қазақ тілін оқытуда филолог-студенттердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың негіздерін көрсеткен [116].

Орыс тілді дәрісханаларда қазақ тілін оқытып-үйретумен байланысты ТОҚ-ты қолдану әдістемесін арнайы қарастырған – С.Дүйсенова. Ол ТОҚ-ты қолданылу ерекшеліктеріне қарай төмендегідей топтайды: 1) дыбыстық аппараттар (электройнатқыш, магнитофон, лингафон кабинеті, күйтабақ, грамжазба); 2) проекциялық аппараттар (статикалық, динамикалық). Статикалық түріне диаскопиялық (диапроектор, диаскоп), эпидиаскопиялық (эпидиаскоп, графопроектор) деп бөледі. Сондай-ақ динамикалық ТОҚ-қа кинопроектор, бейнемагнитофонды жатқызады. Сонымен қатар автор компьютерлік сабақ үлгілерін көрсетеді. Ол студенттердің қазақ тілінен дәрісханадан тыс өздік жұмысына арналған компьютерде оқыту бағдарламасының жобасын жасап ұсынған.

ТОҚ-тың түрлері:

1) проекциялық құралдар (диа-графопроекторлар). Бұл құралдар арқылы 24х36 мм. өлшемдегі слайд (диапозитивтерді), транспаранттарды көруге болады. Кейінгі кездері (диапозитивтің орнына компьютерге қосылған электронды проекциялық панелі бар) арнайы диапроекторлар қолданыла бастады. Бұлар компьютерге арналған проектор немесе мультипроектор деп аталады. Компьютердегі ақпарат материалдарын осы мультипроектор арқылы экранға үлкен етіп шығаруға болады. Дәріс мен семинарларда қолданылатын Электронды слайдтар үшін Power Point бағдарламасын қолдануға болады (бұл Microsoft Office пакетінің қосымшасы болып табылады.)

Графопроектор – оқыту үдерісінде жиі қолданылатын аппарат. Қолдануға өте ыңғайлы, қарапайым, 24х24 см өлшеміндегі фолья арқылы (түссіз пленка) көрсетуге болады. Бірінің үстіне бірін қойып, тілдік материалды үнемі динамикада, қозғалыста көрсете беруге болады. Фольяға арнайы фломастермен жазу арқылы немесе алдын ала терілген мәтін т.б. оқу материалын принтерден шығарып көрсетуге мүмкіндік береді.

2) Дыбыстық-бейне құралдары (магнитофон, бейнемагнитофон, бейнекамера, теледидар, компьютер) Аталмыш оқыту құралдарының атқаратын қызметі, негізінен, оқыту процесін жеңілдете отырып, оқу уақытын үнемдеу, сондай-ақ сабақ мазмұнының интерактивтілігін күшейту, мол ақпарат беру, оқытушы мен студенттің оқу әрекетінің тиімділігін қамтамасыз ету. Әрине, оқыту жүйесінде ТОҚ-ты, соның ерекше түрі *компьютерді* оқытудың қай буынында қалай, қандай мақсатта қолданылатыны айқын жоспарлы түрде жүзеге асуы тиіс. Зерттеуші ғалымдардың компьютерлік технологияны қолданудың

тиімділігі туралы пайымдамаларын қорыта отырып, оның мына артықшылықтарын баса көрсетуге болады:

- кең көлемдегі мәліметтер қорының сақталуы;
- ақпарат алу және онымен оқу әрекеттерінің орындалуының тездігі және дәлдігі;
- оқытудың даралық сипат алуы;
- студенттердің ғылыми курсқа қызығушылығының артуы;
- студенттердің өз бетінше жұмыс жасауына, ой еңбегін, зерттеушілік әрекетін арттыруға қолайлылығы;
- қажеттілігіне қарай кері байланыс жүйесінің жедел түрде жүзеге асуы;
- оқыту уәждемесін көтеру арқылы білім сапасының жоғарылауы;
- студент білімін анықтаудың, оны түзетудің жоғары деңгейі.

ТОҚ-ты жоспарлы түрде пайдалануда дидактикалық талаптарды орындау назардан тыс қалмауы қадағаланады. Олар – оқу материалының мақсат, мазмұнына сәйкес құрылуы; сабақтың қай буынында қолданылатындығы, қаншалықты тиімді екендігінің айқындылығы. Дәріс, тәжірибелік сабақтар мен дәрісханадан тыс орындалатын студенттердің өздік жұмыстарының орындалуы барысында, магнитофонға арналған дыбыстық ұнтаспалар, кодоскоп, графопроекторге арналаған оқу слайдттары, транспаранттар, бейнемагнитофонға арналған бейнетаспалар (педпрактика барысында түсірілген оқу фильмдері), теледидар, компьютер материалдары (электронды оқу құралы) қолданылады.

Ұнтаспа жазбаларын (аудиожазба) қолдану. Дәріс – жоғары оқу орындарында оқытуды ұйымдастырудың негізгі түрі ретінде – ғылыми курстан ақпарат берудің көзі. Дәріс мазмұнын қызықты, көрнекі етіп игертуде ұнтаспаларды мына мазмұнда қолдану тиімді. Мәселен, Қазіргі қазақ тілі морфология курсынан “Морфологиялық мағына мен грамматикалық форма сәйкестігі”, “Морфологиялық мағына түрлері, ерекшеліктері”, “Морфологиялық тұлғаның белгілері, түрлері”, “Морфологиялық категория, мағыналық құрылымы”, “Сөздің грамматикалық формалары”, “Нөлдік морфема мен нөлдік форма”, “Болымдылық-болымсыздық категориясы” т.б. күрделі тақырыптардан дәріс оқу барысында ұнтаспа жазуларын қолдану оның тиімділігін арттырады. Дәріс кіріспесінде студенттердің зейінін мақсатты түрде шоғырландыруда жағымды уәж тудыру үшін, тақырыптың болашақ кәсібіне қатыстылығына назар аударту маңызды. Мысалы, дәріс тақырыбының практикалық мәнін арттыру мақсатында ұнтаспадан педагогикалық практика кезінде жазылып алынған (түсірілген) оқушылардың шақ түрлеріне құраған сөйлемдерін оқытып, аударту сәті тыңдалады. Үзіндіні тыңдату мақсаты – қазақ тілінде жиі кездесетін етістік сөздердің жіктелуін бір-бірінен ажырата алу біліктерін бақылау, тексеру, талдау. Студенттер мысалдарды тыңдау барысында оқушылардың сөйлемді дұрыс түсінген-түсінбегенін және қателердің болу себептері неде екендігіне назар аударады. Бұл әрекет студенттің білмегенді білуге деген ұмтылысын

тудырады. Сондай-ақ тәжірибелік сабақтарда ұнтаспаларды тыңдатып, тілдік құбылыстарға талдау жасату да тиімді. Тәжірибелік сабақтарда ұнтаспамен мынадай жұмыс түрлерін жүргіздік: мәтінді тыңдата отырып, **морфологиялық сөздік**, грамматикалық терме, шығармашылық диктант жаздыру; мәтіннен сөз түрлендіруші жұрнақ жалғанған сөздерді теріп жазу, сөйлемдегі етістік тұлғаның шағын өзгерту, заттанған сөздерді теріп жазып, сөз табына ажыратып, грамматикалық сипатын түсіндіру, көмекші есімдерді тіркесіп тұрған сөзімен бірге теріп жазу, көлемдік септік тұлғаларындағы сөздерді теріп жазу; мәтінді тыңдай отырып, шылауларды алып тастап жазу, ондағы стильдік ерекшеліктерді түсіндіру т.б. Сондай-ақ грамматикалық тапсырмалары бар бақылау жұмысын да аудиожазба негізінде тиімді етіп жүргізуге болады. Білімді бақылау, тексеру – негізінен семинар, зертханалық сабақтарда жүзеге асатын үдеріс. Алынған білім үнемі бақылауда болып, жіберілетін қателер уақытында түзетіліп (коррекция), бағаланып отырудың тәлімдік-тәрбиелік маңызы да бар. Бұл, біріншіден, білімді жүйелі, берік етеді, екіншіден, студенттердің оқуға жауапкершілігін арттырады, тиянақтылыққа, жинақылыққа үйретеді. Әдетте, тәжірибелік сабақтарда 20-25 студенттің немесе бір уақытта көп студенттің білімін бақылап, тексеру мүмкін емес (бағдарламалап, дидактикалық тесті негізінде тексеруді тексеру). Білім жүйелі түрде тексерілмесе, кері байланыс үдерісі әр сабақта жүзеге аспаса, білім, білік бағаланбаса, оқыту тиімділігі, білім сапасы төмендейді. Кейінгі кезде білімді бағалаудың рейтинг жүйесін тәжірибеде қолданудың қолайлы, үнемді әдіс болып кең тарауы да студенттің сабақта жүзеге асатын әрбір оқу әрекетінің бағалануына байланысты екені тәжірибеде дәлелденді. *Графопроекторды қолдану әдістемесі. Графопроектор* – оқыту үдерісінде жиі қолданылатын, қолайлы, оңтайлы, тиімді техникалық оқу құралы. Бұл оқу құралы дәрісхананы қараңғылауды өте қажет ете бермейді. Мұның ерекшелігі түссіз полиэтиленге жазылған мәтін немесе өрнектелген сызба, кесте, сұлба, сурет т.б. үлкейтіп көрсетуге болады. Сондай-ақ, түссіз транспоранттарды бірінің үстіне бірін қою арқылы тілдік құбылыстардың күрделі мәселелерін қамтуға болады. Транспоранттардағы жазуларды алдын ала компьютерге теріп, принтерден шығарып та алуға болады. Кодоскопты дәріс оқу барысында да тиімді қолдануға мүмкіндік бар. Мысалы, қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдарды түсіндіруде грамматикалық жинақ кестесін (слайд) пайдалануға болады. Оның үлгісі келесі бетте көрсетілген. Мұндай кестелер студенттің грамматикалық ұғымдар туралы түсініктерін жүйелейді, оқу материалын санасында берік сақтауға мүмкіндік береді. Қазақ тіліндегі шылауларды қайталау барысында студенттерге мектеп оқулықтарында осымен байланысты берілген лексика-грамматикалық оқу материалдары бойынша даярланған сұрақтармен жұмыс жүргізіледі. Осы тұрғыдан мектеп оқулығындағы ережелер мен жаттығулар проекцияланып, дәріс материалдарымен салыстырылып, талданып, ұжым болып талқылап жұмыс істеуге мүмкіндік болады. Дәріс арасындағы логикалық байланыстарды жүзеге асыруда

көрнекіліктерді проекциялап көрсету алдымен сабақ уақытын үнемдейді, сондай-ақ дәріс мазмұны проблемалық сипат алғанда, қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беруге, теориялық материалды жинақтап, білімді жүйелі етіп беруге мүмкіндік береді. Нақты тілдік материалды түсіндіргенде, оқытушы сөзі мен көрнекіліктің үйлесім табуы білімді қабылдау, ұғу сапасын арттыратыны психологиядан белгілі, осымен байланысты слайдтар мен транспаранттарды бірінен соң бірін көрсетіп, тілдік материалды үнемі қозғалыста, динамикалы етіп ұғындыру студенттердің тілдік категорияларды терең түсінулеріне көмектеседі. Графопроекторды студенттердің өзін-өзі тексеру жұмысын орындағанда да тиімді қолдануға болады. Өзін-өзі тексеру әдісі оқытудың модульдік жүйесінде жиі қолданылады. Студенттердің өзін-өзі тексеруін жүзеге асырудың мазмұны әртүрлі. Мысалы, тапсырма беріліп, жауабы бірінің үстіне бірі, арасына қара қағаз (көшіру қағазы) қойылған параққа жазылады. Тапсырма орындалып болған соң, үстіңгі бетін оқытушы жинап алады да, астыңғы көшірмесі студент қолында қалады. Сонан соң оқытушы жауабы жазылған транспарантты кодоскоп арқылы көрсетеді. Студенттер сол арқылы жауаптарын тексеріп, қателерін анықтайды да оқытушыға тапсырады. Оқытушы жауаптарды салыстыра отырып, студенттің өзін-өзі бақылауын бақылайды.

Дыбыстық бейне құралдары теледидар мен бейнемагнитофонды қолдану әдістемесі. Тәжірибелік сабақтарда бейнекамера арқылы арнайы түсірілген оқу фильмдерін көруге болады. Қазіргі қазақ тілі сабағында оқытудың болашақ кәсібіне сәйкес құрылуы ұстанымын қамтамасыз етуде көбіне педагогикалық практикада түсірілген сабақтардан грамматикалық тақырыптарды түсіндіру кезеңіндегі үзінділерді көрсету тиімді болады. Мысалы, №128 қазақ орта мектебі мен №15, тіл гимназиясының №95 орыс орта мектебінің 6-7 сыныптарында практикант студенттердің жүргізген сабақтарын көрсете отырып, ондағы негізгі мәселелерді сабаққа көшіру арқылы оқыту мазмұнын тиімді етуге болады. Педагогикалық практика оқу-тәрбие үдерісінің құрамдас бір бөлігі болып табылады. Педагогикалық практиканың негізгі міндеттеріне студенттерді болашақ кәсібіне икемдеу, әдістемелік-кәсіби даярлығын қалыптастыру, мамандығын тани білуге, болашақ кәсібіне қызығушылығын оятуға, теориялық курсты практикада қолдану, бекіту, орта білім мен жоғары білім арасында сабақтастық орнату, қазіргі оқу-тәрбие жағдайларынан хабардар ету. Практиканың негізгі кезеңі – пән бойынша сабақты ұйымдастыру және оны өткізу кіреді. Грамматиканың морфология саласы қазақ мектебінің 6-7 сыныптарының бағдарламасына жоспарланған, ал басқа ұлт мектептерінде оқу материалының мазмұны концентрациялық ұстанымға негізделіп құрылған. Сондықтан оқулықта грамматикалық ұғым сөйлеу қажеттіліктеріне қарай шашыраңқы, аралас түрде беріледі. Практикант студенттің міндеті – аталған пәннен оқу бағдарламасы мен жұмыс бағдарламаға сәйкес тақырып бойынша оқушыларға білім, іскерлік, дағды қалыптастырудың амал-тәсілдерін, әдістерін, құралдарын іздестіру, озық тәжірибелерді бақылап-байқап, жинақтау, қорыту,

қолдану, мектепте қазақ тілі пәнін оқытудың тәжірибесін жинақтау, соған қатысты оқу тәрбие жұмыстарымен, жоспарларымен танысу т.б. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін практикант студент өз тәжірибелерін қолдана отырып, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырушылардың бірі ретінде сабақ, факультатив сабақ, сыныптан тыс оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастырады. Студенттердің өткізген сабақтарының кейбір бөліктерін (фрагменттерін) түсіріп, семинар, зертханалық сабақтарда тиімді қолдануға болады. Мысалы, “Зат есімнің грамматикалық категориялары” туралы дәріс пен семинар сабақтарында мектептегі жалғауларды қайталауға арналған бекіту сабағынан түсірілген бейнеүзінді көрсетіледі. Бұл әрекет білімнің кәсіби ұстанымы негізінде берілуін жүзеге асырады, себебі студент өз білімін практикада жүзеге асыру жолдарын нақты мысалдар арқылы көріп, материалды оқушыларға игертудің әдіс-тәсілдерін меңгереді. Бейнематериалды көру барысында мынадай сұрақтар қойылады: 1. Мұғалім шақ түрлерін дұрыс бекітті ме? 2. Келтірілген мысалдар жеткілікті ме? 3. Бекітуге арналған жаттығу, тапсырмалар тілдік жағынан мазмұны дұрыс құрылған ба? 4. Шақ түрлерін меңгертуді жетілдіруге байланысты қандай ойларың, ұсыныстарың бар? Мұндай жұмыстар сабақты талдауға, яғни оқу материалын түсіндіру, бекіту, қорыту, жаттығу жұмыстарын жүргізу, көрнекіліктерді (кесте, өрнек, сызба, сурет, т.б. сондай-ақ ТОҚ материалдары) қолдану әдістемесін талдап, пікірталастар, сұхбаттар құруға негізделеді. Сондай-ақ, тілге қатысты телехабарлардың (бейнетаспаға көшірілген) үзінділерін көрсетіп, талдау-сипаттау жұмыстары жүргізіліп отырылады.

Электронды оқу құралы: құрылымы, тиімді қолдану әдістемесі. «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережесіне» сәйкес білім беру жүйесінің кредиттік технологияға көшуінің басты мақсаты:– «Ұлттық білім берудің оқу бағдарламаларын халықаралық тану, білім беру ұйымдарының білім алушылары мен оқытушыларының ұтқырлығын қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру сапасын арттыру және білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету». Білім берудің осы моделіне сәйкес оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі міндеттері: оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай туғызу, білім алушылардың өзіндік жұмыстарының рөлі мен тиімділігін күшейту, оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану, оқу үдерісін қағазды және электронды тасымалдағыштардағы барлық қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету, білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістерін қолдану [110].

Оқытудың кредиттік жүйесі жағадайында ЖОО-да маман даярлау жүйесінде білім мазмұнының қоғам дамуына, ұлттық танымға сәйкестігі мен ғылыми, өндірістің дамуы деңгейіне, сондай-ақ қоғамның қойып отырған жаңа талаптарына сәйкес құрылуы, ізгілік, гуманитарлық, демократияландыру бағыттары негізінде құрылуы, уәждемелік, оқу-танымдық әрекетін белсендіруді көздеу, жеке дара ерекшеліктерді ескеруге құрылған тұлғалық-бағдарлық оқытуға негіздеу, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырылған көпдеңгейлік үздіксіз білім

беру, ақпараттық білім алу мүмкіндігін кеңейту ескерілу керек. Пәндік білім беру жүйесі тұрғысынан жаңа теориялық тұжырымдардың енгізілуі, пәншілік, пәнаралық байланыстар арасындағы синтез, лингвистикалық біліктілігін арттыруға негізделуі, базалық білімнің теориялық, практикалық, кәсіби маңыздылығы, лингвистикалық білімнің теориялық ойлауды дамытуда маңыздылығы, практикалық бағытын жүзеге асыру, қатысымдық деңгейде құрылуы, сонда-ақ іскерлік дағдылар жүйесі тұрғысынан функционалдық-стильдік, қатысымдық негізде құрылуы, шындық өмір заңдылықтарымен, прагматикалық бағытта түзілуі, нәтижелік модельге құрылуы, білімді бақылаудың үздіксіздігі, әрекеттік негізде білім беру, жаттығулардың молдығы, кәсіби бағдар беру тұрғысынан болашақ кәсібімен байланыстыру, заман талаптарына сәйкес бәсекеге қабілетті маман даярлау, шығармашылық қабілетін дамыту тұрғысынан танымдық белсенділік пен шығармашылық қабілетін арттыру, ақпараттық-мультимедиялық технологияны енгізу, өз бетімен жұмыс істеуге, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беру, проблемаларды шешудегі өзіндік, шығармашылық қызметті қамтамасыз ету, педагогикалық үдерістің педагогикалық ынтымақтастықта жүзеге асырылатын интерактив әдістер негізіне құрылуға жағдай жасау мәселелеріне баса мән берілуі керек.

Осыған орай ақпараттық кеңістікте өз бетінше білімін жетілдіру - ЖОО-ның басты міндеті. Қоғамды ақпараттандырудың басты міндеттерінің бірі - білім беру жүйесін ақпараттандыру. «Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілгендей, «E-learning» - электронды оқытудың мақсаты - білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету [117].

Адамның технологиялық әрекеті негізінде адам факторының алға шығуына байланысты оқуда танымдық уәжді, қызығушылықты, серпінділікті, қарқындылықты қамтамасыз ету, оқыту үдерісін тұлғаның белсенді, шығармашылық, өзіндік оқу әрекетіне құру, кері байланыстың үздіксіз жүруі, сондай-ақ оқу нәтижелеріне жету, оқыту үдерісінің негізгі құрылымдық компоненттерінің өзара тығыз байланыста жүзеге асуы, студенттің оқу әрекетінің субъектісі болуы, студент пен оқытушының арасындағы педагогикалық ынтымақтастығы, өзіндік, өзара бақылау, бағалау маңызды.

Белсенді оқытуды тиімді ұйымдастырудың әдістемелік шарттары:

- 1) оқу мақсатын диагностикалық тұрғыдан дәл анықтау: білім, іскерлік, дағды, білікті үздік бағалау жүйесін жетілдіру: рейтингілік (мазмұндық, әрекеттік) тестілік жүйе, сөйлеу әрекетінің (тыңдалым, жазылым, оқылым, айтылым) түрлері бойынша бақылау;
- 2) тұрақты оқу уәждемесін қалыптастыру: оқу материалының қызықтығы, болашақ кәсібімен байланыстығы;
- 3) педагогикалық ынтымақтастық орнату – оқу субъектілерінің бір-біріне сенімділігі, өзара көмегі;

4) оқу тапсырмаларының студенттің ақыл-ой, танымдық белсенділігін арттыруға мол мүмкіндігі: проблемаға, пікірталасқа, эвристикаға, өзара жарысқа, мультимедиаға құрылуы;

5) даралық сипат алу: студенттің психологиялық және дара ерекшеліктерін ескеруге құрылған деңгейлік тапсырмалардың репродуктивтік деңгейден шығармашылық деңгейге көтерілуі, рефлексиялық басқаруға көшу;

6) үйлесімділік, ұжымдық бірлескен әрекетке құрылуы.

7) Интерактивті әдістерге (проблемалық, дебат, пікірталас, мультимедиа, кейс-стади, ми шабуылы, блиц-турнир, дөңгелек үстел, пресс-конференция, іскери, рөлдік дидактикалық ойындар, жоба қорғау, т.б.) басымдық беру.

Аталған әдістер ішінде мультимедиалық әдісті жүзеге асырудың түрі-ақпараттық технологияны қолдану. Бұл мәселе білімді ақпараттандырумен тығыз байланысты. Білім беруді ақпараттандыру мақсаты - оқыту жүйесін жаңаша сапаға құруға бағыттау. Қазіргі кезеңде білім беруде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану – білім сапасын көтеруді мақсат тұтқан заман талабынан туған қажеттілік. Ақпараттық ағындардың молдығы, мазмұнының тез жаңарып, толығып отыру заманында аз уақытта көлемді ақпаратты меңгеріп, оны жинақтап, игерудің, сақтаудың, өңдеудің амал-тәсілдерін игеру қажеттігі туады. Білім беруді ақпараттандыру мақсатында қабылданған мемлекеттік бағдарламалар дүниежүзілік білім кеңістігіне енуге байланысты оқыту жүйесін жаңаша құруға, білім сапасын арттыруға бағытталған. Қазіргі кезеңде білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияның жаңа үлгілерін қолдану – білім сапасын көтеруді мақсат тұтқан заман талабынан туған қажеттілік.

Білімді ақпараттандыру – оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық-психологиялық міндеттерін шешуге бағытталған заманауи ақпараттық технологияларды білім саласында қолданудың әдіснамалық, практикалық қолданысын және оларды жүзеге асыруды онтайлы жолдармен қамтамасыз ету үрдісі. *Ақпараттық құзыреттілік мазмұны:* компьютер, оның құрылымдық қосалқы құралдарын, қолдану тетігін, олардың атқаратын қызметін игеру; телекоммуникациялық құрылғылардың (компьютер, телефон, спутниктік байланыс) мазмұнын, атқаратын қызметін меңгеру; өз бетінше ақпаратты іздеп табу, іріктеу, қор жинақтау, өңдей білу дағдыларының қалыптасуы; ақпараттық технологияның негізі ақпараттың электронды тәсілі, түрі, жолы болғандықтан, телекоммуникациялық ақпарат алмасу жолдарын меңгеру (e-mail – құжаттармен электронды түрде байланыс жасау, чат – веб-серверде орналасқан «мәтіндік полотнода» екі немесе бірнеше субъектінің нақты сол уақытта хабар алмасуы, веб-сабақтар веб-квестер, веб-форум веб-конференциялар - таңдауға байланысты асинхронды түрде, яғни электрондық хабар алмасу, телеконференция, іздеу немесе синхронды түрде, яғни веб-форум, чат, дистанциялық олимпиадалар т.б.

түрде өтеді); оқу құралы ретінде қолдана білу (тренинг, диагностика, бақылау, бағалау, MS Power Point бағдарламасы негізінде слайдтар жасау, т.б.). ақпараттық кеңістікте тосын жағдайларда өз білімін қолдана білуге, өз жұмысын ұтымды ұйымдастырып, жоспарлау қабілеті.

Интернет - ауқымы кең виртуалды орта, ақпарат алмасу құралы, оның адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асырудағы маңызы ерекше. Біріншіден, адамдар арасындағы on-line режиміндегі синхронды, асинхронды байланысты (e-mail, чат, форум т.б.), екіншіден, танымдық, ойын- сауықтыруды (электронды газет-журнал, т.б. қажетті материалды іздеу, оқу, танысу, білу және әр түрлі ойындар ойнау т.б.) жүзеге асырады.

- Интернеттің дидактикалық мақсаттары: ақпарат гипермәтін түрінде ғана емес, сондай-ақ анимациялар мен дыбыс, бейнежазбалар арқылы берілгендіктен, оларды мультимедиялық сабақтарда кең түрде пайдалану;

- электронды кітапханалар мен электронды энциклопедиялар, электронды анықтағыштарды т.б. тіл үйренуде тиімді пайдалану;

- электронды сөздіктердің мүмкіндіктерін пайдалану;

- порталдарда ұсынылған тіл үйренуші тұлғалар үшін виртуалды сабақтар кешенін пайдалану;

- білімді диагностикалау, тексеру, бағалауда on-line режиміндегі тестерді орындау;

- оқу материалына сәйкес қажетті ақпараттық сайттар қорының банкісін жасау;

- пәндік Интернет олимпиадалар ұйымдастыру;

- деректер қорын құру.

Интернет желісіндегі электрондық ресурстар: электронды кітапханалар, он-лайн тест, Интернет олимпиада, Уикипедия ашық энциклопедиясы, электронды дәріс, электронды сөздік, электронды оқулық, он-лайн каталогі, грамматикалық анықтағыш, автор, он-лайн ашық сабақтары.

Тілдің грамматикалық құрылымын оқытудың жаңа жүйесін құрудың бір жолы – электронды оқулық, оқу құралдарын қолдану. Электронды оқу құралы студенттің өз бетінше жұмыс жасау қабілеті мен оқу-танымдық белсенділігін арттыру, ғылыми курсты терең, сапалы меңгеру мақсатын көздейді. Оқыту үдерісінде қазақ тілі морфологиясы курсына арналған семинар, зертханалық және дәрісханадан тыс өздік жұмыстары үшін компьютерлік оқыту бағдарламасының Қазіргі қазақ тілі морфологиясынан электронды оқу құралы (ЭОҚ) жобасы жасалып, тәжірибеде қолданылды. ЭОҚ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен жоғары оқу орындарына арналған үлгі бағдарлама мазмұнына сәйкес жасалған. Қазіргі қазақ тілі морфологиясын игеруге арналған электронды оқу құралының құрылымдық мазмұнын анықтауда тақырыптарда морфология саласындағы дау туғызатын ғылыми тұжырым бар күрделі мәселелердің қамтылуы негізінде сараладық (гипермәтіндердің негізгі

мазмұны осы мақсатта құрылған); Оқытудың құрылуы мен нәтижесін тексеру тиімді болу үшін мынаған баса назар аудардық:

- әртүрлі грамматикалық кесте, сызба, сұлбалар мен дыбыстық (анимациялық) нұсқалардың мол қамтылуы;
- репродуктивтік және шығармашылық деңгейдегі жаттығу-тапсырмалардың (жеңіл, орта, шығармашылық деңгейлерге құрылған) студенттің танымдық әрекетін белсендіруді қамтамасыз етуі;
- компьютерлік оқытудың “кері байланыс” ұстанымына сәйкес гипермәтіндердің қайталауға арналған нұсқаларының болуы;
- дидактикалық оқу ойындарының орын алуы;
- студенттердің білім-біліктерін бақылау, бағалау жүйесінің қамтамасыз етілуі (“Студент күнделігі” негізінде берілген нұсқау);
- грамматикалық ұғымдардың (терминдердің) қосымшада түсіндірме сөздігінің берілуі;
- тапсырмаларды орындау барысында өз бетінше оқуға арналған қосымша ғылыми мақалалар мен пайдаланатын ғылыми-әдістемелік еңбектер тізімінің ұсынылуы.
- Электронды оқулықты қолданудағы басты ұстанымдар:
- оқу материалының ғылыми жүйелігі, бірізділігі;
- ғылыми ақпараттың (теориялық білімнің) молдығы, басымдығы;
- жаттығу-тапсырмалардың білім, білік, дағды қалыптастыруға мүмкіндігі;
- бақылаудың үздіксіздігі;
- білімнің нәтижелігі;
- интерактивтілігі;
- икемділігі;
- жағымы уәж, ынталандыру;
- жеке және ұжымдық әрекеттесу бірлігі;
- белсенділік, сапалылық
- ізгілік;

Электронды оқу құралындағы бөліктерді (блок) жасаудағы маңызды да жауапты кезеңдердің бірі – оқу материалын іріктеу және оның көрнекі анимациялармен (кесте, сызба, диаграмма, сурет, т.б.) берілуі. Бұл міндеттердің шешілуі бірқатар дидактикалық талаптардың орындалуы арқылы жүзеге асырылады. Олар:

- меңгеріліп, шешімін табуға тиісті мәселелердің студенттің жас, дара, білім ерекшелігіне сәйкестілігі;
- оқу материалының ғылыми негіздерге құрылуы, әрбір жасалған қадам, оқу әрекеттерінің дұрыстығы тексеріліп, түзетіліп, бағаланып отыруы;

- бағдарламаның қызықты, мазмұнды болуы, танымдық деңгейінің жоғары болуы;

- гипермәтіндерге құрылған тапсырма-жаттығулар жүйесінің репродуктивті сипаттан ізденушілік-шығармашылық деңгейге біртіндеп көшу тәсілінің жүзеге асуы; (тест, тірек сөздерді табу т.б.)

Оқыту бағдарламасының 2-буыны – бөліктерге (модульдерге) сәйкес білім-біліктер қалыптастыруға арналған әртүрлі деңгейдегі жаттығу-тапсырмалар. Жаттығу-тапсырмалардың түрлері: 1) теориялық білімді бекітуге арналған тапсырмалар (тест, сызба толтыру т.б.); 2) ішінара-іздену жаттығулары (ұяға жауаптарын жазу, астын сызу, тілдік құбылысты табу, толтыру, топтау, оқу ойындары т.б.);

Тапсырмаларды орындау барысында студенттердің әрбір қадамы, әрекеті тексеріліп отырады. Қателерді жөндеуге негізделген кері байланыс жүзеге асатын буын да – осы кезең. Жаттығу мен тапсырмаларды орындау барысында әрбір дұрыс орындалмаған, қате жіберілген оқу материалдарына қосымша сілтемелер жасалып, түсініктемелер беріліп отырады. Бұл әрекетті бағдарламаның кері байланыс жасау тәсілі жүзеге асырады. Осы орайда кері байланыстың өте жиі қолданылуы білім алуға кері әсерін тигізетіні, бұл процестің оқушының жұмыс істеу ырғағын бұзатыны туралы психолог Е.И.Машбицтің мына ойы назар аударарлық: «...шамадан тыс жиі кері байланыс оқу іс-әрекетіне кері әсерін тигізеді, өйткені ол оқушылардың жұмыс ырғағын бұзады, әсіресе жауаптар 30-40 секунд кешіктіріліп түзетілсе, ол да зиянын тигізеді». Сондықтан қайталаудың психофизиологиялық жақтары ескерілуі тиіс. Әр блок соңында жаттығу, тапсырмалармен қатар, тестілік сұрақтар қамтылады. Олардың мазмұндық құрылымы әртүрлі, яғни жауаптың бірін тандау, тірек сөздермен толықтыру, қате пікірді жөндеу, сызба тестілері т.б.

Электронды оқу құралын қолданудың циклограммасын былай көрсетуге болады:

Студенттің тіркелуі. Теориялық материал бөлігі (блог) (Гипермәтіндер) Іскерлік, дағдылар қалыптастыру немесе бекіту, жалпылау және бақылау бөлігі (жаттығулар, тапсырмалар, оқу ойындары). Қосымша немесе “Көмекші құралдар” бөлігі. Электронды оқу құралы (ЭОҚ) мазмұндық, әрекеттік, бақылау, бағалау және қосымша бөліктерден тұрады. Мазмұндық бөлігі білім, операциялық-әрекеттік бөлігі білік, дағдылар, кәсіби біліктілік, бақылау бөлігі білімді игеру сапасын анықтауға бағытталады.

Сонымен, электронды оқу құралындағы басты бөліктер өзіндік мазмұндық сипаттармен ерекшеленеді. Гипермәтіндер тақырыпқа сәйкес тіл білімінің қазіргі дамуы дәрежесіне сәйкес жаңа тұжырымдамалармен толықтырылып берілген. Гипермәтіндерде студент ұғымына түсінікті болуы үшін кесте, сызбалар жүйесі жиі қамтылған. Мәтінді оқи отырып, студент ерекше белгіленген тірек сөздер арқылы оның терминдік мәнін жедел түрде ашып танысуына болады. Бекіту

бөлігіндегі тапсырмалардың түрлері мынадай: көп нүкте орнына қажетті сөз түрлендіргіш қосымшаны қою, грамматикалық омонимдерді табу, сөздерді тұлғалық құрамына қарай бөлшектеу (талдау), мысалдарды теру, сөздерді түрлендіру; сөйлемдегі атқаратын қызметін анықтау т.б.; грамматикалық формалар түрлеріне қарай топтап, бөліп жазу, грамматикалық кестені толықтыру, сұлбаны толықтыру, сөздердің ортақ морфологиялық белгілерін табу; кесте, сызба, сұлба құру, сөйлемді аяқтау;

Тест түрлерінің жабық түрінен басқа ашық түрлері жиі қолданылған; Олар: қысқа жауапты (дұрыс, қате немесе бар, жоқ) қажет ететін тест, қажетті тірек сөзді қою, сызба тестілері, жазбаша жауап жазу тесті, топтау т.б. Екінші бөліктегі білімді бекітіп, жалпылауға, білік, дағды қалыптастыруға арналған тапсырмаларды орындау барысы, оның қорытынды нәтижесін “студент күнделігінен” көруге болады. Үшінші бөлікте қосымша материалдар, яғни кейбір тақырыптарға қатысты сілтеме жасалған мақалалар, грамматикалық терминдердің, ұғымдардың түсіндірме сөздігі, білім беру сайттары және еңбектердің библиографиясы.

Электронды оқу құралы студенттің өз бетімен жұмыс істеуіне арналғандықтан, негізінен, дәрісханадан тыс уақытта қолдануға, сондай-ақ семинар, зертханалық сабақтарда қосымша оқу құралы ретінде түрінде қолданылды. Ол үшін арнайы сыныптардағы компьютерлерге Қазіргі қазақ тілі морфологиясы электронды оқу құралы құжат (папка) болып енгізілді. Аптасына компьютер кластарында жұмыс істеу сағатының көлемі – 2 сағат. Арнайы жасалған кесте бойынша студент берілген тақырып пен тапсырманы осы уақытта орындауға мүмкіндік алады.

Бақылау сұрақтары:

1. Техникалық оқу құралдарының түрлерін атаңыз.
2. Техникалық құралдарын пайдалану туралы еңбектерді атаңыз.
3. Техникалық оқу құралдарын қолданудың тиімді жолдарын айтып беріңіз.
4. Техникалық оқу құралдарын дидактикалық тұрғыдан топтаңыз.
5. ТОҚ материалдарын дайындаудың дидактикалық талаптары.

2.4. ЖОО-да қазақ тілін оқытуды ұйымдастырудың формалары: теориялық білім, іскерлік, дағды, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жүйесі

2.4.1. Жоғары мектептегі дәріс – теориялық білім беру негізі

Жоғары білім беру жүйесіндегі оқыту үдерісі – студенттерге кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған күрделі педагогикалық жүйе. Оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері, оқу формаларының бір-бірімен өзара тығыз байланыста болуы, пәнаралық, пәнішілік байланыстардың жүзеге асуы,

оқытудың негізгі формасы дәрістің мазмұндық құндылығы болашақ маманның қоғам мұқтажы, сұраныс-талаптарына лайық кәсіби білім, кәсіби құзыреттілік қалыптасуына мүмкіндік береді. Болашақ қазақ тілі маманы тіл заңдылықтарын теориялық тұрғыдан меңгеріп қана қоймай, оны оқыту әдістемесімен қатар қаруланады. Осымен байланысты Қазақстандағы жоғары білім беруге негізделген қазақ тілі маманын даярлау жүйесінің көздейтін мақсаты – жанжақты дамыған, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, өз бетімен білімін жетілдіре алатын, ең бастысы, арнайы пәндерден қажетті білім, іскерлік, дағдылары, кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан және оны жас ұрпақты оқытып тәрбиелеуде қолданудың әдістемелік жүйесін терең білетін маман даярлау. Осы тұрғыдан ғылыми дәрістің әдістемелік жүйесіне білім мазмұнының ғылыми ұстанымдар негізінде құрылуы, оқытудың жаңа әдістері негізінде білім сапасын арттыруды көздеуі, теориялық білімнің қоғамдық қарым-қатынастардың бүгінгідей тез өзгермелі жайларына байланысты өз бетінше білімін толықтыру тәсілдерін игертуге бағытталуы, кәсіби, ғылыми-ізденушілік, шығармашылық жұмыстарды өз бетімен жүргізе алу дағдысын қалыптастыру, білім берудің демократияландыру, ізгілендіруі тәрізді талаптар қойылады. Болашақ мұғалімнің кәсібіне сәйкес теориялық, практикалық білімінің терең, жан-жақты болуы жоғары оқу орнында оқыту жүйесінің заман талаптарына лайық құрылуына, нақтылап айтқанда, білім мазмұнының сапалығына, оқыту үрдісінің негізгі құрамдас бөліктерінің бір-бірімен өзара біртұтас бірлікте, байланыста жүзеге асуының нәтижелеріне байланысты. Ғылыми дәріс мәселесі жөнінде бірқатар ғалымдардың озық пікірлерін нақтылауға болады: Қ.Шалғынбаева, А.Клименко, В.А.Ибрагимов, Г.И.Головинов, т.б.

Қ.Қ. Шалғынбаева т.б. «Жоғары мектеп педагогикасы» атты еңбекте дәріс туралы: «Лекция теориялық білім берілетін оқу сабақтарының негізі болып саналады. Лекцияда ғылыми білімдерді жүйеге келтіру, мәселенің мәнін ашу, нақты ғылымның қазіргі жағдайы мен даму перспективасы қарастырылып, студенттің танымдық қызметі белсендіріледі (шығармашылық ойлауы қалыптасады), – деп тұжырымдайды. Сонымен қатар еңбекте дәрістің атқаратын қызметі төмендегідей көрсетіледі:

«1. Мәлімет берушілік (ақпараттық) функция. Лекция арқылы студентке ғылымдағы жетістіктер туралы, оқыту пәндерінің негізгі ережесімен, жеке тақырыптардың ерекшеліктері туралы және ғылымның жеке дара проблемаларымен таныстырады, олар туралы мәлімдейді.

2. Бағыт-бағдар беру функциясы. Лекция ғылыми әдебиеттерге бағыт-бағдар береді.

3. Түсіндірушілік функциясы. Ұғымдарды, категорияларды, теория, концепцияларды түсіндіруде қолданылады. 4. Сендіру функциясы. Нақты факт, концепцияларға негізделеді» [17, 131].

В.А. Клименко «Педагогика и психология высшей школы» деп аталатын монографиясында: «Дәріс – көлемді материалды берудің монологиялық тәсілі.

Ол, әдетте, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында қолданылады. Дәрістің артықшылығы – студенттердің оқу материалын қабылдауының толықтығы мен тұтастығын, оның логикалық реттілігінің қамтамасыз етілуі [119, 60].

О.Н.Головинов: «Методика обучения в высшей школе» деп аталатын оқу құралында дәріс мақсатын және атқаратын қызметін, түрлерін төмендегідей нақтылайды: «Студенттердің оқу материалын кейіннен игеруі үшін бағыт беру болып табылады. Оқу үдерісінде оқытудың дәріс формасын басқамен алмастыруға болмайтын бірқатар жағдайлар бар. Дәріс келесі қызметтерді атқарады: ақпараттық (қажетті ақпарат береді), ынталандырушы (тақырыпқа деген қызығушылықты оятады), тәрбиелік (тәрбиелік мәні болады), дамытушылық (құбылыстарға баға береді, ой-өрісін дамытады), бағдарлау (өзекті мәселелер бойынша, әдебиетте), нақтылау (ғылымның негізгі ұғымдарын түсінеді), нанымдылық (дәлелдер жүйесіне негізделеді). Дәріс сонымен қатар белгілі бір пән бойынша білімді жүйелеу және құрылымдау қызметін жүзеге асырады. Дәрістердің келесі түрлерін ажыратуға болады:


1. Жалпы мақсаттары бойынша: тәрбиелік, насихаттық, дамытушылық;
2. Ғылыми деңгейі бойынша: академиялық және көпшілікке арналған;
3. Дидактикалық міндеттері бойынша: кіріспе, ағымдық, пысықтау-қорыту, жалпылау, шолу, лекция-кеңес беру;
4. Материалды баяндау әдісі бойынша: лекция-монологтар, лекция-диалогтар немесе лекция-әңгіме, проблемдік лекциялар, лекция-визуализация (көрнекілігі күшейтілген элементтері бар), лекция-конференция және т.б.» [118, 106]. Жоғарыдағы пікірлерді қорыта айтқанда, жоғары білім беру жүйесінде дәріс ғылыми білімдерді жүйелеуге, өзекті мәселенің мәнін ашуға, ғылымның қазіргі жағдайы мен даму бағыттарын анықтауға мүмкіндік беретін – оқыту формасы.

Жалпы алғанда, оқыту үдерісін ұйымдастыру формасының маңызды түрі дәріс (лекция) латынның «lectio» оқу деген ұғымын білдіреді. Жоғарыда айтылғандай, дәріс оқытудың басқа түрлерінен ақпараттың молдығымен, кәсіби-теориялық маңыздылығымен, жүйелігімен, ғылымилығымен ерекшеленеді.

Дәріс «...сабақта айтылмақ ойды тезис-жоспар бойынша күні бұрын жобалап, жоспарлап алып, сол бойынша мұғалімнің баяндау монологі» [119, 73], көлемі, күрделілігі, логикалық құрылысы жағынан өзгеше, логикалық бірізділікпен баяндалатын сөздік әдісінің бір түрі [120, 243], «оқытудың дидактикалық бөлігінің басты буыны» [121].


Жоғары оқу орындарындағы оқыту формалары жүйесінде дәрістің алатын орны ерекше, ол білім беруде, оны жүйелеп, толықтыруда тиімді, ұтымды жол, теориялық білім берудің қайнар көзі. Дәріс студенттердің логикалық, теориялық ойлау қабілетінің дамуына және оқу материалын өз бетінше жүйелей білуге, оларды талдауға, жалпылауға үйретеді. Дәрістің тақырыбына, мазмұнына қарай оқыту үдерісінің басты компоненттері, мақсаты, оқыту әдістері, құралдары, түрлері айқындалады.

Дәріс құрылымының жалпы жүйесін төмендегі сызбадан көруге болады.
(Сурет – 8)



Сурет -8. Дәрістің логикалық құрылымы

Дидактика ілімінде дәрісті құрылымына қарай топтастыруда бірізді пікір қалыптаспаған. Бұдан оқытудың формасы дәрістің көп қырлы, күрделі құбылыс екендігін көруге болады. (Дәріс түрлері. Сурет – 9)



Сурет – 9. Дәріс түрлері

Дәрістің дәстүрлі түрлері кіріспе, тақырыптық бекіту, қорыту, қорытынды, шолу т.б. болып бөлініп жүр. Кіріспе дәрісте тақырыптың мақсат-міндеттері мен оның студенттердің болашақ кәсіби қызметіне қажеттілігін көрсету көзделеді. Сондай-ақ ғылымның объектісін анықтай отырып, оның даму тарихы, басқа ғылымдармен байланысы ашылады. Сондай-ақ кіріспеде дәріс сабағында ғылыми курстың даму бағыты, негізгі теориялық жаңалықтары, даулы, келешек зерттеу мәселелеріне шолу жасалады. Курсты меңгеруге байланысты оқулық, оқу құралдары, анықтағыш пен сөздік т.б. оқу құралдары туралы да айтуға болады. Кіріспе дәріс мазмұнындағы мұндай мәліметтер ғылыми курс туралы жалпы түсінік қалыптастырады. Көлемі үлкен болмаса да, оқытуда маңызды буын болып табылады. Тақырыптық дәрістер курстың негізгі мазмұнын ашуға бағытталады.

Мұнда тілдік құбылыстар, грамматикалық ұғымдар, форма, категорияларға түсінік беріледі, жаңа фактілер, тілдік бірлік, сондай-ақ олардың топталуы, даму үдерісі, зерттелу тарихы т.б. қарастырылады. Бекіту-қорытынды дәрістер игерілген материалды жүйелеу, жинақтау негізінде жүргізіледі. Сондай-ақ маңызды мәселелерге назар аудару қажеттілігі басым болады. Мақсаты – тақырып бойынша белгілі көлемде білім беріп, студенттерге бағыт бағдар бере отырып, өз бетінше жұмысқа бағыттау. Құрылымы жағынан шолу дәрісіне ұқсас. Шолу дәрістері негізінен емтихан алдында кеңес беру мақсатында жүргізіледі. Негізгі тақырыптар қысқаша баяндалады, әсіресе ең күрделі оқу материалдары сөз болады. Оқытудың психологиясы дәлелдегендей, оқу материалын жинақтап жүйелеп меңгерту есте берік сақталады, себебі мида шартты байланыстар көбейеді. Сонымен қатар мұнда студенттер сұрағына жауап беру де ұйымдастырылады. Қазіргі кезеңде дәрістің жаңа да түрлері де көрсетіліп, оқыту үдерісінде тиімді жүзеге асуда. Солардың бірі – проблемдік дәріс. Аталған дәріс түрі проблемдік жағдаят тудырудан басталады. Қойылған мәселені шешу, алдымен, жағдаят факторларына (тілдік материалдарға) талдау жасаудан, оны сезінуден, содан соң болжам жасалуы (мәселені шешу мүмкіндіктерінің әртүрлі тәсілі), әрі қарай проблеманы шешу процесі басталып, қорытындылар мен тұжырымдамалар жасалады, соңында олар жоққа шығарылады немесе дұрыстығы дәлелденеді. Осының нәтижесінде студент өз бетімен жұмыс жасап, алған әртүрлі жағдайларда білім, іскерлік, дағдысын тасымалдап, дұрыс қолдана білуге дағдыланады, өзіне деген сенімі, ерік-жігері, ақыл-ойы, шығармашылық ойлау қабілеті дамиды. Проблемалық жағдайларды ауызша немесе грамматикалық кестелер, грамматикалық сызба, тірек, шартты белгілер, мультимедиа түрлерінде жасауға болады. Пікірталас дәрісінің (дәріс-дискуссия) мақсаты – болашақ маман, студенттің логикалық ойлау қабілетін дамыту, тіл мәдениетіне баулу, материалды қабылдау үдерісін тиімді ету, оқу материалын жан-жақты терең меңгерту. Мұндай дәрістің ерекшелігі – оның әрбір логикалық бөліктері арасында сұрақтар қойылып, пікірталастардың жүргізілуі. Қысқа пікірталастың өзі студенттердің танымдық белсенділігін арттырып, дәлелдеме, қағида, тұжырымдардың студент назарынан тыс қалмауына мүмкіндік беріледі. Кеңес-беру (дәріс-консультация) дәрісінің мақсаты – сұрақ қоя білуге үйрету. Дәріскер оқу материалын баяндап, қалған уақытта сабақтың 30 пайызы шамасында тыңдаушылардың сұрақтарына жауап береді. Алдымен материалды баяндап, сұрақтарға жауап береді де, соңында қорытып, тұжырымдар жасайды. Дәріс-гипермәтіннің (дәріс-гипертекст) мақсаты – кәсіби арнайы пәндік білікті қалыптастыру. Оның негізгі белгілері: а) ақпараттың молдығы; ә) теориялық білімді студенттің өз бетінше игеруіне жағдай жасау. Гипермәтінмен жұмыс істеу алгоритмі: 1) гипермәтінді өз бетінше оқу, мағыналық жағынан бөлшектеу, негізгі ойды айқындау; 2) топтық жұмыс: сұрақтар даярлау, сұрақтар алмасу (жауабы мәтінде бар сұрақтар және жауабы мәтінде жоқ сұрақтар даярлау); 3) рефлексиялық өзіндік бақылау-бекіту жұмыстары, мысалы тест (экспресс-тест)


Визуалдық дәріс. Жалпы, адамның ақпаратты қабылдауының 80 пайызы көзбен қабылданса (Г.Ф.Бушок докторлық диссертациясында көру арқылы берілген мәліметтің 80 пайызын қабылдау мүмкіндігінің бар екендігі айтылады [122], жеті пайызы ғана естумен қабылданады, сондықтан грамматикалық материалдарды көрсетуге арналған интерактив тақта негізінде мультипроектор немесе графопроектор арқылы динамикалық слайд, транспаранттар, дидактикалық үлестірме материалдарын қолдану – дәріс мазмұнын жақсы түсінуге ықпал жасайтын пәрменді құралдар. Визуалдық дәрістің мақсаты – грамматикалық көрнекіліктер мен техникалық оқу құралдары негізінде көрсетілетін оқу материалдары арқылы студенттің жаңа материалды жете меңгеруін мүмкіндік жасау. Графикалық көрнекіліктерден грамматикалық жинақ кестелері, сызба-сұлбалар (слайд, транспаранттар, ұнтаспалар, дәріске қажетті үлестірме пәрменді құралдар (жоспары, тезис, сызба-кестелер, глоссарий т.б.) кешені жасалды. Алдын ала қателер жіберіп оқу дәрісі – мәтінді мұқият тыңдауға дағдыландырады, студентті сарапшы болып, талдауға қатысуға, пікір айтуға үйретеді. Мақсаты – қателерді табуға ұмтылған оқу белсенділіктерін арттыру, қателердің болу себебін, табу тәсілдерін меңгертуге үйрету. Оқытушы алдын ала қателермен оқи отырып, жіберілген қателерді тауып отыруға тапсырма береді, соңында қателер жөнделеді.

Конференция дәрісі. Тақырып бойынша 2-3 студент мини-дәріс даярлап келіп оқиды (15-20 мин.), тыңдаушылар оларға сұрақтар қояды. Сонан соң оқытушы толықтырады немесе дәріс алдында сұрақтар жазбаша беріліп, реттеліп, мазмұнына қарай топтастырылып, жауап беріледі. Дәстүрлі және бейдәстүрлі дәрістің ерекшеліктері: дәстүрлі дәріс “кері байланыстың” жоқтығымен және студенттің пассив отыруымен өзгешеленсе, дәстүрден тыс дәрістерде студент – белсенді тыңдаушы және сөзталасқа қатысушы, проблемалық мәселелерді шешуші. Белсенді оқыту технологиясына негізделген дәрістерді жобалаудың ерекшеліктері: ғылыми ақпараттың (оқу материалының) баяндалуының пәрменді дидактикалық құралдармен бекітіліп отыруы, осымен байланысты көру көрнекіліктерінің басым қолданылуы (грамматикалық кестелер мен логикалық сызба-сұлбаларды демонстрациялауға арналған слайдтар, дыбыстық-бейне көрнекіліктері, яғни таспа жазуларын, мультимедиа бағдарламаларын қолдану, транспаранттар, таспа жазулары, жоба, дәріс жоспары, тезистері, тақырыпқа байланысты өздік жұмыстарының тапсырмалары мен ұсынылатын негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі, экспресс-тест үлгілері, мақалалар көшірмесі, сурет, мәтін, т.б.); оқу қарқынын күшейту мақсатында проблемалық, ізденімдік тапсырма сұрақтар жүйесін қолдану, педагогикалық үдерістің субъектілерінің арасында ынтымақтастық орнату; кәсіби қызығушылығын қалыптастыру мақсатында дәріс тақырыбына сәйкес мектеп бағдарламалары, оқулықтармен сабақтастық жүргізу, соның негізінде топтарға бөліп экспресс-іскери ойын, экспресс-жарыс өткізу, экспресс-сұрақтар даярлау; білімді игерудің алғашқы кезеңін бақылау, бекіту мақсатында тексеру тестері мен

өзіндік, өзара бақылау (рефлексиялық әрекет), ұжымдық танымдық әрекет туғызатын ми шабуылы (“ой дауылы”) әдісін тиімді қолдану.

Қорыта айтқанда, дәріс – “іріктелген дидактикалық материал негізінде алдын ала даярланған және тыңдаушының көз алдында олардың қатысымен туындайтын оқытушының шығармашылық әрекеті” [123, 69]. Дәрістің дидактикалық құндылығын арттыруда мына талаптардың орындалуына ден қойылады: ұйымдастыру кезеңінің жинақы, логикаға құрылуы; міндет-мақсаттарының айқын болуы; жоспарының жасалуы; ғылымилығы мен ақпараттылығы; ой қорытындыларының, дәлелдеме, аргумент, фактілер, мысалдар, тұжырымдардың жеткілікті дәрежеде болуы; логикалық байланыстардың болуы, мазмұндау бірізділігі; көрнекіліктерді қолдану (графикалық, дыбыстық-бейне материалдары т.б.); жазып алатындарын бөліп көрсету; проблемаға құрылуы; оқытушы сөзінің әрлілігі, әсерлілігі; тыңдаушылардың белсенді оқу әрекетін тудыратын риторикалық, жалпы сұрақтардың болуы (студент сұрақтың бәріне жауап бере алмауы мүмкін, алайда ойландырады, қызықтырады, танымдық белсенділігін арттырады); тыңдауға нұсқаулардың берілуі; дәлелдер мен тұжырымдамалардың, ой түйіндеулерінің болуы; жаңа білімнің алдыңғы біліммен байланыстылығы; тосын, қызықты ой қорытындыларының болуы; тыңдаушылардың ойына түрткі салатындай сұрақтардың назардан тыс қалмауы; негізгі қағидалар мен қорытындыны атап көрсету, олардың қажетінше бірнеше рет қайталануы; жаңа термин, атау, т.б. толық түсініктеме беру; мүмкіндігіне қарай дыбыстық-бейне материалдарын т.б. көрнекі құралдарды тиімді қолдану; тәрбиелік-танымдық маңыздылығының болуы. Дәрістің интерактивтілігін де мән берілу керек. Осы тұрғысынан А.К.Москатова, т.б. жасаған кестесі негізінде оның нәтижелігін төмендегідей көрсетуге болады (Кесте-2).

Кесте – 2. Дәрісте интербелсенді әдістерді қолдану нәтижелері [124, 79]

Топта жағымды қарым-қатынастың тұрақталуы		Өзара шиеленісті жағдайларды болдырмау
Студенттің әлеуметтік рөлінің қалыптасуы		Талдау және өзіне-өзі есеп беру қабілетінің дамуы

Дәрісте психологтардың айтуынша, оқу материалын игертуде мыналарды ескерген жөн: 1) оқу материалының өте маңызды бөліктеріне дәріс басында және соңында баса мән беру; 2) кәсіби-практикалық мақсат қою; 3) әрекетпен бекіту; 4) қайталау; 5) логикалық есте сақтауға мүмкіндік беру Г.И. Ибрагимов «Лекция

в вузе: теория, история, практика» атты монографиясында студенттердің еріксіз зейінін белсендіру үшін дәрісті психологиялық кіріспеден, яғни тақырыпқа қатысты ерекше, қызықты, әсерлі, белгісіз жағдайды баяндаудан бастау қажеттігін қолдайды [125].

Дәріс барысында еріксіз зейінді сақтау үшін әдістерді түрлендіріп отыру, әрбір 15-20 минут сайын қысқаша шегініс жасап отыру субъект зейінінің объектіден немесе қандай да бір әрекеттен еріксіз алшақтауына мүмкіндік беретіндігін айтады. Автордың пікірінше, ерікті зейін материалды қабылдау және түсіну қиын болған кезде қалыптасуы керек. Ерікті зейінді қалыптастыру үшін оқытушы студенттерді материалдың (дәріс курсының) қажеттілігіне сендіруі керек. Дәріс материалын меңгеру қажеттілігін, бұл материалды меңгерудің маңыздылығын, қажеттілігін және болмай қоймайтындығын сезіну – ерікті зейіннің пайда болуының негізгі шарты. Сонымен қатар, қолайлы жұмыс ортасы студенттің ерікті зейінін сақтауда маңызды рөл атқаратындығын да ескереді [125].

Кесте – 3. Дәріс сабағының құрылымы

№	Дәріс сабағының құрылымдық кезендері	Әдістері	Құралдары
1	Кіріспе (бұрынғы білімді еске түсіру)	Сұрақ-жауап Әңгімелесу Тест	Пәрменді үлестірме дидактикалық материалдар: дәріс жоспары, глоссарий т.б.
2	Жаңа білімді меңгеру.	Пікірталас Түсіндіру Ми шабуылы Баяндау Проблемалық сұрақтар Көрнекіліктер: иллюстрация Дидактикалық ойын Оқу жарыстары Демонстрация (бейне-дыбыстық материалдар)	Мультипроектор немесе графопроекторға арналған графикалық материалдар, кесте, сызба, сурет, слайд, транспаранттар), оқулық, оқу құралдары, ғылыми әдебиеттер, анықтағыш сөздіктер
3	Кәсіби бағдар беру	Сұрақ-жауап Көрнекілік Проблемалы жағдаят (мектеп құжаттарымен жұмыс, оқу бағдарламасы,	Стандарт, Мектеп бағдарламасы, мектеп оқулықтары, оқу құралдары (дидактикалық материалдар), педагогикалық практика материалдары (бейне-дыбыстық), папка т.б.

		мектеп оқулығы, оқу құралдары	
4	Қорыту	Екі кезеңнен тұрады: 1.Сұрақ-жауап, ми шабуылы, дидактикалық ойын-жарыс 2.Семинарға тапсырма беру, қажетті әдебиеттер ұсыну.	Әдебиеттер тізімі
5	Өздік бақылау, бағалау	Экспресс-тест, өзара сұрақ	Слайд немесе транспарант (мультипроектор, графопроектор) тест шаблонкалары немесе перфокарта)

Қорыта айтқанда, жоғары білім беру жүйесінде оқыту формасының негізгі түрі дәрістің студент үшін оның кәсіби-теориялық білімін жүйелеуде, болашақ кәсібі бойынша ғылыми-теориялық біліммен қаруландыруда, таңдаған мамандығына қызығушылығын арттыруда, оқу уәждемесін тұрақтандыруда маңызы зор. Сондықтан ЖОО оқытушысының дәріс мазмұнын дұрыс құрып, оны өткізуде дәріс түрін тандай білуі және дәріс өткізуде қойылатын талаптарға басты назар аударғаны жөн.

2.4.2. Жоғары мектептегі семинар – кәсіби бағдар негізі

Оқытудың ақпараттық деңгейі (дәріс оқу т.б.) теориялық білімді терең меңгеріп, оны практикамен ұштастыру үшін жеткіліксіз. Оқытудың практикалық бағдары (“Қазіргі қазақ тілі” курсына) алдымен **тәжірибелік-(семинар) практикалық** сабақтарда жүзеге асады. Практикалық сабақтарды ұжымдаса бірлесе ұйымдастыру технологиясына негіздедік. Оның кезеңдері: оқу әрекетіне ынталандыру, топтарда ұжымдық оқу-танымдық тапсырмалар орындау, рефлексиялық кезең, ұжымдық талдау, қорыту кезеңі. Студенттер – мұнда теориялық мәселелерді қарастыруда белсенді қатысушы, өз беттерінше әртүрлі практикалық жұмыстарды орындаушы. Мұның барлығы оқытушы тарапынан басқарылып, бақыланады.

Семинарда теориялық материалға көңіл бөлмеу импиризмге, ал практикалық мәнін төмендету жалаң жаттандылыққа (формализмге) алып келетінін ескерсек, осы мәселенің екі жағын біртұтастықта қарау басшылыққа алынуы тиіс. Осы тұрғыдан қарағанда, сабақ тақырыбы проблемаға құрылса, теориялық материалды талқылау жаттығулардың алдында жүреді, ал ақпараттық сипатта болса, жаттығу жұмыстарына көп көңіл бөлінеді. Жоғарыда айтқандарымызды қорыта келе, семинар сабақтарының **басты мақсаттары** етіп мыналарды белгілеуге болады:

- дәріс мазмұнын тереңдету, кеңейту;

- дәрісте қамтылмаған жаңа мәселелерді талқылау, талдау;
- қайталау, жүйелеу, бекіту;
- білімді тексеру, бақылау, өзін-өзі бақылау жөндеу, бағалау, түзету;
- студенттің өз бетінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- кәсіби іскерлігі, дағдысын, біліктілігін қалыптастыру;
- қосымша ғылыми-әдістемелік, анықтамалық әдебиеттермен, монографиялармен танысу, олармен жұмыс тәсілдеріне үйрету;

Семинар сабағының құрылымдық мазмұнын үш аспектіде құрастыруға болады: 1) күрделі тақырыптарды талдау; 2) зерттеушілік жұмыстардың басым болуы; 3) білімді тексеру, түзету, бағалау;

Жоғары мектеп дидактикасындағы маңызды мәселелердің бірі – **семинар сабақтарының түрлері**. Бұл туралы ғалымдар арасында бірізді пікір жоқ. Әдістемелік әдебиеттерде көрсетіліп жүрген *семинар-пікірталас, семинар-конференция, семинар-ойын, семинар-жобалау, семинар-аукцион т.б.* түрлерін тиімді қолдануға болады. Оқу үдерісінде оқулық шеңберімен шектелмей, әртүрлі оқу материалдарын, яғни сөздіктер, анықтағыштар дыбыстық-бейне құралдарын қолдану т.б. студентке терең білім береді, оқытудың тиімділігін арттырады. Бұл әсіресе тілдің құрылымдық-семантикалық жағын сызба, графикалық түрде көрсетуде тиімді. Осыған байланысты алған білімнің студенттің келешек кәсібіне қажеттілігін сезіну дәрежесіне жеткізу оқытушы шеберлігіне, оның оқыту үдерісінде жағымды уәждеме тудыра білуіне байланысты. А.К.Колеченко өз еңбегінде оқу уәжінің маңыздылығын дәлелдеумен байланысты мынадай тәжірибе жасаған: Үш топты іріктеп алып, оқыту үдерісінде оларға үш түрлі әдіс қолданады: бірінші топта қолданылатын әдіс – оқушылардың қызығушылығын, шығармашылық қабілетін оятуға байланысты жүргізіледі, екінші топта ынтымақтастық үдеріс негізінде, үшіншісінде жарысу үдерісін басым етіп, оқу үдерісінің қай топта тиімділігі артқанын зерттеген. Тәжірибе барысында бірінші топтағы әдіс тиімді болғаны анықталады. Демек, қызығушылық, шығармашылық әрекет оқытуда жағымды уәж тудыруға байланысты екенін байқауға болады. Уәждің ішкі және сыртқы түрі бар. Ішкі түріне пәнге қызығушылығы, әдіс-тәсілдерінің түрлілігі, көңіл-күйдің көтеріңкілігі, белсенді бірлескен ұжымдық, топтық әрекеті, ал сыртқы түріне жақсы баға алуға тырысу, мұғалімге сүйіспеншілік т.б. жатады. Бұлар – жағымды уәждер, ал жағымсыз түріне төмен баға алу, сын-ескертпелер, мұғалімнің авторитарлық басқару стилі секілді әрекеттер жатады. Дидактикада жағымды уәжді қалыптастыратын не деген тұста нақты тұжырым қалыптаспаған. Оқыту үдерісінде жағымды уәждеме студенттің оқу белсенділігін көтереді, ал оқу белсенділігі – білімді игерудің алғы, басты шарттарының бірі. Осы орайда жоғарыда аталған *семинар-пікірталас, семинар-конференция, семинар-ойын, семинар-жоба* т.б. түрлерін жүргізуге болады.

Семинар-пікірталас сабағын ұйымдастыру. Практикалық сабақтарда ғылыми курстың материалын меңгертуде студенттің қызығушылығын ояту, өз бетімен жұмыс істеу дағдысын, оқу уәжін қалыптастырудың маңызы зор, яғни

студент болашақ кәсібінің қажеттілігін сезінуі тиіс. “Тіл білімі неғұрлым қызықты оқытылса, соғұрлым студенттер оның қажеттігін, өз даярлығына жауапкершілігін сезінеді” .

Қазақ тіл білімі – жас ғылым, көптеген мәселелерде пікір алалығы күшті, ол келешек мұғалімдік қызметте маманға үлкен қиындық келтіреді, сондықтан студенттерге ондай мәселелерді сабақта талқылау арқылы белгілі бір бағыт-бағдар беру қажеттілігі туындайды. Осындай мәселенің бірі – сын есімнің сапалық түрінің шырай категориясы. Бұл мәселеде мынадай түрлі *пікірлер* айтылып жүр: 1.Шырай грамматикалық категория – шырай лексика-грамматикалық категория. 2.Жай шырай бар – жай шырай жоқ. 3.Шырай бес түрлі, төрт түрлі, үш түрлі, екі түрлі. 4.Шырайға мынадай терминдер қолданып жүр: талғаулы шырай, таңдаулы шырай, салыстырмалы шырай, бәсең шырай, шағын шырай, күшейтпелі шырай, асырмалы шырай – қайсысы дұрыс?

Семинар тақырыбы: Қазақ тіліндегі сапалық сын есімнің шырай категориясы.

Семинар мақсаты: Сапалық сын есімнің шырай жұрнақтарының түрлерін анықтау, әртүрлі ғылыми пікірлерді талдау, жинақтау, қорыту.

Семинар түрі: семинар-пікірталас.

I даярлық кезеңінде мәселе қойылып, мына ғылыми әдебиеттер мен анықтамалық әдебиеттерді оқып, конспектілеу тапсырылады: Ғ.Мұсабаевтың “Қазақ тілінде сын есімнің шырайлары”, Ш.Шакеновтің “Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы”, А.Ысқақовтың “Қазіргі қазақ тілі”. “(морфология)”, С.Исаевтың “Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты”. Сондай-ақ аталған еңбектерден реферат жазу бірнеше студентке жүктеледі. Бұл еңбектерінің әрқайсысынан 4 студент реферат жазды. II кезеңде тақырыбы, мақсаты айтылып, әдеп сақтау, бағалау шарттары белгіленіп, бағалаушы сарапшы тағайындалды. Жоғарыда көрсетілген төрт мәселенің әрқайсысы жеке-жеке талқыланды. Шырайдың категориясын *грамматикалық категория* деп дәлелдеушілер мынадай дәлелдер (аргументтер) келтірді:

1) шырай категориясының шындық өмірдегі ешбір нақты белгіні көрсетуі мүмкін емес, мәселен, *үлкендеу, жақсырақ, өте жақсы, жап-жақсы* не екенін ешкім көрсете алмайды, өйткені ол абстракты, яғни дерексіз мағына, сондықтан шырай – грамматикалық категория.

2) *-ғыш, -ғылт, -ғылтым, -ілдір, -шыл, -шіл, -шілтім, -қай, -ақ* сияқты жұрнақтар шырай жұрнағы емес, олар – сөзжасамдық жұрнақтар, өйткені грамматикалық жұрнақтар сөз талғамай жалғанады, ал аталған қосымшалар сөз таңдайды.

Шырайды *лексика-грамматикалық* категория санаушылар дәлелдері:

1) шырай жұрнақтары түбір сөздің лексикалық мағынасына түрлі реңк мәнін қосады, мысалы, *сары* дегенмен *сарғыш* деген бір реңк емес, *қызыл* мен *қызғылт, боз* бен *бозаң* тең емес.

2) шырай категориясымен бүкіл сын есім түрленбейді, тек сапа сыны ғана түрленеді.

Талқыға қатысқандар дәлелдері:

1) реңк мәні түсті білдіретін сын есімдерге *-ғыш* сияқты жұрнақтар жалғанғанда ғана туады, *жаманырақ, жылылау* сияқты сын есімдерде реңк мәні жоқ, сондықтан ол жұрнақтарды шырайдан шығарса, шырайдың грамматикалық категория екені даусыз болады.

2) шырайды барлық ғалымдар грамматикалық категория деп таниды, басқа түркі тілдерінде де ол грамматикалық категория деп танылып жүр, мен оны грамматикалық категория санаймын.

3) шырай жұрнақтары қатыстық сын есімдерге де жалғанады: *ақылдырақ, ақылдылау, өте ақылды, білімдірек, білімділеу* т.б. Бұл тіпті үстеуге де жалғанады, мысалы, *кешірек келдің*.

Шешімі: Пікірталасқа қатысқандардың көбі шырай *грамматикалық категория* деген пікірді жақтады. Жай шырай туралы пікір екіге жарылды, бірақ С.М.Исаев еңбегіне сүйене отырып, жай шырай жоқ деген пікір басым болды. Шырайдың түрлері туралы пікір екі топқа бөлінді. Олар:

1. Тілде 4 түрлі шырай бар деп, А.Ысқақов пікірін қолдады.

2. Үш түрлі шырай бар деген пікір болды, олар жай шырайға қарсылар, *салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы* шырайды жақтады.

Шырай терминдері туралы пікірде студенттер бірауыздылық көрсетті, бәрі де *салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы* шырай деген терминдер тілде қалыптасты, сондықтан оларды қолдану керек деген пікір айтты.

Соңында сарапшы “оқытушы” пікірталасты қорытып бағалайды. Мұндай семинарларда студенттердің оқу белсенділігі артып, әркім өз пікірін дәлелдеуге тырысты, қарсы пікірдің дәлелін де тыңдап, оны жақтап, немесе келіспей, өз дәлелдерін келтіруге тырысты.

Студенттер пікірталаста дәлелді пікір айтуға, мәселеге келешекте маманға қажет қасиет сыни көзқараспен қарауға үйренді, сондықтан мұндай семинар түрі тиімді деп қорытуға болады.

Студенттерге қиындық келтіретін мәселені өздігінен орындауға тапсырмалар беріп, семинар сабағында талқылауды дағдыға айналдыру білім сапасын арттырады.

Пікірталасқа қатысушы студенттер топқа бөлінбей, әрқайсысы өзіндік пікір-тұжырымдарын дәлелдеуге тырысады және алдын-ала даярлаған сызба нұсқаларын көрнекі көрсетіп түсіндіреді. Соңында “сарапшылар” бағалайды, оқытушы қорытып жинақтайды. Сондай-ақ пікірталастарды етістік категорияларына, көмекші сөздер, модальдық категориясына байланысты өткізуге болады.

Семинар сабағында студенттің өз бетінше теориялық білімін тереңдету, толықтыру, бекіту мақсатында жүргізетін жұмыс түрлеріне тоқталайық. Студенттің теориялық мәселеден жазып келген библиография, конспект, реферат,

тезис, аннотациялары сабақта талданады. Жұмыстың бұл түрлерінің бәрі бір сабақта бола бермейді. Көбіне, конспект, рефераттарға бөлек сабақ арналады да, тезис, аннотация бір сабақта да бола алады, ол, әрине, талданатын теориялық мәселенің күрделілігіне, библиографияға жеңілдігіне байланысты. Аталмыш жұмыс түрінің мақсаты мынадай: студенттің теориялық білімін толықтыру; пікір алалығы күшті мәселені жүйелеу; қиын теориялық мәселені терең меңгерту.

Студенттің теориялық білімін толықтыру жоғары оқу орындағы түрлі жұмыстардың негізгі түріне жатады, себебі дәріс әр мәселені толық қамти алмайды және дәріскер барлық мәселені дәрісте қамтуға міндетті емес. Тіл біліміндегі әр тақырыптағы ғылыми еңбектерден, жаңа тұжырымдардан студент хабардар болуға тиісті. Осымен байланысты әр тақырыптан студенттерге қажетіне, маңызына, қажетіне қарай конспект, реферат, тезис, аңдатпа жазу тапсырылып отырады, ол жұмыстар күні бұрын бекітіледі. Енді болашақ маманның теориялық білімін толықтыру мақсатында өткен бір семинар сабағын мысалға келтірейік.

Морфема түрлерін өту кезінде дәрісте нөлдік морфема теориясымен студенттер таныстырылған. Бұл жаңа мәселені студенттер білгісі келгені аңғарылып, А.К.Омарованың “Нөлдік морфема мен нөлдік форманың зерттелуі” деген 2001 жылы шыққан еңбегі конспект жасауға ұсынылды, сабақта бір студент баяндама жасады. Баяндамаға көп сұрақтар қойылды, ол сұрақтар мына мәселелер төңірегінде болды: осы теорияны кім бастағаны, қазақ тілшілерінен ол мәселені кім зерттегені, осы тілдік құбылысқа жататын тілдік материалдардың қазақ тілінде қалай аталып келгені, нөлдік морфеманың морфологиялық категорияларға қатысы т.б.

Семинар сабағында осы мәселе қызу, еркін талқыланды, мәселенің жаңалығы студенттерді өте қызықтырды, ол туралы өз пікірлерін айтуға талпынды. Конспект жасау барлық студенттерге берілгендіктен, пікір айтушылар көп болды, еркін пікір алмасу болды.

Бұдан студенттердің ғылым жаңалықтарына немқұрайды қарамайтыны байқалады, жаңалықты білуге талпыныс анық көрінді.

Оқытушы студенттердің бұл қасиетін сабаққа қызығушылық туғызу бағытында қолдануына болатыны анықталады. Бұл сабақта студенттің ғылыми білімі толықтырылды, белсенділігі артты, сабаққа қызығу сезімі оянды.

Нөлдік морфема мен нөлдік форма оқу бағдарламасында да, оқулықта да қамтылмаған, сондықтан ол морфологиядан студент білімін толықтыру, кеңейту тереңдету қызметін атқарды. Сабақ соңында оқытушы қорытынды жасады.

Студенттің оқу белсенділігін арттыруда *семинар-конференцияның* өткізілу әдістемесіне тоқталайық.

Семинар-конференция тақырыбы: Шылаулар

Кесте – 4. Семинар-конференция сабағының үлгісі

Кезеңдері	Мазмұны
I даярлық кезең	Алдын ала тақырыптар бойынша студенттерге тапсырмалар, пайдаланатын әдебиеттер ұсынылады. Олар: Р. Шақаманның “Демеулік шылаулардың функционалдық қызметі”, Р.Әміровтың “Қазақ тіліндегі жалғаулықтар”, А.Ысқақовтың “Қазіргі қазақ тілі (морфологиясы)”, С.Исаевтың “Қазіргі қазақ тілі морфологиясы”, “Қазақ грамматикасы” Ғ.Иманалиеваның “Шылаулар синтаксисі” еңбектері. “Қазіргі қазақ тілі морфологиясы” электронды оқу құралындағы “Шылау” тақырыбын компьютер сыныбында өздігінен дәрісханалық сабақтан тыс қалаған уақытында танысып, жаттығу тапсырмаларды орындайды. 3 студентке баяндама даярлау тапсырылды. Теориялық байланысты көрме ұйымдастырушы, сарапшылар тағайындалады.
II өту кезеңі	а) студенттер әдеттегідей емес, бір-біріне қарама-қарсы (дөңгелене) отырғызылады. Баяндама-шылар әрбіреуі 7-8 минут көлемінде баяндама жасайды. Баяндама тақырыптары “Демеулік шылаулардың грамматикалық мағыналары”, “Шылаулардың емлесі”, “Қазақ мектебінің оқулықтарында “Шылау” тақырыбының берілу мазмұны”; ә) студенттердің сұрақтарына жауап беру. б) семинарда “оппоненттер” баяндама мазмұны туралы пікірлерін білдіріп, бағалайды. в) көрмені таныстыру: көрме ұйымдастырушы “Шылау” тақырыбына қатысты студенттердің жинаған материалдарын таныстырады. Құралдар: оқу құралдары, оқулықтар, мерзімді басылымдардағы мақалалар, мектеп оқулықтары, бағдарламалар т.б.
III қорыту кезеңі	Топ екі кіші топқа бөлініп, “Жұлдызды сәт” грамматикалық ойынын ойнайды. Ұпай көп жинаған топ жеңіске жетеді. Ойында қойылған сұрақ-тапсырмалар: 1. Қарсылықты жалғаулықтарды атаңыз; 2. <i>Әлде, біресе, немесе, қай</i> жалғаулықтарға жатады? 3. <i>Бір</i> шылауының етістіктің тікелей алдында келіп, қолдануына бір мысал келтіріңіз. 4. -ғы/-гі жұрнағын қабылдап, морфологиялық өзгеріске түсіп, синтетикалық қызметін атқарып сөйлем мүшесі бола алатын септеуліктерді атаңыз. 5. Шығыс септігінен кейін қолданылатын шылауларды атаңыз. 6. Демеулік шылауларды білдіретін грамматикалық мағыналары. 7. Жіктік жалғауы алдында келіп, кірігіп қолданылатын демеулік шылау түрі? 8. Қандай шылаулар дефис арқылы жазылады? 9. Қомсыну мәнді демеулігін атаңыз. 10. –мыс/міс шылаулары қалай жазылады?
IV бағалау кезеңі	Сайланған “сарапшылар” басқа студенттердің сабаққа қатысу белсенділіктерін бағалайды. Соңында оқытушы семинарға қорытынды жасайды.

Семинар-ойын сабағы студенттің оқу-әрекетін, белсенділігін арттырумен қатар, кәсіби даярлығының сапасын көтеруге жетелейді. Ойын сабақтары екі бағытта жүргізіледі: 1) *жарыс-ойын* сабағы ретінде “Жұлдызды сәт”, “Формалар тізбегі”, “Лингвистикалық домино”, “Ғажайып алаң”, “Танымдық ринг” т.б. оқу ойындарын өткізуге болады. Аталған ойындардың мақсаты – сөздің морфологиялық құрамын, сөздердің түрлену жүйесін, грамматикалық мағыналарын, қолданыстағы ерекшеліктерін жете түсінуге машықтану, ойлау белсенділігін жылдамдату, оқыту үдерісін қарқынды ету, жандандыру. Мысалы, “Жұлдызды сәт” ойыны зат есімнің түрленуіндегі грамматикалық категорияларды жүйелеу мақсатында жүргізіледі. Ойынға қатысатын топ екі кіші топқа бөлініп, мультимедиа арқылы сандар (ұпайлар) тізбегі көрсетілген кестені көрсетіп, кезекпен ұпайды таңдап, оның ашылған сұрақтарына жауап беру арқылы ұпай жинайды.

Көптік	Септік	Тәуелдік	Жіктік
10	10	10	10
20	20	20	20
30	30	30	30

Ұпай жинау үшін студенттер санды таңдайды. Әрбір санның өз сұрағы болады. Сан жоғары болған сайын, сұрағы күрделене береді.

Көптік	Сұрақтары
10	Болжалдық мағынаны білдіруіне мысал келтіріңіз
20	Сөз бен сөзді байланыстыра ма, түсіндіріңіз
30	Көптік жалғауын қажет етпейтін, көптік мәнді есімдерді атаңыз (5-6 мысал)

Септік	Сұрақтары
10	Септіктердің екі топқа бөлінуі, оның ғылыми негізі неде?
20	Нөлдік формада тұратын септіктер
30	“Онымен” сөзіне морфологиялық талдау,
Тәуелдік	
10	Тәуелдік жалғауының түсіріліп қолданылуы
20	Тәуелдіктің категориялық емес түрі
30	Жалғаулар қатар жалғанғанда тәуелдік жалғауының орны
Жіктік	
10	Тікелей (түбір) жіктелетін сөздер
20	Жіктік жалғауының тарихи қалыптасуы
30	Жіктелмейтін етістік түрі

“Формалар тізбегі” ойынын лексика-грамматикалық сөз таптарын қайталап бекіту мақсатында жүргізуге болады. Мұнда екі топтан екі студент бір-біріне сұрақ қоя отырып (сөздердің белгілі жүйе негізінде қалыптасқан

грамматикалық топтары сөз таптарының сипаттары мен белгілеріне орай) екі студент анықтай отырып, жауап береді. Жүзеге асу технологиясы:

- Мен бір сөз таптым;
- Қандай? Атаушы ма, көмекші ме?
- Атауыш сөз.
- Есім бе, етістік пе?
- Есім сөз.
- Түрлене ме?
- Түрленеді.
- Септеле ме?
- Септеледі.
- Зат есім бе?
- Иә, зат есім“.

Танымдық ринг” ойынның мақсаты – студенттің теориялық материалды еске түсіріп, тез арада жаңғырту негізінде білімді берік ету. Топ екі кіші топқа тең бөліне отырып, бәріне ортақ сұрақ беріліп, кезекпен жауабын табу тапсырылады. “Сарапшы” белгіленген уақыт ішінде қай топ бұрын бітіргені және тапсырманың орындалу сапасын бақылайды. Мысалы, сұрақтар тізбегі: (5-6 сөзден атау)

- дерексіз зат есімдерді атаңыз;
- заттанған (субстантивтенген) сөздерді атаңыз;
- көптік мәнді есім сөздерді атаңыз;
- қатыстық сын есімдерге мысалдар (5) келтіріңіз;
- лексика-семантикалық жағынан сандық ұғымды білдіретін сөздерді атаңыз;
- сабақты етістіктерге мысалдар келтіріңіз т.б.

2) *іскери ойындарды* А.А.Вербицкий болашақ маманның кәсіби әрекетінің пәндік және әлеуметтік мазмұнының жаңғыруының формасы ретінде анықтайды. Мысалы, “Етістіктің шақ категориясы” тақырыбына байланысты өткізілген семинар сабағында студенттердің педагогикалық практика кезінде осы тақырыпқа сәйкес бейнетаспаға түсірілген үзінділерді көрсете отырып, грамматикалық тақырыпты түсіндірудегі кеткен кемшіліктер талқыланып болған соң, бірнеше студент мұғалім рөлінде тақырып тәңірегінде жаңа материалды түсіндіру сәтінен элементтер көрсетіліп, түсіндіріледі. Мұндай сабақтар қазіргі заман қойып отырған маманның біліктілік моделі шеңберінде жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Мысалы, “Шеберлікке талпыну” ойынында грамматикалық тақырыптардан білім, іскерлік, дағдыны тексеру мақсатында студенттің бірі мұғалім, екіншісі оқушы рөлінде болып, студенттердің “оқушыны” тыңдап, қателерді түзете білу, ойын толықтыра білу, қосымша түсініктер беру, бақылау, бағалау секілді әрекетті орындай білуге дағдыландыруға болады. Сондай-ақ тіл ғылымының көрнекті өкілдерінің ғылыми еңбектерін өз бетімен оқып, талдап, даулы тұжырымдар тәңірегінде бірнеше ғалымдардың пайымдары негізінде пікірталас ұйымдастыру үшін бірнеше студент сол автордың рөлінде өз оқығанын

ортаға салып дәлелдеуге ден қояды. Мысалы, *грамматикалық формалар туралы* әртүрлі көзқарастарды талдаумен байланысты С.Исаев, А.Ысқақов, М.Серғалиев, С.Хасанова, *көмекші сөздер* туралы Н.Оралбаева, Н.Оразов, Р.Әміров, А.Ысқақов, *қосымшаларды жіктеу* жөнінде Ы.Маманов, А.Қалыбаева, А.Ысқақов, С.Исаев т.б. ғылыми пайымдауларын салыстыру. Мұндай жаттығулар студенттің өздігінен жұмыс істеуіне, сыни ойлау қабілетін дамытуға, пікірлерін дәлелдеуге, кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға ықпалын тигізеді, сондай-ақ студенттің өзіндік белсенді ой-әрекеті болашақ кәсібіне қызығу, ынталандыру қызметін атқарады.

Семинар-жоба сабағында студенттер екі аптаға созылған ғылыми жобаға жоспар бойынша тыңғылықты даярланды. Нәтижесінде жобалар бойынша ғылыми еңбектердің библиографиясын жасады, ғылыми еңбектердің жаңалықтарын талқылады, бірнеше ғалымнан алынған сұхбаттарын (бейнетаспа, үнтаспа) тыңдатты, суреттерін, еңбектерінің тізімін графопроектормен динамикалық күйде түсіндірді; бейнетаспадан, үнтаспадан үзінділер көрсетті (С.Исаев туралы, оқулықтардағы мектеп оқу тапсырмалары, оқулықтар жөнінде Ж.Қараев, Р.Сариева пікірлері). Нәтижесінде студенттер осы тақырыптар бойынша белсенді түрде білім жинақтап қана қоймай, оны болашақ кәсіби қызметінде қолданудың амал-тәсілдерін де меңгерді.

Семинар-аукцион түрінде алдын-ала бірнеше тақырыптар беріліп, (1-2 апта бұрын) қажетті әдебиеттер ұсынылып жоспар көрсетіледі. Аукционға авторлық куәліктер қойылады. Куәлікті алушылар алдын-ала даярланған “Блиц-сұрақтарға” жауап береді. Мұның маңыздылығы болашақ мамандығын игеруге жаттықтырады. Блиц сұрақтардың мазмұны жиі қолданылатын морфологиялық категорияларға құрылады. Сұрақтарға жауап беру уақытпен өлшенеді, сұрақтарға жауап беріп, авторлық куәліктерге ие болады.

Аталған семинар түрлерінен басқа тілдік талдаулар, жаттығулар орындату да – практикалық сабақтың мазмұнына кіреді. Мұнда теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру, тілдік бірліктерді таныту, оларды есте сақтауды қамтамасыз ету қажет. Морфология грамматикалық көрсеткіштерге бай және оларда омонимдік қасиет күшті болғандықтан, бір-бірінен дұрыс ажырата білуге үйретудің маңызы өте зор, сондықтан семинар сабағында жаттығулар, түрлі тапсырмаларды орындау жұмысы да орын алады. Ол жұмыста, көбіне, жаттығулар жинағы қолданылатыны белгілі. Осы жұмыс түрі сапалы орындалу үшін, морфологиялық талдауды студент жақсы білуі керек. Міне, осымен байланысты студентке морфологиялық талдаудың түрлерін үйрету керек. Бұл мәселе, әрине, дәрісте айтылады, бірақ ол қысқаша мәлімет студент үшін жеткіліксіз және морфологиялық талдаудың әр түріне студент әбден жаттығу керек. Морфологиялық талдау дедукциялық ойлауды қажет етеді. Ал бұл өз кезегінде білімнің жалпылық қасиетке айналуына мүмкіндік береді. Сөздің морфологиялық белгісін тануда оппозициялық талдаудың ерекшелігі бар, яғни сөз формаларын бір-бірімен салыстыру арқылы дұрыс тануға болады. Мысалы,

омоним қосымшаларды *оқыды-оқиды* немесе, *барады-барды* сөзформаларымен қатар қойып салыстыру оларды бір-бірінен ажыратуға көмектеседі, яғни ассоциация бойынша есте басқа форма пайда болады да, студент оларды салыстырады. Ол үшін студенттерге морфологиялық талдаудың әр түрі туралы өте қысқа мағлұмат жазу тапсырылды. Морфологиялық талдаудың соңғы кезеңі сөз таптарын дұрыс тану дағдысын қалыптастыру болып табылады. Студенттер мәселе туралы мағлұмат жазуда оқулыққа, ғылыми еңбектерге сүйенеді (оған оқытушы көмектеседі). Студенттің жазған мәліметін оқытушы тексеріп, оны жетілдіреді. Студенттер морфологиялық талдаудың мына түрлеріне түсінік жазды;

- морфемдік талдау;
- сөз табына талдау;
- сөз құрамына талдау;
- әр сөз табының категорияларына талдау;
- категория көрсеткіштерін талдау;
- категория көрсеткіштерінің мағынасын талдау;
- грамматикалық, лексикалық мағынаны талдау;
- сөздің грамматикалық формасын талдау;
- жалпы морфологиялық талдау.

Бұл мәселелер екі семинар сабағында талданып, оған студенттер жаттықты. 1-семинар сабағында үш мәселе талданып, жаттығу жүргізіледі. Олар: 1) морфемдік талдау; 2) сөз құрамына талдау; 3) сөз табына талдау; Үш студент осы үш мәселеден мынадай үш түрлі мәлімет жазады: 1. Морфема деп сөздің мағыналы бөлшегі аталады. Морфема негізгі және көмекші болып бөлінеді. Негізгі морфема лексикалық мағынаны білдіреді, бөлшектеуге келмейді. Көмекші морфеманың лексикалық мағынасы жоқ, лексикалық мағыналы сөзге үстеме мағына қосады. 2. Сөз құрамы лексикалық мағынаны білдіретін сөзден (негізгі, туынды сөз болуы ескерілмейді) және грамматикалық мағынаны білдіретін морфологиялық көрсеткіштер-ден құралады. Морфологиялық көрсеткіштерге жалғаулар және грамматикалық жұрнақтар жатады. 3. Сөйлемдегі әр сөздің қай сөз табының сөзі екені талданады. Бұл талдауда сөздің мағынасы, оның құрамындағы қосымшасы мен сөйлемдегі қызметіне сүйену керек. Осы үш қысқаша мәлімет үлестірме қағаз ретінде студенттерге таратылды. Әр мәселемен байланысты студенттерге талдауға бірнеше жаттығудан берілді. Жаттығу орындалған соң, оқытушы оны жиып алып, әр жаттығуды орындаушыдан басқа студентке тексеруге берді. Тексеруші студенттің фамилиясы да сонда жазылады. Тексеру аяқталған соң, оқытушы өзі жұмысты тексереді. Бұдан кейін сабақта жұмыстағы қателер талданады. Қатені тапқан студент оны түсіндіреді, студенттер таппаған қатені оқытушы түсіндіреді. Қатенің себебін, оны талдауда қандай белгі ескерілмегені ашылу керек. Соңында оқытушы әр жұмысты, тексерушінің жұмысын бағалайды. Мұндай семинар студентті күрделі тілдік құбылыстарды ажыратуға жаттықтырады, оқу белсенділігін арттырады, өзіне сенімін күшейтеді,

сабаққа қызықтырады, өз бетінше шешім қабылдап, жұмыла жұмыс істеуіне жағдай жасайды. Келесі семинарға әр сөз табының категориялары, олардың көрсеткіштері, лексика-грамматикалық, грамматикалық, лексикалық мағыналар, сөздің грамматикалық формасы мәселесін оқып келу тапсырылып, сабақта ол мәселелер туралы студент білімі, тілдік бірліктерді тануы, ажыратуы тест арқылы тексерілді. Тест көрсеткен кемшіліктер түсіндіріліп, жаттығулар арқылы талдаулар жасатылды, мұнда әр студенттің мәселені қалай меңгергені анықталады. Мұндай жағдайда жаттығу әр студенттің жіберген қателеріне байланысты беріледі де, әр студентпен жеке жұмыс түрі жүргізіледі. Студентпен жеке жұмыс түрі қажетіне қарай жеткілікті жүргізілуі керек. Жұмыстың бұл түрін сабақтан тыс уақытта да жүргізуге болады. Ол студент білімінің кемшілігін анықтап, түзетуде үлкен қызмет атқарады. Мәселенің қиындығына байланысты осы сабақта әр студенттің оны қалай меңгергенін нақтылы анықтау қажет болғандықтан, осы әдістеме қолданылды. Сабақтың бұл түрі арқылы студенттер қиын мәселені түгел меңгерді. Ол екінші рет бақылау тест жұмыстарының нәтижесінде анықталды.

Дәрісханалық өздік жұмысы студенттердің сабақтан тыс уақытта теориядан көп дайындалуын, әрі практикалық тапсырмаларды, жаттығуларды үздіксіз орындауын қажет етеді. Басқаша айтқанда, дәрісханалық өздік жұмыс екі кезеңнен тұрады. Бірінші – дәрісханалық сабаққа дайындық кезеңі, екінші дәрісханалық сабақта студенттің өзінше жұмысты орындауы. Өздік жұмыстың сапалы орындалуы үшін, бұл екі кезеңнің де маңызы зор. Бұл типтес өздік жұмыстың I-кезеңі студенттен саналылықты, жауапкершілікті, білуге ұмтылуды, осы жұмыстардың білікті маман болуына ықпалын түсінуді қажет етеді. Жағымды уәж, көпшілік алдында ойын дәлелдеу, студенттің сабаққа сапалы дайындалуына итермелейді. I-кезеңдегі дайындық нәтижесінің нақты көрсеткіші – 2-кезеңде сабақта орындалатын өздік жұмыстардың нәтижесі, сапасы. Сабақта орындалатын өздік жұмыстың дайындыққа байланысты екені сөзсіз, бірақ оқытушымен де көп мәселелер байланысты, сондықтан оқытушының сабақты ұйымдастыру шеберлігі жоғары болуы қажет. Осымен байланысты оқытушыға мына талаптар қойылады: 1) оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынастың сенім, сыйластық, тең дәрежеде, ынтымақтастыққа құрылуы. Бұл студент пен оқытушының бірін-бірі тез түсінуі, оқытушы талабының кедергісіз орындалуын, оқытушының студентке көмектесуін қамтамасыз етеді де білім сапасын арттырады. 2) оқытушының білімді маман екеніне студенттің күмәні болмауы керек. Оқытушы әр сабақта, әр мәселеде өзінің білімділігін ісімен дәлелдеуі керек, әдетте, студент оны тез ажыратады. Бұл да студенттің сабаққа көзқарасын шешеді. 3) оқытушы терең теориялық білім болуымен бірге, әдістемелік шеберлігі болуы керек. Шебер әдістемелі оқытушының бір сабағы екінші сабаққа ұқсамайды, әдіс-тәсілдері де алуан түрлі болады. Ол студенттерді жалықтырмайды, сабақтың түрлілігі студентті сабаққа қызықтырады, студент өзі мұғалім болғанда да, оны өз тәжірибесінде қолданады, сондықтан оқытушы

сабақты ұйымдастыру әдістемесіне ерекше мән беруі керек. 4) оқытушының студент біліміне талабы бір қалыпта, заңды, орынды, әр студентке бірдей болуы керек, ескерілмесе студент біліміне кері әсер етеді. 5) оқытушы әр тапсырманы ұқыпты, мезгілінде тексеруі керек; Мұндай талап орындалмаса студенттің сабаққа салғырттығын туғызады, өз кезегінде бұл өте зиян, нәтижесінде студент білімінің сапасы төмендейді. 6) оқытушы мен студенттің келісімді, саналы жұмыстары ғана студенттің жақсы маман болуына жол ашады.

2.5. Жоғары мектепте тілдік пәндерді оқытудағы жаттығулар жүйесі

Практикалық сабақтардың мақсатын үлгі бағдарламада “...ғылыми курс бойынша меңгерген ғылыми-теориялық білімін жүйелеп, оны практикалық тұрғыдан талдап, тани білу дағдысын қалыптастыру, тұрақтандыру” – деп нақтылайды. Мұнда практикалық сабақтардың мазмұны, мақсаты туралы, оны жүргізуде басшылыққа алатын көмекші оқу құралдары көрсетіледі. Демек, семинар сабағы теориялық білімді бекіту, жүйелеу, студентті оны іс жүзінде дұрыс қолдана білуге дағдыландыру мақсатын көздейді. Қазіргі қазақ тілінен семинар сабағында орындалатын жаттығу, тапсырмалар орындауда бағдарламада көрсетілген мына әдебиеттерді қолдануға болады: практикалық сабақтарға арналған Ғ.Қалиев, Н.Оралбаева, О.Төлегеновтердің “Қазіргі қазақ тілінің жаттығулар жинағы” [126]. Бұл – университеттер мен педагогика институтының филология факультетіне арналған, өңделіп 2-рет басылған оқу құралы. Жинақтың негізгі міндетін авторлар былай көрсетеді “...студенттердің өз білімі мен тіл фактілерін талдап дағдылануына, дәрістік курстан алған теориялық білімін тереңдетіп кеңейтуіне, сөйтіп оны практикалық тұрғыда меңгеріп алуына мүмкіндік туғызу”. Аталған көмекші оқу құралы үшінші рет өңделіп 1997 жылы жарық көрді. Оқу құралы “Қазіргі қазақ тілі” ғылыми курсының жаңа бағдарламасына сәйкес жасалған. Мұндағы жаттығулар түгелдей дерлік жаңадан құрастырылып, әр бөлімінің соңында қолданылатын әдебиеттер мен сөздіктердің тізімі берілген. Оқу құралы Қазіргі қазақ тілінің лексика, фонетика және грамматика бөлімдерінен практикалық сабақтарды жүргізуге арналған. Мұндағы жаттығулардың бір ерекшелігі – терме мәтіндер түрінде тұтастай берілуі. Тапсырмалар мазмұны: морфемалардың сөз таптарына қатысты лексика-грамматикалық мағыналары, грамматикалық формалы сөздерді *теріп жазу*; грамматикалық мағыналардың берілу жолдарын, негізгі және көмекші морфемаларды анықтау, сөздерді құрамына қарай талдау, сөздердің атқарып тұрған қызметін *анықтау*, жұрнақ, жалғауларды *табу* т.б. “Сөз жасау тәсілдері бөлімінде” синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің құрамындағы сөз тудырушы жұрнақтарды *табу*, омоним морфемаларға талдау жасау, туынды сөздерді *табу*, грамматикалық мағыналардың берілу жолдарын *анықтау*; “Сөз тұлғасы” бөлімі бойынша: сөз тұлғасына қарай талдау, негізгі, туынды түбірлерді

табу, туынды түбір *жасау*, сөз таптары бөлімінде негізгі, көмекші морфеманы ажырату, көмекші морфемаларды түрлеріне қарай *талдау*, көмекші есім, көмекші етістіктерді, шылау сөздерді *топтау*, сөз таптарына талдау, әр сөз табын морфемдік құрамына *талдау*, мағынасына, жасалу жолдарына, жалғаудың мағынасы мен қызметі, омоним қосымшаларды түрлеріне қарай ажырату, сөздермен тіркесі, семантикалық топтарға бөлу секілді жаттығулар. Қазіргі қазақ тілі морфологиясынан оқу құралдарының бірі – С.Хасанованың “Қазіргі қазақ тілі морфологиясынан пысықтау жаттығулары”. Оқу құралында берілген бақылау пысықтау жаттығулары Қазіргі қазақ тілі морфология саласының барлық категорияларын қамтыған. Мұндағы берілген жаттығулардағы тапсырмалар, негізінен, төмендегідей: грамматикалық формаларды табу, лексика, грамматикалық мағыналарды анықтау, нольдік формадағы сөздерді атау, бір грамматикалық форманы бірнеше грамматикалық мағынамен *беру*, сөздерді сөз таптарына ажырату, грамматикалық мағынаның берілу жолдары, сөз құрамын морфемаларға *бөлу*, жалғауларды *табу*, орналасу тәртібін анықтау, туынды сөздерді *табу*, негізгі түбір сөздерді *табу*, туынды түбір *жасау*, түбірлес сөздер жасау, лексикалық бірлікте тұрған сөз тіркестерін, күрделі сөздерді, негізгі, көмекші сөздерді табу, сөз таптарына *ажырату*, сөз таптарының семантикалық топтары, омоним қосымшаларды анықтау, сөйлем мүшелеріне *талдау*, тұлғалас сөздерді *табу*, түрлендіру жолдарын белгілеу, сөйлем *құрау*;

Оқу бағдарламасында оқу үдерісінде пайдалануға ұсынылған әдебиеттің бірі – С.Исаев пен Ш.Бектұровтың “Сөйлемді грамматикалық талдаудың тәсілдері” құралы. “Жоғары оқу орындарында оқылатын Қазіргі қазақ тілі” ғылыми курсының теориялық материалын терең ұғынып, алынған білімін бекітуде, практикалық дағдысын қалыптастыруда сөйлемге грамматикалық талдау жасаудың маңызы зор. Сөздерді бөлшектерге бөле білу, сөздердің морфологиялық құрамын ажырату, сөйлемдегі сөздердің байланысын білу морфологиялық ұғымдарды түсінуге мүмкіндік жасайды; грамматикалық талдау студенттерді ондағы тілдік құбылыстарды дұрыс талдай білуге, практикалық дағдысын қалыптастыруға, сөйлем талдаудың техникасын меңгеруге көмектеседі, белгіліден белгісізге көшуде дерексіздендіру, талдай білу қабілетін дамытады”. Аталған оқу құралында грамматикалық талдауды морфологиялық және синтаксистік деп бөле отырып, үлгілерін көрсетеді.

Университеттер мен педагогтік институттардың филология факультеттерінің сырттан оқитын студенттеріне арналған бақылау-пысықтау жаттығуларынан Н.Оралбаеваның көмекші оқу құралдарын атап өтуге болады. Мұнда оқылуға тиісті құралдар мен әртүрлі тапсырмалары бар жаттығулар берілген.

Сонымен, Қазіргі қазақ тілінің семинар сабақтарында орындатылатын жаттығу, тапсырмалардың құрылымын талдай келе, онда репродуктивті сипаттағы жаттығу-тапсырмалардың басым екендігін байқауға болады. Нақтылап

айтсақ, *табыңдар, ажсыратыңдар, көрсетіңдер, топтаңдар, анықтаңдар, теріп жазыңдар, талдаңдар* т.б.

Студенттердің теориялық білімін қалыптастырып, оқытудың кәсіби бағытын жүзеге асыруда семинар сабағында орындалатын жаттығу жұмыстарының алатын орны ерекше. Жаттығу жұмыстарын іріктеп, оның мазмұнын анықтау – өте күрделі жүйе, оның дидактикалық негізі жан-жақты зерттелгенімен, белгілі бір жүйе қалыптасты деп айту қиын. Лингвистикалық дағды мен іскерлік жаттығулар орындау барысында қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда, дағды мен іскерлікті қалыптастырудың физиологиялық негізі – уақытша шартты байланыстар. Адамның білім алуы осы уақытша шартты байланыстарға, яғни алынған білім мен жаңа түсінік, ұғымдар арасындағы байланыстарға негізделеді. Осы байланыстар беки отырып, стереотипке айналады. Теориялық білімнің тәжірибеде, жан-жақты түсіндірілуі семинар-зертханалық сабақтарда жаттығу жұмыстарының орындалуы арқылы жүзеге асады, сондықтан теориялық тақырып мазмұнын ашатын жаттығу түрлерін мұқият таңдап, іріктеудің болашақ маман білімінің сапасын арттыруда маңызы ерекше. А.Байтұрсынұлы айтқандай, ”жаттығу, төселу үшін істің қайта-қайта істелуі ғана шарт” [127, 363]. А.Байтұрсынұлы жаттығулар түзудегі тәжірибесін зерттей келе, А.Қыдыршаев былайша топшылайды: “...әдіскер жаттығулардың мазмұны жағынан алғанда, тәжірибелік және жалпы білімдік мәнін ерекше ескерген. Екіншіден, әрбір тақырыптан кейін берілген жаттығулар сол тақырыптың мақсаты мен міндетіне сай құрастырылған. Үшіншіден, жаттығуларды мазмұны жағынан да, мақсаты жағынан да бір сарында алмай, түрлендіруге тырысқан” [128, 125]. Бұдан біз А.Байтұрсынұлының өз кезінде білім беру үдерісінде жаттығулардың маңыздылығына үлкен мән бергенін байқаймыз.

“Жаттығу – грамматиканың теориялық курсы бойынша білімді бекіту мақсатындағы оқушының белгілі бір оқу тапсырмасы орындауы” [129, 79]. Ғылыми-әдістемелік еңбектерде жаттығу түрлері сан-салалы, түрлі жіктелетіндігі анықталды. Олар: даярлық, сынау, байқау, машықтандыру, шығармашылық, бақылау жаттығулары, өзге тілдің байланысы, тілдік және сөйлеу жаттығулары деп бөле келе, алдыңғысына түсірілген сөздерді табу, сөйлемдерді өзгерту, сөйлемді аяқтау, сөйлемді кеңейту, сөйлемді тарылту, көп нүкте орнына тілдік тұлғаларды қою т.б., соңғысына сұрақ-жауап, шығарма, мазмұндама жазу, сөйлесу, суретпен жұмыс, әңгімелесу, кітаппен жұмыс, тілдік құбылыстарды тану және оны ұқсас құбылыстардан бөліп алу, есте сақтау, бекіту, ұқсастығы мен айырмашылығына қарай бөлу, топқа жіктеу, құбылыстарды салыстыру, ұғымдарды қалыптастыру, білімді жалпылау және практикада қолдану жаттығулары [61, 81], психолингвистикалық тұрғыдан рецептік, продуктивтік, репродуктивтік [100, 183], тілдік жүйе туралы білімді қалыптастыруға арналған жаттығулар, тілдің динамикасы туралы дағды қалыптастыруға арналған жаттығулар (тілдік материалды талдау), сөйлеу әрекетін қалыптастыруға арналған жаттығулар [130].

Сондай-ақ жаттығуларды мазмұнына қарай (фонетикалық, лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық, формасына қарай ауызша, жазбаша меңгеру психологиясына, ойлау әрекеттеріне қарай (аналитикалық, синтетикалық), индуктивтік, дедуктивтік; шетел тілдерін оқытумен байланысты тілдік, сөйлеу, қатысымдық, қатысымдық емес, сөйлеуге даярлық, сөйлеу т.б. жаттығулардың мазмұны мен құрылымы оқыту мақсаттарымен тығыз бірлікте қарастырылып анықталады. Қазақ тілін оқытумен байланысты жаттығулар жүйесінің теориялық, практикалық маңызын жан-жақты талдаған жұмыстардан Н.Құрманованың зерттеулерін [131].

«Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесі» ұжымдық монографиясын [132], Ж.Нұржанның [133] еңбегін атап өтуге болады. Мәселен, Н.Құрман сөз тіркесін дамыта оқытуда жасаған жаттығуларының ішінен аспектілік, коммуникативтік, кешенді, бақылау, тілдік, трансформациялық жаттығу түрлерінің теориялық білім қалыптастыруда маңызы зор екеніне баса мән береді. Н.Құрманова сөз тіркесін оқытумен байланысты жаттығуларды бастауыш, орта буын және жоғары сыныптарға топтап берген. Ол сөз тіркесін дамыта оқытуға арналған жаттығулар жүйесін шартты түрде мынадай деңгейлерге бөліп қарастырады:

- I деңгей – Грамматикалық жаттығулар,
- II деңгей – Логикалық жаттығулар,
- III деңгей –Танымдық жаттығулар,
- IV деңгей – Рефлексиялық жаттығулар,
- V деңгей –Тіл дамыту жаттығулары,
- VI деңгей – Тіл мәдениеті жаттығулары,
- VII деңгей – Шешендікке баулу жаттығулары.

Жаттығуларды осылай топтау қазақ тілін оқыту әдістемесінде жаттығуларды жіктеуде алғаш ғылыми негізделген теориялық тұжырым екенін атап өткеніміз абзал.

Аталған еңбектерге сүйене отырып, белсенді оқытуға арналған жаттығу жүйесіне қойылатын жалпы талаптарды былайша анықтауға болады:

- тілді оқыту процесінің құрамдас бөлігі – жаттығулардың нақты айқын мақсатқа құрылуы;
- бірлесе шешу әрекетіне құрылған болуы;
- өзара, өзіндік тексеруге негізделуі;
- бақылау, бағалаудың үздіксіздігі;
- интерактив жаттығулардың басымдылығы (кәсіби тренингтік, проблемалық, ми шабуылы, компьютерлік, мультимедиялық, ойын, ТОҚ-ты қолдану, бейнежаттығу, пікір жазу, кері байланыс жасау, ашық тестілер, сөздіктермен жұмыс, эвристикалық, өзара оқу (жұптық, топтық), жарыс, рөлдік жаттығу, қателермен жұмыс, гипермәтіндік пәрменді оқу материалдарымен жұмыс;

- конструктивтік-шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталуы (кесте, сызба, сұлба, жаттығу жүйесін жасау, модельдеу, көрнекіліктер даярлау);
- коммуникативтік-ситуативтік жаттығулардың басымдылығы (әңгімелесу, пікірталас тудыру, эвристикалық)
- жаттығулардың бір типті емес, түрлендіріп, бірізділікпен жүргізілуі;
- бірізділігі мен бір-бірінен сабақтастығының сақталуы;
- студенттердің білім, жас дара ерекшеліктерінің ескерілуі;
- үздіксіз жүргізілуі;
- дидактикалық материалдың молдығы;
- оқылатын категорияның қиын жақтарын толық қамту;
- танымдық ерекшелігінің болуы;
- өзіндік бақылауды қамтамасыз етуі;

Жаттығулар жүйесін жасаудағы ең басты ұстанымымыз саналылық пен әрекеттің (белсенділік) бірлігі негіз болды.

Сонымен, **жаттығулар жүйесінің** дидактикалық жіктемесін төмендегідей құруға болады:

1. Теориялық білімді қалыптастыруға арналған теориялық-тілдік жаттығулар;
2. Тілдік материалды талдау (тілдік тұлғаларға әртүрлі талдау жасау) жаттығулары;
3. Шығармашылық-кәсіби бағыттағы жаттығулар;
4. Білімді бақылау, тексеру, бағалау (рефлексиялық) жаттығулар.

1. Теориялық-тілдік жаттығулар.

Мақсаты. Сөздердің тұлғалық өзгеруі, сөз, оның формалары, оны талдаудың амалдары туралы, сөздердің топтарға бөлінуі, олардың лексика-грамматикалық сипаты жөнінде теориялық ұғым қалыптастыру, терминдер атауы мен оның ішкі мазмұнын аша білуге, тілдік фактілердің ерекше белгілерін тани білу және оны басқа грамматикалық ұғымдармен байланыстыра білуге үйрету. Жалпылай жүйелей білудің амал-тәсілдерін игеру. Студенттің тілдік құбылыстардың елеулі белгі, қасиеттерін танып, ұқсастықтары мен айырмашылығын танып білуге, ереже, анықтамаларды, заңдылықтарды жете түсінуге, тілдік құбылыстың өзара қатысының ішкі қарама-қайшылықтарын, заңдылықтарын танып, мәнін ашуға, тілдің жеке элементтері арасында логикалық байланыстар орнатып, бір-бірінен ажырата, топтай білуге дағдыланады, лингвистикалық ойлауы дамиды. Талдау мен жинақтау негізінде салыстыру пайда болады, ол студенттердің ғылыми түсініктерінің жалпылық, жүйелік сипат алуына, сөйтіп логикалық ойлауын дамытуға мүмкіндік жасайды.

Орындалу тәсілдері. Сөздің тіл білімінің салалары морфология, сөзжасам, синтаксис салаларына қатысын салыстыруы, зерттеу нысанын анықтау. Сөздің лексикалық, грамматикалық мағыналарының ерекшеліктерін айқындау. Грамматика мағынасының түрлерін (сипаттау), жалпы грамматикалық категориялық, қатыстық грамматикалық мағыналарды) мысал-дармен дәлелдеу; А.Ысқақов оқулығы мен С.Исаев оқу құралындағы лексика-грамматикалық мағыналарға қатысты ғылыми пікірлерін салыстыру, қайшылықтарын анықтау. Сөздің морфемалық құрамын түсіндіру; Сөзді грамматикалық белгілеріне қарай топтау; Лексика-грамматикалық мағыналарын салыстыр; Грамматикалық формалы сөздердің морфологиялық белгілерін анықтау.

2.Тілдік материалды талдауға арналған жаттығулар.

Мақсаты. Тілдік фактілерді талдай білу қабілетінің дамуы, өздігінен жұмыс істеу, ой белсенділігінің артуына, теориялық білімін практикада қолдана білуге дағдыландыру, теориялық білімді жүйелеу, бекіту, морфологиялық ұғымдар туралы түсінік қалыптастыру.

Орындалу тәсілдері. Сөзформасын өзгерту; бір форманы екінші формаға ауыстыру; сөздің морфемалық құрамын түсіндіру; сызбасын (схемасын) жасау; лексика-грамматикалық омонимдерді теру, топтау; омонимдес тұлғалардың морфемалық құрамын, семантикалық сипатын анықтайтын көрнекілік (сызба, кесте, өрнек) жасау; сөздерді тұлғалық құрамына қарай талдау; сөздердің тұлғалық құрамдарын анықтау; көмекші сөздердің сөзге грамматикалық мағына үстеуі мен күрделі сөз жасаудағы ерекшеліктерін айқындау; сөздердің жіктелуін топтау; берілген сөздермен сөйлем құрау; көрсетілген сөздерді алып тастап, сөйлемдегі стильдік өзгерістерді анықтау; сөздің сөйлемдегі атқаратын қызметін анықтау; сөздің контексте (сөз табына қатысты) стильдің қай түрінде қолданылып тұрғанын анықтау; грамматикалық ерекшеліктерін түсіндіру; мерзімді баспасөз материалдарынан мысалдар теру; сөздің емлесін түсіндіру; сөздерді грамматикалық белгілеріне қарай топтау; сөйлемге грамматикалық талдау (морфологиялық, синтаксистік) жасау; лексикалық және грамматикалық мағыналарын салыстыру; жалғаулары бірдей әр сөз табының сөздерін теріп жазып, морфологиялық ортақ белгілерін анықтау; морфологиялық модельдер (графикалық белгілер негізінде) бойынша сөзформаларын жасау.

3.Шығармашылық-кәсіби бағыттағы жаттығулар.

Мақсаты. Студенттің теориялық, практикалық білімін іс жүзінде өздігінен орындап, танымдық, логикалық, шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, білімді саналы игеруге көмектеседі. Келешек кәсіби шеберлігінің қыр-сырын меңгеруге, мектеп оқулықтары мен оқу бағдарламаларының мазмұнына талдау жасауға үйрену.

Орындалу тәсілдері. Грамматикалық, мазмұндама, лингвистикалық шығарма жазу, морфологиялық модельдер бойынша сөз формаларын жасау;

ғылыми-көпшілік талдау, грамматикалық ойындар, жарыстар сөзжұмбақтар шешу, құрастыру, мектеп оқулықтарындағы анықтама, ережелерді, жаттығуларды талдау т.б., мақал жазу, пікір жазу, қателерді табу, түзету.

4.Бақылау, тексеру, бағалау жаттығулары.

Мақсаты. Қазіргі қазақ тілі морфологиясының негізгі буындарынан теориялық, практикалық білімдерінің деңгейін анықтау, сондай-ақ оны практикада қолдана білу дағдысын тексеру, кемшілік-терін анықтау, түзету және болашақ кәсіби қызметінде қолдана білу дағдысын анықтау. Тақырып мазмұнын тексеру, кемшіліктерді анықтау, қорытынды шығару. Пәнішілік жеке фактілер, ереже, заңдылықтар арасында байланыс-тар орнату, теориялық материалды игерудегі кемшіліктерді анықтау, түзету. Теориялық курстан алған білім, іскерлік, дағды, кәсіби құзыреттілігі деңгейін тексеру.

Орындалу тәсілдері. Негізінен, курс соңында немесе күрделі тақырыптардан соң, жазбаша, ауызша, бақылау жұмысы, тест түрінде жүргізіледі. Бақылау жұмысы 3-4 түрлі нұсқада жасалып, әр нұсқада 5-6 жаттығу беріліп, тапсырмалар көрсетіледі. Сондай-ақ мұндай жаттығулар тобына компьютер бағдарламасына негізделген ақпаратты топтамалардан соң берілетін бақылау сұрақтары мен дидактикалық тестілер жинағын да жатқызуға болады.

Ағымдық бақылау кезеңіндегі жаттығулар: тірек сигналдар, әңгімелесу, сұрақ-жауап, пікірталас, коллоквиум, ауызша, жазбаша конспект жасау.

Аралық бақылау кезеңіндегі жаттығулар: компьютерлік тест, бақылау жұмысы, реферат, баяндама, жоба жасау, грамматикалық мазмұндама.

Қорытынды бақылау кезеңіндегі жаттығулар: рейтингілік бақылау, емтихан, (жазбаша-ауызша, аралас, жоба қорғау т.б.)

Семинар сабақтарында әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды тандап орындау әр студенттің жеке дара ерекшелігін ескерумен қатар, оның ерік-жігерін, ізденімпаздығын, ақыл-ойын дамытады, сондай-ақ өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады. Семинар сабақтарында орындалатын жаттығу-тапсырмалардың, оқу әрекеттерінің әртүрлілігі студенттің танымдық белсенділігін арттырумен бірге, оқыту мазмұнын қызықты ете отырып, пәнге олардың қызығушылықтарын арттырады. Мұндай жаттығу түрлері электронды оқу құралымызда қарастырылған. Жаттығулар үшін оқу мәтіндерін іріктеудің білім сапасына тигізетін ықпалы үлкен. Мәтіндерде оның құрамындағы сөйлемдерде игеріліп отырған грамматикалық құбылыстардың жеткілікті болуы, жас ерекшелігіне сай танымдық қызығушылығына сәйкес алынуының оқу-тәрбие процесіне тигізетін маңызы зор. Мәтіндердің қайнар көзі – көркем әдебиет, ғылыми көпшілікке арналған әдебиет баспасөз, ауыз әдебиеті, педагогикалық әдістемелік әдебиеттер т.б.

Семинар және зертханалық сабақтарда студенттің өз бетінше ой түйіп, өз бетінше шешім шығарып, қорытынды жасай білуге дағдыландыруда грамматикалық ұғымдарды меңгерту барысында **морфологиялық талдауды**

жүйелі түрде жасап отыру өз нәтижесін береді. Бұл жөнінде С.Исаев жоғары оқу орындарында сөйлем талдауды дұрыс игеру грамматиканың ғылыми ұғымдарын жете ұғуға, тілдің грамматикалық құрылысы жөнінде студенттердің практикалық дағдысын қалыптастыруға, грамматиканың тілдік ұғымдарын жіті түсінуге, өзбеттерімен сөйлемді грамматикалық жағынан толық, дұрыс талдау алуға даярлайтынын айтқан.

Грамматикалық талдауда аналитикалық сипат басым, сондықтан ол ақыл-ойдың, логикалық, грамматикалық ойлаудың дамуына, білімді бекітіп, жүйелеуге септігін тигізді. Грамматикалық талдау – ереже, анықтамаларды түсіндірудің дедуктивті, тиімді жолы. Оқу үдерісінде орыс тілін оқытумен байланысты *грамматикалық талдауды жүргізудің* дидактикалық, әдістемелік қырларын жан-жақты талдаған ғалым – А.В.Текучев. Автор грамматикалық материалды игеруде, оны жетік түсінуде грамматикалық талдау ең тиімді жол дейді. Ол грамматикалық талдауды ұйымдастырудың дидактикалық талаптарының орындалуы ғылымилық, тарихилық, тіл мен ойлау арасындағы байланыс, саналылық, жүйелілік оқу үдерісіндегі маңызды шарттардың бірі екендігіне баса мән береді. А.В.Текучев грамматикалық талдауды морфологиялық талдаудың түрлерінен құрылымына, сөз таптарына, формасына, қолданысына қарай талдау түрлерін көрсетеді. Грамматикалық талдау – теориялық білімді практикада қолдана білуге дағдыландыру, себебі талдау арқылы студент өз білімін практикада қолдануға үйренеді. Біз бұл пікірді қолдай отырып, морфологиялық талдау жүргізуді мына ретпен ұсынамыз:

1. Сөзге морфемдік талдау жасау (сөз құрамына, негізгі, көмекші морфемаға ажырату). Морфологиялық талдау жасаудағы студенттердің көп қателесетіні түбір мен нөлдік морфеманы ажырата алмау. Бұған себеп – мектеп оқулықтарында түбір мен нөлдік тұлға туралы білімнің толық берілмеуі. Мысалы, мектеп оқулығында: “...атау септік тұлғасы зат есімнің түбір тұлғасымен сәйкес келеді” деген жаңсақ тұжырым берілген, себебі атау септік парадигмалық сипаттағы сөз, ол сөйлем ішінде сөздермен қарым-қатынаста танылады, ал түбірде ондай қасиет жоқ.

2. Сөз табына қарай талдау; Сөздерді сөз таптарына талдауда кездесетін қиындықтар сөздердің семантикалық сипатының өте күрделілігіне байланысты болса, екіншіден, конверсиялық құбылысқа (сөздің бір лексика-грамматикалық категориядан екінші грамматикалық категорияға ауысуы) байланысты. Сондықтан сөздерді сөз таптарына талдағанда оны семантикалық, морфологиялық, синтаксистік қызметі тұрғысынан талдау қажет. Сондай-ақ сөз таптарын сөз формаларды салыстыру арқылы талдауға да болады.

3. Сөйлемдегі сөздердің құрамындағы көрсеткіштердің қай категорияларға қатысын анықтау;

4. Сөздердің грамматикалық формасына қарай талдау. Грамматиканың синтетикалық формасының өз ішінде омонимдік қатар құруы жиі кездеседі, сондықтан морфологиялық белгіні оппозициялық талдау жасау, яғни

бір сөздің формаларын салыстыру, қарама-қарсы қою арқылы дұрыс тануға болады;

5. Грамматикалық мағыналарына қарай талдау. Талдаудың бұл түрінде мынадай тапсырмалар беруге болады:

- 1) лексикалық, грамматикалық мағыналарын салыстыру;
- 2) бір формамен берілген әртүрлі лексикалық мағыналы сөздерді тауып, морфологиялық ортақ белгісін, морфологиялық мағынасын анықтау;
- 3) оппозициялық талдау негізінде сөз форманың белгілерін салыстыру арқылы морфологиялық мағыналарын айқындау;
- 4) модель арқылы сөз таптарының лексика-грамматикалық сипатын ашу:

6. Грамматикалық көрсеткіштердің мағыналық құрамына қарай талдау: (көп мағыналық, синонимдік, омонимдік, антонимдік);

7. Кез келген морфологиялық көрсеткіштің синтаксистік қызметі бар, сондықтан синтаксистік қызметіне қарай талдау;

Теориялық талдаудан **лингвистикалық-талдау** әдістерінің басқа түрлерін қолдануға болады. Соның бірі *оппозициялық* талдау, яғни тілдік бірліктердің тұлғалық, мағыналық жақтарын салыстыру. Морфологиялық категориялардың көрсеткіштерін жалғау, грамматикалық жұрнақтарды бір-бірімен салыстыру арқылы студент омонимиялық, синонимиялық қосымшаларды тілдің грамматикалық құрылысынан үлкен орын алатын нөлдік форма мен оған ұқсас тілдік құбылыстарды ажырата білу тәсіліне жаттығады, грамматикалық категорияның ішкі мағыналарын жете түсінеді. *Синтагмалық талдау* тәсілдеріне үйрету арқылы студент сөз формасын синтагма мүшелерінің қатысына қарай анықтауға жаттығады. Сөздің грамматикалық мағыналарын басқа сөздермен тіркесі, контекстегі қолданысы арқылы табуға үйренеді. Мысалы, омонимдік қатар құрған *айтыс* сөзін жеке тұрғанда не заттың атауы, не қимыл атауы қызметін атқарып тұрғанын анықтауда оның контекстегі синтагмалық қызметіне баса назар аударады. *Диахрондық талдау* – кейбір грамматикалық тұлғалардың (реликт) тарихи даму барысын зерттеу арқылы шешімге келуі арқылы жүзеге асады. Мысалы, баласындай сөзіндегі -н көрсеткішінің даму жолын тарихи тілдік ғылыми мәліметтерді зерттеу, салыстыру арқылы анықтауға болады. *Функционалдық қызметі тұрғысынан талдау* қосымшалардың көпқызметтілік қасиетін аша түсуде маңызды.

Тілдік материалды жетік меңгертуде **лингвистикалық тәжірибе** (эксперимент) жасаудың маңызына алғаш теориялық мән берген Л.В.Щерба болды. “О трояком аспекте языковых явлений эксперименты в языкознании” деген мақаласында теориялық лингвистикалық білімді меңгеруде лингвистикалық тәжірибенің тиімділігі мол екенін айтқан еді [134, 32]. Лингвистикалық тәжірибе жасауды А.В.Дудников ізденімдік әрекеттің жоғары формасы деп бағалай отырып, оны қолданудың мақсатын грамматикалық білімді тереңдету, кеңейту, грамматикалық форманың семантика-стильдік

ерекшеліктерін жете тану, грамматикалық құбылыстарды тілде қолдануға (функционалдық қызметі) жаттығу деп көрсетті [61].

Ю.Д.Апресян лингвистикалық тәжірибенің жүзеге асу тәсілдерінен мыналарды көрсетеді:

- формаға элементтерді қосу;
- форманы түсіріп қолдану;
- басқа формамен ауыстыру;
- форманың орнын ауыстырып қолдану;
- трансформация;
- аудару [135, 150].

Лингвистикалық тәжірибені қолдану студенттің оқу белсенділігін арттырып, оның өнімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Мысалы, **лингвистикалық тәжірибені** жүзеге асып жолдарын былай көрсетуге болады:

- нөлдік формасы бар сөйлем беріліп, оны қосымшамен ауыстырып, қолданыста қай тұлға тұрақты, қай тұлға тұрақсыз екенін анықтау;
- заттанған – *у тұлғалы қимыл есім* тұлғаларының анықтауыштық қызметке ауысуын мысалдармен дәлелдеу;
- қимылдың шақ категориясы мен өту сипаты категориясының бірдей емес екендігін дәлелдету мақсатында мысалдар келтіріп салыстыру, тәжірибе жасау;
- қимылдың өту сипатының жасалу жолдарын көрсету: (жұрнақ арқылы) көсемше тұлғасы негізінде етістіктің қайталануы (көсеп-көсеп), аналитикалық формант (айтып қой), арқылы жасалатындығын мысалдармен жалғастыру;
- атау септігінде тұрған сөз септеулік шылаумен тіркесіп жұмсалады, осы дұрыс па? Жауап іздеп, тәжірибемен дәлелдеу; бір тұлғада тұрып, екі түрлі жақ, шақ, рай мәндерінде қолданылатын етістікті тауып, мысалдармен дәлелдеу;
- көптік жалғау көптік мағынадан басқа мәнде жұмсала ма, тәжірибе жасап, қолданылатындығын дәлелдеу; көптік жалғау сөз бен сөзді байланыстыра ма?
- тәжірибе жасау, дәлелдеу;
- кейбір грамматикалық форманттардың негізгі грамматикалық мағынасынан ауытқып, басқа грамматикалық мағыналар беретіндері бар, мысалдарды оқу арқылы негізгі, ауыспалы мағынасын тауып, дәлелдеу;
- мына сөйлемдердің қайсысына ... сөзді қоюға болады, тәжірибе жасау; жалғауды түсіріп қолдануға бола ма, дәлелдеу.

Шығармашылық-кәсіби дағды қалыптастыруға арналған жаттығулардың кейбір түрлеріне мысалдар: көрсетілген ғылыми еңбектерді оқып, көмекші морфеманың жіктелуі туралы мақала жазу, әдебиеттері беріледі; етістік сөз табының лексика-грамматикалық сипаты туралы жазылған монография, ғылыми

мақалалардың библиографиясын жасап, оның хронологиялық кестесін құру; Т.Қордабаевтың “Қазақ тіліндегі етістіктердің шақтары” еңбегіне аңдатпа жазу; көрсетілген еңбектерді пайдалана отырып, етістіктің аналитикалық формаларына конспект жасап, сұрақтарға жауап жазу, сұрақтары: 1) етістіктің аналитикалық формасын зерттеген ғалымдар? 2) етістіктің аналитикалық формасы деген не, оның ерекшеліктері. 3) мектеп оқулықтарында аталған категория бар ма, не себепті жоқ? 4) көрсетілген еңбектерді оқи отырып, қазақ тіліндегі қосымшалардың жіктелуіне жинақ кесте немесе сызба құрыңыз;

6 сынып оқулығы (С.Исаев, К.Назарғалиева, Ж.Дәулетбекова) мен жоғары оқу орны студенттеріне арналған А.Ысқақовтың “Қазіргі қазақ тілі. Морфологиясы” оқулығындағы түбір мен қосымша тақырыбын қамтыған материалды салыстырып, сұрақтарға жауап беру: 1) мектеп оқулығындағы түбір мен қосымша туралы ғылыми ақпаратты қалай толықтырар едіңіз? 2) сөз түрлендіруші жұрнақтар, жалғаулар жөнінде мәлімет неге қамтылмаған деп ойлайсыз? 3) мектеп оқулығы мен жоғары мектеп оқулықтарындағы осы тақырып бойынша берілген мәліметтерде пікір-қайшылықтар бар ма?

4) қосымшалардың жіктелуінің сызбасын жасаңыз;

Бақылау сұрақтары:

1. Жаттығу туралы ғалымдардың пікірлерін сараптаңыз.
2. Жаттығуларды топтаңыз.
3. Жаттығу түрлерінің ерекшеліктерін айтып беріңіз.
4. Грамматикалық жаттығулардың түрлеріне тоқталыңыз.

2.6. Студенттің өздігімен орындайтын жұмысы – кәсіби білім алу негізі

Қазіргі заманғы білім беру үдерісі, үздіксіз білім беру саясаты бүгінгі студент, ертеңгі маманның жоғары оқу орнында өз бетімен білім ала білуге даярлығын талап етіп отыр. Әлемдік деңгейде дәрісханалық және студенттің өздік жұмысының ара қатынасын 1:3,5 деп көрсетеді [105, 126]. Мұның өзі өз бетімен орындайтын жұмыстың маман даярлығы үшін өте маңыздылығын көрсетеді. Студенттің өз бетімен білімін жетілдіру – дидактиканың өзекті мәселелерінің бірі. Жоғары оқу орындарында оқытуды ұйымдастырудың негізгі формаларының ішінен оның алатын орнын анықтау, мазмұнын іріктеу, тиімді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін, жолдарын белгілеу – осыған дәлел. Студенттің өздік жұмысы жоғары білім беру үдерісі құрылымының негізгі буындарының бірі болғандықтан, жоғары мектептің ең басты міндеттерінің бірі – болашақ маманды өз бетінше білім алуға үйрету, жетілдіру, жан-жақты тұлға ретінде дамыту. “Педагогика және психология” сөздігінде бұл турасында: “өздігінен білімін жетілдіру-жеке адамның өзі басқаратын мақсатты – білімділігін (мамандығын) немесе білім деңгейін көтеру,” – деген анықтама беріледі [33]. Жоғары оқу орындарында, өз мамандығын терең меңгерген мамандарды

даярлауда, үздіксіз білім беру төңірегінде де СӨЖ-дің атқаратын рөлі зор. Алайда өз бетімен білім алу, білімін жетілдіру әртүрлі факторларға тәуелді. Алдымен ол студенттен пәнге қызығушылықты, танымдық қажеттілікті, тұрақты ерік-жігерді, жинақылық пен белсенділік және жоғары саналылықты қажет етеді. Бұл жөнінде А.Дистервегтің пайымдауынша, адамның дамуы мен білім алуы оның өз бетінше белсенді әрекет етуі мен күш-жігеріне байланысты екеніне дау жоқ. Студенттің өздік жұмысы (әрі қарай СӨЖ) – оқытушының пәннен берген тапсырмалары бойынша студенттің өз бетінше ізденіп, кәсіби-теориялық білімін тереңдетуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге ұмтылған мақсатты әрекеті. СӨЖ болашақ маманның өз кәсібінің қыр-сырын жан-жақты меңгеруін, күрделі мәселелерді өз бетімен шешуге талпыныс жасауға мүмкіндік береді, кәсіби-практикалық дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. В.И.Загвязинский өздік жұмысты бірнеше қырынан, яғни мазмұндық, уәждік, әрекеттік тұрғыдан қарап ұйымдастыру тиімді екендігін айтады. СӨЖ-ді ұйымдастырудың мазмұндық аспектісіне факті, анықтамалар, қорытынды, ережелер, пайымдаулармен, оқу-әдістемелік әдебиеттерді мұқият таңдап іріктеу жатады. Уәждік қыры студенттердің тұрақты және ғылыми-танымдық қызығушылығын, ерік-жігерін тәрбиелеудің, олардың жеке дара ерекшелігін, білім деңгейін ескеруді қажет етеді, ол үшін ми шабуылы, пікірсайыс, проблемалық жағдаяттар тудыру, іскери, оқу ойындар т.б оқытудың белсенді әдістерін қолдану қажет. Әрекеттік аспекті тұрғысынан қарау өз бетінше орындалатын тапсырма, жаттығулардың біртіндеп, өз кезегімен күрделеніп отыруын қамтамасыз етеді.

Студенттің өз бетінше орындайтын жұмысын инновациялық деңгейде ұйымдастыруда төмендегідей дидактикалық талаптар ескерілуі тиіс:

- СӨЖ жоспарының алдын ала кафедра мәжілісінде, ғылыми-әдістемелік семинарда талқыланып, бекітілуі;
- жоспарлы түрде, жүйелі, бірізділікпен, инновациялық технологияларды қолдану негізінде жүргізілуі;
- дәрісханада орындалатын өздік жұмыстар мен дәрісханадан тыс орындалатын өздік жұмыстардың бір-бірімен үйлесімі, байланысы;
- студенттердің теориялық, практикалық, психологиялық даярлықтарының ескерілуі;
- өздік жұмыстардың тақырыптары мен мазмұнының кәсіби бағдардың жүзеге асуын және оның келелі мәселеге құрылып, практикалық маңыздылығының құндылығын арттыруға мүмкіндік жасауы;
- үздіксіз, жүйелі түрдегі бақылаудың болуы; студенттердің белсенділігі, қызығушылық танытуы; келелі мәселеге құрылып, кәсіби ұстанымды бағдар етуі; технологиялық картасының жасалуы; кестесінің дұрыс құрылуы.

СӨЖ құрылымының басты буындарын құрайтындар: жағымды уәждеме тудыру; тапсырмалар мазмұнының қызықты, тартымды болуы; кәсібіне сәйкес

нақты іріктелуі; көлемі мен өткізу мерзімі және есеп беру формасының анықталуы; Оқытушы өздік жұмыс жүйесін жасауда осы мәселелерді жіті саралауы тиіс. Кафедрада ғылыми курсты жүргізетін жетекші маман басшылығымен әр пәннен СӨЖ-дің оқу-әдістемелік кешені жасалады. Оқу-әдістемелік кешеннің құрылымы:

1.Өз бетінше орындалатын жұмыстардың оқу жылына арналған жоспары, технологиялық картасы; 2.Тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі. 3.Реферат, баяндамалар, хабарламалар т.б. тақырыптары. 4.Пәндер бойынша курстық, дипломдық жұмыстардың тақырыптары. 5.Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі. 6.Студенттердің өз бетімен жүргізілетін жұмыстарын ұйымдастыру туралы нұсқаулар.

Студенттердің өздік жұмысы жүйесін бірнеше кезеңге бөліп жоспарлауға болады: *I кезең*: жоспары жасалып, тақырыптары мен тапсырмалары, оқу материалдары, әдебиеттері таңдалып, іріктелген соң, кафедра мәжілісінде талқыланып, бекітілді. СӨЖ құрылымын құрайтын компоненттердің бірі – технологиялық карта жасалып, онда барлық жұмыстар мазмұны айқындалды. *II кезеңде* тақырып тапсырмалар бойынша кеңестер ұйымдастырылып, өткізіліп, СӨЖ-дің мақсат-міндеттері, жұмыстардың көлемі, мерзімі, бақылау формасы анықталды. *III кезең* өздік жұмыстарын орындау және тексеру, бағалау кезеңі.

Студенттердің өздік жұмыстарының орындалу сапасын тексерудің маман үшін ынталандырушылық маңызы зор, сондықтан тексеру формалары сан алуан болғаны жөн. Атап айтқанда, *конспект жасау, пікір жазу, бақылау жұмысын орындау, тест, көрнекілік жасау, сызбалар сызу, көрме ұйымдастыру, библиография жасау, хабарлама жасау, коллоквиум, топтық жобалар қорғау, компьютерлік тексеру, рейтингілік бақылау, пікірталастар ұйымдастыру* т.б. Сонымен, студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру жұмысының кешеніне: типтік, жұмыс бағдарламасы, студенттерді оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету картасы, жоспары, технологиялық карта (Кесте -5), әдістемелік нұсқау, көрнекі оқу құралдары, бақылау формасы, түрлері жатады.

Онда тақырыптар, орындау мерзімі, әдебиеті, беттері, бақылау түрі т.б. көрсетіледі. Жоғары мектепте СӨЖ-ді ұйымдастырудың дидактикалық жүйесін жасауда ұстанатын бағыт – педагогика, психология, физиология т.б. ілімдерінің жетістіктері, яғни осы салалардағы сүбелі ғылыми еңбектер. Сондай-ақ жоғарыда аталған оқулық пен оқу құралдары біздің жұмысымызға бағыт-бағдар бере отырып, оны тиімді ұйымдастыруда көп көмегін тигізді. СӨЖ-де берілетін тапсырмалар деңгейі оқытудың жеңілден ауырға ұстанымы негізінде алдымен репродуктивті деңгейде, (табу, танысу, оқу, үлгілер бойынша тапсырма орындау), сонан соң шығармашылық, іздену бағытындағы тапсырмаларды орындау (жоспар жасау, пікір жазу, баяндама жазу, талдау, зерттеу, курстық, дипломдық жоба т.б.) деңгейіне көтерілуі тиіс. Студенттің өздік жұмысының ғылыми негіздері туралы оқу-әдістемелік еңбектерге сүйене отырып, [100; 101; 102;]. СӨЖ-ді дәрісханада орындалатын және дәрісханадан тыс орындалатын


Кесте – 5. Студенттердің дәрісханадан тыс орындайтын өздік жұмыс тапсырмаларының технологиялық картасының үлгісі (Қазіргі қазақ тілі морфологиясы пәні үлгісінде)

№	СӨЖ	Мерзімі	Мақсаты	Әдебиет реті	Тексеру түрі
1.	T-1 ,T-2	2 апта14.X-30.X	Грамматикалық ұғымдар туралы пікірқайшылықтарды саралау, талдау, ұғу.	Ә-1,Ә-2, Ә-3, Ә-4, Ә-7, Ә-10, Ә-11, Ә-14, Ә-22, Ә-26, Ә-38.	Конспектілеу, пікірталас.
2.	T-3 T-4	2 апта 1.XI-30.XI	Грамматикалық мағына мен форма сәйкестігі және нөлдік морфема мен нөлдік форманың тілдің грамматикалық құрылымынан алатын орнын ұғу.	Ә-7, Ә-11, Ә-14, Ә-109, Ә-28, Ә-38.	Дәлелдеу, пікір жазу, баяндама жасау.
3.	T-5,T-6, T-8	1,5 апта 17.XI-30.XI.	Қосымшаларды жіктеудегі пікір алалықтары туралы пікірлерді талдау, термин алалығын анықтау, айырмашылықтарын талдау.	Ә-1, Ә-4, Ә-5, Ә-6, Ә-7, Ә-9, Ә-11, Ә-14, Ә-15, Ә-16, Ә-19, Ә-21, Ә-22, Ә-33, Ә-37, Ә-38.	Кесте, сұлбасын жасау, конспектілеу.
4.	T-7, T-9, T-10.		Кейбір қосымшалардың көп қызметтілігі туралы түсінік қалыптастыру, ажырата білу дағдыларын қалыптастыру.	Ә-4, Ә-5, Ә-7, Ә-8, Ә-11, Ә-21, Ә-30, Ә-34, Ә-38.	Сөздікпен жұмыс, тест.

5	T-11, T-12		Тілдік бірліктердің атқаратын қызметін баса көрсету.	Ә-5, Ә-9, Ә-14, Ә-15, Ә-16, Ә-17, Ә18.	Картотекалар жасау;
6	T-13		Термин алалығы туралы түсінік қалыптастыру.	Ә-1, Ә-2, Ә-5, Ә-19, Ә-38.	Термин сөздер тізбегінің сөздігі. Библиография жасау.
7	T-14		“Тіл – жүйе” ұғымы туралы түсінік қалыптастыру. Логикалық жүйесін меңгерту.	Ә-5, Ә-11, Ә-18, Ә26, Ә-38.	Құрылымдық-логикалық сызбалар, топтамалар кестесі.
8	T-15, T-16.		Мектеп оқулығымен салыстыру, ондағы пікірқайшылықты таба білуге үйрету.	Ә-23.	Топтық жоба қорғауы. Мектеп оқулығына талдау. Пікірталас.
9	T-17		Қосымшаның мектеп және ЖОО оқулығында берілу мазмұныны салыстыру.	Ә-23	Пресс-конференция сабақ. Пікірталас.
10	T-18		Шақ категориясы туралы түсініктерін тереңдету.	Ә-4, Ә-5, Ә-11, Ә-14, Ә-15, Ә-17, Ә-20, Ә-21, Ә-23, Ә-34, Ә38.	Компьютерлік сабақ күнделігінің нәтижесі.
11	T-19		Мектеппен байланыстыру.	Бейнефильм “Алғашқы адым”	Пікірталас сұрақ-жауап.
12	T-20		Болашақ кәсібіне ынтасын арттыру.	Бейнефильм “Жас әдіскер”	Дидактикалық ойын (рөлдік), блиц-турнир

жұмыстар деп бөліп қарастырамыз. Оның құрылымдық-логикалық жүйесін мына суреттен көруге болады.

Сурет – 10. Студенттің өздік жұмысын ұйымдастыру жүйесінің құрылымы



Студенттердің өздік жұмысын дұрыс ұйымдастыруда дәріс оқу, семинар сабағының маңызы зор. Студенттердің өз бетінше жұмыс істеуі дәріс оқу кезінде оны тыңдау, негізгі мәселені түсіну, түсініксіз мәселені сұрау, анықтау арқылы жүзеге асса, тәжірибелік сабақтарда теориялық материалды, проблемалық тапсырмаларды өз бетінше меңгеру, зерттеушілік мақсаттағы тапсырмалар орындау, ТОҚ материалдарымен жұмыс істеуге дағдылану т.б. арқылы жүзеге асырылып отырады.

А.Пидкасистый СӨЖ-ді реконструктивті, вариативті және шығармашылық деп бөледі [7].

Инге Унт оқу ақпараты бойынша өздік жұмыс; оқу материалымен жұмыс істеуге бағытталған өздік жұмыс; оқушылардан шығармашылық әрекетті қажет ететін өздік жұмыс [136]. Оқытуда СӨЖ-ді репродуктивті-реконструктивті, шығармашылық топтарға бөліп қарастырады.

Репродуктивті-реконструктивті БӨЖ негізінен оқу ақпаратымен жұмыс істеумен сипатталады, яғни грамматикалық ұғымдарды танып, білу, есте сақтау, жаңғыртуға бағытталады. Олар: зертханалық жаттығу жұмыстары, лингвистикалық тәжірибе (эксперимент), оқу материалдарын конспектілеу, пікір жазу, жүйелеу т.б. Шығармашылық СӨЖ проблемаларды өз бетінше шешуге, өздігінен материалдар жинап, зерттеп білуге бағытталады (ғылыми-зерттеу жұмыстары, ғылыми жоба, курс, дипломдық жобалар).

Жоғары мектептегі оқу үдерісіндегі студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы (одан әрі СҒЗЖ) болашақ маманның кәсіби білім деңгейін көтереді, ғылыми біліммен қаруландырады, шығармашылық әрекетке баулиды, білім сапасын арттырады. СҒЗЖ-ның дидактикалық негізі, ұйымдастыру жолдары Ч.И.Архангельский, В.П.Елютина, В.И.Крутова, Г.А.Николаева, А.Ш.Байтукаева, т.б. еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, СҒЗЖ-ны жоғары білім беру жүйесінде маман даярлаудың құрамдас бөлігі ретінде көздейтін басты мақсаты: студентке ғылыми курсты терең меңгерту, шығармашылық-кәсіби қабілетін дамыту; курс, дипломдық жұмыс жобаларын орындау сапасын көтеру; ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру; ғылыми білімін кеңейту; талқылауға қатысып, сөйлеу тілін дамыту; теория мен практика арасын байланыстыру; болашақ кәсібіне сүйіспеншілігін арттыру; өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру; ақпараттық білімін кеңейту. Студенттің білім алуда белсенділік көрсетуі оқытушының оқу үдерісін ұйымдастырудың компоненттерін бір-бірімен үйлестіре отырып, шебер ұйымдастыра білуінде.

Студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы – оның болашақ мамандығына байланысты ғылыми зерттеу жұмысын жүргізіп (зерттеу элементтері бар) ғылыми тұжырым жасауы, яғни жоғары оқу орнында оқу барысында ғылыми негіздерден алған білімі бойынша тақырып төңірегінде зерттеу жұмысын

жүргізуі. Студенттің зерттеушілік қабілеті болуымен қатар, оның сол тақырыпты меңгеруге ынта-ықыласы болуы тиіс.

Зерттеушілік жұмысты дидактикалық-психологиялық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыру студентті шығармашылыққа, ізденуге, логикалық ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Бүгінгі заман өзгеріп, қоғам жаңарған тұста студент болашақ жоғары білікті маман ретінде білімін өмірмен байланыстырып, практикада қолдана білуі керек.

Ғылыми ізденіс – күрделі психикалық әрекет, сондықтан алдымен оның уәждемесін анықтап, мақсат-міндеттері белгіленеді. СҒЗЖ-ны сапалы ұйымдастыруда маман даярлайтын жетекші кафедралардың рөлі зор. Зерттеу жұмыстарының тақырыптары, мақсат-міндеттері, мазмұны, орындалу барысы, есеп беру формасы т.б. қырлары кафедра мәжілісінде қарастырылып, талқыланып, бекітіледі. Бүгінгі таңда көрсетіліп жүрген *студенттің ғылыми-зерттеу жұмысының түрлері*:

- баяндама жазу,
- жаңа ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау,
- пікір жазу,
- лингвистикалық,
- педагогикалық мерзімді басылымдардан кәсіби қызметке сәйкес қызықты материалдар жинау,
- реферат жазу
- топтық жобалар жасап, қорғау,
- есеп жазу,
- кесте толтыру,
- көрнекіліктер жасау,
- жүйелік сызбалар даярлау,
- курстық жұмыс,
- дипломдық жұмыс,
- қазақ тілінен топаралық, курсаралық, факультетаралық, институтаралық олимпиада,
- ғылыми конференция,
- семинар,
- лингвистикалық кештер,
- ғылыми жұмыстар конкурсы,
- көрме ұйымдастыру т.б.

СҒЗЖ-ның негізгі формаларының бірі – ғылыми реферат, баяндама даярлау. *Реферат, баяндама* жұмыстарының көкейкестілігі, маңыздылығы кафедрада талқыланып, бекітіледі.

Реферат латынның “*reffere*” – хабарлау, баяндау мағынасын білдіреді – ақпаратты жеткізудің құралы ретінде, мәтінді қысқаша мазмұндайтын проза жанрының бірі. Реферат мәтінінің тілі дәлдігі, анықтығы, бірізділігі – секілді

ғылыми стильмен ерекшеленеді. Оның реферат-түйіндеме (қысқа жазылады), реферат-конспект (толық жазылады) түрлері бар.

Реферат тақырыптарын студентке әр тараудан жекелей немесе тілдің бір тарауының өзекті мәселелері бойынша, сондай-ақ, тілдік құбылыстардың практикалық-функционалдық мәнін меңгеруде кәсібилік сипаты басым зерттеу тақырыптарына құруға болады.

Ақпараттық-хабарламалық сипаты басым (репродуктивті-реконструктивті) тақырыптардан: “Қазақ тілі морфологиясының даму тарихы (1920-1940 ж.ж.)”, “А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі морфология мәселелері”, “Қ.Жұбановтың қазақ тіліндегі етістіктер туралы ой-толғамдары”, “Н.Сауранбаев және қазақ тілі морфология мәселелері”, “С.Исаевтың қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар туралы ой-пікірлері”, “Қазақ тіліндегі сөздерді таптастыру теориясының дамуы”, “Нөлдік морфема мен нөлдік форманың зерттелуі” т.б.

Тілдік фактілерді салыстыру, дәлелдеу сипаты басым тақырыптардан: “М.Мақатаев шығармаларындағы етістіктердің аналитикалық форманттарының мағыналық-функционалдық ерекшеліктері”, “Сөздің аналитикалық формалары мен оған ұқсас тілдік құбылыстар: ұқсастықтары мен ерекшеліктері”, “Қазақ тіліндегі грамматикалық омонимдер: мағынасы мен қызметі”, “Қазақ тіліндегі көмекші морфеманың жіктелуі”, “Грамматикалық мағына мен грамматикалық форма сәйкестігі”, “Қазақ тіліндегі екі функциялы қосымшалар”, “Грамматикалық мағына, оның түрлері”, т.б.

Кәсіби біліктерін қалыптастыру мақсатын көздейтін тақырыптардан шығармашылық мәндегі “Қазақ тілінен лексикалық-тақырыптық минимум-сөздік”. Бұл тақырып бойынша алдымен сөз таптарының лингвостатистикасын анықтау үшін ғылыми әдебиеттерге шолу жасап, грамматикалық материалдарды іріктеудің ұстанымдарын анықтау тапсырылады.

Анықталған ғылыми ұстанымдар бойынша жиілігі жоғары сөздердің оқушының жас ерекшелігіне сәйкестілігі, тіл дамытудағы маңыздылығы ескеріле отырып, іріктеліп, сөз таптарына ажыратылады. Содан кейін әр сөз табы бойынша терілген сөздерді әліпбилік ретке келтіріп, тақырыптық сөздік жасалады. Сондай-ақ студенттердің зерттеу жұмысын педагогикалық практика барысында үздіксіз жүргізуге болады.

Мысалы:

- “Оқушылардың морфологиялық білімді меңгеруде сөйлеу мен жазба тілінде кездесетін кемшіліктер, оны болдырмаудың жолдары”,
- “Қазақ тіліндегі қосымшаларының жіктелуін динамикалық көрнекіліктер арқылы меңгерту”,
- “Қазақ тіліндегі шақ категориясы және оны меңгеруде техникалық оқу құралдарын қолдану әдістемесі”,
- “Орта мектептің 5-7 сынып оқулықтарында берілген морфологиялық ұғымдардың лексика-грамматикалық сипаты”,

- “6 сынып оқулығында морфологиялық ұғымдарды меңгертуде арналған жаттығулар жүйесі” т.б.

Реферат көлемі мен қарастыратын мәселесі тұрғысынан курстық, дипломдық жұмыстан шағын және аз уақыт ішінде орындалады. Студент зерттеу тақырыбын ала отырып, өзін толғандырған мәселелер бойынша оқытушыдан ақыл-кеңестер алады.

Рефераттың нәтижесін тексерудің негізгі формасы – топтық талқылау. Мұндай тексерудің ерекшелігі – студенттер, біріншіден, зерттеу жұмысы, зерттеу әдістері, тәсілдері бойынша бір-бірімен тәжірибе алмасады, өзіндік көзқарасын білдіріп, өз бетінше шешім қабылдау дағдысы қалыптасады. Реферат тақырыбы бойынша материалдарды іріктеп, таңдай білу, конспектілеп, талдай білу, ой қорытындыларын жасау студент үшін бастапқы кезде қиынырақ болғанымен, оқытушы басшылығымен жұмыс жүйелі және дұрыс ұйымдастырылған жағдайда студенттің ҒЗЖ жүргізу дағдысы бірте-бірте қалыптаса бастайды. Студент ғылыми біліммен қоса, рефераттың құрылымы туралы да білу керек. Реферат құрылымы: тақырыбын анықтау, мақсаты, мазмұны, зерттеу әдісі, негізгі нәтижелері, көзқарасы, қорытуы, болжамы, қолданылуы (кесте, сызба т.б.).

Дәрісханадан тыс жұмыстардың негізгі түрлерінің бірі – студенттерді ғылыми жұмысқа баулу, тарту, ғылыми жұмыс жасауға, баяндама жасауға үйрету. Студенттерді ғылыми жұмысқа баулу жоғарғы оқу орнында қашаннан жүргізіліп келе жатқан, дәстүрлі жұмыстың түрі деуге болады.

Студентті ғылыми-зерттеу жұмысына баулуда ғылыми үйірмелердің маңызы зор. Ол маман даярлайтын жетекші кафедралардың оқытушыларының басшылығымен жүргізіледі.

Ғылыми үйірменің мақсаты – студенттерді ұжым болып бірігіп, ғылыми зерттеу элементтері бар жұмысты атқаруға үйрету, ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу тәсілдері, жолдары туралы бір-бірімен тәжірибе алмастыру, ізденімпаздықтарын арттыру, кәсіби қызметке баулу.


Дұрыс ұйымдастырылған тіл үйірмесінде тақырыптар тізімі болады, студенттер одан тақырып тыңдайды. Әр тақырыптың өз кеңесшісі бар. Өйткені тақырып тізімі тілдің әр саласының оқытушылардың ұсынысынан жасалады.

Студент тақырыпты таңдаған соң, кеңесшімен кездесіп, ақылдасып, бағыт-бағдар алады. Кеңесші оқытушы тілдік дерек жинауды үйретеді, библиография жасатады, әдебиетпен жұмысты, тілдік деректі талдауды, топтастыруды, жүйелеуді, жоспар жасауды үйретеді.

Баяндаманы жоспар бойынша жазу жолын көрсетеді. Зерттеу жұмысын жүргізудің әдіс-тәсілдері, оңтайлы жолдары жөнінде студенттер хабардар болуы тиіс. Мұнда жұмысты орындаудың мақсат-міндеттері, орындалу барысына қойылатын талаптар, ақыл-кеңестер, ұсыныстар, есеп беру кестесі айтылады. Сондай-ақ әдебиеттерді қалай табу, картотекаларды қалай толтыру, әдебиетті конспектілеу туралы мәліметтер беріледі.

Жас зерттеуші яғни зерттеу тақырыбы, мақсаты, өзектілігі, маңызы, болжамы, зерттеу әдістері, құрылымы туралы мәліметтерді білуі тиіс. Баяндама жасау жұмысының бірізділігін төмендегідей көрсетуге болады (Сурет -11).

Сурет – 11. Баяндама жасау құрылымы



Баяндама тақырыбына қажет тілдік деректерді көркем шығармадан жинау студентте осы жұмысты орындауға дағдысын қалыптастырады. Студент баяндамасын үйірме мүшелерінің алдында жасайды. Бұл арқылы студент көп алдында сөйлеуге, сұрақтарға жауап беруге, көпшілік алдында өзін ұстауға, сыни көзқарасын білдіруге үйренеді, сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Бұл – болашақ тіл маманы үшін өте қажет дағды.

Ғылыми үйірме жұмыстары бірнеше бағытта жүргізіледі. Біріншіден, жеке тақырыптар негізінде, екіншіден, кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарына байланысты жүргізіледі. Морфология пәні бойынша проблемалық топ құрып “Мектеп бағдарламалары мен оқулықтардағы грамматиканың морфология саласынан білім мазмұнын анықтау, оны жетілдіру жолдары” (бастауыштан басқа сыныптарда) деген тақырыпта топтық жоба жасау тапсырылады. Ол үшін әр жылдары шыққан оқулықтарды іріктеп, жинақ кестесін жасап, ондағы материалдарды әр сыныптарға бөліп, толтырады. Содан соң морфологиядан берілген оқу материалдарына мазмұндық-статистикалық талдау жасалады, оқу материалдарының тілді оқытудың дидактикалық, психологиялық ұстанымдарға қаншалықты дәрежеде сәйкес құрылғандығын анықтайды. Мұндай бағыттағы зерттеу жұмысының мақсаты – студенттің алған білімін практикамен ұштастыру, болашақ мамандығына байланысты мектепте оқытуды ұйымдастырудың негізгі

буыны оқулықпен жұмыс істеуге, оның кемшін тұстарын байқап, талдай білуге дағдыландырады.

Ғылыми үйірменің жас зерттеушілерінің белсенділігін арттыру мақсатында болашақ маман үшін танымдық маңызы зор болып табылатын қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдерімен кездесулер, ғылыми жұмыстар конкурсын ұйымдастыру, ұлттық ғылыми кітапхананың мұрағаттық қорымен танысу, қазақ тілін оқытуда озық тәжірибелерімен танылып жүрген, оқулықтардың авторы, авторлық бағдарламалардың жетекшілері, жаңашыл педагогтердің (Н.Оразақынова, А.Матжанова, т.б.) әдістемелік жүйесімен танысып, сабақтарына қатысуға, үлгілі сабақтарды жинақтауға мүмкіндік жасау.

Студенттің ғылыми зерттеу жұмысының ең күрделі түрі, *дипломдық жоба*. Студенттердің ғылыми көзқарасын қалыптастырудың мақсаты – білім, білік, дағдыларым дүниенің сан қырлы құбылыстарын түсінуге пайдалануы, іс жүзінде жүзеге асыра алуы болса, студент бойындағы аталған ізгілік қасиеттерді қалыптастыруда дипломдық жұмысты орындаудың орны ерекше. Студенттің ғылыми көзқарасы пәндерді оқып-игеріп ой қорытуларынан қалыптасады. Дипломдық жұмыс – студенттің таңдаған мамандығы бойынша, арнайы пәндерден жүргізілетін зерттеу жұмысы, бірнеше жылдар бойы жүргізген зерттеу жұмысының нәтижесі, сондықтан тақырыптың өзектілігі мен оның орындалу сапасына жоғары талаптар қойылады. Дипломдық жоба қазір маңызды жұмыс саналады, бұл оның білім беру жүйесіндегі тұлға қалыптастырудағы зор маңызына байланысты.

Қазіргі заманда мәселені қоя білу мен оны шеше білу ерекше орын алып отыр. Бұл - дерексіз типті ойлай білуді, тез ой қорытып, жедел шешім қабылдауды, оны тәжірибемен ұштастыра білуді керек ететін уақыт. Дипломдық жоба орындау абстракты ойлай білуге, мәселені салыстыра білуге, ой қорытуға, дұрыс шешім қабылдауға, оларды тәжірибемен байланыстыруға бейімдейді. Мұндай біліктерді игермейінше, диплом жұмысын жазу мүмкін емес, сондықтан жоғары білімді мамандарда аталған білім, біліктер болуы керек.

Дипломдық жобасын жазуды студенттер бірден бастамайды, оған оларға арнайы дайындықпен, яғни реферат жазу үйірмеде баяндама жасау, курстық жұмыс орындау нәтижесінде жетеді. Бұл жұмыстарды орындауда студент ғылыми жұмыс жасау тәжірибесін, әдістерін меңгерді. Үйірмеде баяндама жасау, курстық жұмысты сапалы орындау студентке тек тәжірибе ғана беріп қоймайды, ол ғылыми жұмыстың сабақтастығына, жалғасуына үлкен мүмкіндік жасайды. Жоғарыда біз студенттің үйірмедегі “Жинақтық мағыналы жеміс атаулары” тақырыбындағы баяндамасы курстық жұмыста “Жинақтау мәнді өсімдік атаулары” болып осы тақырып, күрделендіріп, “Жинақтау мәнді зат атауларының мағыналық топтары” деген тақырыпта диплом жұмысы етіп берілді. Студент үйірмеде “Көмекші есімдердің зерттелуі” тақырыбына баяндама жасап, кейін “Көмекші есімдердің септік категориясында атқаратын қызметі” деген тақырыпта курстық жұмысы жазғаны айтылды.

Студенттің осы жұмысы кейін “Көмекшілі аналитикалық септік” деп ұлғайтылып, диплом жұмысына тақырып берілді. Студенттің баяндамада жиған материалы, курстық жұмысы үшін жиған деректері диплом жұмысын жазуға дайындық қызметін атқарды. Олар жаңа деректермен толықтырылып, диплом жұмысын күрделі ғылыми, тілдік дерек негізінде жазуға мүмкіндік туды. Бұл диплом жұмысының сапасын көтерді. Студент ғылымдағы жаңа қиын мәселені дұрыс шешіп, жақсы нәтижеге жетті.


Диплом жұмысын орындаудағы сабақтастық, жалғастық ұстанымы тәжірибеде үлкен, жақсы нәтиже береді, сондықтан оны өте ұтымды әдіс ретінде ұсынамыз. Бұл әдіс оқытушыдан жүйелі жұмысты, ұқыптылықты талап етеді. Диплом жұмыстарының тақырыптары кафедра жиналысында талқыланып, бекітіледі. Тақырып таңдау студенттің еркінде. Тақырып студенттерге оқу жылының басында беріледі, жетекшілері бекітіледі. Диплом жұмысының сапасы жетекшіге де, студентке де байланысты. Ғылыми жетекші студенттің диплом жұмысының әр кезеңін мұқият тексеріп, дұрыс бағыт сілтеп отыруға міндетті. Дипломдық жоба жұмысын орындау ретінің құрылымын төменде көруге болады. (Сурет -10)

Дипломдық жоба орындау кезеңдері.

1. Дипломдық жоба тақырыбын таңдау.

Тақырыптың мазмұны, аталуы жағынан өзіндік ерекшеліктері болады. Кейбір тақырыптарда ақпараттық мәлімет беру, яғни тарихи сипаттау басым болса, кейбір тақырыптар әдебиеттерден мысалдар, тілдік фактілер беріп, өздігінен қорытып, салыстыруы, талдауы басым болады, сондықтан тақырып таңдауда студенттің жеке дара ерекшелігі, икемділігі, өмірлік тәжірибесі есепке алынуы тиіс. 2. Тақырып бойынша әдебиеттермен танысу, тілдік деректер жинау, (картотекаларды толтыру, жүйелеу).

Студент өзінің таңдаған тақырыбы бойынша алдымен оның зерттелу дәрежесін қарастырады. Мұнда ол тақырып бойынша бұрын-соңды айтылған, қарастырылған, зерттелген мәселелерді салыстырып, қайшылықты жақтарын танып, оның басты себептерін аша білуі керек, яғни өзіндік көзқарасын білдіруі керек. Бұл әдебиеттер энциклопедия, анықтағыш, сөздіктер, оқулықтар, оқу құралдары, монография, мақалалар, диссертациялар т.б. болуы мүмкін. Аталған әдебиеттерден өзінің тақырыбы үшін қажетті мәліметтерді іріктеп алу – жұмысты орындаудың ең маңызды кезеңдерінің бірі. Студент әдебиеттерді оқып, ой-тұжырымдарды салыстыра отырып, сыни көзқараспен қарауы тиіс.



10-сурет. Диплом жобасын даярлау тәртібі

Тілдік фактілерді талдау тақырыпқа сәйкес мәліметтерге түсінік беру, жалпы сипаттамасын жасау болып табылады. Ал мысалдар кеспе қағаздарына көшіріледі. Бұл тілдік фактілерді салыстырып, оларды топтастыруда, жіктеуде, ерекшеліктерін, ұқсастықтарын көрсетуде, жүйелеуде маңызды рөл атқарады. 3. Жоспар құру. 4. Материалды талдау. 5. Тезисін құру, (бөлім, тармақ тақырыпшаларға топтау). Материалды мазмұндау. 6. Редакциялау. 7. Техникалық безендірілу. 8. Қорғауға даярлық.

Дипломдық жоба алдымен жасалған жоспар бойынша жазылады. Бұл жұмыстың логикалық жүйемен орындалуына жағдай жасайды. Құрылымы мына міндетті бөліктерден тұрады: I. Кіріспе. II. Негізгі бөлім. III. Қорытынды. IV. Пайдаланылатын әдебиет тізімі. V. Қосымша.

Кіріспеде зерттеу жұмысының мақсат-міндеті, мәні, маңызы өзектілігі қарастырылады. Негізгі бөлім 2-3 тақырыптардан тұрады, негізгі мәселелер рет-ретімен сарапқа салынады. Жұмыстың соңында қорытынды жасау талап етіледі. Содан кейін пайдаланылған әдебиет тізімі беріледі. Ал қосымша болуы да, болмауы да мүмкін, ол міндетті мәселеге жатпайды. Дипломдық жоба тіліне қойылатын талаптар – оның әдеби тіл нормасына сай келуі, ғылыми стиль ерекшеліктерінің ескерілуі, сауатты жазылуы, емлелік, тыныс белгілері жағынан қателер болмауы қадағалану керек.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу жеке тұлғаға бағытталған болғандықтан, ол үнемі ізденіс жолында болады. Өз бетінше білімін жетілдіріп, іздену жолында компьютерлік оқу бағдарламаларының (оқу сайттары), интернет желісінің маңызы орасан зор. Ақпараттандыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асуы болашақ маманның кәсіби білім-білігі даярлығының сапасын көтеруде мүмкіндігі мол.

Студент зерттеу тақырыбы бойынша білім беру сайттарымен қоса, әртүрлі электронды энциклопедия, сөздіктер, анықтағыштарды, электронды кітапханаларды қолдана алады.

Сонымен, жоғары оқу орындарында маман даярлығына қойылатын басты талаптардың бірі – студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алу дағдыларының болуы. СҒЗЖ студенттің қоғамдағы жаңа өзгерістерді дұрыс түсініп, өзі ой түйінін жасай білуге үйретеді, ғылыми жаңалықтарды дер кезінде меңгеруге көмектеседі, яғни бұл болашақ маманның кәсіби жолындағы үздіксіз өсуі болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Студенттің өздігінен орындайтын жұмысты ұйымдастырудың жолдарын атаңыз.
2. СӨЖ-дің түрлерін атаңыз.
3. СӨЖ-ді тиімді ұйымдастыруда технологиялық картаның ерекшелігін сипаттаңыз.

2.7. Студенттің оқу-танымдық әрекетінің нәтижесін бақылау, бағалаудың рейтингтік жүйесі

Білімді бақылау, тексеру, бағалау – оқу үдерісіндегі ең маңызды буындардың бірі. Білімді бағалаудағы диалектикалық қарама-қайшылықты мәселелерді чех педагогі Я.А.Коменский, одан әрі орыс ұлы педагогі К.Д.Ушинский жалғастырды. Білім, іскерлік, дағдыны, білікті бақылау туралы Н.Ф.Талызина, М.А.Данилов, М.Құдайқұлов, Г.Қ.Нұрғалиева, Ж.Қараев, С.К.Бекжанова т.б. ғалымдар қарастырды.

Қазіргі дидактикада бағалау турасында ғалымдарды, тәжірибелі жаңашыл-педагогтерді толғандырып келген мәселе – оқу уақытын барынша үнемдей отырып, аз уақытта оқушы білімін сапалы бақылап, 100 пайыздық бағалау жүйесін жасап, бағалай білу. Сондықтан білімді бақылау, бағалау әдістері жетілдіріле түсуде. Білімді бақылау кері байланыс жасау оқытушы үшін студенттің білімі, іскерлік, дағдысы деңгейін анықтап, ондағы қателерді түзетуге, болдырмауға, өткенді бекітуге мүмкіндік беретін маңызды буын болып табылады [42, 547].

Білімді тексеру, сұрау ес, жады, ойлау, сөйлеу секілді психикалық процестерді жетілдірумен қатар, студенттің ерік-жігерін қалыптастыруға көмегін тигізеді, білім, іскерлік, дағды дәрежелерін анықтап, оқу материалын меңгеруге ынталандырады, студенттердің жауапкершілік сезімін оятып, олардың өзін-өзі бақылап, біліміндегі кемшіліктерді болдырмауға көмектеседі, кәсіби ойлау қабілетін дамытуға жағдай жасайды. Дидактикада, әдетте, бақылаудың диагностикалық (білім, іскерлік, дағдыларды анықтау үдерісі) білімдік, дамыту (оқу материалын игеру белсенділігінің артуы), жүйелеу, жалпылау амалдарын игертуі, ақыл-ойының дамуы және тәрбиелік (жинақылыққа, жүйелікке үйрену, жеке тұлғаның ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беру) қызметін көрсетіп жүр. Бақылау оқыту үдерісінің негізгі құрамдас бөлігі болса, оның басты қызметі – *диагностикалық*, оның мақсаты – болашақ маманның даярлығы үдерісін жетілдіру үшін ғылыми ақпарат алу, оқу үдерісінің нәтижелерін дәл анықтау. Жалпы алғанда, педагогикалық диагностика мәселелері аз зерттелген. Дидактикалық үдерісті тиімді басқару, мақсатқа жетуде нәтижелігін анықтау ең алдымен білімді диагностикалауға байланысты. Дидактикалық диагностиканың құрамдас бөліктері – бақылау, тексеру, бағалау, статистикалық материалды талдау, қорытындыларын нәтижеге жету себептерін анықтауда қолдану, оқу үдерісінің әрі қарай даму болжамдарын жасау. Оқу үдерісінде диагностикалау мен бақылаудың ұстанымдары – объективтілігі, жүйелігі, көрнекілігі секілді маңызды жақтарын басшылыққа алғанда білімді тексеру нәтижелі болады. Білімді бақылауға қойылатын мына талаптардың орындалуы шарт:

– бақылаудың дербестік сипаты әрбір оқушының білімін толық, жан-жақты тексеруді қамтамасыз етуі тиіс.

–бақылаудың оқу үдерісінің барлық кезеңдерінде үздіксіз, жүйелі, бірізділікпен жүргізілуі;

–бақылаудың әртүрлілігі, техникалық оқу құралдарының жетістіктерін пайдалану;

–объективтілігі, тексеруге қойылатын критерийлердің нақтылығы;

–өзіндік (рефлексиялық), өзара тексерудің жүзеге асуы.

Дидактикада бақылау әдісінің жүзеге асу жолдары мен түрлерін былайша көрсетіп жүр: ауызша бақылау жұмысы, жазбаша бақылау, дидактикалық тест, практикалық бақылау, кейбір ғалымдар графикалық бақылау, бағдарламалық және зертханалық бақылау [38], мәселелік жағдаят негізінде бақылауды, тест, рейтингтік технологияны, емтихан, сынақ, реферат, коллоквиум, жобалық топ, диплом т.б. көрсетеді. Сондай-ақ бақылаудың білім беру мен оның әртүрлілігін де назарға ұстаудың маңызы зор. Ғылыми курсты игеруде қалыптасқан теориялық білім мен практикалық іскерлік, дағдыларды бақылау – оқытудағы ең қиын мәселелердің бірі. Ол оқыту үдерісінің барлық кезеңдерінде жүзеге асады, алайда негізгі қызметі – күрделі тақырыптар, бөлім, тараулар аяқталған соңғы бақылау түрі.

Бақылау жүйесін емтихан, ауызша (сұрақ-жауап, әңгімелесу), жазбаша, тест, бақылау жұмыстары, өздік жұмыстар т.б. құрайды. Білімді бақылаудың мәні – білім беру стандарты белгілеген талаптарға сәйкес бағдарлама, пән бойынша оқушының білім деңгейін тексеру. Дидактикада мерзіміне қарай білімді бақылаудың мына түрлері белгіленген: *алдын ала бақылау; ағымдық немесе күнделікті бақылау; аралық бақылау; қорытынды бақылау; соңғы немесе мемлекеттік бақылау; (жоғары оқу орнын бітіруші түлектер үшін мемлекеттік емтихан).*

Алдын ала бақылаудың мақсаты – тақырыпты меңгергенге дейінгі білімді анықтау және тақырыпты меңгеруге даярлығын тексеру. Мұның жүзеге асу тәсілдері: *сауалнамаларға жауап, тест, өзін-өзі тексеру, өзара бақылау, әңгімелесу, ауызша сұрақ-жауап т.б.* Көбіне оқу уақытының жетпеуіне байланысты бақылаудың бұл түрін қолдануға мүмкіндік бола бермейді. Дегенмен оқу жылының басында немесе ғылыми курсты бастағанда, студент білімінің алғашқы деңгейін бақылап, бағалаудың кейінгі алған білім, іскерлік, дағды нәтижелерімен салыстыру үшін маңызы зор.

Ағымдық бақылау – әрбір сабақ кезіндегі тақырыпты меңгеруін тексеру мақсатында жүргізілетін бақылау түрі. Ол әр сабақ сайын жүргізіліп отырады. Ағымдық бақылаудың басты мақсаты – әр тақырыптың мазмұнын қаншалықты меңгергенін тексеріп, білімдегі кемшін тұстарды анықтауға және оларды дер кезінде түзетуге мүмкіндік беру. Сондай-ақ сабақ сайын жүретін бақылау оқу барысының деңгейін белгілеуге, жаттығу-тапсырмалардың құрылымын анықтауға, сөйтіп, оған

кажетінше өзгерістер енгізуге жағдай жасайды. Оның жүзеге асу формалары – *ауызша сұрақтар, жазбаша, тест, жаттығу, конспектілерді тексеру, пікірталас, топтық талдау, тренинг т.б.* Ағымдық бақылаудың маңызды жақтарының бірі – студенттердің алдыңғы білімі туралы оқытушының үнемі хабардар болып, соның негізінде оқыту мазмұнын сапалы деңгейге көтеруге ден қойылуы, студенттің білім- дағдыларына баса мән беріп, олардың оқу әрекетінің қарқынды жүруіне мүмкіндік беруі. Ағымдық бақылауда бірде-бір студент бақылаудан назардан тыс қалмауы тиіс. *Аралық бақылау (1- Аралық, 2- Аралық)* – курс бойынша ірі тақырып, тараулардан кейін, алдын-ала жасалған жоспар бойынша жүзеге асады. Аралық бақылаудың мақсаты – пән ішіндегі жеке фактілер, ереже мен заңдылықтарды меңгеріп, оқу материалдарының құрылымдық деңгейлерінің арасындағы байланыстырды меңгерту сапасын белгілеу, жүйелеу, бекіту, өзара байланыс заңдылықтарын игеру дәрежесін тексеру. Аралық бақылау формаларына *тарау, бөлімдер бойынша жазбаша, ауызша тапсырмалар, жоба қорғау, реферат, баяндама, дидактикалық кешенді тест зертханалық тапсырмалар, коллоквиум* жатады. Аралық бақылау тапсырмаларының үлгісін төменнен көруге болады.

АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ ҮЛГІЛЕРІ

I. ТЫҢДАЛЫМ (1–5 ұпай)

1. Мәтінді мұқият тыңдап, дұрыс жауабын табыңыз.

	С О Й Л Е М Д Е Р	Иә	Жоқ
1.	“Қазақ грамматикасында” сөз таптарының 9 түрі көрсетіледі.		
2.	Көмекші есімдер өзінің алдында тұрған ілік жалғаулы сөзбен жымдасып, біртұтас семантикалық бірлік түзеді.		
3.	Көптік жалғауы сөз байланыстырушылық қызмет атқармайды.		
4.	Есім сөзден болған баяндауыш атау септігінде тұрады.		
5.	Қазақ тілінде есім сөздер ғана жіктеледі.		

2. ОҚЫЛЫМ (6-15 ұпай)

Мұқият оқып, сол бағандағы мәтінді оң жақ бағандағы мәтінмен сәйкестендіріңіз.

А

Жуан түбірге де, жіңішке түбірге де бір нұсқада жалғанады, бір буынды, екі буынды болып келеді.

(ҚГ, 458-б.)

Ә

Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез. Кең пейілді кем болмас. Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік.

(ҚГ, 469-б.)

Б

Анықтауыш болатын сөзге селбесіп, соның жетегінде, шылауында айтылатын көмекшіге айналған.

(ҚГ, 449-б.)

В

Әлеуметтік кәсіп түрінің атауышы болып келетін сөздер: мысалы, егіншілік, ақындық т.б.

(ҚГ, 448-б.)

Г

Зат есімнен сын есімдерге толық ауысқан: жамау, бұрау, асқақ, ұшқыр, көк, ақ, жас т.б.

(ҚГ, 468-б.)

1.Тіл дамуы барысында олар бастапқы лексикалық мағынамен қатар тәуелдік жалғауын қабылдап ...

...

2.Қосымшаның бұл түрі өзге түркі тілдерінде септік жалға уы деп танылмайды, ол жалғаулық шылау деп аталады да, ...

...

3.Сын есімнің көптеліп, септеліп, тәуелденіп келіп, зат есімге ауысып қолдануы заттану деп аталады ...

...

4.Анықтауыштық қызметте жиі жұмсалып, ол қолданыс әбден тұрақталып адъективтенген. Бұл – сын есімдерді жасаудың өзге тәсілдеріне қарағанда, онша белсенді емес ...

...

5.Зат есімнің жекеше, көпше болып бөлінуінің белгілі жалғаудың қызметіне байланысты болмай, сөздің ішкі лексикалық мағынасына байланысты болып келуін көптік мағына тудырудың тәсілі дейді.

...

3. ЖАЗЫЛЫМ (6-25 ұпай)

Берілген тақырыптардың біріне мәтін құрыңыз.

1. Есім сөздердің синтаксистік-функционалды қызметі.
2. Сын есімнің шырайлары.
3. ...есім сөздердің нөлдік формасы.
4. Есімдіктердің жіктелуі.
5. Сан-мөлшер категориясы.
6. Бір сан есімнің стильдік ерекшелігі.

4. АЙТЫЛЫМ (26-30 ұпай)

Жұп болып төмендегі тақырыптардың біріне пікір таластырыңыз, толықтырыңыз.

1. Қосымшаларды жіктеу теориясы.
2. Сын есім – түрленбейтін сөз табы.
3. Қазақ тіл білімінде есім сөздер аз зерттелген.
4. Көмекші есім сөздер – тек грамматикалық мағына үстейтін сөздер.

5. Есімдіктердің септелуінің ерекшеліктері.

6. Көптік жалғау сөз бен сөзді байланыстырмайды.

7. Жақ категориясындағы тәуелдік жалғауы – жіктік жалғаумен омонимдік қатарды құрады.

Аралық бақылау негізіне студенттердің теориялық материалдарды меңгеру және оны іс жүзінде дұрыс қолдана білу деңгейін, білім-біліктегі бірегей, бірыңғай, көпшілігі жіберетін қателерін анықтауға, оларды түзетуге, болдырмауға жағдай жасалады. *Қорытынды бақылау* семестр немесе жыл аяғында студенттердің ғылыми курстан алған білім, іскерлік, дағды, біліктілік жүйесін, яғни білімді практикада қолдана білу іскерлігін тексеруге бағытталады. Тексеру формасы: *жазбаша, ауызша емтихан, бағдарламалық тексеру* (тест). Қорытынды бақылау студенттердің пәннен жалпы білім нәтижесін, тақырыптар арасындағы байланыстарды ажырата білу дағдылары мен тілдік материалдарды талдай, тани білу, жүйелей білу, жалпылай, қорытындылай білу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бітіруші білімін бақылау немесе *соңғы бақылау* түрі – мемлекеттік стандарт негізіндегі оқу бағдарламалары болашақ маманға сәйкес білім, іскерлік, дағдыларын тексеру. Бұл – мемлекеттік емтихан, диплом жобаларын қорғау негізінде жүзеге асады және мемлекеттік комиссияның шешімдерімен бекітіледі.

Тексеруде Н.Ф.Талызина, Г.Ф.Бушоктың «автомат тексеру» әдістерін қолдануға болады. Перфокарта негізінде, шаблонканы үстіне қою арқылы жүзеге асады.

Қазіргі оқыту үдерісінде білімді бақылаудың кең тараған түрі-бағдарламалық тексеру немесе *дидактикалық тест*. Тест алушының “тексеру” сөзінің мағынасын білдіреді. Ол XIX ғ. аяғында пайда болды да, XX ғасырдың басында кең тарады. Тестінің тиімділігі – аз уақытта көп нәтиже жинақтау, шапшаңдығы, нәтижелілігі. Дидактикалық тест – оқыту нәтижелерін анықтаудың жаңа әдістерінің бірі. Оның мақсаты – оқыту сапасын көтеру, жетілдіру, білімді тез және объективті бақылау. Дидактикалық тест – белгілі бір оқу материалы бойынша студенттің оны меңгеру дәрежесін анықтауға арналған тапсырмалар жиынтығы. Тестінің құндылығы статистикалық әдістермен анықталатын болса, құрастырушы сол пәнді өте жетік білуі тиіс, оның мақсат-міндеттерін нақты білуі қажет. Тест құрастыру – өте күрделі іс, сондықтан бірқатар *талаптардың* ескерілуі шарт.

Олар:

- тестілеу сұрақтарының айқын мақсаттарға құрылуы;
- тест сұрақтарының студенттердің білім ауқымына сәйкестілігі;

- тест тапсырмасының стилінің жатықтығы, түсініктілігі;
- сұрақтың қысқа да, нұсқа құрылуы;
- бір ғана дұрыс жауабының болуы, бұл шарт міндетті емес;
- мазмұнының маңыздылығы;
- ғылымилығы;
- курс материалдарын толық қамтуы.

Сабақтарда қолданып жүрген тестілердің негізі – дұрыс жауапты табуға бағытталған. Ол, көбіне, морфологиялық бірліктерді ажырату, тану мәселесіне арналады, яғни олар – практикалық бағыттағы тестілер. Морфология үшін ондай тестілердің қажет екені сөзсіз, өйткені морфология тілдік бірліктерден, қосымшалардан тұратыны белгілі. Бірақ морфология – теориялық ғылыми курс, сондықтан мұнда теориялық мәселелерге арналған тестер де жеткілікті орын алуы керек. Осы жағдайлардың бәрін ескеріп, морфология үшін тестер жүйесін жасауға талпыныс жасалды. Ол тестер жүйесінде практикалық және теориялық мәселелер қамтылды.

Тексерудің автоматтандырылған түрінің дидактикалық құндылығын төмендетпес үшін дәстүрлі тест шегінен шығып, жаңа амал-тәсілдерді игеру керек, соның бірі – *ашық тест* түрлерін қолдану. *Жабық тест* – тест тапсырмалары түрлерінің бірнеше жауаптан біреуін белгілеумен шектелсе, ашық тест түрін студент өз сөзімен толықтырып немесе әртүрлі графикалық белгілермен көрсетеді.

Білімді бағдарламалық әдіспен бағалау әдісінің маңыздылығы оның бір уақытта барлық студенттердің білім, дағдыларының 100 пайыздық көрсеткіш нәтижесін көрсетуінде. Тест негізінде *бақылау картасын* жасауға болады, мысалы, бақылау картасы студенттің әр тақырыптан білім, іскерлік, дағдысын бақылап, бөлім, тараулар бойынша игерген білім деңгейін анықтап, кемшіліктерді уақытында түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Студент білімінің нәтижелері дәрісханада немесе жалпы ақпараттар тақтасына ілінетіндіктен, аты-жөні емес, студенттің жеке нөмірі беріледі. Студент бақылау картасы бойынша тараулар, тақырыптардан өзінің білім деңгейлерін тексере алады. Сондай-ақ оқытушы үшін өзі жүргізген курсынан студенттердің білімді игеру деңгейлері жөніндегі мәліметі айқын болады.

Оқыту үдерісінде үнемі бағдарламалық бақылау түрінің жиі қолданылуының тиімсіз де жақтары байқалды. Бұл жөнінде ғалым И.П.Подласыйдың айтқаны құптауға тұрарлық “Әрине, тестілеу арқылы ассимиляцияның барлық қажетті сипаттамаларын алуға болмайды. Мысалы, өз жауабыңызды мысалдармен нақтылай білу, фактілерді білу, өз ойыңызды логикалық және дәлелді түрде жеткізе білу сияқты көрсеткіштерді, дағдылардың кейбір басқа сипаттамаларын тестілеу арқылы анықтау мүмкін емес» ” [42, 564].

Білімді, іскерлікті, дағдыларды тексеру, бағалау барысында *техникалық оқу құралдарын* қолдану тиімді. Оқытуды ұйымдастырудың формалары дәріс, семинар, зертханалық сабақтардың тақырыптары мен

мақсат міндеттеріне сәйкес техникалық оқу құралдарынан интерактив тақта жиі қолданылды. Көзбен көру көрнекілігінің психологияда дәлелденген жетістік жақтары ескеріле келе, грамматикалық ұғымдарды жете меңгерту мақсатында дәріс мазмұнын игеру деңгейін бақылау үшін жүргізілетін экспресс-тестердің, семинар, зертханалық сабақтардың мазмұнына сәйкес құрылған тексеру тестерінің сұрақтары мен жауаптарын динамикалық күйде көрсету үшін мультимедияға арналған слайдтар қолданылады. Білім тексерудің компьютерлік түрінің артықшылығы – тез өзгерту икемділігі, уақытпен шектеу, өлшеу, үнемдеу, анимациялық белгілермен тартымды ету, нәтижесін графикалық формада тез және жүйелі алу. Білімді *компьютерлік бақылау* жүйесінің өзіндік артықшылықтары:

- 1) тексеруге кететін уақытты үнемдеу;
- 2) автоматтық жүйенің дәлдігі, объективтілігі;
- 3) бағаның автоматты қойылуы;
- 4) динамикалығы мен түрлі-түстілігі, дұрыс-бұрыс еместігін бірден нақтылау мүмкіншілігі;
- 5) студенттің көмек сұрауы (әрине, бұл үшін бірқатар ұпайын жоғалтады);
- 6) үлгерім диаграммасын графикалық күйде жасау икемділігі.

Компьютерлік бақылаудың тест жүйесіне негізделуі, бір дұрыс жауабын табумен шектелмейтін тапсырмаларының түрлендіріп берілуі ескеріледі. Олар: *тірек сөздерді табу арқылы; сөздерді жазу, толтыру; терминдерді табу, астын сызу; нұсқамалармен сәйкестендіру т.б..*

Білімді бағалау мен баға қою – оқу үдерісіндегі маңызды буындардың бірі. Дидактикадағы күрделі де, маңызды мәселелерінің бірі – білімді бағалау. Бағалау – бақылау нәтижесіне қойылатын баға, яғни студенттің оқыту мақсатына сәйкес білім, іскерлік, дағдылары нәтижелерінің деңгейлік көрсеткіші.

Білім нәтижесін тексеру, бағалау С.Пидкасистый, И.П.Подласый М.Ә.Құдайқұлов, А.Әбілқасымова, Ж.А.Қараев, С.К.Бекжанова, М.С.Мусин, К.Жақсылықова т.б. еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Ғалымдардың пайымдауларына, білімді бағалаушы оқытушы болғандықтан, оның басты кемшілігі – субъективтілік. П.И.Пидкасистый осы мәселелер турасында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бір жауапты бірнеше мұғалімдер тексеріп әртүрлі баға қойғаны анықталады. И.П.Подласый білімді бағалаудағы субъективтіліктің басты себептері баланың сыртқы келбеті, көркем жазуы, шебер сөйлеуі т.б. деп көрсетеді, себебі зерттеу жұмыстары негізінде оқушының суреті бар бақылау жұмысын тексергенде, “түрі әдемі” балаға мұғалімдердің жоғары баға қойғаны байқалған. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінде бағалаудың әртүрлі жүйесі қолданылады. Мысалы, 20, ... 100 ұпайлық бағалау жүйесі. Мұның ұтымды жақтары өте көп. Білім берудегі 5 ұпайлық жүйенің кемшіліктері туралы әрқалай, жиі айтылып жүргені рас, бірақ бұл мәселе орта мектепте шешімін тапты деп

айту қиын. Осымен байланысты кейбір мұғалімдердің +, –, сөзбен бағалау, мақтау, мадақтау, үлгерім экраны арқылы (кестесін), әріптік жүйемен бағалауды тәжірибеде қолдану кездеседі. Тестілік тапсырмаларды бағалауда ең жоғарғы ұпай 100 пайызбен есептеледі.

Бүгінгі таңда жаңа педагогикалық технологиялар дамыта оқыту, оқытуды ізгілендіру бағытының дүниеге келуіне байланысты дами түсуде. Оқытудың модульдік технологиясы, кредиттік технологиясы, білімді ізгілендіру, демократияландыру, ақпараттандыру студенттің дара ерекшелігін ескере оқытуға бағытталған. Осымен байланысты білім ерекшелігін бағалаудың рейтинг жүйесін қазір кең қолдануда. “Рейтингтік жүйе – әрбір студенттің дара қабілеттерін және ішкі мүмкіндіктерін нақты анықтап беретін жыл бойында жинақталған ұпай (балл) жиынтығынан шығатын қорытынды. Ол студенттердің білім сапасын, тілді меңгеру дәрежесін, оқытушы мен студент арасындағы кері байланысты толық көрсетеді” [137], “Рейтинг жүйесі – студенттің білім, іскерлік, дағдылар игерудегі белсенді әрекетін бақылау жүйесі”, “Оқу үрдісінде шәкірттің таным сапасын, нәтижесін бақылап, тексеріп қол жеткен табысын ілгері жетілдірудің жол-жосығын нұсқап, олардың жауапкершілікпен белсенді түрде еңбектеуіне бағдар берілетін әдіс” [6].

Рейтинг жүйесі – оқытушы мен студент арасындағы оқу мақсатына сәйкес кері байланысты жүзеге асыратын, оқу әрекетін (студенттің сабаққа қатысымы, оқу белсенділігі, үй тапсырмасын орындау деңгейі, өздік жұмысты орындауы, аралық, қорытынды бақылдау жұмыстарын орындау дәрежесі) семестр бойы жүйелі, үздіксіз, бірізділікпен бақылау нәтижесіндегі ұпайлар жиынтығынан шығатын қорытынды баға. Рейтинг жүйесімен бақылау, бағалау мақсаты – студенттің ғылыми курсты меңгерудегі оқу-танымдық әрекетінің нәтижесін семестр бойы үздіксіз, жүйелі бақылау, бағалау, практикалық дағдыларын тексерудің сапасын арттыру, студенттің оқу белсенділігін арттыру арқылы білім сапасын көтеру, бағалау жүйесінің тиімділігін арттыру.

Көп ұпайлы рейтингтік жүйе қазақ тілін оқыту мақсатын қайта қарап, бақылау түрлерін жаңаша жетілдіре түсуді талап етеді. Рейтинг әріптік жүйемен шығарылып, дәстүрлі жүйе бойынша бағаланады. Оқытушы студент білімін тексеру кезінде мына талаптарға басты назар аударуы керек:

- ғылыми пән негіздерін дұрыс түсінуі;
- саналы ұғынуы;
- пәннен жүйелі білімі болуы;
- тәжірибеде білімін, іскерлігін дұрыс қолдана алуы;
- оқу материалдарын қорыта, жалпылай, жүйелей білуі; ауызша сөйлеу;
- жазбаша сауаттылығының тіл мәдениеті нормаларына сәйкес келуі т.б.

Оқушылардың пән бойынша білім, іскерлік, дағдыларын бағалау нормасы оқушылардың пәндер бойынша мектептің оқу бағдарламасында белгіленеді, бірақ жоғары мектеп дидактикасының оқу бағдарламаларында бұл ескеріле бермейтін жайт.

Бақылау сұрақтары:

1. Білімді бақылаудың тиімді жолдарын көрсетіңіз.
2. Білімді бақылап, тексерудегі ұпайлық жүйенің тиімділігін дәлелдеңіз.
3. Бақылау жұмысын ұйымдастырудың тиімді әдістерін сипаттаңыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғары мектепте білім мазмұнын айқындау, оқытуды жаңаша ұйымдастыру, оның нәтижелігіне баса мән беру – мәселені шешудің алғы шарттары. Білім мазмұны құрылымының айқындығы пәннің қарастыратын нысанын нақтылай түседі. Болашақ қазақ тілі маманының кәсіби даярлығының деңгейі жоғары оқу орындарында оқытуды ұйымдастыру жүйесіне байланысты. Білім мазмұнын анықтайтын Мемлекеттік Білім Стандарты, үлгі оқу жоспары, оқу бағдарламалары мен оқулықтардың мазмұны студент білімін, білігін жетілдіріп, оны іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыратындай, шығармашылық қабілетін, жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыратындай дәрежеде болуы керек. Болашақ маманның даярлық деңгейіне қойылатын талаптардың нақтыланып, оқыту үдерісінде жүзеге асуы білім сапасын жетілдіріп, нәтижелілігін арттырады сөзсіз. Оқулық – білім үдерісінің кешенді ақпараттық құралы ретінде оқытушы мен болашақ маманның үйлескен оқу әрекетінің негізіне құрылуы керек. Күрмеуі көп мәселелері жөніндегі ғалымдардың еңбектері пәнді оқыту мазмұнын аша түседі, оның ғылымилығын арттыра түседі. Теориялық білімді игерудің жүзеге асуы оның психологиялық ерекшеліктерін ескергенде ғана нәтижелі болады, сондықтан психология ілімінің жетістіктерін дидактикада жемісті қолдануға болады. Отандық ғалымдардан Қ.Жарықбаев, С.К.Қалиев, Ә.Сембаев, Т.Тәжібаев, С.Ұзақбаева, Н.Д.Хмель т.б., Ресейдің психологтары Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, А.Н.Леонтьев, В.А.Крутецкий, А.С.Лурье, С.Л.Рубинштейн, Н.И.Жинкин, И.А.Зимняя, А.А.Вербицкий т.б. ғалымдардың ілімдерінің білімді саналы игертуде маңызы зор.

Студенттің оқуға, білім алуға, маман болуға ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыру үшін адам әрекетінің оқу секілді күрделі әрекетін басқарудың психологиялық заңдылықтарының орындалуына ден қойылу керек. Теориялық білімді меңгеру – студенттің ақыл-ойының тез дамуы жетілуіне бағытталған әрекет. Студенттің оқу әрекетін қалыптастыру – білім алуға саналы көзқарасын қалыптастыру, өздігінен білім алу іскерлігі мен кәсіби ойлау қабілетін дамыту, ойлауға үйрету. Бұл оқытуда ұйымдастыру формаларының негізгі түрі дәрісті қызықты, мазмұнды етумен қатар, білімді даяр күйінде емес, проблемалық жағдаяттар құрып оқыту негізінде дамытуға болады.

Теориялық білімді меңгеру күрделі психологиялық үрдіс болғандықтан, тілді оқытудың психологиялық ерекшеліктерін, яғни студенттің ойлау, ес, жады, тұрақты зейінін дамыту ерекшеліктерін ескермей, сапалы білім нәтижелеріне жету екіталай. Студенттердің оқу-танымдық әрекетін тиімді ұйымдастыру теориясының негізіне құрылған жаңаша оқытудың бағыттары дүниеге келді. Осымен байланысты П.Я.Гальпериннің ақыл-ой әрекетін сатылып қалыптастыру теориясын, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтың дамыта оқыту теориясы, сондай-ақ

И.Я.Лернер, М.Махмутов, Т.В.Кудрявцев, А.М.Матюшкин т.б. негізін қалаған проблемалық оқыту теорияларын оқыту тәжірибесінде басшылыққа алудың білім сапасын арттыруда маңызы зор. Қазақ тілін оқыту әдістемесі – педагогика ғылымының бір саласы болғандықтан, оның жетістіктеріне сүйенеді. Осымен байланысты оқу-тәрбие мәселелері жөніндегі отандық ғалымдардың педагогикалық -әдістемелік еңбектерінің қазақ тілін оқытуға игі ықпалын тигізетіні–сөзсіз қағида. Болашақ қазақ тілі мұғалімінің теориялық даярлығын жетілдіру – жоғары оқу орындарында педагог кадрларды даярлау жүйесінің маңызды мәселелерінің бірі, ал осыған сәйкес білім беру дидактикалық ұстанымдарды негізге алады.

Болашақ қазақ тілі маманының тіл теориясын жетік білуі келешек тәжірибеде оқыту үдерісінде, тәжірибеде жүзеге асыру үшін қажет. Болашақ қазақ тілі маманы үшін тіл білімінен жетік даярлығы болуының маңызы зор. Теориялық білімді игеру арқылы ғана болашақ маманның әдістемелік іскерлігі, даярлығы қалыптасады.

Жоғары оқу орындарында оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы – дәріс. Дәріс – білім берудің, оны жүйелеп, толықтырудың тиімді, ұтымды жолы, білім берудің қайнар көзі. Дидактикада оқытудың тиімділігі арттыру мақсатында дәрістің кейбір жаңа түрлерінің де тәжірибеде қолданылу үрдісі бар. Қазіргі кезеңде білім мазмұны теориясының жаңаша саралануы ең алдымен қоғамда адам құндылығының өзекті мәселеге айналуына байланысты болып отыр. Жоғары білім беруді демократияландыру, ізгілендіру арқылы ұлттық танымға сәйкес іргелі кәсіби білімді сапалы игерту – жаңа қоғамда белсенді, шығармашылық қабілеті зор, рухани-адамгершілік қасиеті мол білікті) маман даярлаудың негізі. Білім беруді оқытудың әрекеттік теориясына негіздеу тұлғаның оқу-танымдық қызметін белсендіруге, оқу әрекетін басқаруға, бағалауға, бақылауға байланысты.

Білім алудың әрекеттік белсенді оқыту түрі білім берудің мақсат-міндеттері мен мазмұнын жаңарту оқу формаларын, әдіс-тәсілдерін, құралдарын өзгерту, оқытудың тұлғалық-бағдарлық, нәтижелік моделіне көшумен сипатталады. Жоғары білім берудегі қазіргі дидактикалық жүйемен көзделген мақсатқа жету мүмкін емес. Дәстүрлі оқыту жүйесіндегі студенттің объекті ретінде теориялық білімді ақпараттық түрде қабылдауы оқытуда жоғары нәтиже бере алмайды, сондықтан жоғары білім бер стратегиясындағы “жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, кәсіби шыңдауға жағдайлар жасау” – білім берудің әрекеттік жүйесіне көшу – уақыт талабы.

Қорыта айтқанда, жоғары мектепте оқыту үрдісін тиімді жүргізудің ғылыми-әдістемелік негіздері базалық білім мазмұнын ғылыми анықтау, оқу үдерісін нәтижелік, әрекеттік, белсенділік ұстанымдарына негіздеп, жеке тұлғаның дамуын кәсіби бағдарлап құру, ХХІ ғасыр жетістігі ақпараттық-коммуникациялық технологияны тиімді қолданумен сипатталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>).
- 2 Статистикалық жинақ (қазақ және орыс тілдерінде). Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Ұлттық статистика бюросы: ҚР-да білім беру. 2018-2022.-А., 2023. -202 б.
- 3 Мыңбаева Ә.Қ. және т.б. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері: оқу құралы. Алматы, 2016. - 236 б.
- 4 Білім туралы заң. //Қазақстан Республикасындағы Білім туралы Заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. - Алматы: Юрист, 2003. - 180 б.
- 5 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. - Алматы, 2002. - 384 б.
- 6 Дайрабаев Е., Дайрабаева А. Педагогика пәнінің негіздері. Оқу құралы. -Алматы: Қазақ университеті, 2005, -223 б.
- 7 Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических колледжей. (Под. ред. И.Пидкасистого). -М., Педагогическое общество России, 1998. - 640 с.
- 8 Лихачев Б. Педагогика. Курс лекций: Учебное пособие для студентов пед.учебн. заведений и слушателей ИПК и ФПК. - М., Юрайт, 1999. - 523 с.
- 9 Гулямов А.К. Методика развития учебно-познавательной активности в процессе преподавания родного (узбекского) языка. Дисс... д. п. н. - Ташкент, 1991, -308 с.
- 10 Құсайынов А.Қ. Білім - болашақ негізі. - А., RONDA. 2010. -296 б.
- 11 Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Жоғары мектепте білім берудің дидактикалық негіздері. Оқу құралы. - А., Ғылым, 2003. -165 б.
- 12 Жоғары мектеп педагогикасы: оқу құралы /Ж.Р. Баширова, Н.С.Әлқожаева, Ұ.Б.Төлешова және т.б. - А., Қазақ университеті, 2015. - 190 б.
- 13 Құрманова Н.Ж. Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту технологиясы. - Ақтөбе. 2012. - 115 б.
- 14 Бейсембайқызы З.Б. Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Оқу құралы, - А., Нұр-Принт, 2014. - 113 б.
- 15 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://adilet.zan.kz/>
- 16 Мыңбаева Ә.Қ., т.б. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері: оқу құралы. А., 2016. -236 б.
- 17 Шалғынбаева Қ.Қ., Албытова Н.П., Сламбекова Т.С. Жоғары мектеп педагогикасы: Магистранттарға арналған оқу құралы: А., ССК, 2017. - 272 б.

18 Остапенко, И.А. Педагогика высшей школы: учебное пособие / И.А.Остапенко, М.Н.Крылова. Зерноград: Азово-Черноморский инженерный институт ФГБОУ ВО Донской ГАУ, 2017. -177 с.

19 Клименко, В. А. Педагогика и психология высшей школы: учебно-методическое пособие /В.А.Клименко, С.Н.Островский, Т.В.Шершнёва. – Минск: БНТУ, 2020. -268 с.

20 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білім берудің жаһандық мәселелеріне жауаптар. Монография /Аида Сағынтаева, Айжан Мусина, Алия Сулейменова, Руслан Қаратабанов, Қайрат Құрақбаев, Дункан Пристли, -Нұр-Сұлтан, Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі, 2021. -236 б.

21 Жоғары оқу орындарындағы білім мазмұны және оқыту технологиялары (дәрістер жинағы). Ғыл. жетекш. жасаған және жалпы ред. басқарған проф. А.Қ.Рысбаева. - Алматы: «Полиграфия-Сервис К°», 2010. - 154 б.

22 Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. //Қазақстан мұғалімі. 20 қаңтар, 2004 ж. 2-б.

23 Зинченко В.П. Психологические основы педагогики. Психолого-педагогические основы построения системы развивающего обучения Д.Б.Эльконина-В.В.Давыдова. Учебное пособие. - М., 2002. -350 с.

24 Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь. - М., 2000. - 176 с.

25 Дулатов М. Шығармалары. - А., Жазушы. 1991. -209 б.

26 Зимняя И.А. 3-62 Педагогикалық психология: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Екінші толықт., түзет. және қайта өңделіп. бас./Орыс тілінен аударған М.А.Құсаинова. - М: Логос; Алматы: TST-company, 2005. - 368 б

27 Сламбекова Т.С. Педагогикалық психология (Оқу құралы) - Семей, 2008. - 188 б.

28 Эльконин Д.Б.Избранные психологические труды. - М.,1989.

29 Зимняя И.А. Педагогическая психология. Учебник для вузов. - М.:Логос, 2003. - 384 с.

30 Давыдов В.В. Содержание и структура учебной деятельности школьников. //Формирование учебной деятельности школьников. Под ред. В.В.Давыдова и др. - М., Педагогика. 1982. -216 с.

31 Жұмабаев М. Педагогика. - А.,1992. - 112 б.

32 Леонтьев А.Н. Основы речевой деятельности. - М., 1974.

33 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. – А., Мектеп, ЖАҚ, 2002. - 256 б.

34 Қ.Жарықбаев:Жарықбаев Қ.Жантану негіздері. -А., 2002. -415 б.

35 Құрманова Н. Сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясы. Пед.ғ.д...дисс. авторефераты. -А., 2004. -50 б.

36 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. В 2 томах, М.,1989.

37 Шамова Т. И. Активизация учения школьников. - М., Педагогика. 1982. -208 с.

38 Есипов Б.П. Самостоятельная работа учащихся на уроках. - М., Учпедгиз, 1961.

39 Низамов Р.А. Дидактические основы активизации учебной деятельности студентов. - Казань, 1975. - 302 с.

40 Архангельский С.И. Введение в теорию обучения в высшей школе. Вып. 3. - М., 1977.

41 Чернилевский Д.В. Дидактические технологии в высшей школе. Уч. пос. для вузов. - М., 2002. - 437 с.

42 Подласый И.П. Педагогика. Новый курс: Учебник для студентов. пед. вузов. - М.: Владос, 2000. - 576 с.

43 Тәжібаев Т. Жалпы психология. Оқу құралы. - Алматы, 1978.

44 Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. - Алматы, Жазушы, 1988.

45 Андреев И.Д. Теория как форма организации научного познания. - М., 2000.

46 Усова А.Б. Психолого-дидактические основы формирования учащихся научных понятий. - Челябинск, 1986, -88 с.

47 Бадмаев Б.Ц. Методика преподавания психологии. - М.: Владос, 2001. - 304 с.

48 Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы. Оқулық. - А., ЖШС РПБК «Дәуір». 2012. - 492 б.

49 Ильясов И.И. Обучение студентов деятельности учения. //Формирования учебной деятельности студентов. - М., 1989.

50 Загвязинский В.И., Гриценко А. Основы дидактики высшей школы. - М., 1978.

51 Российская педагогическая энциклопедия в 2-х томах. - М., 1999.

52 Сейталиев К. Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің даму тарихы. Пед.ғ.д...дисс. авторефераты. - Алматы, 1999.

53 Современный урок русского языка и литературы. Под ред. С.Смелковой. 2-изд., - Л.: Просвещение, 1990. - 239 с.

54 Загвязинский В.И. Дидактика высшей школы. - Челябинск, 1990.

55 Батышев С.Я. Реформа профессиональной школы: опыт, поиск, задачи, пути реализации. - М, 1988.

56 Беляева А.П. Теоретические основы содержания образования в средних профессионально-технических училищах. Автореферат... д.п.н. - М., 1971, -51 с.

57 Мажитова Л. Студенттердің кәсіби ынтасын қалыптастыру. - А., 1994. - 143 б.

58 Коменский Я.А. Великая дидактика. XX т. - М., 1966.

59 Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі. Пед.ғ.д...дисс. - А., 2001. - 385 б.

60 Федоренко Л.П. Принципы и методы обучения русскому языку. Пособие для студентов пединститута. - М., Просвещение, 1964. - М., 1980. - 415 с.

61 Дудников А.В. Русский язык в школе. - М. 1974.

- 62 Құлмағанбетова Б. Қазақ тілін оқыту методикасы. -А., Мектеп, 1988. -240 б.
- 63 Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі, А., 1995.
- 64 Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы, Арыс, 2009. -368 б.
- 65 Жақсылықова К. Қазақ тілін орыс тілді бөлімдерде модульмен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері. Пед.ғ.д. дисс... -Алматы. 2001.-397 б.
- 66 Дәулетбекова Ж. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед.ғ.д. дисс... - А., 2001.
- 65 Қыдыршаев А. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед. ғ.д. дисс... -А., 2001.
- 67 Бейсембаева З. Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесі. - А., ҚазМемҚызПУ, 2009.
- 68 Құрманбаева Ш. Қазақ тілін мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед.ғ.д... дисс. -А., 2009.
- 69 Жұбанова М.Қ. Құдайберген Жұбанов ұлттық дидактика проблемалары хақында. -А., Ғылым, 2002. - 82 б.
- 70 Маманов И.Е. Қазіргі қазақ тілі.Етістік. -А., Мектеп,1966. -155 б.
- 71 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» атты стратегиялық бағдарламасы. // <https://www.akorda.kz/kz/events>
- 72 Сабыров Т. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. - А., РБК, 1999. - 83 б.
- 73 Ерментаева А. Жоғары мектеп психологиясы. Оқулық А., ЖШС РПБК «Дәуір». 2012. -492 б.
- 74 Игенбаева Р.Т. Жоғары мектеп педагогикасы. А., 2007. -169 б.
- 73 Мұратбаева Г.А. Кәсіптік педагогика: Оқу құралы. «ОНОН» баспасы. А., 2017. -230.
- 74 Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать. -А., 2009. -344 с.
- 75 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. Оқу құралы. - А., 2015. -180 б.
- 76 Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. Педагогика. Оқу құралы А., 2006.
- 77 Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. Оқу құралы. -А., «Нұр-пресс». 2000.
- 78 Педагогика. ЖОО мен педколледждер студенттеріне арналған оқулық. /Ред. басқ. П.И.Пидкасистый; Ауд.: Г.Азметова, Ш.Т.Таубаева. -А., 2006. - 336 б.
- 79 Лемберг Р.Г. Дидактические очерки. Изд. 2-е, перераб. – А., 1964. -140 с.

80 Миронова И.В. Развитие инновационного потенциала преподавателя вуза в дополнительном профессиональном образовании. Дисс... к.п.н., -М., 2018. -184 с.

81 Нарциссова С.Ю. Преподаватель вуза: требования, образовательные стандарты и мастерство: учебное пособие /С.Ю.Нарциссова. - М.: Издательство «Академия МНЭПУ» - 2018. - 128 с.

82 Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі. Пед.ғ.д....дисс. -А., 2001. - 385 б.

83 Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

84 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру //«Егеменді Қазақстан» газеті.- Алматы, 2017. - №10 (78). 1-б.

85 Есарева З.Ф. Особенности деятельности преподавателя высшей школы. М., «Знание», 2006.

86 Преподаватель вуза: технологии и организация деятельности: Учеб.пособие /Под ред. д-ра экон. наук, проф. С.Д. Резника. - М., ИНФРА, 2010. - 389 с.

87 Инновационные педагогические технологии: учеб.-метод. пособие /И. В. Плаксина, К. В. Дрозд. - Владимир: Изд-во ВлГУ, 2021. - 388 с.

88 Бұзаубақова К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері. Оқу құралы. - Алматы, Білім, -2009. - 424 б.

89 Загоруля Т.Б. Актуализация личности студентов как носителей инновационной культуры: теория и практика. Дисс...д.п.н., Екатеринбург. -2017. - 410 с.

90 Кесимова А. Студенттердің педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру: Оқу-әдістемелік құрал. -А., ҚазМемҚызПУ, 2011. - 48 б.

91 Сатбекова А.А. Жобалай оқыту технологиясы: қазақ тілі өзгетілді дәрісханаларда (гуманитарлық бөлім): Монография. -А., 2011. -263 б.

92 Жас ұстазға 100 бағдар: зерттеу мақалалар /Дайындағандар: О.Аяшев, Р.Е. Қадірбаева, С. С. Тілеуова. - Астана: Фолиант; 2016. -376 б.

93 Гончарова, Е.П. Основы научных исследований и инновационной деятельности: пособие для студентов специальности 1-08 01 01 «Профессиональное обучение (по направлениям)» -Минск: БНТУ, 2019. -112 с.

94 Скибицкий Э.Г. Методика профессионального обучения: Учеб. пособие. - Новосибирск: НГАУ, 2008. -166 с.

95 Сластенин В.А. Педагогика: инновационная деятельность В.А.Сластенин, Л.С. Подымова. -М., ИЧП “Изд-во Магистр”,1997.-224 с.

96 Инновации в современной системе образования:подход и решения: коллективная монография. Отв. Ред. А. Ю. Нагорнова. - Ульяновск, 2016. - 494 с.

97 Кларин М.В. Инновации в обучении: метафоры и модели: Анализ зарубежного опыта. - М., Наука. 1997. - 223 с.

98 Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий. НИИ школьных технологий. 1-том. - М., 2006. -816 с.

98 Таубаева Ш. Т., Лактионова С. Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. -А., 2001.

99 Мұратбаева Г.А. Кәсіптік педагогика: Оқу құралы. -А., «Қыздар университеті», 2014. -180 б.

100 Бекболғанова А.Қ. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. - Талдықорған, 2013. -121 б.

101 Щукина Г.И. Роль деятельности в учебном процессе. - М., Просвещение. 1986. -144 с.

102 Лозовая В.И. Познавательная активность. Автореф...д.п.н.- М.,1990.

103 Низамов Р.А. Дидактические основы активизации учебной деятельности студентов. - Казань, 1975. - 302 с.

104 Әбілқасымова А. Студенттің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. - А.,1994. -192 б.

105 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. -А., 2009.

106 Жаксылықова К. Қазақ тілін орыс тілді бөлімдерде модульмен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері. - Алматы: Білім, 2000. - 261 б.

107 Қараев Ж., Қуанбаева Б. Жетілдірілген педагогикалық жүйені жобалаудың дидактикалық шарттары. // Ізденіс. 1999.

108 Вербицкий А.А. Активное обучение. М., Высшая школа, 1991. -207 с.

109 Вайндорф-Сысоева М.Е., Крившенко Л.П. Педагогика. -М., Юрайт-Издат, 2005. -239 с.

110 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. - М., Народное образование. 1998.

111 Буланова М.В.-Топоркова и др. Педагогические технологии. - М., МарТ, 2004. -336 с.

112 Педагогика и психология высшей школы. Учебное пособие. - Ростов- на-Дону: Феникс, 2002, -544 с.

113 Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности. Уч. пособие. - М., Академия, 2003. - 304 с.

114 Халитова І.Р. Дидактикалық технологиялар. Оқу құралы. - А., 2009. - 334 б.

115 Махмутов А. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру. — А., Мектеп, 1981. -247 б.

116 Ахметов Н.К. Теория и практика игрового обучения в подготовке учителя. Автореферат дисс... д.п.н., - Алматы, 1996.

117 Кашина Е.Г. Деловая, ролевая игра как средства обучения профессионально значимым коммуникативным умениям. Автореферат дисс...к.п.н., - А., 1989. -24 с.

- 118 Педагогический энциклопедический словарь. Научное издательство «Большая Российская энциклопедия», - М., 2003. -527 с.
- 119 Евдокимов В.И. Научные основы повышения эффективности обучения средством наглядности. Дисс...д.п.н., - М., 1997. - 313 с.
- 120 Абылкасымова А.Е., Кусайнов Г.М., Сайлыбаев А.А. Вопросы создания современного школьного учебника. Научно-методические издания. - Астана, РНПЦ «Учебник», 2010. -248 с.
- 121 Ситникова Н.А. Дидактические проблемы использования аудиовизуальных технологий обучения. - М., Воронеж, 2001. - 64 с.
- 122 White M.A. The Third learning revolution //Electronic Learning. - 1988. - Vol. 7. - №10.
- 122 Шаханова Р.Ә. Техникалық жоғары оқу орындарында орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед.ғ.д.... дисс.авторефераты. - А., 2002. - 50 б.
- 123 Бектұрова Г. Қазақша сұхбат. Компьютерлік сабақ үлгілері.- А., 2000.
- 124 Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2010.
- 125 Головинов О.Н. Методика обучения в высшей школе: учебно-методическое пособие. – Донецк. ДонНУ, 2019. -250 с.
- 126 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. – А., Мектеп, ЖАҚ, 2002. -256 б.
- 127 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. – А., 2002. – 384 б.
- 128 Қараев Ж., Қуанбаева Б. Жетілдірілген педагогикалық жүйені жобалаудың дидактикалық шарттары. //Ізденіс. 1999. №9. 24-29 бб.
- 129 Бушок Г.Ф. Научно-методические основы преподавания общей физики в педвузе. Дисс...д.п.н. - М.,1991.
- 130 Загвязинский В.И., Гриценко А. Основы дидактики высшей школы. - М, 1978. -290 с.
- 131 Москатова А.К. Теоретические и практические аспекты педагогики и психологии: монография. Ред. Ж.В. Мурзина, Чувашский республиканский институт образования. -Чебоксары, 2022. - 200 с.
- 132 Ибрагимов Г.И. Лекция в вузе: теория, история, практика: монография. под ред. Г. И. Ибрагимова. Казань: Редакционно-издательский центр «Школа», 2017. -196 с.
- 133 Қалиев Ғ., Оралбаева Н., Төлегенов О. Қазіргі қазақ тілінің жаттығулар жинағы. А., 2001. -205 б.
- 134 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - А., Ана тілі. 1992. - 448 б.
- 135 Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед.ғ.д....дисс. авторефераты. - А., 2001. -50 б.
- 136 Онищук В.А. Урок в современной школе. Пособие для учителей. - М., Просвещение. 1981. - 191 с.
- 137 Батманов И.А. Грамматика киргизского языка. Вып.1. Казань, 1939. Вып.2. Фрунзе, 1940. Вып 3. - Фрунзе, 1940.

138 Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. Тіл комитеті. - А., 2008, -160 б.

139 Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. ҚазМемҚызПУ. -А., 2009. -278 б.

140 Нұржан Ж. Қазақ тілін оқыту технологиясы. - А., Ғылым, 2008. - 94 б.

141 Щерба Л.В. О трояком аспекте языковых явлений эксперименты в языкознании. //Языковая система речевой деятельности. - Л. Наука, 1975.

142 Апресян Ю.Д. Идеи и методы структурной лингвистики. - М., Просвещение. 1966. -158 с.

143 Инге Унт. Индивидуализация и дифференциация обучения. - М., 1990. - 92 с.

144 Гончарова Е.П. Основы научных исследований и инновационной деятельности: пособие для студентов специальности 1-08 01 01 «Профессиональное обучение (по направлениям)» – Минск : БНТУ, 2019. -112 с.